Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan
Abai Kazakh National Pedagogical University
Faculty of Arts
Kazakh Research Institute of Culture

COLLECTION OF MATERIALS
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE

«CREATIVE FUTURE: ARTS AND EDUCATION IN THE CONTEXT OF GLOBAL CHANGE»

April 10, 2025

Almaty, 2025

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Өнер факультеті
Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институты

«КРЕАТИВТІ БОЛАШАҚ: ЖАҺАНДЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР КОНТЕКСТІНДЕГІ ӨНЕР ЖӘНЕ БІЛІМ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ

МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

2025 жылғы 10 сәуір

Алматы, 2025

ӘОЖ 7+37
ББК 85+74
С23

РЕДАКЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ АЛҚАСЫ:

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Ж.Н. Шайгозова; Философия докторы (PhD) К.А.Байқұтов; Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор А.А. Момбек, Педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор А.И. Ибрагимов; Философия докторы (PhD), М.С.Нұрке; Философия докторы (PhD), А.Т. Қожағұлов; Философия докторы (PhD), З.Ж. Рабилова; Философия докторы (PhD), Ж.К. Стамбекова; Философия докторы (PhD), Ж.А. Кошербаев.

С23 «Креативті болашақ: жаһандық өзгерістер контекстіндегі өнер және білім» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы, 2025. – 598 б.

Рецензенттер:
Философия ғылымдарының докторы, профессор Альмира Бекетқызы Наурзбаева
Философия докторы (PhD), Кәрім Әлімханұлы Байқұтов

Материалдар жинағына **«Креативті болашақ: жаһандық өзгерістер контекстіндегі өнер және білім»** атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысушылардың тезистері енгізілген. Бұл ғылыми іс-шара көркемдік білім беруді кеңінен насихаттауға, халықты көркемдік білім мен өнер саласындағы соңғы жетістіктермен таныстыруға, олардың шығармашылық болашақты қалыптастырудағы әлеуетін көрсетуге бағытталған. Жинақта жас ғалымдардың тезистері ерекше орын алады. Конференция секцияларының бірі Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институты ЖШС **ЖСН AP23488164 «Қазақстанның дәстүрлі және заманауи өнері визуалды зерттеулердің назарында: иконография, семиотика және дискурс»** жобасы аясында visual art контекстінде Қазақстанның қазіргі және дәстүрлі өнерін зерттеу мәселелеріне арналған.

ISBN 978-601-7448-32-5

© «Ұлағат» баспасы

Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Факультет искусств
Казахский научно-исследовательский институт культуры

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

«КРЕАТИВНОЕ БУДУЩЕЕ: ИСКУССТВО И ОБРАЗОВАНИЕ В КОНТЕКСТЕ ГЛОБАЛЬНЫХ ИЗМЕНЕНИЙ»

10 апреля 2025 года

Алматы, 2025

УДК 7+37
ББК 85+74
С23

РЕДАКЦИОННАЯ И ОРГАНИЗАЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

Кандидат педагогических наук, профессор Ж.Н. Шайгозова; доктор философии (PhD) К.А. Байгутов; кандидат педагогических наук, профессор А.А. Момбек; кандидат педагогических наук, доцент А.И. Ибрагимов; доктор философии (PhD) М.С. Нұрке; доктор философии (PhD) А.Т. Кожагулов; доктор философии (PhD) З.Ж. Рабилова; доктор философии (PhD) Ж.К. Стамбекова; доктор философии (PhD) Ж.А. Кошербаев.

С23 Сборник материалов международной научно-практической конференции **«Креативное будущее: искусство и образование в контексте глобальных изменений»**. – Алматы: КазНПУ им. Абая, издательство «Ұлағат», 2025. – 598 с.

Рецензенты:
Доктор философских наук, профессор Альмира Бекетовна Наурзбаева
Доктор философии (PhD), Карим Алимханович Байгутов

В сборник материалов вошли тезисы участников международной научно-практической конференции **«Креативное будущее: искусство и образование в контексте глобальных изменений».** Это научное мероприятие ставит своей целью популяризацию художественного образования, ознакомление общественности с последними достижениями в области художественной педагогики и искусства, демонстрируя их потенциал в формировании креативного будущего. Особое место в сборнике занимают тезисы молодых ученых. Одна из секций конференции посвящена проблемам исследований современного и традиционного искусства Казахстана в контексте visual studies в рамках проекта ТОО «Казахский научно-исследовательский институт культуры» **ИРН AP23488164 «Традиционное и современное искусство Казахстана в фокусе визуальных исследований: иконография, семиотика и дискурс».**

ISBN 978-601-7448-32-5

© Издательство «Ұлағат»

Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan
Abai Kazakh National Pedagogical University
Faculty of Arts
Kazakh Research Institute of Culture

COLLECTION OF MATERIALS
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE

"CREATIVE FUTURE: ART AND EDUCATION IN THE CONTEXT OF GLOBAL CHANGE"

10 April 2025

Almaty, 2025

UDC 7+37
LBC 85+74
P23

EDITORIAL AND ORGANIZING COMMITTEE:

Candidate of Pedagogical Sciences, Professor Zh.N. Shaigozova; Doctor of Philosophy (PhD) K.A. Baigutov; Candidate of Pedagogical Sciences, Professor A.A. Mombek; Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor A.I. Ibragimov; Doctor of Philosophy (PhD) M.S. Nurke; Doctor of Philosophy (PhD) A.T. Kozhagulov; Doctor of Philosophy (PhD) Z.Zh. Rabilova; Doctor of Philosophy (PhD) Zh.K. Stambekova; Doctor of Philosophy (PhD) Zh.A. Kosherbayev.

P23 Proceedings of the International Scientific and Practical Conference **«Creative Future: Art and Education in the Context of Global Changes».** - Almaty: Abai KazNPU, 2025. - 598 p.

Reviewers:
Doctor of Philosophy, Professor Almira Naurzbayeva
Doctor of Philosophy (PhD), Karim Baigutov

The collection of materials includes abstracts of the participants of the international scientific-practical conference **«Creative Future: Art and Education in the Context of Global Changes».** This scientific event aims to popularise art education, familiarise the public with the latest achievements in the field of art pedagogy and art, demonstrating their potential in shaping a creative future. The theses of young scientists occupy a special place in the collection. One of the sections of the conference is devoted to the problems of research of modern and traditional art of Kazakhstan in the context of visual studies within the framework of the project of LLP Kazakh Research Institute of Culture **IRN AR23488164 "Traditional and Contemporary Art of Kazakhstan in the Focus of Visual Studies: Iconography, Semiotics and Discourse".**

ISBN 978-601-7448-32-5

© Ulagat Publishing House

ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗ

Құрметті конференция қонақтары, қадірлі әріптестер, өнер мен білім саласының құрметті қайраткерлері, профессорлар мен ұстаздар, жас ғалымдар, магистранттар, докоранттар және білім алушы жастар!

Сіздерді Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінің қара шаңырағы, ұлттық педагогикалық білімнің алтын бесігі – Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің атынан және өзімнің жеке атымнан бүгінгі **«Креативті болашақ: жаһандық өзгерістер контекстіндегі өнер және білім»** атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның салтанатты ашылуымен шын жүректен құттықтаймын!

«Өнер – ұлттың жаны» деп дана халқымыз тегін айтпаса керек. Өйткені өнер – адамның рухани әлемін тереңдетіп, жан дүниесін байытатын ерекше күш. Әрбір халықтың өзіндік ұлттық ерекшелігі мен рухани байлығы да оның өнері арқылы көрініс табады. Сондықтан өнерді дамыту, шығармашылықтың жаңа қырларын ашу, мәдениетіміздің құндылықтарын дәріптеу – бүгінгі қоғамымыздың маңызды міндеттерінің бірі.

Қазіргі әлемде орын алып жатқан жаһандық өзгерістер кезеңінде шығармашылық пен креативті ойлаудың маңызы бұрынғыдан да артып отыр. Өнер мен білімнің интеграциясы арқылы ғана біз бәсекеге қабілетті, рухани кемелденген, интеллектуалды дамыған тұлғаларды қалыптастыра аламыз. Бұл бағытта *Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Өнер факультеті* ұлттық және халықаралық деңгейде білім, ғылым мен өнерді ұштастыру жолында белсенді қызмет атқарып келеді. Осы мақсатта университет қабырғасында тұрақты түрде өнер саласына қатысты ғылыми конференциялар, көрмелер, шеберлік сыныптары мен шығармашылық кездесулер ұйымдастырылуда.

Бүгінгі конференцияның мақсаты да – білім мен өнер саласындағы озық тәжірибелерді жинақтап, жаңа инновациялық шешімдерді ортаға салу, ғылыми зерттеулерді насихаттау арқылы шығармашылық әлеуетімізді одан әрі дамыту болып табылады. Конференцияда талқыланатын мәселелер, атап айтқанда: көркем білім берудегі дәстүр мен жаңашылдық, заманауи өнер мен дизайндағы трендтер, музыкалық және хореографиялық шығармашылықтағы инновациялық әдістер – бүгінгі қоғамымыз үшін өте өзекті және маңызды.

Біздің халқымыз әрдайым өнерге жақын болған. Қазақ халқының мәдени мұрасы – музыкасы, әдебиеті, кескіндемесі, қолөнері әлемдік мәдениет кеңістігінен ерекше орын алып отыр. Осы асыл мұрамызды сақтап қана қоймай, оны бүгінгі заманға сай жетілдіріп, жастар арасында кеңінен насихаттау – университетіміздің басты міндеттерінің бірі болып қала бермек.

Қазіргі таңда цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы өнер саласына жаңа серпін беріп отыр. Бүгінгі конференция аясында осы цифрлық дәуірдің өнер мен білім саласына әсері, виртуалды шындық, жасанды интеллект сияқты технологиялардың шығармашылық үрдістердегі рөлі жан-

жақты қарастырылмақ. Осы арқылы біз дәстүрлі өнерді заманауи әдістермен ұштастырып, креативті ойлау мен жаңашылдықты ынталандыруға үлкен мүмкіндік аламыз.

Конференция жұмысына еліміздің әр аймағынан, сонымен қатар алыс-жақын шет мемлекеттерден келген көрнекті ғалымдар мен танымал өнер қайраткерлері қатысуда. Бұл – біздің халықаралық әріптестік байланыстарымыздың нығайып, өзара тәжірибе алмасуымыздың кеңейе түскенінің дәлелі. Осы басқосу ғылыми-практикалық идеялар мен жаңа бастамалар үшін тиімді алаңға айналып, конференцияға қатысушылардың шығармашылық ізденістеріне тың серпін беретініне сенімім мол.

Құрметті әріптестер мен өнер жанашырлары! Конференцияда көтерілген тақырыптар мен пікірталастар нәтижесінде біз білім мен өнер саласындағы көптеген мәселелерді шешуге арналған нақты ұсыныстар мен тың идеялар аламыз деген ойдамын. Осындай маңызды жиын арқылы университетіміздің ғана емес, жалпы еліміздің өнері мен мәдениетінің әлемдік деңгейде танылуына өз үлесімізді қосатынымызға сенімдімін.

Конференцияның жұмысына сәттілік тілей отырып, баршаңызға зор денсаулық, шығармашылық шабыт, ғылыми және кәсіби жетістіктер тілеймін! Университетіміздің осындай жарқын іс-шаралары алдағы уақытта да жалғасын тауып, жасампаз өнер мен шығармашылықтың биік шыңдарын бірге бағындырайық!

Іске сәт, құрметті конференция қатысушылары!

Құрметпен,
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
Басқарма Төрағасы – Ректор
Тілеп Болат Анапияұлы

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті конференция қатысушылары, қадірлі ғалымдар, профессор-оқытушылар құрамы, өнер мен білім саласының танымал мамандары, ізденуші жастар!

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Өнер факультетінің атынан баршаңызды **«Креативті болашақ: жаһандық өзгерістер контекстіндегі өнер және білім»** атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция жұмысының басталуымен құттықтаймын!

Адамзат өркениетінің қай кезеңінде болмасын, өнер әрқашан қоғамның рухани тірегі, адамның жан дүниесінің айнасы болғаны белгілі. Өнер – бұл тек эстетикалық ләззат пен шабыт көзі ғана емес, ол ұлт пен мәдениеттің бейнесін көрсететін, тарих пен келешекті байланыстыратын көпір. Сондықтан бүгінгі қоғамымызда өнер мен білімнің ұштасуы, шығармашылық пен креативті ойлаудың үндестігі ерекше маңызға ие болып отыр.

Өнер саласының басты миссиясы – ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, жаңа заманның талаптарына сай келетін, жаһандық бәсекеге қабілетті тұлғаларды дайындау. Бұл тұрғыда университетіміздің Өнер факультеті білім беру үдерісін үздіксіз жетілдіріп, заманауи талаптарға бейімделген инновациялық оқу бағдарламаларын әзірлеп, шығармашылық және ғылыми ізденістерді дамытуды басты назарда ұстап келеді.

Бүгінгі конференция да осы мақсат-міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған. Конференцияның аясында көтерілетін тақырыптар өнер мен білімнің озық жетістіктерін талқылауға, креативті ойлаудың жаңа жолдарын қарастыруға, ғылыми және шығармашылық байланыстарды нығайтуға мүмкіндік береді деп сенемін.

Қазіргі таңда әлем жаһандану дәуірін бастан кешуде. Жаһандану үрдісі өнер мен білім саласындағы шекараларды жойып, мәдениетаралық байланыстарды күшейтіп, бірегей шығармашылық идеяларды өмірге әкелуде. Цифрлық технологиялардың жылдам дамуы бізге білім беру мен өнерді интеграциялауға, мультимедиялық ресурстарды тиімді пайдалануға, виртуалды және қосымша шындықты оқу процесіне енгізуге жағдай жасады. Осы жаңа мүмкіндіктерді барынша игеріп, оқу үдерісін сапалы да мазмұнды ету – біз үшін өзекті міндет.

Өнер факультеті бүгінгі күні республика бойынша өнер мен білім саласындағы жетекші орталықтардың бірі ретінде, студенттердің ғылыми-шығармашылық қабілеттерін ашу, олардың кәсіби шеберліктерін арттыру үшін көптеген шараларды жүзеге асырып келеді. Біз жыл сайын халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар, семинарлар, шеберлік сыныптары мен көрмелерді дәстүрлі түрде өткізу арқылы Қазақстанның ғана емес, әлемдік деңгейдегі ғылыми-шығармашылық кеңістікте өз орнымызды айқындап отырмыз.

Аталған конференция да сол дәстүрдің жалғасы ретінде, көркем білім берудің дәстүрлері мен заманауи инновациялық тәсілдерін ұштастыруға, дизайн мен шығармашылық өнер саласындағы әлемдік трендтерді талқылауға және шығармашылық білім берудегі жаңа әдістер мен тәсілдерді қарастыруға арналып отыр. Осы мақсатта конференцияға отандық және шетелдік танымал ғалымдар, өнер қайраткерлері мен педагогтар, тәжірибелі мамандар және жас ізденушілер шақырылған. Мұндай ауқымды басқосулар ғылыми және кәсіби тәжірибе алмасудың таптырмас алаңы болып, қатысушылардың зерттеу жұмыстарына жаңа серпін беретіні сөзсіз.

Өнер – рухани мәдениеттің ғана емес, экономикалық дамудың да маңызды бөлігі. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, бүгінде өнер мен шығармашылық индустрияларының экономикалық әлеуеті айтарлықтай өсуде. Сондықтан біз факультетіміздің алдына өнердің барлық бағыттары бойынша бәсекеге қабілетті, әлемдік нарықта сұранысқа ие мамандар даярлау міндетін қойып отырмыз.

Бүгінгі конференция барысында айтылған ойлар мен ұсыныстар өнер мен білім саласындағы зерттеулердің ғылыми негізін нығайтуға, педагогикалық тәжірибені жетілдіруге және болашақ мамандардың кәсіби деңгейін арттыруға ықпал ететініне сенемін.

Конференцияға қатысып, өздерінің құнды ғылыми баяндамаларымен бөліскен барлық ғалымдар мен мамандарға алғысымды білдіремін. Сіздердің ғылыми мақалаларыңыз конференция жинағының мазмұнын байытып, жаңа ғылыми-тәжірибелік ізденістерге негіз болады деп үміттенемін.

Барша қатысушыларға шығармашылық шабыт, ғылыми ізденістеріне сәттілік тілеймін! Ұлттық өнеріміздің мәртебесі биіктеп, еліміздің рухани-мәдени әлеуеті одан әрі арта берсін!

Құрметпен,
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
Өнер факультетінің деканы, PhD
Байқұтов Кәрім Әлімханұлы

І СЕКЦИЯ. КӨРКЕМ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ

СЕКЦИЯ І. ТЕОРИЯ И МЕТОДИКА ХУДОЖЕСТВЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

SECTION I. THEORY AND METHODOLOGY OF ART EDUCATION

ӘОЖ 373.1.02:372.8 **МРНТИ 14.25.09**

Ақбаева Ш.Ә.
Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан)

КӨРКЕМ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ҰЛТТЫҚ ӨНЕРДІҢ ТӘРБИЕЛІК МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН БҮГІНГІ ЖАҒДАЙЫ

АҢДАТПА

Бұл мақалада дәстүрлі оқыту жүйесінде этномәдени көркемдік білім мен тәрбие беру мүмкіндіктері, дүниетанымдық түсініктер мен көркемдік білімнің пәнаралық байланыстары мәселелері қарастырылған. Жалпы орта мектептерде бейнелеу өнері пәнінде оқушылардың көркемдік қабылдау қабілеттерін ұтымды қалыптастырудың педагогикалық, философиялық, өнертанушылық негіздері анықталып, оқу үдерісінде аталған пәннің оқу үдерісінде алатын орны, оқытудың тиімді тәсілдері мен әдіснамалық жолдары нақты көрсетіледі.

ТІРЕК СӨЗДЕР: Дәстүр, ұлттық, көркем, этномәдени, тәрбие, дүниетаным, тұлға, бейнелеу өнері

Акбаева Ш.А.
Кандидат педагогических наук, доцент
Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан)

ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ И СОВРЕМЕННОЕ СОСОЯНИЕ НАЦИОНАЛЬНОГО ИСКУССТВА В СИСТЕМЕ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

АННОТАЦИЯ

В статье рассматриваются возможности этнокультурного художественного образования и воспитания в традиционной системе образования, вопросы мировоззренческих концепций и меж предметных связей в художественном образовании. А также в статье рассматриваются вопросы традиционного обучения методики преподавания изобразительное искусство в общеобразовательных школах. Выявляются педагогические, философские и искусствоведческие основы рационального формирования способностей художественного восприятия учащихся, а также четко обозначаются эффективные методы обучения и методические подходы роль, и значение в учебно-воспитательном процессе казахского традиционного искусства на предмете изобразительное искусства.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: Традиция, национальный, художественный, этнокультурный, образование, мировоззрение, личность, изобразительное искусство

Akbayeva Sh.A.
Candidate of pedagogical sciences, associate professor
Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan)

EDUCATIONAL POSSIBILITIES AND THE CURRENT STATE OF NATIONAL ART IN THE SYSTEM OF ART EDUCATION

ABSTRACT

The article examines the possibilities of ethno cultural art education and upbringing in the traditional education system, issues of ideological concepts and interdisciplinary connections in

art education. The article examines issues of traditional teaching methods of teaching fine arts in comprehensive schools. The pedagogical, philosophical and art history foundations of rational formation of students' artistic perception abilities are revealed, and effective teaching methods and methodological approaches to the role and importance of Kazakh traditional art in the educational process in the subject of fine art are clearly defined.

KEYWORDS: Tradition, national, artistic, ethno cultural, education, worldview, personality, fine arts

КІРІСПЕ

Бүгінгі заманауи жағдайда іргелі бетбұрыстардың қоғамдағы әлеуметтік жағдайларға әсер етуі, ғаламдану үрдісінің рухани өмірімізде қарқынды дамуы жеке адам мен қоғам арасында жаңа қатынастар тудыруда. Мұның бәрі де білім, ғылым мен мәдени құндылықтарға жаңаша көзқарастар тудыратыны анық. Осы ретте бүгінгі мектеп қабырғасында білім алушыларымыздың көркемдік тұрғыда жан-жақты дамуы мен қалыптасуы әрине бүгінгі күні көркемдік білім мен тәрбие берудің ең өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Бүгінде этномәдени тұрғыда оқушыларды оқытып тәрбиелеу мәселелері әлі де болса өзінің орнын таба алды деп айту өте қиын. Сондықтан да білім алушылардың мектеп қабырғасында көркем еңбек пәнінің үдерісінде өз халқының өнері мен мәдениетіне деген қызығушылығын дамытып, ұлттық өнер үлгілерін қастерлеуге бағалап, қадір тұтуға талпындыру бүгінде көркемдік білім беру ісінің көкейкесті мәселелерінің бірі болып табылады.

Көркемдік білім беру мазмұны, әдіс-тәсілдері, әдістемесіне және оқу-тәрбие процесін жетілдіру мәселелері Қ. Ералин, Е.С. Асылханов, Ұ.Ш.Ибрагимов және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылды. Қазақ халқының сәдік - қолданбалы өнері арқылы тәлім-тәрбие беру де зерттеушілердің назарынан тыс қалған жоқ: еңбекке баулу (О.С.Сатқанов), эстетикалық тәрбие беру (Б.А.Әлмұхамбетов, А.О.Қамақов, Ж.Балкенов); эстетикалық қызығушылығын (С.Жолдасбекова), көркемдік талғамын, көркемдік қабылдауын (Ф.Ы.Жұмабекова,Қ.О.Жеделов) қалыптастыру; танымдық белсенділігін дамыту (Т.М.Қоқымбаева) проблемалары Қазақстан суретші - педагогтарының іргелі және қолданбалы еңбектерінде ойдағыдай өз шешімін тапқан болатын.

Қазақстан ғалымдары халықтың ұрпақ тәрбиелеудегі педагогикалық білімін, ауызекі әдебиетін, ән-күйін, сәндік-қолданбалы өнерін, салт-дәстүрін, даналық ой-пікірін, кәдесіне жарату, амал-жолдарын іздестіру бойынша өз үлестерін қосты. Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, С.А.Ұзақбаева, М.Х.Балтабаев, А.Мұхамбаева, Т.А.Қышқашбаев және т.б ғалым педагогтардың еңбектерінде қазақ этнопедагогиканың теориялық-әдіснамалық мәселелері өз шешімін тапты.

Халық шығармашылығы арқылы тәрбиенің жекеленген міндеттерін жүзеге асыру мәселелері: адамгершілік (Р.Төлеубекова, Ұ.Асанова, С.Әбілдина және т.б.),эстетикалық, музыкалық-эстетикалық (С.А.Ұзақбаева, Т.А.Қышқашбаев, Р.К.Дүйсембінова және т.б.) тәрбиесі, дүниетаным (Н.Албытова және т.б.), эстетикалық қызығушылығын (Е.Ш.Қозыбаев және т.б.), танымдық белсенділігін дамыту (Т.И.Қоқымбаева және т.б.); халық педагогикасын оқу-тәрбие процесіне ендіру, соның негізінде ұйымдастыру жолдары (Ә.Ашай, Т.Ә.Қоңаратбаева және т.б.) бірқатар ғылыми ізденістерге арқау болды.

Осыған орай, көркемдік өнер, рухани мәдениет жөнінде айтқанда, біріншіден, тарих тезінен өтіп, өзіндік сипатын сақтап келген халықтың рухани қазынасын айтамыз. Бұл қазіргі мұражайларда тұрған тарихи көне ескерткіштер болса, екіншіден, қазіргі халық шеберлерінің қолынан шыққан көркем бұйымдар. Үшіншіден, осы халықтық бұйымдардың қазіргі кезеңде жаңаша көрініс табуы. Төртіншіден, осы құбылыстардың оқушылардың көркем шығармашылығында өз қырынан сомдалуы. Егер осы жағдайды енді мектепке тікелей жанамалап айтатын болсақ, әрине, бұл оқушылардың халықтық мұраны, ұлттық өнерді өзінше қабылдауы, талдауы, пайымдауы, бағалауы болып табылады. Енді осы аталған бағыттардың бәрі де оқушылардың бойында сапалы түрде қалыптасуымен тікелей байланысты дүние деп білеміз.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ. Жоғарғы көркемдік қатынас, дүниетанымдық көзқарас түсініктері, рухани ұлттық мәдени құндылықтар арқылы оқушылар бойына ұтымды қалыптасады деп есептесек, олардың оқылуы, қарастырылуы да бәрі тек пән аралық байланыстар арқылы жүзеге асырыла алады. Ал енді, өз пәндік саламызда басты нысанаға алатын дүние ол әрине, алдымен негізгі ұғымдарға анықтама берілу арқылы асырылуы шарт. Мысалы, дүниенің модельдік үлгісі, оның кеңістіктік және уақытқа қатысты белгілері дүние тану, өзін-өзі тану,ән өнері, қазақ әдебиеті, көркем өнер, қазақстан тарихы, математика секілді сабақтармен байланысты болса, оның әлеуметтік және діни-мифологиялық таным түрлері өнер тарихымен, көркем әдебиетпен, этикамен, тағы да басқа пәндермен байланысты.

Пән аралық байланыс осы дәстүрлі өнердің синтездік сипатына да байланысты. Бұлардың негізінде ұлттық өнердің синтездік сипаты қалыптаса келе дәстүрлі өнердің басқа пәндермен тығыз байланыста болатынын дәлелдейді. Олар: ән, өзін-өзі тану, қазақ тілі және әдебиет, көркем еңбек, қазақстан тарихы, дүниетану тағы да басқа.

Мысалы: ән сабағында қазақтың дәстүрлі ән-жырлары, өлеңдеріне деген оқушылардың сезімдерін оята отырып, ән арқылы көркемдік талғамдарын қалыптастыру, өзін-өзі тану пәнінде оқушылардың дәстүрлі өнер арқылы көркемдік талғамының қалыптасыуында қоршаған ортаны тануға деген ізгіліктік қатынастарына тәрбиелеу.

Мұнда біз оқушылардың бір жағынан қалыптастыру барысында дүниетанымдық ұғымдарды, ал көркемдік талғамын қалыптастыру барысында өнердің көркем мүмкіндіктерін пайдалану іске асатындығын байқадық.

Оқушылардың көркемдік қабылдауларын біріншіден, ою-өрнек арқылы да қалыптастыруға болады. Ою-өрнек - оқушылардың ұғымына жақын да түсініктірек өнер түрі.

Сабақ барысында біз ою-өрнектің тарихи қалыптасу сипатына көңіл бөлеміз.

Сюжеттік сарындарға құрылған осындай материалдарды балалармен отырып талдағаннан кейін, мұғалім сабақ материалдарын күрделендіре түседі. Сабақты күрделендіру мақсатты түрде жүрмейді. Және ол мұғалім үшін мақсат та емес. Негізгі мақсат сабақ барысында проблемалы ситуациялар тудырып отыру. Оқушыларды осының негізінде ойланту. Олардың ойлау, салыстырмалы талдау қасиетін және зеректігін жетілдіру мақсатты түрде дамытылып отырылады.

Оқушылар осыған дейін берілген мәтіннен түсінгендерін қайталап айтып берумен, оған деген өзіндік қатынасын қалыптастырумен шектелген еді. Одан кейін материалдың күрделенуі кейінгі сабақтар ою-өрнектегі рәмізді белгілерді өзбетінше талдау арқылы жүргізіледі. Талдаулар мұғалім тарапынан оқушыларға күні бұрын берілетін білімсіз жүзеге асады деген сөз емес. Әрине, мұндай сабақтарды жүргізу барысында да мұғалім рәмізді белгілердің жалпы сипаты, олардың дүниетанымдық белгіге қатысты оқылу ерекшеліктері, пластикалық эстетикалық қасиеті жөнінде білім береді. Оқушылар осы жалпы айтылған сипаттық ерекшеліктерді нақтылы жағдайға пайдалануда тапқырлық көрсетуге тиіс.

Оқушыларға осындай тапсырмалар беру ою өрнектің рәмізді белгілерін өзбетінше ашу баланың қоршаған ортаны танып білуіне, ол туралы өзбетінше ойлануына, оған халықтық дүниетаным арқылы енуіне, қол өнері бұйымдарының әшекейін әсемдік тұрғыдан барынша толығырақ қабылдай білуіне және осыларға деген өзінің жеке қатынасын орнатуына көмектеседі деп тұжырымдай аламыз. Қоршаған ортаға тұлғалық қатынасын орнату сонымен бірге ұлттық дүниетанымдық белгілер көркем қабылдаулар арқылы, қалыптасады және және осы ою-өрнек арқылы оқушының дүниеге көркемдік қабылдаулары қалыптаспақшы. [1,23б].

Қойылған міндеттер үш түрлі бағытқа тарайды:

- бейнелеу өнері пәні бойынша оқушыларды дәстүрлі өнердің негізін игеруге үйрету, қол өнерімен шұғылдану және оны қабылдау барысында оқушының эстетикалық санасын қалыптастыру. Бейнелеу өнеріндегі, халықтық шығармашылықтағы, табиғаттағы, адам бойындағы нағыз сұлулықты сиықсыздықтан, жылтырақтықтан ажырата білу мүмкіндіктерін эстетика мен әлемдік және отандық мәдениет негіздері жөнінде білім беру арқылы жетілдіру;

- эстетикалық сезімін, көзқарасын қалыптастыру; жалған мәдени бағыттардың ықпалына қарсы тұратындай оқушы талғамын дұрыс қалыптастыруға нақты жұмыс істей алатын педагогикалық тәсіл жасау; мотивін (талабын, қызығушылығын) жетілдіру; көркем-образды
- шығармаларды қабылдау мен көркем-шығармашылық іс-әрекетпен шұғылдану қабілетін дамыту;
- көркем шығармашылық іс-әрекет тәсілдерін қалыптастыру; қабілеті мен дарындылығы байқалатын оқушылармен қосымша жұмыс жүргізу; жұмыс істеу тәжірибесін (біліктілі мен машықтылығын, пікір білдіру мәдениетін) шыңдау; тұратын, жұмыс істейтін, оқитын жерін эстетикалық норма мен құндылыққа сәйкес ұйымдастыру.Бұл міндеттер бейнелеу өнері пәні бойынша дәстүрлі өнерді оқытатын сабақтардан практикалық және теориялық білім беру барысында, әр түрлі формада өткізілетін оқу-тәрбие жұмыстарында эстетикалық тәрбие мен білім беруде және сыныптан тыс жүргізілетін іс-әрекет барысында және оқушыларды қоршаған орта сұлулығы мен бейнелеу өнері шығармаларының түпнұсқаларын бағалауға үйрету, дәстүрлі өнер шығармаларының табиғи сипатын дұрыс ұғуға мүмкіндіктер жасау кезінде іске асады.

Біз мектептегі педагогикалық проблемаларды шешу барысында "практикалық сабақтар", "теориялық және қабылдау сабақтары", "дәстүрлі өнерді меңгеру" сабақтары деп бөлдік.

"Практикалық сабақтарға", негізінен, бейнелеу және дәстүрлі өнер шығармаларын сомдау сабақтары кіреді. Сондықтан мұндай сабақтарды дәстүрлі әдіс-тәсілмен жүргізген ыңғайлы. Біз оны "дәстүрлі оқыту" ("традиционное обучение") әдістемесіне жатқыздық.

"Теориялық және қабылдау сабақтарына" бейнелеу және дәстүрлі өнердің теориялық мәселелері, көркем шығарманы, қол өнері бұйымдарын, дәстүрлі сәулет ескерткіштерін барынша толық қабылдау проблемасы енді. Мұндай сабақтарды "проблемалы оқыту" әдісіне жатқыздық. Біз проблемалы ситуациялар тудырып оқыту мәселесін бірінші тарауда барынша қарастырып өтіп едік. Кейініректе біз тұрақты эксперимент жүргізу барысында пайдаланған дәстүрлі оқыту әдістемесін де талқылап өтеміз.

Әрине, екі әдістің де алдына қоятын мақсаты дәстүрлі өнерді көркем эстетикалық талғамды дүниетанымдық деңгейде меңгеру. "Дәстүрлі өнерді меңгеру барысында тағы бір педагогикалық шарт "дамыта отырып оқыту" (проблема развивающего обучения") мәселесі көтеріледі.

Сыныпта өткізілетін сабақтарға ғана емес, сыныптан тыс сабақтар да негізгі жұмыс болып танылады.

Занковтықтар дедуктивті әдісті жоққа шығармай, негізінен индуктивті әдіске сүйенеді.

Салыстырмалы талдау ерекше орын алады. Ұқсастықтар мен айырмашылықтарға көңіл бөлінеді.

Байқағандарын талдай білуін жетілдіруге басты назар аударылады. Құбылыстардың әр түрлі жақтары мен қасиеттерін аңғара білуін, аңғарғанын сөзбен дұрыс жеткізе білуін дамытуға көңіл бөлінеді.

Таным үрдісі жетекші қызмет атқарады. Үйлесімділік идеясы рационалды және эмоционалды, факты мен жалпылау, ұжымды және жеке, ақпараттық және проблемалы, түсіндіру және ізденіс әдістемесімен бірге жүргізіледі. Дидактикалық ойындар, дискуссиялар пайдаланылады, сонымен бірге дамыту түйсік, ақыл-ой, ес, сөйлеу мүмкіндіктерін арттыруға да бағытталған [2,171б].

"Адамдарды нені ойлауға емес, қалай ойлауға оқытқан жағдайда, бүкіл түсінбеушіліктер өзінен өзі жойылады",- деген Г.Лихтенберг идеясын басшылыққа алған Д.Б.Эльконин-В.В.Давыдовтың дамыта оқыту технологиясы қазіргі Ресей мектептеріне енгізуге ресми мойындалып отырған озық әдістемелердің бірі.

Эльконин Даниил Борисович кеңес үкіметі тұсында 41-ақ жыл өмір сүріп, дамудың әлемге белгілі жасқа қатысты кезеңдерін жасаған психолог. РАО-ның вице-президенті, академик Давыдов Василий Васильевич дамыта оқыту және мазмұнды жалпылау теорияларының авторы.

Олар жасап шығарған технология логикалық, теориялық ойлау қабілетін дамытуға бағытталған.

Оқушыларға ғылыми түсініктерді меңгеруге, жоғарғы дәрежедегі көркем образды ұғуға және адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеу теориялық және эмпирикалық біліммен, практикалық іскерлікпен бірге жүргізіледі.

Д.Б.Эльконин-В.В.Давыдовтың дамыта оқыту технологиясының мазмұны теориялық білім негізіне құрылған. Егер *эмпиракалық білім* негізінде бақылау, көрнекі түсінік, заттар мен құбылыстардың сыртқы қасиеті жатқан болса, теориялық білім сезімдік түсінікпен шектелмейді, ойша абстракциялық өзгертулерге сүйенеді, ікі қатынас пен байланысты көрсетеді. [3,181б].

Теориялық ойлау тұғыры қызметін нақтылы эмпирикалық заттар мен құбылыстарға қарағанда бастапқы болып саналатын ойша идеализацияланған түсініктер, рәміздер жүйесі атқарады.

Оқу - үлкендерден жас өспірімдерге берілетін білім, іскерлік, дағды мен әлеуметтік тәжірибені беру үрдісі. Осы тұтас үрдіске мақсат, мазмұн, әдіс және құрал-тәсілдер кіреді.

Оқудың мазмұн ерекшеліктерін айтсақ, ғылыми-техникалық жетістікпен байланысы жоғары саналады. Білім негізінен жеке адамның рухани, құлықтық негізіне емес, парасаттық (ақыл-ес) бастауларына бағытталады. Мектептегі оқу пәндерінің 75 пайызы мидың сол жағын дамытуға бағытталған, эстетикалық пәндерге 3 пайыз, рухани тәрбиеге мектептерде әлі күнге дейін өте аз көңіл бөлінді.

Оқудың мазмұндық жоспары - орталықтандырылған. Базисті оқу жоспары мемлекет тарапынан стандарттандырылған. Оқу пәндері коридорлық жүйеге құрылған. Бала тек қана берілген сара жолдың бойымен ғана жылжи алады.

Білім беру тәрбиеге қарағанда жоғары орынға қойылған. Оқу және тәрбие пәндері бір-бірімен байланыссыз болған. Бұрынға дәстүрлі оқу жүйесінде баланы тәрбиелеудің клубтық формаларына академиялық оқу жүйесіне қарағанда бүкіл ақшаның 3 пайызы жұмсалды.

Дәстүрлі оқытудағы "үлкендер үйретеді, кішілер тыңдайды" деген ұстанымға сүйенген мұғалім - әмір етуші, бүкіл инициативаны бір ғана өз қолына алған адам. Мұғаліммен сөз таластыру мүмкін емес, себебі ол әруақытта дұрыс айтады деп мойындалған.

Дәстүрлі оқыту бойынша білімді меңгеру әдістері:

- ✓ дайын білімді хабарлау;
- ✓ үлгі бойынша оқыту;
- ✓ индукциялық логикаға сүйену - жекеден жалпыға өту;
- ✓ механикалық еске сүйену;
- ✓ вербальді айтып беру;
- ✓ репродуктивті қайталау.
- ✓ *Дәстүрлі оқуда өзбетінше шешім қабылдауға көңіл бөлінбейді:*
- ✓ өзбетінше мақсат қою жоқ, мақсатты мұғалім қояды;
- ✓ жоспарлау баладан тыс жүреді және балаға қиылып қойылады;
- ✓ қорытынды талдау және баланың іс-әрекетін бағалау мұғалім немесе басқа да үлкендер арқылы ғана жүргізіледі.

Бұл жағдайда мектепте таяқпен жұмыс істету, үйрету жүргізіледі, ол баланың небір жаман қылықтарға итермелейді (оқудан тыс қалу, жалқаулық, жағыну, өтірік айту, т.т.).

Берілген пәндер бойынша дәстүрлі педагогика баланың білімін, іскерлігін және дағдысын бағалау үшін қалыптасқан бес балдық жүйеге жүгінеді. Бағалау талаптары: жекелік сипат, әртүрлі деңгейге сәйкес бағалануы, бақылау мен бағалаудың жүйелілігі, жан-жақтылық, формалардың әртүрлілігі, талаптардың біркелкілігі, объективтілік, мотивтілік, жариялылық.

Дегенмен мектеп тәжірибесіндегі бағалаудың дәстүрлі жүйесінің теріс жақтары да бар.

Бес балды жүйеде сандық бағалау көбіне күштеу құралы болып табылады, мұғалімнің оқушыға өктемдік жүргізу құралы, оқушыға мұғалім тарапынан психологиялық және әлеуметтік қысым көрсету құралы болып табылады. Ол оқушыларды "жақсы" және "нашар"

деп бөлуге жағдай жасайды. Яғни жақсы оқитын, "бес" алатын оқушы жақсы, "екі" алатын нашар.

"Орташа", "нашар" бағаға оқитын оқушы өзін басқалар алдында төмен санауға мәжбүр. Әсіресе, "екі" алған оқушы, өзімен, мұғаліммен, мектеппен, пәнмен келіспеушіліктер тудырады.

Біз қаншалықты проблемалы оқыту әдісіне сүйенгеннің өзінде оқу жүйесі тұтастай алғанда дәстүрлі оқыту сара жолынан түгелдей босап шыға алмайды. Себебі біріншіден, ол үйреншікті жол. Екіншіден, проблемалы, дамыта оқыту және басқа да тәсілдер қазір мектеп үшін әлі жасақтала қойған жоқ. Сондықтан да біз қазірге дейінгі эксперименттерді басшылыққа ала отырып, дәстүрлі оқу мектептерінде бейнелеу өнері сабақтары бойынша проблемалы ситуациялар тудыруды, дамыта оқытудың біз үшін үйлесімді жақтарын алғанды жөн көрдік. Оның үстіне біз мәселені тұтастай қарай отырып, оқыту мүмкіндіктерін бейнелеу өнері мен дәстүрлі өнердің принципті ұқсастықтары мен айырмашылықтары негізінде сараладық.

Ал ұлттық өнердің дүниетанымдық ұғымдармен байланысы оқушының дүниетанымын қалыптастыруға бағытталады.

Сабақ барысында туындайтын бірінші проблема живопистің дәстүрлі бояу түсіне қатынасы. Живописте бояу түсі колорит құрайтын эмоционалды екпінділікпен байланысты болса, дәстүрлі өнерде бояу түсінің тұрақты дүниетанымдық түсінігі қарастырылады.

Осы жағдайда оқушыларға әр түстің мағынасын ашу барысында сөзтіркестерге, тұтас сөйлемдерге мысалдар келтіру үшін тапсырмалар беріледі.

Бірінші оқушы үшін берілетін тапсырма "көк" түске қатысты түсініктердің мағынасын ашумен байланысты: "Тәңір", "аспан", "көктеу", "көкке шығару", "көгін тану".

Сол секілді екінші балаға "қызыл" түстің от пен күннің белгісімен байланысты қазақтардың ырымында, әдет-ғұрпындағы мағынасын талдау үшін тапсырма беріледі.

Үшінші бала "қара жер", "қара бала", "қара өлең", "қара сөз", "қара шаңырақ" деген түсініктердің мағынасын ашады.

Келесі оқушы қуанышты хабардың, бақыттың, тазалықтың, сонымен бірге шындықтың, ақиқаттың, әрі тазалықтың адалдықтың, шыншылдықтың белгісі ретіндегі "ақ" түске талдау береді. [4, 28 б.]

Бесінші оқушы ақыл-парасаттың белгісі ретіндегі "сары" түсті, алтыншысы жастық пен көктемнің белгісі аталған "жасыл түске" талдау береді.

Сабақ барысында туындайтын екінші проблема графиканың дәстүрлі пластикалық үлгілерге қатынасы. Мұнда сырмақ және зергерлік бұйымдардың көркемдік мүмкіндіктері "ақ" пен "қараның" бір-бірімен гармониялы үндестігі, осындағы ұлттық сипат мүмкіндіктері талданады.

Сабақ барысында туындайтын үшінші проблема мүсін өнерінің ортағасырлық кісітас, қойтас және құлпытас үлгілеріне қатынасы. Бейнелеу өнері болмады деген қазақта әр түрлі үлгідегі мүсін тастардың мол вариациялары болған. Мұндай мүсіндер атақты мүсінші шығармаларынан ешқандай кемшілігі жоқ. Осындай мүсіндерді балаларға таныстырудағы басты мақсат - дәстүрлі форма құрау мәдениетінен дәріс беру.

Мұндай оқудағы оқушылар үшін бастысы осындай үлгідегі мүсін тастарды жіктей білу.

Бірінші топтағысы түркі кезеңінен жеткен кісітастарды, қазірге дейін өз мәнін жоймаған құлпытастарды, олардың сынтас, қадатас түрлерін түрлері

құрайды. Дүниетанымдық түсінікте ол жер мен көктің, үш өмірдің арасын жалғастырушы "әлем діңгегі" немесе "өмір ағашы".

Маңғыстауда жиі кездесетін бейіт басына қойылатын шағын ескерткіштердің ішінде қойтас, арқар тас, қошқар-тас түрлері екінші топты құрайды.

Сабақ барысында туындайтын төртінші проблема архитектураның ежелгі және орта ғасырлық сәулет өнеріне қатынасы. Сәулет өнерінің асылы біз үшін Ұлытаудағы Домбауыл, Жошы хан, Алаша хан, Аяққамыр; Аягөзде Қозы Көрпеш Баян Сұлу, Таразда Айша-Бибі, Бабаджа Хатун, Қарахан; Маңғыстауда төбелі күмбез, сағана, кереге тамдар, сандықтастар, т.т. көптеген ескерткіштердің түзілімдік сипатына талдау беріледі.

Дегенмен балалар үшін жақыны да маңыздысы киіз үйдің дүниетанымдық түсінікке қатысты құрылымы мен түрлері. 1 тарауда біз киіз үйдің осындай сипатын барынша талдап өттік. Енді осы мәселелерді оқушылармен бірге қарастырып көрейік.

Киіз үйдің сүйегі - шаңырақ, уық, кереге - және жабындары - түндік, үзік, туырлық - секілді басты құрылымдық бөліктері ажыратылады. Одан кейін олардың бөлімдеріне көшеміз. Киіз үйдің есігі - киіз есік, сықырлауық, маңдайша, табалдырық, таяныштары босаға, табалдырық, есік жақ деген түсініктерді береді. Одан кейін киіз үйдің интерьері үй жиһаздарының ретін ғана білдіріп қоймай, олардың дүниетанымдық түсінікін арттырып, адамгершілік, этикет нормаларына тәрбиелеуге көмектеседі.

Сабақ барсында проблемалы міндеттер қоя отырып, біз киіз үйдің баланың рухани дүниесін дамытудағы, дүниетанымын қалыптастырудағы ролін одан әрі анықтай түсеміз. Одан кейін қойылатын мәселе киіз үйдің материалдарымен және құрылымдық ерекшелігімен таныстыру. Балаларға алдымен таныстыратынмыз киіз үйдің сүйегі. Жиналмалы "кереге", жеке сырық таяқшадан тұратын "уығы", дөңгелек пішіндес "шаңырағы" киіз үйдің қаңқасын құрайды. Әрине, кереге, уық, шаңырақ әрі киіз үйдің беріктігінің кепілі, әрі құрылымдық тұтастық құрайды және адамның бойына, жүріп-тұруына ыңғайланған.

"Қазақ өрнектерінің ерекше үйлесімді орналасуы да осындай әлеуметтік дүниетанымдық жағдайлармен байланысты. Өрнектер, әдетте, бөлек орналасады. Бірінің үстіне бірі салынбайды, айқастырылмайды. Өрнек ретсіз көп немесе кез-келген жерге орындалмайды. Негізінен, әсіресе, текемет, аяққап секілді бұйымдарда олар ірі болып келеді. өрнектердің осы ірілігі оның монументті сипатын арттырып, бойына күш-қуатқа толы энергия жинақтайтындай. Өрнектер нәрсенің бетіне, түр-түстеріне және сызық әуендеріне байланысты ерекше талғаммен беріледі".

Мұғалім осы жерде тағы сұрақ қояды: Балалар, сонымен ою-өрнектің нақтылы реалистік бейнеден басты айырмашылығы неде екен?

Балауса: Басты айырмашылық бейнелеу өнерінде пайдаланатын сурет, жарық пен көлеңке, перспектива заңдылықтарына сәйкес кеңістік, жеке нәрсенің ұқсастығы ою-өрнекте болмайды.

Мұғалім: Ия, ою-өрнектің шешетін міндеті реалистік өнерден бөлек екен. Өнертанушының айтуы бойынша ою-өрнектегі кеңістік нақталы шындықпен байланысты емес, ол санадағы дүние екен. Самат мәтін бойынша оқуын жалғастырады:

"Біз ою-өрнектің алғашқы мағынасын жоғарыда қарастырып өттік. Енді ою-өрнектің біздің эмоциямызға әсері жөнінде айтайық. Жалпы қазақ халқының ою-өрнектері басқа халықтардың өрнектерімен салыстырғанда композиция қарапайымдылығымен, бояу түсінің ұстамдылығымен, формалардың монументтілігімен ерекшеленеді.

Ою-өрнектің сыртқы сызықтарының композиция құрап, бір-біріне өтуі хаосты емес, керісінше ретті, әр сызықтың өз орны бар. Қандай өрнекті пайдалану, біріншіден, өңделетін шикізатқа, сонымен бірге жасалатын бұйымның пішіні мен көлеміне қатысты болды. Мысалы, жаңа айтқандай текеметте қолданатын ою-өрнектің пішіні жазық, бояу түсі қарапайым, монохромды, сыртқы сызықтары "қарадүрсін". Бұл оның монументті сипатын анықтайтындай. Алаша, бау-басқұрларда өрнек жолақ бойымен өтеді. Күміс түсі көбіне темірмен кереғарлы шешілетіндіктен, темірге күміспен жалатылған өрнектің композициясы жинақы әрі ерекше әсерлі көрінеді…Егер қол өнері бұйымдарында негізгі түсті композицияның өрісі, ал өрнекті бейне деп есептесек, кейбір жағдайларда (мысалы, сырмақта) өріс пен өрнек бір-бірін оңай алмастыра алады.

Жалпы алғанда біртұтас жазықтылық жеке элементтерді бөліп қарастыруға мүмкіндік туғызбайды. Біз жоғарыда әр өрнектің және жеке бояу түстерінің дәстүрлі санадағы рәмізді мағынасы жөнінде айттық. Ою-өрнек шындықтың шартты ұғымын білдіргендіктен, көбінің алғашқы белгі анықтамалары ұмытылғандықтан және оны біртұтас өнер шығармасы деп қарастырғандықтан ол кейінгі кезде адамның эмоционалды көңіл күйі мен субъективті түйсіну ерекшелігін білдіретін болды. Оның сәндік, әшекей ретіндегі мағынасы күшейе түсті.

Сондықтан да ою-өрнектің синтездік қасиетін естен шығармауға тиіспіз. Бұл жағынан алғанда мұнда кездейсоқтық болмауға тиіс".

Мұғалім: Осы жерде балалар, тағы бір сұрақ қояйық: Ою-өрнек жеке дара қызмет атқара ма?

Самат: Атқарады. Ою-өрнек жеке алғанда абстрактылы композиция секілді өнер шығармасы болуы мүмкін.

Балауса: Ою-өрнек жеке дара қызмет атқара алмайды. Ол белгілі бір нәрсені өрнектеу, әсемдеу үшін пайдаланады. Сондықтан Самат оқыған кітапта оның синтездік сипаты жөнінде сөз болып отыр.

Мұғалім: Балауса дұрыс айтады. Ою-өрнек киімді, үй жиһаздарын, әшекей бұйымдарын сәндеу, өрнектеу үшін пайдаланылады екен. Бірақ ою-өрнек осы заттардың сипатына байланысты өзгеріп отырады. Мұны да айта кетуіміз керек.Самат мәтін бойынша оқуын жалғастырады:

"Сонымен бірге ою-өрнекті классификацияға бөліп, оны симметриялық шеңберде ғана қарастыру оның көркемдік мүмкіндіктерін шектейді. Қазақ ою-өрнегі канондық заңдылықтарға бағынғанмен бір-бірін қайталайтын екі бұйым кездеспейді…біз бұл жерде ою-өрнекті бейнелеу өнерінің бір түрі ретінде қарастырдық. Себебі ол, біріншіден, табиғаттың "шағын моделі" деп есептеледі. Екіншіден, оның көркемдік тілі живопись, графика секілді бояу түсі, ырғақ, таңба, сызықтар пластикасымен байланысты. Үшіншіден, ою-өрнекпен тікелей қатысы бар қол өнерінің өзі де бейнелеу өнерінің бір түрі екен. Соған байланысты біз ою-өрнектің эмоционалды-мазмұндық мүмкіндіктерін бейнелеу өнерінің көркемдік әдіс-құралдары секілді қарастырдық [4,117;118;119;120;121;122;123 б].

Мұғалім: Автор сөзінің тұжырымында ою-өрнекті бейнелеу өнерінің бір түрі ретінде белгілейді. Оның себебі "бұрын қазақта бейнелеу өнері болмаған" деп айтылып келді. Бұл оған қарсы тұжырым. Ою-өрнек шындықтың "ұлттық моделі" ретінде көрінетіндіктен оны, әрине, бейнелеу өнерімен теңестіруімізге болады. Ол бейнелеу өнерінің бір көрінісі ретінде заңды бағалана алады. [5, 78-81 б].Бірақ бейнелеу өнері мен ою-өрнек табиғаты жағынан екі түрлі параметрлермен бағаланатындығын біз жоғарыда айтып өттік.Сонымен балалар, бүгінгі сабағымызда ою-өрнектің көркемдік мүмкіндіктерін талдадық. Талдау барысында өз пікірлеріңді ортаға салғандарыңа рахмет, жақсы жауап бергендеріңізге тиісті баға қойылады.

Енді сабақ барысында туындайтын бесінші проблема қол өнері мен дизайннің дәстүрлі қол өнері бұйымдары мен ою-өрнекке қатынасы. Оқушылардың көркемдік талғамын қалыптастыруда қол өнерінің орны бөлек. Бұрын киіз үйдің іші ағаштан, теріден, жүннен жасалған бұйымдармен толтырылатын. Оларды халық арасынан шыққан мықты шеберлер жасайтын. Осы шеберлер әр түрлі материалдардан ат әбзелдерін, қару-жарақтар жасап, киім тікті. Осы жасалған бұйымдар бір сөзбен қол өнері деп аталды. Балаларды қол өнерінің тұрмыста алатын орнымен, ондағы рөлімен таныстыру, әрине, олардың дүниетанымдық түсінігін кеңейтеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келе, біздің жағдайымызда бұл ұлттық өнерге баулу, көркемдік білім мен тәрбие беру тікелей дүниетанымдық мәселелерімен тығыз байланысты. Олай дейтініміз өнер тарихы мен әлемдік көркем мәдениет жөнінде әңгіме қозғаған уақытта ұлттық өнер және оның дүниетанымдық мәселелері ұмыт қалмауға тиіс.

Алдымен ұлттық мәдениет пен өнердің педагогикалық шарттары және оның эстетикалық табиғаты қандай белгілермен анықталады деген сұрақтарға жауап беріп көрейік.

Ұлттық өнердің бейнелеу өнеріне тікелей қатысы болғанымен, оның бейнелеу өнерінен негізгі айырмашылықтары да бар. Бұл жерде сөз етіп отырғанымыз қазақ халқының дәстүрлі өнері жөнінде болып отыр. Бейнелеу өнеріне Қазақстан кәсіби өнерінен негізінен XX- ғасырда қалыптасқан живопись, графика, мүсін өнері секілді бейнеге қатысты белгілермен анықтайтын өнердің түрлері жатады. Олардың негізгі ерекшелігін айқындайтын белгі қоршаған ортамен, бейнеленген адаммен, сурет салынған натюрмортпен және сюжеттік сарында орындалған әртүрлі сюжеттік сарындық оқиғалардың шындықпен ұқсастықта бейнеленуімен анықталады.

Бұл оның басты көрсеткіштері болып табылады. Әрине, XX-ғасырда бұл түсінікке қайшы келетін модернистік бағыттағы ізденістер, абстракциялы композициялар жеткілікті болды. Дегенмен де біз бұл жерде жоғары көркемдік тұрғыда орындалған классикалық реалистік шығармалар жөнінде айтып отырмыз.

Этномәдениет және ұлттық өнер бейнелеу өнерінің бір түрі және жанрлық бөлімі ретінде айқындалатындықтан оның сыртқы формалық сипаты бейнелеу өнеріне өте жақын. Біз ұлттық өнер деген уақытта қазақ халқының қол өнері шығармаларын, ою-өрнек композицияларын, ежелгі сәулет ескерткіштерін және олардың өзіндік келбетін айтамыз. Яғни, өнердің бұл түрі де өзіндік суретпен, пластикамен, композициялық сипатымен түзілімдік жүйесімен айқындалады [6, 28 б].

Дегенмен ұлттық өнердің бейнелеу өнерінен негізгі айырмашылығы ол еш нәрсені ұқсас етіп бейнелемейді. Оның суреті, пошымы, бояу түсі, пластикалық түзілімі, рәміздік мәнге және белгіге ие. Бұл, әрине санадағы өзгешелік. Сондықтан да ұлттық өнерді түсіну үшін, дүниетанымдық мәселелер жетекші роль атқарады деп білеміз.

Екінші жағынан, ұлттық өнер әлеуметтік қатынаспен тікелей байланысты. Көшпелі өмір салтымен, тұрмыс-жағдаяттар тудырған ауыз әдебиетінің мұралары, салт-жоралар, ырымдар, тыйымдар, сөйлеу мәнері мен мәдениеті, адамдардың өз-ара қатынасы, бір сөзбен айтқанда өмір сүру стилі ұлттық сананы, мәдениетті қалыптастырады. Ұлттық өнердің де өзіндік табиғаты осы сипаттармен тығыз байланысты анықталады.

Ұлттық өнерді педагогикалық проблема ретінде көтерген кезде біз, осы өнер арқылы балаларға көркем білім мен тәрбие беру мәселесін көздейміз. Сондықтан бізді ұлттық өнердің көркемдік табиғаты қызықтырады. Оның көркемдік табиғаты педагогикалық мақсатқа тікелей байланысты дүние және ол әр жағдайда әр түрлі ашылады.

Көркемдік білім жағдаятына деген осы қатынас әлі күнге дейін өзгере қойған жоқ. Тек жеке баладан гөрі бүкіл сыныппен жұмыс істеу, дарынды балалардан гөрі артта қалған балалардың жағдайына көбірек көңіл бөлу әлі де болса бар және ол көп жағдайда бүгінде күшіне еніп отыр. Сонымен қатар білім алушының шығармашылық әлеуетіне, шығармашылық мүмкіндігіне көңіл бөлінбеуі көркемдік педагогиканы тоқырауға немесе сыңаржақты дамуға әкелді деп айтуға болады.

Сондықтан да бүгінде мектеп қабырғасындағы негізгі міндет халықтық өнер мұраларымен, әсем де сәнді үлгілермен білім алушыларды жан-жақты таныстыра отырып, дамыту болып табылады. Сонда ғана көркемдік тұрғыда барынша дамыған жеке тұлғаны көре алатынымыз анық. Бұл жағдайда ғана біздер дүниетанымдық түсініктер мен халықтық өнердің өзара тығыз сабақтаса отырып, көркемдік, рухани, мәдени тұрғыда қарастыруға мүмкіндік аларымыз анық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мухамбаева А.Х. Национальные обычаи и традиции казахского народа и их влияние на воспитании детей и молодежи, Автореф. дисс… к.п.н: 09.01.1974, М, 1974.;
2. Занков Л.В. Дидактика и жизнь. - М., 1968; Обучение и развитие / Под ред. Л.В.Занкова. - М., 1975;
3. Эльконин Д.Б. Психологические услдовия развивающего обучения, (Обучение и развитие младших школьников) Материалы Международного симпозиума /Под ред. Г.С.Костюка, Киев, 1970, 65 с.
4. Ақпанбек Ғ. Қазақтардың дүниетанымы, Алматы, 1993, 56 б.
5. Байжігітов Б.К. Бейнелеу өнерінің философиялық мәселелері: Кеңістік пен уақыт ырғағындағы тұрақты сурет үлгілері, Алматы, 1998, 192 бет.;
6. Касымжанов А.Х., Касымжанова С.А. Духовное наследие казахского народа, Алма-Ата, 1991, 89 с.

УДК 373.1.02:372.8 **МРНТИ 14.35.09**

Л. Чжихуй[1], Е. Асембай[2]
[1] Учжоу университеті, Учжоу, Қытай
[2] Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

ҚХР ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ОҚУ ПӘНІ РЕТІНДЕ ӨНЕРТАНУДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

АҢДАТПА

ҚХР-дың бейінді көркемдік және көркемдік-педагогикалық жоғары оқу орындарында өнер тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесін зерттеу тарихи ретроспективада оның даму тарихы мен генезисі туралы материалға жүгінуді талап етті. Бұл мақала өнертанудың ғылым және оқу пәні ретінде дамуының хронологиялық кезеңдерін зерттеуге және дамытуға арналған. Бүгінгі таңда өнертану бүкіл әлемде көркемдік және көркемдік-педагогикалық бейіндегі мамандарды кәсіби даярлау процесінде негізгі теориялық пәндердің бірі ретінде танылады.

Біздің ойымызша, қазіргі заманғы өнертану курсының мазмұны өнер тарихы бойынша оқу материалдарының жиынтығын игеру емес, студенттердің ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі қытай өнерінің алуан түрлі объектілерін талдауға және түсіндіруге кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін осы кең және алуан түрлі материалды талдаудың әдістері мен тәсілдерін игеру болуы керек.

Сондықтан, осы мақалада Қытайдағы өнертану ғылымының дамуы және оның тарихи ретроспективада көркемдік бейіндегі жоғары және орта кәсіптік оқу орындарында (колледждерде) ғылыми және оқу пәні ретінде қалыптасуы мәселелерінің қысқаша очеркі берілген.

Бұл таза ғылыми өнертану әдістемелерінің де, оқу пәні ретінде өнер тарихын оқыту әдістемесінің де дамуы мен жұмыс істеу тетіктерін қадағалауға мүмкіндік береді. Мақала авторлары Қытай ойшылдарының ежелгі философиялық-эстетикалық трактаттарын, қазіргі зерттеушілердің заманауи ғылыми әзірлемелерін қамтитын ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі өнертану ғылымының даму хронологиясын құрастырды.

ТҮЙІН СӨЗДЕР: өнертану, Қытай, гуманитарлық ғылымдар, Жоғары оқу орындары, көркемдік білім

Л. Чжихуй[1], Е. Асембай[2]
[1]Университет Учжоу, Учжоу, Китайская Народная Республика
[2] Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

СТАНОВЛЕНИЕ И РАЗВИТИЕ ИСКУССТВОВЕДЕНИЯ КАК НАУКИ И УЧЕБНОЙ ДИСЦИПЛИНЫ В ВУЗАХ КНР

АННОТАЦИЯ

В современное время цифровизации даже такую консервативную область как «Образование и наука» будет интегрирован искусственный интеллект. В школах России и Китая официально, начиная с начальных классов включен в образовательную программу, обучение работе с искусственным интеллектом. В мире набирает популярность умные систем и платформы, на основании которых можно анализировать не только уровень знаний обучаемого, но и почему у него пробелы в определенной области знаний, какие темы для него важны, а также спрогнозировать достижение результатов. Алгоритмы платформ могут помочь с осуществлением адаптивного обучения: прослеживая каждый шаг обучаемого и анализирует подход, применяемый для решения конкретной задачи. Далее система редактирует материал урока и степень сложности, объем

подсказок, темы и скорость изучения материала. Существенно облегчают работу педагога адаптивные цифровые платформы для студентов рабочих профессий, то есть колледжей. Такие платформы генерируют большое количество данных: не только ответы на задания, но и как часто просматривал обучающийся учебный материал. Педагог имеет возможность оценить успех усвоение материала студентом.

Результаты многих исследований доказывают, что уже сейчас обучающиеся готовы пользоваться инновационными цифровыми технологиями, такими как ИИ, в образовании. Поэтому считаю, что, педагог обязательно должен внедрять и пользоваться инновациями в педагогическом процессе, для поддержания интереса и расширения кругозора у нового поколения.

Заключение. Таким образом из данной статьи можно сделать следующие выводы:

1) Творческие способности развиваются в условиях комфортной образовательной среды, когда ребенок чувствует себя раскрепощенно, свободно, у него есть право выбора.
2) Трудно творить с помощью цифровых инноваций без определённого запаса знаний прогресса. Навыки учителя использовать нейросеть, помогают учащимся прочнее усваивать и запоминать теоретические и практические знания.
3) Легко решается проблема мотивации, когда учащиеся используют инновации в творческом процессе.
4) Положительным моментом является то, что творческие задания привлекают внимание детей, которые не дают результаты по другим предметам, но здесь они открываются с положительной стороны.
5) При систематическом использовании творческих методов обучения у детей вырабатывается личностный подход к получению индивидуального результата, умение отстаивать и защищать свою собственную точку зрения. Дети становятся коммуникабельными.
6) Открываются большие возможности учителя и ученика для совместного творчества с использованием цифровых технологий. При этом ведущим становится понятие сотрудничества, сотворчества, а дети являются полноправными участниками образовательного процесса.
7) Искусственный интеллект может использовать элементы игр для увлекательного и интересного обучения, что позволит поддерживать мотивацию ребёнка.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Пролыгина Н.В., Шуляк А.С. Методика применения информационно-коммуникационных технологий в образовательном процессе. / 2023 г.- 176 с.
2. А.М.Столяренко. Психология и педагогика. Учебник для студентов ВУЗов. 2023 - 425 с.
3. Ян Лекун. Как учится машина. Революция в области нейронных сетей и глубокого обучения. / - 2021г. - 423 с.
4. Использование технологий в образовательном процессе/П.А.Перфильева. – Молодой ученый. – 2024. – №32 (531). – С. 143-145.
5. Искусственный интеллект для образования. Адаптивная система обучения. / П.А. Кириллов. / 2020 – 39-43с
6. Байбородова Л.В. Серебрянников Л.Н. Обучение технологии в средней школе. Методическое пособие. – ВЛАДОС / 2004 г. – 246 с.
7. Лопанова Е. В., Рабочих Т.Б. Личностно-деятельностные технологии обучения.2004 г
8. Бухвалов В.А. Развитие учащихся в процессе творчества и сотрудничества. - М.: Центр «Педагогический поиск». – 2000 г. – 144 с.
9. А. Минаков. Искусственный интеллект и нейросети в образовании. / 2024 г.-164 с.
10. Иващенко Ф.И. Труд и развитие личности школьника: Книга для учителя. / 2003 г. – 163 с.
11. Селевко Г.К. Воспитательные технологии. - М.: НИИ школьных технологий. - 2005.- 288 с.

ӘОЖ: 74.04:377 **МРНТИ: 14.35.07**

Аталыкова А.
Магистрант, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан)

КӨРКЕМ БІЛІМ БЕРУ МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУДА «ГРАФИКА» КУРСЫНЫҢ РӨЛІ МЕН КӘСІБИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕРІ

АҢДАТПА

Бұл мақалада көркем білім беру жүйесіндегі «Графика» курсының рөлі мен болашақ мамандардың кәсіби құндылықтарын қалыптастырудағы маңызы қарастырылады. Мақалада графика курсының мазмұны, оның теориялық және практикалық аспектілері, сондай-ақ графикалық технологиялардың дамуы мен олардың білім беру үдерісіне ықпалы талданады. Басты мақсат – графиканың болашақ педагогтар мен дизайнерлер үшін маңыздылығын анықтау және оның әдістемелік ерекшеліктерін сипаттау. Зерттеу барысында графика курсының студенттердің шығармашылық ойлауын дамытуға, көркемдік дағдыларын жетілдіруге және кәсіби шеберліктерін арттыруға ықпал ететіні дәлелденді. Осыған байланысты заманауи цифрлық графика құралдарының рөлі мен оларды оқу үдерісінде қолдану әдістері қарастырылады. Зерттеу нәтижелері графика курсының көркем білім беру жүйесіндегі орны ерекше екенін және оның болашақ мамандардың кәсіби дағдыларын қалыптастыруға зор ықпал ететінін көрсетті.

ТҮЙІН СӨЗДЕР: графика, көркем білім, кәсіби құндылықтар, педагогикалық әдістер, шығармашылық қабілет, графикалық өнер, көркемдік ойлау, білім беру.

А.Аталыкова
магистрант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан)

РОЛЬ КУРСА «ГРАФИКА» В ПОДГОТОВКЕ СПЕЦИАЛИСТОВ ПО ХУДОЖЕСТВЕННОМУ ОБРАЗОВАНИЮ И МЕТОДЫ ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ

АННОТАЦИЯ

В данной статье рассматривается роль курса «Графика» в системе художественного образования и его значение в формировании профессиональных ценностей будущих специалистов. В статье анализируется содержание курса графики, его теоретические и практические аспекты, а также развитие графических технологий и их влияние на образовательный процесс. Основная цель – определить значимость графики для будущих педагогов и дизайнеров, а также охарактеризовать ее методические особенности. В ходе исследования было доказано, что курс графики способствует развитию творческого мышления студентов, совершенствованию их художественных навыков и повышению профессионального мастерства. В связи с этим рассматривается роль современных цифровых графических инструментов и методы их применения в учебном процессе. Результаты исследования показали, что курс графики занимает особое место в системе художественного образования и оказывает значительное влияние на формирование профессиональных навыков будущих специалистов.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: графика, художественное образование, профессиональные ценности, педагогические методы, творческие способности, графическое искусство, художественное мышление, образовательный процесс.

Atalykova A.
Master's student, Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan)

THE ROLE OF THE "GRAPHICS" COURSE IN THE TRAINING OF ART EDUCATION SPECIALISTS AND METHODS FOR FORMING PROFESSIONAL VALUES

ABSTRACT

This article examines the role of the "Graphics" course in the art education system and its importance in shaping the professional values of future specialists. The article analyzes the content of the graphics course, its theoretical and practical aspects, as well as the development of graphic technologies and their impact on the educational process. The main objective is to determine the significance of graphics for future teachers and designers and to describe its methodological features. The study has proven that the graphics course contributes to the development of students' creative thinking, the improvement of their artistic skills, and the enhancement of their professional expertise. In this regard, the role of modern digital graphic tools and methods of their application in the educational process are considered. The research results show that the graphics course holds a special place in the art education system and has a significant impact on the formation of professional skills among future specialists.

KEYWORDS: graphics, art education, professional values, pedagogical methods, creative abilities, graphic art, artistic thinking, educational process.

КІРІСПЕ

Графикалық білім көркем өнер мен дизайн саласындағы болашақ мамандарды даярлауда ерекше орын алады. Ол студенттердің тек техникалық шеберлігін арттырып қана қоймай, олардың эстетикалық талғамын қалыптастырып, шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдіреді. Графика арқылы болашақ педагогтар көркемдік мәнерді игеріп, бейнелеу өнерінің түрлі тәсілдері мен материалдарын қолдануды үйренеді. Сонымен қатар, «Графика» курсы студенттердің көркемдік көзқарасын кеңейтіп, олардың қиялын дамытуға ықпал етеді. Бұл курс арқылы болашақ мұғалімдер бейнелеу өнеріндегі дәстүрлі және заманауи әдістерді меңгеріп, оны білім беру процесінде тиімді қолдана алады. Оқу барысында композиция заңдылықтары, сызық пен штрих техникасы, жарық пен көлеңке қатынасы, перспективалық бейнелеу қағидалары сияқты маңызды аспектілерге ерекше көңіл бөлінеді. Графика сабағы студенттердің қолмен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіріп қана қоймай, олардың визуалды ойлау қабілеттерін нығайтуға көмектеседі. Бұл әсіресе болашақ көркем еңбек және технология пәні мұғалімдері үшін маңызды, өйткені олар өз оқушыларына көркемдік білім беруде үлгі болуға тиіс. Сонымен қатар, цифрлық технологиялардың дамуына байланысты графика курсы дәстүрлі әдістермен қатар, сандық графика негіздерін де қамтуы қажет. Графикалық білім берудің тиімділігі оқыту әдістерін дұрыс таңдаумен де тығыз байланысты. Бұл курсты оқыту барысында практикалық жаттығулар, шығармашылық тапсырмалар, жобалық жұмыстар, визуалды талдау әдістері кеңінен қолданылады. Сондай-ақ, студенттерге танымал суретшілер мен график-дизайнерлердің шығармаларын зерттеу ұсынылып, олардың стильдік ерекшеліктері талданады. «Графика» курсы болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттырып, олардың көркемдік білім беру саласындағы шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейтеді. Бұл пән студенттердің эстетикалық көзқарасын дамытып, оларға өнердің мәнін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

1. ГРАФИКА КУРСЫНЫҢ КӘСІБИ ДАЯРЛАУДАҒЫ РӨЛІ

Графика – көркем білім берудің негізгі бағыттарының бірі және болашақ мамандарды даярлауда маңызды рөл атқарады. Ол студенттердің сызықтық, көлемдік және кеңістіктік ойлау қабілеттерін дамытып қана қоймай, олардың көркемдік шеберлігін арттыруға ықпал етеді. Графикалық жұмыстар барысында студенттер бейнелеу өнерінің негізгі заңдылықтарын, оның ішінде пропорция, перспектива, жарық пен көлеңкені бейнелеу

қағидаларын меңгереді. Бұл дағдылар олардың кәсіби тәжірибесін байытып, композициялық шешімдерді дұрыс қабылдауына көмектеседі [1, 12-б.]. Сонымен қатар, графика курсы болашақ педагогтардың өздігінен ойлау, визуалды материалдарды талдау және эстетикалық көзқарастарын қалыптастыру қабілеттерін жетілдіреді. Графикалық білімді игеру арқылы студенттер бейнелеу өнерінің көркемдік құралдарын тиімді пайдалана отырып, шығармашылық идеяларын жүзеге асыруға үйренеді. Графикалық дағдылар бейнелеу өнерімен ғана шектелмей, архитектура, сән дизайны, жарнама, иллюстрация және анимация салаларында да үлкен маңызға ие [2, 18-б.].

2. КӨРКЕМ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ГРАФИКАЛЫҚ ӘДІСТЕР

Графикалық білім беруде қолданылатын негізгі әдістер студенттердің көркемдік қабілеттерін жетілдіруге және олардың кәсіби деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Әрбір әдістің өзіндік ерекшелігі бар және оларды жүйелі түрде қолдану болашақ мамандардың шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейтеді.

1) Аналитикалық сурет салу.

Аналитикалық сурет салу – бұл объектінің құрылымын, пішінін, пропорциясын, көлемін және жарық-көлеңке қатынасын жан-жақты талдау арқылы сурет салу әдісі. Бұл тәсіл студенттердің бақылаушылық қабілеттерін дамытып қана қоймай, олардың көркемдік интуициясын қалыптастыруға ықпал етеді. Аналитикалық тәсіл арқылы студенттер күрделі пішіндерді қарапайым геометриялық элементтерге бөліп, олардың пропорцияларын дәл сақтауды үйренеді. Сонымен қатар, олар адам мен жануарлардың анатомиялық құрылымын, сәулеттік формаларды және табиғи объектілерді зерттеу дағдыларын меңгереді. Аналитикалық сурет салу бейнелеу өнерінің барлық бағыттарында маңызды орын алады, өйткені ол студенттердің қол жаттықтыруына, көркемдік көзқарасын қалыптастыруына және әртүрлі бейнелеу тәсілдерін игеруіне көмектеседі [3, 25-б.].

2) Перспективалық бейнелеу.

Перспективалық бейнелеу – кеңістікті дұрыс көрсетуге мүмкіндік беретін әдіс. Бұл тәсіл студенттердің үшөлшемді ойлау қабілетін дамытады, сондай-ақ көру нүктесі мен бақылау бұрышын ескеріп, объектілердің кеңістіктегі өзара орналасуын дұрыс анықтауға көмектеседі [4, 33-б.].

3) Штрихтау техникасы.

Штрихтау – графикалық бейнелеудің маңызды әдістерінің бірі. Ол объектінің көлемін, текстурасын және жарық-көлеңке қатынасын айқындауға көмектеседі. Штрихтау техникасын меңгеру студенттердің қол дағдысын дамытып, көркемдік мәнерін қалыптастыруға мүмкіндік береді [5, 40-б.].

4) Компьютерлік графика.

Қазіргі заманғы сандық технологиялар дәстүрлі графикалық әдістермен қатар, компьютерлік графиканы да кеңінен қолдануды талап етеді. Компьютерлік графика – сандық құралдарды пайдаланып, графикалық жұмыстарды орындау тәсілі. Бұл әдіс болашақ мамандардың заманауи дизайн және мультимедиа құралдарымен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады [6, 50-б.].

5) Графикалық композицияны құру.

Графикалық композиция – көркемдік бейнелеудің негізгі элементтерін біртұтас үйлесімділікке келтіру үдерісі. Композиция арқылы көркемдік идеяны жеткізу және визуалды әсер қалыптастыру жүзеге асады. Композиция жасауда келесі қағидалар қолданылады [7, 58-б.].

3. ГРАФИКА КУРСЫНЫҢ КӨРКЕМ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МАҢЫЗЫ.

Графика курсы көркем білім беру жүйесінде маңызды орын алады, себебі ол болашақ мамандардың кәсіби және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Графикалық өнер бейнелеу мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады және студенттердің сурет салу дағдыларын жетілдіруге, көркемдік талғамын қалыптастыруға, сондай-ақ композициялық ойлауын дамытуға ықпал етеді. [11, 27-б.].

Графика курсы: Көркемдік бейнелеу дағдыларын жетілдіреді (штрихтау, көлеңке беру, сызықтық перспектива, пропорцияларды сақтау);

Көркемдік талғам мен шығармашылық ойлауды дамытады;

Студенттердің көру қабілетін (наблюдательность) арттырады және көзбен қабылдауын жақсартады;

Композиция құрудың заңдылықтарын меңгеруге көмектеседі;

Қолмен және цифрлық құралдармен жұмыс істеу машықтарын дамытады. [12, 62-б.].

Графикалық өнердің қолданылу аясы кең: ол тек бейнелеу өнерімен ғана шектелмей, дизайн, сәулет, анимация, жарнама және медиа салаларында да үлкен рөл атқарады. Сондықтан графика курсы студенттердің кәсіби дамуына негіз бола отырып, олардың шығармашылық және практикалық білімін қалыптастырады. [13, 70-б.].

Мақсаты: Көркем білім беру мамандарын даярлау барысында студенттердің графикалық дағдыларын жетілдіру, көркемдік ойлауын дамыту және кәсіби құндылықтарын қалыптастыру.

Міндеттері: Графикалық техника негіздерін меңгерту:

· Қарындаш, көмір, тушь, акварель, пастель секілді әртүрлі материалдармен жұмыс істеуді үйрету.

· Штрихтау, сызықтық және әуе перспективасын қолдану әдістерін меңгерту. [14, 85-б.].

Композициялық және креативті ойлау қабілетін дамыту:

· Кеңістік пен форма сезімін жетілдіру.

· Композициялық шешімдерді графикалық тәсілдер арқылы жеткізу.

Көркемдік шеберлік пен бейнелеу машықтарын жетілдіру:

· Қоршаған ортаны, табиғатты, адам анатомиясын дұрыс бейнелеу дағдыларын қалыптастыру.

· Қозғалысты, жарық пен көлеңкені беру әдістерін үйрету.

Заманауи технологиялармен таныстыру:

· Компьютерлік графика мен цифрлық иллюстрация негіздерін үйрету.

· Графикалық планшетпен және арнайы бағдарламалармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.

Кәсіби құндылықтар мен эстетикалық көзқарасты қалыптастыру:

· Өнер тарихы мен графикалық стильдерді зерттеу.

· Өзіндік шығармашылық қолтаңба қалыптастыруға ықпал ету. [15, 125-б.].

Осы міндеттерді жүзеге асыру арқылы болашақ көркем білім беру мамандары жан-жақты дайындалған, бәсекеге қабілетті кәсіби маман ретінде қалыптасады.

3. СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ.

Графика курсы студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда ерекше орын алады. Сурет салу, эскиз жасау, графикалық композициялар құру сияқты тәжірибелік жұмыстар олардың қиялын, эстетикалық талғамын және көркемдік ойлау жүйесін дамытады. Графикалық дағдыларды игеру арқылы студенттер бейнелеу өнерінің көркемдік құралдарын еркін меңгеріп, шығармашылық идеяларын нақты жүзеге асыруды үйренеді.

Шығармашылық қабілеттерді дамыту үшін оқу барысында мынадай әдістер қолданылады:

Шығармашылық жобалар – студенттердің жеке немесе топтық жұмыстарын жүзеге асыруға бағытталған. Бұл тәсіл олардың дербес жұмыс істеу қабілетін дамытып, графикалық құралдарды еркін меңгеруіне көмектеседі [8, 62-б.].

Интерактивті әдістер – заманауи сандық технологиялармен жұмыс істеу арқылы студенттердің шығармашылық әлеуетін арттыру. Оған анимация, 3D модельдеу және интерактивті медиа жобалар жатады [9, 70-б.].

Шеберлік сабақтары – белгілі бір саладағы кәсіби мамандардың тәжірибесін меңгеруге мүмкіндік беретін әдіс. Бұл студенттердің өз саласының үздік өкілдерінен тікелей үйреніп, кәсіби деңгейін көтеруге жағдай жасайды [10, 75-б.].

Қазіргі уақытта графикалық технологиялар қарқынды дамып келеді, сондықтан дәстүрлі әдістермен қатар, цифрлық графика да маңызды рөл атқарады. Графикалық дизайн

бағдарламаларын (Adobe Photoshop, Illustrator, CorelDRAW) пайдалану студенттердің еңбек нарығында бәсекеге қабілетті маман болуына ықпал етеді. Сонымен қатар, 3D модельдеу және анимация құралдарын игеру болашақ мамандардың кәсіби мүмкіндіктерін кеңейтеді. Цифрлық технологиялар шығармашылық үдерістерді жеңілдетіп қана қоймай, графикалық өнердің жаңа мүмкіндіктерін ашады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, графика курсы болашақ мамандардың кәсіби даярлығында маңызды орын алады. Ол студенттердің техникалық және шығармашылық дағдыларын дамытып қана қоймай, олардың көркемдік талғамын қалыптастырады. Графикалық білім беру үдерісінде аналитикалық ойлау, шығармашылық қиял және көркемдік дағдылар қатар дамиды. Оқыту барысында қолданылатын әртүрлі әдістер мен технологиялар студенттердің кәсіби мүмкіндіктерін кеңейтіп, оларды қазіргі заманғы бейнелеу өнері мен дизайн талаптарына сай даярлауға мүмкіндік береді. Дәстүрлі академиялық сурет салу әдістерімен қатар, цифрлық технологияларды енгізу студенттердің кәсіби бағдарын кеңейтіп, заманауи графикалық бағдарламалармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады. Сонымен қатар, графикалық оқыту студенттердің эстетикалық көзқарасын, сыни ойлауын және көркемдік шешімдерді қабылдау қабілетін дамытады. Графикалық білім тек көркемдік салада ғана емес, сондай-ақ жарнама, медиа-индустрия, анимация, сәулет, интерьер дизайны және өнеркәсіптік графика сияқты көптеген салаларда сұранысқа ие мамандарды даярлауға ықпал етеді. Осылайша, графика курсы студенттердің шығармашылық әлеуетін ашып, олардың кәсіби қалыптасуында үлкен рөл атқарады. Инновациялық әдістер мен шығармашылық тапсырмалар болашақ мамандардың өздігінен жұмыс істеу қабілетін жетілдіруге, жаңа идеяларды жүзеге асыруға және қазіргі заманғы өнердің дамуына үлес қосуға мүмкіндік береді. Сондықтан графика курсы көркем білім берудің ажырамас бөлігі ретінде маңызды орын алады және болашақ кәсіби мамандар үшін құнды тәжірибелік негіз қалыптастырады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қасымов Е. Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.
2. Әбдіғаппарова С. Көркем шығармашылық негіздері. – Астана: Фолиант, 2019.
3. Ахметова Л. Графикалық өнер және оның оқыту әдістері. – Алматы: Атамұра, 2020.
4. Сейітова Г. Көркемдік білім беру теориясы. – Шымкент: Университет баспасы, 2021.
5. Оразбаев Н. Компьютерлік графика және дизайн. – Алматы: Білім, 2022.
6. Искаков Т. Графикалық өнердің тарихы. – Алматы: Өнер, 2017.
7. Сұлтанов Ә. Бейнелеу өнеріндегі композиция заңдылықтары. – Нұр-Сұлтан: Көркем, 2020.
8. Бекенов Қ. Көркемдік шығармашылық және оның әдістері. – Алматы: Санат, 2019.
9. Мусина А. Графикалық дизайн негіздері. – Алматы: Аспан, 2021.
10. Жұмабаев М. Бейнелеу өнерін оқытудың заманауи әдістері. – Шымкент: Білім, 2022.
11. Исмаилова Р. Графикалық бейнелеу өнері. – Астана: Фолиант, 2017.
12. Жұмабаев А. Өнер және технология. – Шымкент: Университет баспасы, 2017.
13. Жұмағұлов М. Графика және заманауи технологиялар. – Алматы: ҚазМҰУ, 2022.
14. Мұхамедов С. Шығармашылық ойлау. – Алматы: Білім, 2018.
15. Қайырбеков М. Шығармашылық ізденіс. – Нұр-Сұлтан: Астана кітап, 2021.

ӘОЖ37(045) **ХҒТАР 14.33**

Тоғабаева Г.Ш., Байқұлаков Е.Т.
8D01416-Көркем білім, графика және жобалау
Мамандығының 1 курс докторанттары
Абай атындағы Қазақ Ұлттық Университетіні,
Алматы, Қазақстан

КӨРКЕМ БІЛІМ БЕРУДЕ ПЕДАГОГТАРДЫ ДАЯРЛАУДЫҢ ӨЗЕКІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АҢДАТПА

Мақалада қазіргі көркем білім беру жүйесіндегі мектеп өнер педагогтарын даярлаудың өзекті мәселелері жан-жақты тұсынан қарастырылады. Мұнда заманауи талаптарға сай көркемөнер мұғалімдерін дайындауда кездесетін негізгі қиындықтар, олардың себептері мен шешу жолдарына талдау жасалады. Сондай-ақ, педагогикалық кадрлардың кәсіби құзыреттілігін арттырудың тиімді әдістері мен стратегиялары ұсынылады. Мақаланың басты мақсаты – мектеп өнер педагогтарын даярлаудың қазіргі жағдайын саралап, оны жетілдіруге бағытталған ұсыныстар ұсыну. Осы орайда, көркем білім беру саласындағы басты проблемалар анықталып, оларды шешу бойынша теориялық және практикалық тәсілдер қамтылады. Сонымен қатар, заманауи педагогикалық технологиялар мен әдіснамалардың білім беру процесіне ықпалы зерттеліп, оқу бағдарламаларын жаңғыртуға байланысты нақты ұсыныстар беріледі. Мақалада өнер педагогикасының инновациялық дамуы, цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану, интердисциплинарлық тәсілдерді енгізу және болашақ өнер оқытушыларының шығармашылық әлеуетін дамыту мәселелері де қамтылады. Бұл зерттеу көркем білім беру жүйесін жетілдіруге бағытталған жаңа идеялар мен тиімді шешімдерді ұсынуға бағытталған.

ТІРЕК СӨЗДЕР: көркем білім беру, өнер педагогикасы , кәсіби құзыреттілік, заманауи білім беру, инновациялық әдістер, педагогтарды даярлау

Тогабаева Г.Ш, Байкулаков.Е.Т
докторанты 1 курса специальности
8D01416 — Художественное образование, графика и проектирование
Казахский национальный университет имени Абая, Алматы, Казахстан

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПОДГОТОВКИ ПЕДАГОГОВ В СФЕРЕ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

АННОТАЦИЯ

В данной статье всесторонне рассматриваются актуальные проблемы подготовки школьных педагогов искусства в современной системе художественного образования. Анализируются основные трудности, возникающие при подготовке преподавателей изобразительного искусства в соответствии с современными требованиями, их причины и возможные пути решения. Также предлагаются эффективные методы и стратегии повышения профессиональной компетентности педагогических кадров. Цель статьи — оценить текущее состояние подготовки учителей искусства и предложить рекомендации по ее совершенствованию. Определяются ключевые проблемы художественного образования и рассматриваются теоретические и практические подходы к их решению. Особое внимание уделяется влиянию современных педагогических технологий и методологий на образовательный процесс, а также конкретным предложениям по обновлению учебных программ. В статье затрагиваются вопросы инновационного развития художественной педагогики, использования цифровых образовательных ресурсов, внедрения междисциплинарных подходов и развития творческого потенциала будущих преподавателей

искусства. Исследование направлено на совершенствование системы художественного образования, предлагая новые идеи и эффективные решения.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: художественное образование, художественная педагогика, профессиональная компетентность, современное образование, инновационные методы, подготовка педагогов

Togabaeva G.Sh, Baikulakov Yerlan T.
1st year Doctoral students,
Specialty 8D01416 — Art Education, Graphics and Design
Abai Kazakh National Pedagogical University

CURRENT ISSUES IN TEACHER TRAINING IN THE FIELD OF ART EDUCATION

ABSTRACT

This article comprehensively examines the pressing issues in the training of school art teachers within the modern art education system. It analyzes the key challenges faced in preparing art educators in accordance with contemporary requirements, explores their underlying causes, and proposes solutions. Additionally, effective methods and strategies for enhancing the professional competence of teaching staff are presented. The main objective of the article is to assess the current state of school art teacher training and offer recommendations for its improvement. It identifies the major challenges in art education and considers both theoretical and practical approaches to addressing them. Furthermore, the impact of modern pedagogical technologies and methodologies on the educational process is explored, along with concrete proposals for updating curricula. The study also covers topics such as the innovative development of art pedagogy, the use of digital educational resources, the integration of interdisciplinary approaches, and the enhancement of future art educators' creative potential. Ultimately, this research aims to propose new ideas and effective solutions for advancing the art education system.

KEYWORDS: art education, art pedagogy, professional competence, modern education, innovative methods, teacher training

КІРІСПЕ

Жоғары оқу орындарында болашақ көркем өнер мамандарын даярлау қазіргі заманғы мектеп жүйесінде маңызды орын алуда. Осыған байланысты, мектептегі өнер педагогтарын даярлаудың сапасы өзекті мәселе болып отыр. Әрине, өнер арқылы студенттердің эстетикалық талғамы қалыптасып, шығармашылық қабілеттері де дамиды. Соған байланысты, көркем өнер саласында бірнеше оқу бағдарламалары мен кітаптары да жаңартылуда. Қазіргі таңда, Қазақстанда бейнелеу өнерін оқыту бағдарламалары көркемдік білім берудің маңыздылығын мемлекеттік деңгейде айқындайтын құжаттар қатарынан орын алуда. Әрине, бұл бағдарламалар ұлттық мәдениеттің дамуына, көркемдік ойлаудың қалыптасуына және шығармашылық қабілеттерді жетілдіруге бағытталған. Сонымен қатар, заманауи білім беру жүйесінде бейнелеу өнерін оқытудың әдістемелік негіздері жаңартылып, инновациялық технологиялар мен цифрлық құралдарды қолдану да кеңінен енгізілуде. Оқу үдерісінде, интерактивті оқыту әдістері, мультимедиялық ресурстар және компьютерлік графика элементтері арқылы студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға да ерекше көңіл бөлінуде. Алайда, Қазақстанның көркемдік білім беру саласында дәстүрлі әдістер мен заманауи педагогикалық тәсілдердің үйлесімді түрде ықпалдасуы ұлғайса, болашақ мамандардың кәсіби деңгейін арттырып, олардың бейнелеу өнеріндегі заманауи трендтерге бейімделуін қамтамасыз етер еді. Соған орай, көркемдік білім беру бағдарламаларының мәдениетаралық байланыстары нығайса, ұлттық өнерді жаһандық деңгейде танытуға және болашақ суретші оқытушылардың эстетикалық танымын жетілдіруге болады.

Елімізде көркемдік білім берудің бірнеше бағдарламалары қатар қолданылуда. Атап айтсақ, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі тарапынан әзірленген бейнелеу өнері (А. Камаков), сәндік-қолданбалы өнер және көркем еңбек (Қ. Әмірғазин), мектепке дейінгі

кезеңді қамтитын бағдарлама (Ұ.Ибрагимов), халық дәстүрі мен бейнелеу өнерінің байланысына негізделген әдістемелік жүйе (Д. Садығалиев), сондай-ақ қазақ бейнелеу өнері мен халықтық қолданбалы өнер синтезіне құрылған бағдарлама (Қ. Ералин) қазіргі уақытта білім беру жүйесінде өз орнын табуда [1,3-б]. Көпшілік қауым мектептегі бейнелеу өнерін жалпы білім беретін пән емес, ол арнаулы пән деп қарастырады. Бұл дұрыс емес. Жалпы білім беретін мектеп математиктерді, химиктерді, ақындарды композиторларды дайындамайтыны сияқты суретшілерді де дайындамайды. Мұндай мамандар арнаулы оқу орындарында дайындалады. Жалпы білім беретін мектептегі әрбір пән жеке -жеке және бірлесе отырып оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал етуге тиіс [2, 3-б]. Дегенмен, қазіргі таңда мектеп өнер педагогтарын даярлау үдерісі көптеген қиындықтарға да тап болуда. Көркем өнер суретші педагогтарын даярлайтын жоғары оқу орындарының бағдарламалары кей жағдайда қазіргі заман талаптарына сай келмейді. Дәстүрлі оқыту әдістері басым болғандықтан, цифрлық өнер, мультимедиялық құралдар мен интерактивті әдістер жеткілікті деңгейде қолданылмайды. Бұл мәселенің шешімін табу білім беру сапасын арттыруда елеулі рөл атқарады. Жалпы, көркем білім беретін мектептердегі өнердің маңыздылығы, ең алдымен, оның рухани-адамгершілік мазмұнымен, символдық сипатымен және адамзаттың ғасырлар бойы жинақтаған шығармашылық тәжірибесін бойына сіңірген мәдени феномен ретіндегі рөлімен айқындалады. Ал, өнер мазмұны метапәндік нәтижелерге қол жеткізуде шешуші факторлардың бірі болып табылуда. Қазіргі ғылыми парадигма тұрғысынан алғанда, өнер когнитивтік процестермен, ойлау табиғатымен, танымдық әрекетпен және әлемді рационалды (ғылыми) әрі бейнелі түрде қабылдау механизмдерімен тығыз байланыста. Осыған орай, көркем өнер жалпы білім беру жүйесінде оқушылардың үйлесімді және жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін маңызды құрал ретінде қарастырылады [3, 1 - б]. Демек, әртүрлі білім беру бағдарламалары мен бірегей технологиялар және көркемдік-эстетикалық тәрбие әдістері мұғалімге оқыту стратегиясын еркін таңдау мүмкіндігін ұсынуда. Бұл таңдаудың негізі ретінде мектептің білім беру ортасы, оқушылар құрамының сипаттамалары және сыныптың педагогикалық ерекшеліктері қаралуы тиіс. Осылайша, педагогикалық үдерісте тиімді әдістерді іріктеу оқушылардың шығармашылық дамуын,эстетикалық қабылдауын және тұлғалық қалыптасуын қамтамасыз ететін маңызды факторға айналуда [3, 2-б]. Әрине, бейнелеу өнері – бұл болашақ маман иелерінің көркемдік білім беру саласындағы теориялық негіздерін, эстетикалық танымдарын және шығармашылық дағдылары мен кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыратын кешенді пәндік жүйе. Бұл оқу үдерісінде меңгерілген көркемдік-эстетикалық мәдениеттің тұлғалық қырларын дамытып, оларды кәсіби көркемдік қызмет барысында толыққанды жүзеге асыруға дайындықты қамтамасыз етеді[4, 2-б]. Соған орай, болашақ суретші оқытушылардың көркем өнерді жан-жақты тұсынан даралай білуге меңгерту. Мақаланың негізгі өзектілігіне келсек, жоғары оқу орындарында көркем білім беруде оқу бағдарламаларын заманауи талаптарға сәйкестігін, болашақ педагогтардың кәсіби және шығармашылық құзыреттілігін дамытып, онда инновациялық оқыту әдістерін енгізу, сондай-ақ материалдық-техникалық базаны жетілдіру мәселелерін алдыңғы қатарға шығару. Осы факторлар болашақ өнер педагогтарының сапалы даярлығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады және білім беру жүйесін жетілдірудің өзекті бағыттарын анықтауды қажет етеді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазіргі көркем білім беру саласында мектеп өнер педагогтарын даярлаудағы негізгі өзекті мәселелері:

-*Оқу бағдарламаларының жеткіліксіздігі* – көптеген оқу орындарында көркем білім беру бағдарламалары ескірген, заманауи өнер технологиялары мен әдістері әлі қамтылмаған.

-*Практикалық дайындықтың әлсіздігі* – колашақ педагогтардың мектеп тәжірибесінен өту мүмкіндіктері шектеулі, бұл олардың кәсіби дағдыларын жетілдіруге кедергі келтіреді.

-*Материалдық-техникалық базаның жеткіліксіздігі* – оқу орындарындағы қажетті жабдықтар мен ресурстардың тапшылығы көркем білім беру сапасына әсер етеді.

-*Заманауи педагогикалық технологияларды меңгеру мәселесі* – цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы жаңа әдістемелерді енгізуді талап етеді, алайда көптеген педагогтар оларды тиімді қолдануға дайын емес.

Осы жоғарыда айтылған мәселелерді шешу үшін келесі сұрақтар туындайды:

- *өнер педагогтарын даярлау барысында білім сапаларын арттыру үшін қандай нақты шараларды жүзеге асыруымыз қажет?*
- *мектептегі өнер мұғалімдерінің біліктілігін арттыруға бағытталған қандай бағдарламалар тиімді?*

Мәселелерді шешу жолдары:

*1.**Білім беру бағдарламаларын жаңарту***

– Заманауи өнер бағыттарын, цифрлық дизайнды және креативті оқыту әдістерін оқу жоспарларына енгізу;

– білім беру үдерісін жаңғырту;

Бұл өзгерістер көркем білім берудің инновациялық мазмұнын қалыптастырып, студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға, олардың цифрлық технологияларды меңгерулеріне және креативті ойлау дағдыларын жетілдіруге бағытталады. Сонымен қатар, оқу бағдарламаларына заманауи өнер мен дизайн саласындағы жаңа әдіснамалық тәсілдерді интеграциялау арқылы болашақ мамандарды кәсіби ортада сұранысқа ие етіп даярлау мүмкіндігі артар еді.

2.Практикалық даярлықты күшейту –Болашақ көркем өнер педагогтары үшін практикалық дағдыларды игеру өте маңызды. Алайда, кейбір оқу орындарында мектептермен байланыс әлсіз, сондықтан да студенттер нақты оқыту процесінде тәжірибе жинақтауда көпетеген қиындықтарға тап болады. Соған орай, суретші педагогтардың мектептерден көбірек тәжірибе жинауына мүмкіндік жасалса, шеберлік сыныптары мен тренингтер ұйымдастырылса – олардың кәсіби құзыреттілігін арттырудың тиімді жолдары да болар еді. Бұл шаралар болашақ суретші мұғалімдердің теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастырып, оқу процесін басқару дағдыларын жетілдіруге ықпал етер еді. Сонымен қатар, педагогикалық практиканы ұзарту, менторлық бағдарламаларды енгізу және заманауи білім беру технологияларын қолдану арқылы болашақ мамандарды оқыту сапасын жақсартуға болады. Осылайша, мектептер мен жоғары оқу орындары арасындағы ынтымақтастықты күшейту, тәжірибелік оқыту алаңдарын кеңейту және білім алушыларға нақты педагогикалық ортада кәсіби машықтануға жағдай жасау маңызды.

3.Материалдық-техникалық базаны нығайту –Көркем өнер мамандарын даярлайтын көптеген оқу орындарында заманауи жабдықтардың, арнайы шеберханалардың, цифрлық студиялардың жетіспеушілігі байқалады. Бұл білім беру сапасына тікелей әсер етеді.Әсіресе интернет жүйесі толығымен қамтылса. Өнер кабинеттерін заманауи құралдармен жабдықтау, қажетті ресурстармен қамтамасыз ету – көркем білім беру сапасын арттырудың негізгі шарттарының бірі болып отыр. Бұл үрдіс интерактивті тақталар, графикалық планшеттер, 3D-принтерлер, виртуалды және толықтырылған шынайылық (VR/AR) технологиялары, сондай-ақ цифрлық дизайн мен мультимедиа өңдеуге арналған бағдарламалық жасақтамаларды енгізу. Сонымен қатар, дәстүрлі кескіндеме, мүсін және қолданбалы өнер үшін сапалы материалдармен қамтамасыз етілсе, болашақ мамандардың шығармашылық әлеуетін толыққанды дамытуға ықпал етер еді. Жалпы, мектеп пен педагогтың міндеті – оқушыны көркемдік және шығармашылық әрекеттер арқылы қоршаған ортаның эстетикалық құндылықтарын қабылдауға, оның сұлулығын сезінуге және түсінуге бағыттау [5,3-б]. Бұл үдеріс оқушылардың көркемдік танымын қалыптастырып, олардың эстетикалық сезімін дамытуға, сондай-ақ шығармашылық ойлау қабілетін жетілдіруге ықпал етеді. Көркемдік білім беру арқылы оқушылар әлемнің үйлесімін тануға, мәдени және тарихи мұраны бағалауға, сондай-ақ өз шығармашылық мүмкіндіктерін жүзеге асыруға үйренеді. Ал шығармашылық мүмкіндіктерді толық дамыту үшін, әрине, уақыт пен қолайлы жағдай қажет. Мысалы; 90-97 жылдары оқу орындарында лицей мен гимназияның айырмашылығы болмады, неліктен өйткені, елде хаос еді. Ол кезде еліміз шет елдің бағдарламаларына сүйенуге мәжбүр болды [6.

Б,11]. Міне осыдан келіп не туындайды , сондай жағдай қазіргі таңда да кездесуде. Ол қалай десек; заманауи технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында көркем өнер саласындағы оқытушылардың осы талаптарға сәйкес оқыту үдерісін жүзеге асыруы үшін ,цифрлық құралдарды меңгеруге бөлінетін уақыттың шектеулілігі бұл үдерісті тиімді іске асыруға кедергі келтіреді. Сондықтан да, көркем өнер педагогтарын даярлайтын оқытушыларға тұрақты түрде біліктілікті арттыратын арнайы курстары ұйымдастырылып оған сағаттар бөлінсе және жалпы орта білім беретін мектептердегі сурет және еңбек пәні оқулықтары мен арнайы көркем өнерді оқытуда мектеп пен колледждердің оқу бағдарламаларына көбірек көңіл бөлінсе.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, қазіргі көркем білім беру жүйесінде мектеп өнер педагогтарын даярлауда бірқатар өзекті мәселелерге тап болуда. Бұл мәселелерді шешу үшін оқу бағдарламаларын жаңарту, практикалық даярлықты күшейту, материалдық-техникалық базаны жақсарту және заманауи технологияларды енгізу басты талаптардың бірі болып отыр. Егер осы бағытта жүйелі және кешенді жұмыстар жүргізілсе, болашақ өнер педагогтарының кәсіби деңгейі артып, мектептер мен колледждердегі көркем білім беру сапасының жоғарылауына ықпал етер еді. Осылайша, өнер педагогтарын даярлау сапасын жақсарту үшін ең алдымен педагогикалық жоғары оқу орындарындағы оқу бағдарламаларын жаңғырту қажет. Бұл ретте, болашақ суретші-мұғалімдердің практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған оқыту әдістерін енгізу және олардың кәсіби біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіру маңызды болып табылады. Сонымен қатар, студенттердің шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға, олардың инновациялық жобаларға қатысуына мүмкіндік беретін оқу процесін ұйымдастыру керек. Қазіргі уақытта педагогикалық бағдарламалар өз қызметін атқарғанымен, оларды заман талабына сәйкестендіру, қайта өңдеу және дамыту қажеттілігі де туындап отыр. Әсіресе, көркем білім беруге арналған оқу бағдарламаларын егеменді Қазақстанның ұлттық ерекшеліктері мен жаһандық білім беру стандарттарына сай бейімдеу өзекті мәселе болып табылады. Осыған орай, жаңа буын оқу бағдарламаларын әзірлеу үшін тиісті сала мамандарынан құралған авторлар ұжымын қалыптастыру қажет. Болашақ өнер педагогтарын кәсіби ортаға бейімдеу үшін білім беру мекемелері мен өнер индустриясы арасында серіктестік орнатып, тәжірибелік бағдарламаларды іске асырудың тиімді жолдарын қарастыру қажет. Жалпы, көркем білім беру жүйесін дамыту – елдің мәдени және шығармашылық әлеуетін арттырудың маңызды факторларының бірі болып саналады. Сондықтан да өнер педагогтарын даярлау сапасын жетілдіру тек білім беру саласының ғана емес, тұтас қоғамның дамуына оң әсерін тигізеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1.Қазақстандағы көркемдік білім беру ісінің қалыптасуы мен дамуы: https://malimetter.kz/kazakstandagy-korkemdik-bilim-beru-isinin-kalyptasuy-men-damuy/

2.Бейнелеу өнерін оқытудың мақсаттары мен міндеттері: https://malimetter.kz/bejneleu-onerin-okytudyn-maksattary-men-mindetteri/

3. Алексеева Л. Л., Олесина Е. П. Современные проблемы преподавания учебных предметов искусства //Педагогика искусства: электронный научный журнал. – 2016. – №. 4.

4. Махкамова Саодат Бахтияровна ВОПРОСЫ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ К ХУДОЖЕСТВЕННОМУ АНАЛИЗУ ПРОИЗВЕДЕНИЙ ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОГО ИСКУССТВА В ШКОЛЕ // ORIENSS. 2021. №4. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/voprosy-podgotovki-buduschih-uchiteley-k-hudozhestvennomu-analizu-proizvedeniy-izobrazitelnogo-iskusstva-v-shkole (дата обращения: 08.03.2025).

5. Буровкина Л. А. О некоторых аспектах профессиональной подготовки будущих учителей изобразительного искусства в социальнокультурном пространстве московского мегаполиса //Bulletin of the International Centre of Art and Education. – 2018. – №. 2. – С. 6.

6.Егоров О.Г. Проблемы развития современной школы (из опыта работы) [Электронный ресурс] монография /О.Г.Егоров. -3-изд., стер М.: ФЛИРТА, 2019.-407 стр

ӘЖО 376.42 **МРНТИ 14.29.33**

Беккулова Л.[1], Тоқтарұлы Д[2].
[1]«Алматы облысы білім басқармасы» ММ, [2]«№3 арнайы мектеп-интернаты»КММ .
Алматы облысы, Қаскелең қаласы

ЗИЯТЫ ЖЕҢІЛ ЗАҚЫМДАЛҒАН ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ СЕЗІМДЕРІН ТІГІН ІСІ ЕҢБЕГІ ПӘНІ АРҚЫЛЫ ДАМЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

АҢДАТПА

Қазіргі арнайы білім беру жүйесінде зияты жеңіл зақымдалған жоғары сынып оқушыларының эстетикалық дамуын қамтамасыз ету маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Тігін ісі еңбегі пәні оқушылардың эстетикалық қабылдауын, шығармашылық қабілеттерін және практикалық дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Зерттеу нәтижелері оқушылардың сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылығы төмен екенін, түстер мен өрнектерді үйлестіру дағдыларының жеткіліксіздігін және практикалық дағдылардың әртүрлі деңгейде қалыптасқанын көрсетті. Сонымен қатар, ұлттық мәдениетке деген қызығушылықтың жоғары болуы мәдени-эстетикалық тәрбие берудің тиімділігін айқындады. Зерттеу нәтижелері негізінде тігін ісі пәнін оқытудың әдістерін жаңарту, интерактивті технологияларды қолдану, практикалық жаттығуларды күшейту және кәсіптік бағдарлаумен ұштастыру ұсынылады.

КІЛТ СӨЗДЕР: тігін ісі, эстетикалық даму, шығармашылық қабілеттер, арнайы білім беру, сәндік-қолданбалы өнер, кәсіби бағдар, практикалық дағдылар.

Д. Тоқтарұлы[1], Л. Беккулова[2]
[1]«Управление образования Алматинской области» ГУ, [2]«Специальная школа-интернат №3» КГУ. Алматинская область, город Каскелен

ВАЖНОСТЬ РАЗВИТИЯ ЭСТЕТИЧЕСКИХ ЧУВСТВ СТАРШЕКЛАССНИКОВ С ЛЕГКИМИ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫМИ НАРУШЕНИЯМИ ЧЕРЕЗ ПРЕДМЕТ «ШВЕЙНОЕ ДЕЛО»

АННОТАЦИЯ

В современной системе специального образования обеспечение эстетического развития старшеклассников с легкими интеллектуальными нарушениями является одной из важных задач. Предмет «Швейное дело» способствует развитию эстетического восприятия, творческих способностей и практических навыков учащихся. Результаты исследования показали, что интерес учащихся к декоративно-прикладному искусству низкий, их навыки сочетания цветов и узоров недостаточно развиты, а практические умения формируются на разном уровне. В то же время высокий интерес к национальной культуре подтверждает эффективность культурно-эстетического воспитания. На основе результатов исследования предлагается обновление методов преподавания швейного дела, использование интерактивных технологий, усиление практических упражнений и интеграция с профессиональной ориентацией.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: швейное дело, эстетическое развитие, творческие способности, специальное образование, декоративно-прикладное искусство, профессиональная ориентация, практические навыки.

D.Toktaruly[1], L.Bekkulova[2]
[1]"Almaty Regional Department of Education" SE, [2]"Special Boarding School No. 3" SI.
Almaty Region, Kaskelen City.

THE IMPORTANCE OF DEVELOPING THE AESTHETIS SENSIBILITIES OF HIGH SCHOOL STUDEHTS WITH MILD INTELLECTUAL DISABILITIES THROUGH THE SUBJEST OF SEWIHG

ABSTRACT

In the modern special education system, ensuring the aesthetic development of high school students with mild intellectual disabilities is one of the key tasks. The subject of sewing contributes to the development of students' aesthetic perception, creative abilities, and practical skills. The research results showed that students have a low interest in decorative and applied arts, their ability to combine colors and patterns is insufficient, and their practical skills are formed at different levels. At the same time, a high interest in national culture confirms the effectiveness of cultural and aesthetic education. Based on the research findings, it is recommended to update teaching methods for sewing, integrate interactive technologies, enhance practical exercises, and incorporate career guidance.

KEYWORDS: sewing, aesthetic development, creative abilities, special education, decorative and applied arts, career guidance, practical skills.

КІРІСПЕ

Қазіргі арнайы білім беру жүйесінде зияты зақымдалған оқушылардың эстетикалық дамуын қамтамасыз ету маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Әсіресе, зияты жеңіл зақымдалған жоғары сынып оқушылары үшін шығармашылық пәндер, оның ішінде тігін ісі еңбегі, танымдық, эмоционалдық және әлеуметтік дағдыларды жетілдірудің тиімді құралы бола алады. Тігін ісі пәні оқушылардың эстетикалық сезімдерін дамытуға, шығармашылық ойлауын қалыптастыруға және көркемдік қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Матаның түсі мен текстурасын сезіну, сәндік элементтерді үйлестіру және қолданбалы өнердің дәстүрлі түрлерімен танысу арқылы оқушылар сұлулықты қабылдау қабілетін дамытады. Осы зерттеуде тігін ісі пәнінің зияты жеңіл зақымдалған жоғары сынып оқушыларының эстетикалық сезімдерін дамытудың маңыздылығы қарастырылады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Зияты жеңіл зақымдалған оқушылар білім беру мен әлеуметтік бейімделу барысында қиындықтарға тап болады. Соңғы уақытта эстетикалық дамудың және шығармашылық арқылы өзін-өзі дамытудың маңызы артып келеді, әсіресе тігін сияқты көркемдік іс-әрекеттер арқылы. Тігін ісі пәні бұл оқушыларға өздерінің көркемдік бейімділіктерін зерттеуге, ұсақ моторика дағдыларын дамытуға және жалпы әл-ауқатын арттыруға мүмкіндік беретін алаң бола алады. Тігін ісі, эстетикалық сезімдер және зияты жеңіл бұзылған жоғары сынып оқушыларының тәжірибелері арасындағы байланысты. Бұған дейінгі зерттеулер ерекше қажеттіліктері бар адамдардың білімінде өнерге негізделген әдістерді енгізудің пайдалы екенін көрсеткен. Мұндай іс-әрекеттер өзін-өзі білдіру құралы ретінде қызмет етіп, жетістік сезімін дамытып, жалпы оқыту мен дамуға ықпал ете алады. Сонымен қатар, зерттеулер әртүрлі бұзылыстары бар адамдардың ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, киім дизайнында инклюзивті тәсілдерді қолданудың маңыздылығын атап өтеді [1]. Тігін ісі пәнінің мазмұнын зияты жеңіл зақымдалған оқушылардың ерекше талаптары мен талғамдарын ескеру арқылы тігінге негізделген білім беру бағдарламаларын олардың эстетикалық тәжірибесін арттыру және қоғамға тиесілілік сезімін нығайту мақсатында бейімдеуге болады. Бірқатар зерттеушілер сапалық әдістерді қолданады, атап айтқанда, тереңдетілген сұхбаттар мен бақылау әдістерін пайдалана отырып, оқушылардың тәжірибелері мен қабылдау ерекшеліктерін жан-жақты түсінуге және тігін ісіне негізделген іс-әрекеттердің олардың эстетикалық дамуына әсерін анықтауға тырысады[2], [3],[4]. . Отандық ғалымдар А.Әбіжанова және т.б. (2019) зерттеуінде зияты жеңіл зақымдалған 20 жоғары сынып оқушысының эстетикалық сезімдерін дамыту мақсатында кесте тігу сабақтарын қолдану қарастырылды. Зерттеу барысында оқушылардың ұсақ моторикасын, кеңістіктік бағдарын және зейінін дамыту үшін дизайн эскиздерін сызу және тігістерді дәл орындау сияқты тігін ісі тапсырмаларын енгізе отырып, оқыту әдісі қызықты, көрнекі және ойын элементтері бар материалдарды пайдалануға негізделді, сондай-ақ бұл әрекеттер еңбекке баулу және адамгершілік тәрбие сияқты ауқымды мақсаттармен ұштастырып қарастырды[5]. Сонымен қатар, тігін сабақтарын жалпы білім беру саясаты мен әлеуметтік әділеттілік тақырыптарымен

үйлестіру маңызды. Бұл тәсіл оқушыларға өз еңбектерінің мәдени маңыздылығы мен әлеуметтік әсерін түсінуге көмектесіп, олардың шығармашылық өрнектері арқылы өзіндік болмысын сезінуіне ықпал етеді. Бұл үшін нақты мақсаттар қойылып, техникалық дағдылар мен эстетикалық қабылдауды бағалайтын түрлі бағалау құралдары қолданылуы керек. Оқушылардың жетістіктерін жүйелі түрде бағалап, оларға тұрақты түрде кері байланыс беру олардың мотивациясын арттырып, оқу нәтижелерін нығайтуға көмектеседі[6]. Сонымен бірге, тігін білімін мәдени мұрамен байланыстыру оқушылардың өз мәдениеті мен басқа халықтардың мәдениетін түсінуіне ықпал етеді. Дәстүрлі тігін әдістері мен дизайн элементтерін қамтитын жобалар оқушылардың тарихи және мәдени контексті тереңірек түсінуіне жағдай жасайды. Ақырында, өнерге негізделген білім беру зерттеу әдістерін қолдану оқыту мен үйрену үдерісін жақсарта алады. Бұл әдістер шығармашылық пен рефлексияны баса көрсетеді, оқушылардың өз жұмыстарына тереңірек үңілуіне және эстетикалық қағидаларды жақсырақ меңгеруіне мүмкіндік береді. Осы тәсілдерді біріктіре отырып, мұғалімдер жеңіл ақыл-ой кемістігі бар аға сынып оқушыларына эстетикалық білім беруді оқу бағдарламасына тиімді түрде енгізіп, олардың жалпы оқу тәжірибесін байыта алады.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Зияты жеңіл зақымдалған жоғары сынып оқушыларының эстетикалық сезімдерін тігін ісі еңбегі пәні арқылы дамуын анықтау үшін сауалнама алынған болатын. Сауалнамаға қатысқан ата-аналар саны -100 адам.

Сауалнама мақсаты: Зияты жеңіл зақымдалған жоғары сынып оқушыларының эстетикалық сезімдерін тігін ісі еңбегі пәні арқылы дамытуда ата-аналардың қатысу деңгейін, олардың әдіс-тәсілдерін және балаларға деген әсерін бағалау. Ең бірінші ата-аналардың негізгі ақпаратын жинадық, олар зерттеуге қосымша контекст береді.

Кесте 1 –ата-аналардан алынған сауалнама сұрақтары және жауаптары

Сауалнама сұрақтары	Жауаптар	Саны	%
Жалпы қызығушылық деңгейі			
Менің балам тігін ісіне қызығушылық танытады.	Мүлдем келіспеймін	39	39
	Келіспеймін	51	51
	Келісемін	10	10,1
	Толық келісемін	0	0
Менің балам сән мен киім дизайны туралы ақпарат білуге құштар.	Мүлдем келіспеймін	51	51
	Келіспеймін	20	20
	Келісемін	26	26
	Толық келісемін	3	3
Балам түрлі маталар мен олардың текстурасын зерттегенді ұнатады.	Мүлдем келіспеймін	42	41,6
	Келіспеймін	35	34,7
	Келісемін	33	32,7
	Толық келісемін	0	0
Шығармашылық және эстетикалық даму			
Балам түрлі түстер мен өрнектерді үйлестіруді біледі.	Мүлдем келіспеймін	73	72,3
	Келіспеймін	29	28,7
	Келісемін	6	5,9
	Толық келісемін	1	1
Тігін ісі сабағы баламның шығармашылық қабілетін дамытуға көмектеседі.	Мүлдем келіспеймін	14	14
	Келіспеймін	14	14
	Келісемін	11	10,9
	Толық келісемін	61	61,4

Менің балам жаңа дизайн мен үлгілерді ойлап табуға тырысады.	Мүлдем келіспеймін	50	51
	Келіспеймін	42	42,9
	Келісемін	6	5,1
	Толық келісемін	1	1
Практикалық дағдылар			
Балам тігін жұмыстарын орындау барысында ұқыптылық пен жауапкершілік танытады.	Мүлдем келіспеймін	50	50,1
	Келіспеймін	9	9,1
	Келісемін	39	39,8
	Толық келісемін	2	2
Киім немесе мата бұйымдарын безендіру барысында эстетикалық талғамын көрсетеді.	Мүлдем келіспеймін	10	10,1
	Келіспеймін	10	10,1
	Келісемін	58	58
	Толық келісемін	22	22
Балам үйде де қолөнер және тігін жұмыстарымен айналысуға ниетті.	Мүлдем келіспеймін	43	43,4
	Келіспеймін	10	10,1
	Келісемін	41	41,4
	Толық келісемін	6	6,6
Мәдени және әлеуметтік қабылдау			
Балам қазақтың дәстүрлі ою-өрнектеріне және ұлттық киімдерге қызығушылық танытады.	Мүлдем келіспеймін	1	1
	Келіспеймін	7	6
	Келісемін	46	46,5
	Толық келісемін	46	46,5
Тігін ісі пәні арқылы балам басқа халықтардың сәндік-қолданбалы өнерін түсіне бастады.	Мүлдем келіспеймін	1	1
	Келіспеймін	7	7
	Келісемін	34	34
	Толық келісемін	58	58
Балам тігін ісі арқылы өзін-өзі көрсету мүмкіндігіне ие болады деп санаймын.	Мүлдем келіспеймін	0	0
	Келіспеймін	24	23,5
	Келісемін	39	39,8
	Толық келісемін	36	36,7
Жалпы көзқарас			
современное искусство Казахстана в фокусе визуальных исследований: иконография, семиотика и дискурс».

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: визуальные образы, идентичность, семиотика, национальный стиль, искусство Казахстана, символика, иконография.

Ibragimov A.I.
PhD in Pedagogical Sciences, Acting Associate Professor
Kazakh National Pedagogical University named after Abai (Almaty, Kazakhstan)

VISUAL IMAGES OF CONTEMPORARY KAZAKH CULTURE: SEMIOTICS AND THE TRANSFORMATION OF IDENTITY

ABSTRACT

The article explores visual representations of Kazakhstani identity in the works of contemporary artists using the methodology of visual studies, semiotics, and cultural hermeneutics. The objects of analysis include works by Daurenbek Keknazarov ("Tomiris", 2024), Elena Te ("Zolotoy Shanyrak", 2024), Elena Yuminova ("Traditional Still Life", 2024), Elena Sharapova ("On the Way to Zhaylyau", 2024), Saule Abisheva ("Aq Otaý", 2024), and Zeynelkhan Mukhamedzhan ("Panic", 2024). These artworks demonstrate the transformation of national visual codes into the contemporary art context. Particular attention is given to iconographic symbols, traditional forms, and their reinterpreted meanings. The study reveals persistent elements of cultural memory reframed through current creative strategies. The methodological framework is grounded in the theories of Nicholas Mirzoeff, Roland Barthes, Yuri Lotman, and Erwin Panofsky. The paper contributes to the discourse on Kazakhstani cultural identity under the influence of global visual transformations.

This article was prepared within the framework of the project of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, IRN AP23488164 “Traditional and Contemporary Art of Kazakhstan in the Focus of Visual Studies: Iconography, Semiotics and Discourse”.

KEYWORDS: visual images, identity, semiotics, national style, Kazakh art, symbolism, iconography.

ВВЕДЕНИЕ

Современное казахстанское искусство представляет собой полифоничную визуальную систему, в которой сочетаются элементы традиционной культуры и новейшие художественные практики. В условиях глобальных социокультурных изменений художники всё чаще обращаются к вопросам идентичности, коллективной памяти и национального визуального кода. Это особенно проявляется в живописи и декоративно-прикладном искусстве, где традиционные символы, архаические формы и мифологические образы приобретают новые прочтения.

Актуальность данной работы обусловлена необходимостью научного анализа визуальной трансформации казахстанской культурной идентичности в произведениях современных художников. В эпоху визуального перенасыщения, которую Н. Мирзоэфф называет «визуальным поворотом» в гуманитарных науках [Mirzoeff N., 1999], возрастает значимость исследования не только образов, но и способов их восприятия, считывания и декодирования. Подобный подход позволяет выявить механизмы, через которые визуальные символы формируют и поддерживают культурную идентичность, особенно в контексте постколониального и постсоветского пространства.

Цель статьи — исследовать, каким образом современные казахстанские художники осмысляют и переосмысляют визуальные символы национальной идентичности через семиотические и иконографические практики. Особое внимание уделяется произведениям Дауренбека Кекназарова («Томирис», 2024), Елены Те («Золотой шанырак», 2024), Елены

Юминовой («Традиционный натюрморт», 2024), Елены Шараповой («По дороге на джайляу», 2024), Сауле Абишевой («Ақ отау», 2024) и Зейнелхана Мухамеджана («Паника», 2024). Эти произведения рассматриваются не только как художественные объекты, но и как визуальные тексты, способные транслировать значения через систему знаков.

Методологическую основу исследования составляет междисциплинарный подход, сочетающий принципы визуального анализа (visual studies), семиотики (Р. Барт, Ю. Лотман), иконографии (Э. Панофский), а также элементов культурной герменевтики [Barthes R., 1977; Lotman Y., 1990; Panofsky E., 1962].

Таким образом, заявленная проблематика позволяет не только интерпретировать конкретные художественные произведения, но и расширить поле дискурса о культурной идентичности в контексте современной казахстанской визуальной культуры.

МЕТОДЫ ИССЛЕДОВАНИЯ

Методологической основой настоящего исследования является синтез подходов, разработанных в рамках современных гуманитарных дисциплин — в первую очередь visual studies, семиотики, иконографии и культурной герменевтики. Эти направления позволяют рассматривать произведения современного казахстанского искусства как визуальные тексты, содержащие многослойные значения, закодированные в художественной форме.

Одним из ключевых методологических ориентиров стал подход, предложенный Nicholas Mirzoeff, который определяет visual studies как анализ культурной и социальной конструкции визуальности и визуальных практик в конкретном историко-культурном контексте [Mirzoeff N., 1999]. С его точки зрения, визуальное — это не только объект наблюдения, но и способ организации знания, власти и идентичности.

В рамках семиотического анализа используются принципы Ролана Барта, рассматривающего визуальные образы как системы знаков, обладающие как денотативным (буквальным), так и конотативным (ассоциативным, культурным) значением [Barthes R., 1977]. Особенно актуальна концепция "языка образов", позволяющая анализировать художественные произведения как коммуникативные акты.

Дополнительно применяется модель семиосферы, разработанная Юрием Лотманом, в рамках которой визуальное искусство трактуется как текст, встроенный в более широкий культурный код. Эта концепция позволяет понять, как традиционные символы и образы функционируют в новых художественных контекстах, формируя культурную память и транслируя национальные смыслы [Лотман Ю.М., 2000].

Также важной составляющей является иконографический и иконологический метод, предложенный Эрвином Панофским, который позволяет изучить, как устойчивые визуальные мотивы (такие как образ юрты, женщины в традиционном головном уборе, символы солнца и животных) приобретают новые значения в контексте современной культуры [Panofsky E., 1962].

Методы визуального анализа применяются к шести конкретным художественным произведениям, созданным казахстанскими художниками в 2024 году. Каждое из них рассматривается как семиотическая система, включающая в себя элементы традиционной и современной культурной идентичности. В рамках hermeneutic reading анализируются не только иконографические коды, но и интертекстуальные связи — как с традиционной казахской культурой, так и с глобальными визуальными тенденциями (графика, концептуальное искусство, текстильная символика).

Интерпретация осуществляется с учётом культурного контекста Казахстана, где взаимодействие между архаическим и современным, между сакральным и урбанистическим становится важнейшим вектором визуального самоопределения.




Рис. 1. *Дауренбек Кекназаров — «Томирис» (2024, бумага, смешанная техника)*

Образ Томирис в изобразительном искусстве Казахстана традиционно ассоциируется с архетипом женщины-воина — защитницы земли, духа и народа. В интерпретации Кекназарова фигура Томирис (Рис. 1) представлена не только как историческая героиня, но и как культурный миф, актуализированный через технику современной графики и композиционные символы. Работа выполнена в монохромной гамме с акцентами золота, что придаёт ей культовое звучание и сакральную дистанцию.

Анализируя композицию, мы замечаем интеграцию тотемических мотивов — волка, головы животного, оберега — что позволяет трактовать образ как символический конструкт, в котором женская идентичность сочетается с идеей силы, защиты и трансцендентной связи с природой. Подобное совмещение архетипов соответствует модели семиотической полиинтерпретируемости, описанной Р. Бартом [Barthes R., 2009], где знак функционирует в разных плоскостях: эстетической, культурной и политической.

Также можно говорить о визуальной интертекстуальности с образами амазонок и центральноазиатских женских культов, что даёт основание включить данную работу в контекст визуальной мифологизации истории, о которой писал М. Элиаде в связи с ритуальной повторяемостью сюжетов [Eliade M., 1963]. Таким образом, «Томирис» предстает как образ, формирующий национальную визуальную идентичность, в которой миф и история, гендер и власть, традиция и графическая стилизация формируют сложную систему значений.



Рис. 2. *Елена Те — «Золотой шанырак» (2024, холст, масло)*

В картине «Золотой шанырак» (Рис. 2) центральным визуальным элементом является круг — символ солнца, родового центра и космического порядка. Работа выполнена в насыщенной цветовой палитре, с использованием золотого цвета как визуального акцента и знакового элемента. Сам «шанырак» — верхняя часть юрты — в казахской культуре традиционно интерпретируется как символ дома, рода, непрерывности жизни, что подтверждается как в этнографических источниках [Маргулан А.Х., 1982], так и в художественной традиции.

Композиционно художница строит образ на сопоставлении панорамы города Алматы с символикой рода, создавая тем самым диалог между урбанистическим настоящим и традиционным космосом. Это соотносится с идеей визуального палимпсеста, введённой Н. Мирзоэффом [Mirzoeff N., 2002], где каждый образ «прозрачен» к культурным слоям, из которых он вырос.

Картина апеллирует к понятию культурной памяти (А. Ассман), поскольку шанырак, окружённый современными элементами, воспринимается как якорь идентичности — образ, фиксирующий связь времён и преемственность смысла [Assmann A., 2011].

Работа Елены Те, таким образом, демонстрирует, как традиционный знак встраивается в современный визуальный дискурс, становясь точкой сборки культурного самоосознания. Натюрморт, как жанр, в казахстанской живописи зачастую выполняет функцию не только эстетического, но и этнографического архива. Работа Елены Юминовой (Рис. 3) демонстрирует синтез декоративной традиции и национального кода через предметы казахского быта — кесе, дастархан, вышитая ткань, — выполненные на необычной основе: шёлке. Эта техника придаёт изображению мягкую фактуру и ощущение материальности как носителя памяти.

С точки зрения семиотики, каждый объект в композиции — это знак, принадлежащий культурной семиосфере, описанной Ю.М. Лотманом [Лотман Ю.М., 2000], где даже утилитарный предмет становится частью текста культуры. Образ стола здесь не просто «поверхность», но ритуальное пространство — символ родового круга и гостеприимства.

Юминова демонстрирует, как бытовой предмет может быть медиатором культурной памяти и транслировать ценности, такие как уважение к традиции, духовная преемственность и визуальное спокойствие — категория, близкая к «континуитету» в терминологии А. Гуревича [Гуревич А.Я., 1984].



Рис. 3. *Елена Юминова — «Традиционный натюрморт» (2024, шёлк, краска)*



Рис. 4. *Елена Шарапова — «По дороге на джайляу» (2024, холст, масло)*

Работа Елены Шараповой (Рис. 4) раскрывает тему повседневной культуры кочевого мира. Пейзаж, изображающий фигуры всадников, животных и пастушек, выполнен в реалистической манере, но с элементами стилизации. Цветовая гамма выдержана в мягких охристых и зелёных тонах, воссоздающих атмосферу равновесия и покоя, характерного для образа степи.

Семиотически степь здесь выступает как культурный хронотоп, по Бахтину [Бахтин М.М., 1975], где пространство и время слиты в мифологизированную реальность. Переход в «джайляу» — это не просто физическое движение, а символическое возвращение к корням, к архаическому образу жизни.

Также можно проследить иконографическую отсылку к советской традиции пейзажа с элементами этнографического нарратива, однако у Шараповой нет идеологического акцента — напротив, работа наполнена чувством ностальгии и визуального медитативного погружения в ритм традиционного быта.



Рис. 5. *Сауле Абишева — «Ақ отау» (2024, холст, акрил)*

Произведение Сауле Абишевой «Ақ отау» (Рис. 5) демонстрирует сложную визуальную композицию, в которой переплетаются мотивы традиционного текстиля, архитектурных форм и орнаментальной символики. Название картины отсылает к понятию "ақ отау" — свадебного жилища в казахской культуре, символизирующего начало новой жизни, чистоту, сакральность и устойчивую связь поколений.

Однако вопреки буквальному значению, художница не делает белый цвет доминирующим, как это могло бы быть в традиционном визуальном ряде. Наоборот, композиция выстроена на многообразии глубоких тонов: охристых, кирпично-красных, зелёных, жёлтых и чёрных, — подчёркивающих фактурность и визуальную материальность пространства. Эти цвета насыщены энергией земли, солнца и времени — они не только украшают, но и нагружают образ дополнительным семантическим содержанием.

В центре композиции — геометрически структурированная форма, в которой читаются очертания юрты, оберега, символа рода и женского начала. Композиция построена по принципу визуальной центричности, где перекрестие текстильных лент символизирует сакральную точку соединения — и культур, и судеб. Это можно интерпретировать в контексте «культурных узоров», описанных А. Ван Геннепом как маркеры ритуального перехода [Van Gennep A., 1960].

Использование декоративных элементов в работе также соотносится с категорией «визуального языка текстиля» — понятия, активно изучаемого в исследованиях феминистской визуальной теории, таких как работа Розика и Парик [Rozsika Parker, 2010]. Абишева возвращает текстиль в пространство художественной культуры как носителя женского знания, памяти и связи с сакральным.

Таким образом, «Ақ отау» становится не просто изображением юрты или обряда, а визуальным манифестом казахской идентичности, в котором женская сакральность, традиционная символика и художественный эксперимент сливаются в целостное визуальное высказывание.




Рис. 6. *Зейнелхан Мухамеджан — «Паника» (2024, сукно, шитьё)*

Работа Зейнелхана Мухамеджана (Рис. 6) выделяется среди остальных не только материалом (сукно, вышивка), но и визуальной экспрессией: вышитый табун лошадей представлен в состоянии стремительного движения, хаоса и внутреннего напряжения. Контурная резкость и динамичная ритмика форм создают эффект «паники», не случайно вынесенный в название.

Лошадь как символ в казахской культуре — это знак свободы, чести и жизни. В данной работе этот символ утрачивает спокойствие и становится носителем тревожной энергии, что может интерпретироваться как отражение культурного напряжения современности, о чём писал Хомский, описывая состояние постмодернистской культуры как фрагментированное и ускоренное [Chomsky N., 2002].

Вышивка как техника усиливает эффект архаического, делая работу связующей нитью между женским ремеслом и национальной памятью. Таким образом, «Паника» — это визуальный взрыв, где национальный символ приобретает тревожно-экзистенциальное звучание, говорящее о нестабильности и изменчивости мира.

ОБОБЩЕНИЕ РЕЗУЛЬТАТОВ АНАЛИЗА

Анализ шести произведений современных казахстанских художников выявляет общую тенденцию к переосмыслению традиционных культурных символов в рамках актуальных визуальных стратегий. Несмотря на различия в жанре, технике и стилистике, все работы демонстрируют стремление к сохранению и трансформации идентичности через язык визуального искусства.

Характерными чертами представленных произведений являются:

- интертекстуальность (отсылки к архетипам, национальным символам, визуальным клише),
- символическая многослойность (знаки, работающие в разных культурных и эмоциональных регистрах),
- и включение элементов традиционного художественного мышления в современный изобразительный контекст.

Особое значение в формировании художественного нарратива имеет женский образ, рассматриваемый не только как персонаж, но и как медиатор культурной памяти. Орнамент, шанырак, образы юрты, кочевой жизни, а также текстильные элементы и бытовая посуда становятся визуальными кодами, через которые происходит возвращение к истокам — но не в виде копирования, а в форме осознанного дискурсивного выбора и эстетической реконструкции.

Таким образом, художественные практики современных казахстанских авторов демонстрируют движение от этнографического воспроизведения к символическому

самовыражению, отражая не столько архаику, сколько её живое присутствие в контексте сегодняшней культуры.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

Исследование показало, что произведения современных казахстанских художников представляют собой не только художественные объекты, но и визуальные тексты, через которые транслируются ключевые элементы культурной памяти и национального самосознания. Обращение к традиционным образам, техникам и мотивам свидетельствует о стремлении авторов не столько реконструировать прошлое, сколько включить его в поле современного визуального мышления.

Анализ работ продемонстрировал, что семиотическая и иконографическая нагрузка этих произведений выходит за рамки декоративной функции — они становятся носителями смыслов, формирующих представление об идентичности в условиях социокультурных изменений. Образы шанырака, табуна, женской фигуры, родовой символики, бытовых предметов и орнаментов — всё это превращается в визуальный язык, с помощью которого артикулируется связь между прошлым и настоящим.

Таким образом, визуальное искусство в Казахстане сегодня выполняет медиаторскую функцию: оно объединяет культурные коды разных эпох, социальных контекстов и художественных направлений. Этот процесс демонстрирует, что идентичность — не фиксированная категория, а динамическое пространство смыслов, где традиция и современность существуют не в оппозиции, а во взаимодействии.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Assmann, Aleida. Cultural Memory and Western Civilization: Functions, Media, Archives. Cambridge: Cambridge University Press, 2011. — 396 p.
2. Bakhtin, M.M. Formy vremeni i khronotopa v romane. In: Voprosy literatury i estetiki. Moscow: Khudozhestvennaya literatura, 1975. — pp. 234–407.
3. Barthes, Roland. Image, Music, Text. Translated by Stephen Heath. New York: Hill and Wang, 1977. — 217 p.
4. Barthes, Roland. Mythologies. London: Vintage, 2009. — 219 p.
5. Chomsky, Noam. Media Control: The Spectacular Achievements of Propaganda. New York: Seven Stories Press, 2002. — 128 p.
6. Eliade, Mircea. Myth and Reality. New York: Harper & Row, 1963. — 232 p.
7. Gurevich, A.Ya. Kategorii srednevekovoy kultury. Moscow: Iskusstvo, 1984. — 398 p.
8. Lotman, Yuri M. The Universe of the Mind: A Semiotic Theory of Culture. Translated by Ann Shukman. London: I.B. Tauris, 1990. — 288 p.
9. Lotman, Yu.M. Semiosfera. St. Petersburg: Iskusstvo-SPb, 2000. — 704 p.
10. Margulan, A.Kh. Iz istorii kazakhskoy yurty. Almaty: Nauka, 1982. — 140 p.
11. Mirzoeff, Nicholas. An Introduction to Visual Culture. London: Routledge, 1999. — 293 p.
12. Mirzoeff, Nicholas (ed.). The Visual Culture Reader. 2nd ed. London: Routledge, 2002. — 737 p.
13. Panofsky, Erwin. Studies in Iconology: Humanistic Themes in the Art of the Renaissance. New York: Harper & Row, 1962. — 254 p.
14. Parker, Rozsika. The Subversive Stitch: Embroidery and the Making of the Feminine. London: I.B. Tauris, 2010. — 254 p.
15. Van Gennep, Arnold. The Rites of Passage. London: Routledge, 1960. — 198 p.

ӘОЖ 75.03 **МРНТИ 18.07.65**

Рысымбетов Е.К.
философия PhD докторы,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
(Түркістан қ., Қазақстан)

ПОСТМОДЕРНИЗМ КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН КЕСКІНДЕМЕ ӨНЕРІНІҢ КӨРКЕМ ТІЛІ: ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕСІНЕ ШОЛУ

АҢДАТПА

Бұл мақалада заманауи бейнелеу өнерінің постмодернистік құрылымдарында ұлттық дүниетанымдық негіздегі көркем шығармашылықтың заманауи көркем тілді қалыптастыруы мен дамуы және оның көркемдік тұрғыдан нақышталуы сипаттарын ашып көрсетуді басшылыққа ала отырып, оны бүгінгі күнгі өнертанушылық көзқараспен пайымдауға негізделген. Классикалық өнердің, түрлі заманауи ағымдардың элементтері көрініс тапқан бүгінгі қазақ кескіндеме өнерінің бағытын зерттеу өте қиын болғандықтан, бұл мәселе өнертанушылық талдау мәселелері қарастырылған.

Мақалада өнер, кескіндеме, композиция, түстану, көркем бағыттар, жобалау, материалтану түсініктеріне қатысты түсінікті қалыптастыру мен шығармаларды көркемдік өлшеу әдістерін қолдану, өнертанымдық сипаттама жазу дағдыларын дамыту тәсілдері ұсынылған.

ТІРЕК СӨЗДЕР: Өнер, кескіндеме, композиция, түстану, көркем бағыттар, жобалау, материалтану, образ.

Рысымбетов Е.К.
доктор философии PhD,
Международный казахско-турецкий университет имени Х.А. Ясауи
(Туркестан, Каазхстан)

ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ЯЗЫК ЖИВОПИСИ КАЗАХСТАНА В ПОСТМОДЕРНИСТКУЮ ЭПОХУ: К ВОПРОСУ ИССЛЕДОВАНИЯ

АННОТАЦИЯ

В статье анализирована понятие формирование и развитие современного художественного языка и его художественное выражение в постмодернистских структурах современного изобразительного искусства на основе национального мировоззрения и его художественного творчества основаны на его анализе с точки зрения современного искусствоведения. Поскольку изучить направление сегодняшней казахской живописи, в которой отражены элементы классического искусства и различные современные течения, очень сложно, данную проблему считают проблемами искусствознания.

В статье представлены способы развития понимания понятий искусства, живописи, композиции, колорита, художественных направлений, дизайна, материаловедения, использования методов художественного измерения произведений, развития навыков художественно-описательного письма.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: Искусство, живопись, композиция, колорит, художественные направления, дизайн, материаловедение, изображение.

Rysymbetov E.K.
Doctor of Philosophy PhD, H.A. Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Turkestan, Kazakhstan)

THE ARTISTIC LANGUAGE OF KAZAKHSTAN'S PAINTING IN THE POSTMODERN ERA: TOWARDS A RESEARCH INQUIRY

ABSTRACT

The article analyzes the concept of the formation and development of modern artistic language and its artistic expression in the postmodern structures of modern fine art on the basis of the national worldview and its artistic creativity based on its analysis from the point of view of modern art criticism. Since it is very difficult to study the direction of today's Kazakh painting, which reflects elements of classical art and various modern trends, this problem is considered a problem of art history.

The article presents ways to develop an understanding of the concepts of art, painting, composition, color, artistic movements, design, materials science, the use of methods of artistic measurement of works, and the development of artistic and descriptive writing skills.

KEY WORDS: Art, painting, composition, color, artistic movements, design, materials science, image.

КІРІСПЕ

Бейнелеу өнері саласындағы жаңадан қалыптасып жатқан білім көзі жыл сайын арта түсуде. Жаңа білім көздері көбінесе бейнелеу технологиясымен байланысты айқындалуда. Солардың бірқатарын заманауи кескіндеме өнерінің құрылымдарында ұлттық дүниетанымдық негіздегі көркем шығармашылықтың заманауи көркем тілді қалыптастыруы мен дамуы және оның көркемдік тұрғыдан нақышталуы сипаттарын ашып көрсетуді басшылыққа ала отырып, оны бүгінгі күнгі өнертанушылық көзқараспен пайымдауға образ ұғымдырына арналған.

Заманауи кескіндеме өнері осы кезге дейін қалыптасқан өнердің негізі мен технологияның, ақпараттың, өнер мен ғылымның және т.б. арасын ажырату қиындық тудыратын, интеграцияланған немесе постиндустриялы дүниеден өсіп шықты. Ең қызығы, бұл интеграция бүгінгі таңда күшейе түсуде.

Әрине, заманауи кескіндеме өнерінің қалыптасуы алдымен қазақ дәстүрлі өнерімен, оның ұлттық дүниетанымымен және қоғамдық санамен етене байланысты өнерге деген көзқараспен бүгінгі қазақ бейнелеу өнерін қалыптастырды.

Заманауи үрдістерге келетін болсақ, заманауи өнер өзінің келбетін үнемі өзгертіп отырады. Қатар өмір сүретін классикалық ағымдармен қатар, басқа бейнелер басымдылық танытатын, мәселелер мен жағдайды басқаша түсіндіретін, жаңа өнер ағымдары пайда болып отырады. Дегенмен, бұл бағытты жақтаушылар ескірген дәстүрлерге қайта оралуды көксемейді, оларды жаңа техниканың жетістіктерімен органикалық тұрғыда біріктіруге көңіл бөледі. Жаңа пайда болған бағыттардың да алдыңғы кезеңдердегі бағыттар немесе стильдерге ұқсас толыққанды теориялық негіздемелері бар.

Заманауи кескіндеме өнерінің шығармашылық бағыттары мен болашағы шын мәнінде оны зерттеушілердің қалай зерделеуіне байланысты болып отыр. Яғни, бүгінгі өмір шындығы эстетикалық категориясы айқындала қоймаған заманауи өнерді зерттеушілерге оның жауабы мен шешімдерін іздестіруді жүктейді.

Сондықтан бейнелеу өнерінің заманауи көркем шығармашылық бағыттарын, ұстанымын, яғни постмодернистік стилистикада жұмыс жасайтын суретшілердің шығармашылығына ортақ белгілерді айқындау және оларға талдау жасау, өзекті мәселесі болмақ.

Дәстүрлі классикалық өнер мен дәстүрлі қазақ өнерінің кейбір элементтері жаңа көркемдік бағытты қалыптастыруда. Бұл кескіндемеде дәстүрлі әдіс-тәсілдердің сабақтастығы сақталатынын және оның жаңаша ырғақта дамитындығын тағы да бір дәлелдей түседі.

Бүгінгі кескіндеме өнерін заманауи техника мен технологиялармен салыстыра зерттей келе, ертеде қалыптасқан кескіндеменің көркем тілі көп өзгеріске ұшырай қоймаған, классикалық өнер салған эстетикалық тұжырымдар өзінің дамуын жалғастыруда. Дегенмен, эстетиканың екі категориясы да (сұлулық пен ұсқынсыздық) кейде қатар келеді.

Заманауи кескіндеме өнері - жаңаша көзбен көру арқылы (визуалды) қабылдау өнері. Заманауи өнер суретшісі қоршаған ортасын объективті қабылдап, оған субъективті жауап береді. Заманауи кескіндеме өнері заттың объективті мәнін ашуға ұмтылады. Бүгінгі кескіндеме өнерінің табиғаты күрделі, ол интеллектуалды түйсікке негізделе құрылады, сондықтан заманауи өнер түсінуді емес түсіндіруді қажет етеді. Бүгінгі XXI ғасырдың кескіндеме өнері XX ғасырдың жетістіктері мен нәтижелерін заманауи кескіндеменің көркем тілін, бейнесін құруда қолданады. Заманауи постмодернистік кескіндеме әр дәуірдің, кезеңнің қабылдау ерекшелігіне байланысты көркемдік сананың дамуымен ерекшеленіп отырады.

Қазіргі заман кескіндеме өнерінің философиялық негізін түсінуге мүмкіндік береді және қазақ кескіндемесінің постмодернистік бағыты ұлттық және әлемдік кескіндеменің тәжірибелерімен байланыста дамитындығына көз жеткізеді. Жұмыс барысында қол жеткізген нәтижелер өнертану саласының, әсіресе, кескіндеме өнерін тану үшін өте пайдалы әрі маңызы зор еңбек. Сондықтан, ол қазақ кескіндемесі тарихын оқытуда жоғарғы оқу орындарында өнертанушы және кескіндемеші мамандықтарын оқыту мен дайындауда арнайы оқу құралы ретінде көмекші мәліметтер бере алады және заманауи кескіндеме өнерінің ерекшеліктері мен бағытын бағдарлауда, теориялық білімін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Сонымен, көркем өнердің негізгі атқаратын қызметі – таным. Көркем шығармашылықпен суретші объектісін немесе бейнеленуші дүниені объект-субъект қатынасқа түсумен, оның мәнін ұғынуға, тануға ұмтылады. Өнер – адамның қолынан жасалып шыққан өзіне тән нысан (объект). Оған материалдылық та, руханилық та тән. Қазақтың ұлы ақыны Абай да өнерді «жан азығы» мен «тән азығы» - деп, «Тән азығы тіршілікке қажетті бұйымдар, яғни екінші сөзбен айтқанда материалдық мәдениет. Ал жан азығы дегеніміз – көркемөнер. Бұл табиғаттың бойындағы күш қуатты адамның қажетіне сәйкестендіріп, қолмен немесе тіл арқылы көріктендіріп жіберу», деген ойлары өнердің материалдық және руханилық дегеніне толық саяды.

Бүгінгі заманауи кескіндеме өнерінің шығармашылық бағыты жайында айту қиын, өйткені оның дамуы әлі күнге жалғасуда. «Заманауи өнер» заман талабының сұраныстарына жауап бере алатын жаңаша өнер. «Заманауи» (грек тілінен, орта ғасырлық латын тілінен аударғанда «syn-chronuc – «со своим временем») – өз заманының мазмұнын бейнелейтін өнер. «Заманауи өнер» анықтамасы тарихтың әртүрлі кезеңдерінде әртүрлі мағына береді. Қазақ кәсіби бейнелеу өнерінің даму барысында, яғни XX ғасырдың басында ескінің қалдығы саналған «дәстүрлі өнер» бүгінгі күні өз көкейкестілігін жоғалтқан жоқ. Бүгінгі XXI ғасырда көне өнердің көркем құндылығы асып, оған тарихи-теориялық зерттеулер мен талдаулар артып келеді. Қазақ өнері ұлттық және әлем өнерінен өз тәжірибелерін жинақтағандықтан, біз қазақ кәсіби өнерінің бағытын анықтауда Еуропалық көркемөнер мектептердің тарихына тоқталмастан өте алмаймыз.

Қазақ өнері өзіне тән ерекше ұлттық көркем мектептердің қалыптасуы мен даму кезеңдерін бастан өткерді. Бүгінгі заманауи қазақ өнері идеялары мен өзіндік көркемөнер тәжірибесі қалыптасқан, ұлттық діліне тең тілінде сөйлейтін суретшілердің есімдерімен байланысты дамыды. Заманауи бейнелеу өнеріндегі құбылыстар, қазақ өнерінің әлемдік өнердің даму тенденцияларымен тығыз байланыста өрбуде.

XIX ғасырдың басында қаланған қазақ кәсіби бейнелеу өнерінің іргесі әлемдік өнерге өзінің ұлттық ерекше нақышымен үн қосып, жаһандық өнерден қалыспай қатар дамып келеді. Қазақ бейнелеу өнері бүгінде түрлі жанрлар мен бағыттарда дамуда. Сондықтан заманауи өнердің бағыты мен бағасын беруде өнертанушылық ізденістер мен зерттеулерді қажет етеді.

Қазақ өнерінің заманауи көркем тәжірибелерінде көркемөнердің өзіне тән үдерісі айқын көрініс тапқан. Зерттеулер өнерді ұлттық құндылықтарға, ұлттық архетиптерге және заманауи жаңа еуропалық көркем тілді меңгеруге бағытталған.

Бүгін Қазақстан егемендігінің көрінісі кескіндемеден айқын сезініп, шығармашылық ізденістерден байқала бастады. Ғасырдың басында қоғамда болып жатқан жаһандану мәселелері әлемдік мәдениеттермен араласуға жол ашты. Әлемдік мәдениеттермен араласу, олармен жақын танысу мен олардың өнерден көрініс табуы заңды еді.

Заманауи кескіндеме өнерінде кеңестік өнер мен ұлттық өнердің қайнар көзінен нәр алған ұлттық мектептің және әлемдік өнердің әсері бар түрлі измдерді де кездестіруге болатын. Ғасыр басындағы өнер өткен мен бүгіннің, дәстүр мен жаңашылдықтың тоғысында тұр. Көп жылдар бойы капиталистік және социалистік мәдениеттерді бөліп тұрған шекара ашылып, өнердің өрісі де кеңейе түсті. XXI ғасырда бұрынғы құндылықтардың орнын жаңаша құндылықтар алмастырып, адамзат баласы рухани-материалдық дағдарысты басынан өткерді. Еліміз егемендік алғаннан кейін тапсырысты бейнелеуге үйренген кескіндемешілердің де дағдарып қалғаны белгілі. Дегенмен, қазақ суретшілерінің қадамы адымдап дамып, нарықтық заманға да бейімделген кескіндеме өнерінде өсу байқала бастады. Дәстүрге қайта оралу, осыған дейінгі мектептер мен ұлттық өнер сабақтастығын жалғастыру көркемөнердің ішкі заңдылығы екенін өнердің даму, құлдырау кезеңдерін талдау барысында көз жеткізуге болады.

Қазақ кәсіби бейнелеу өнері XX ғасырда өзіне тән, өзінің даму кезеңдері мен заңдылықтары бар, рухани өлшемдері мен ұлттық көркемдік бояуы мен өзінің өнер майталмандары бар ұлттық мектепті қалыптастырды. Бүгінгі қазақ көркемөнерінде жүріп жатқан құбылыстар қазақ кескіндеме өнерінің пісіп жетілгені мен оның әлемдік көркемөнер үдерісіне үлес қосуын танытады.

XIX ғасырды XX ғасыр алмастырды, ал оны XXI ғасырдың постмодернизмі мен жаһанануы алмастыруда. «Қай заманда да өнер өзінің шынайы дүние мен адам санасының арасындағы эмоционалды және интеллектуалды тепе-теңдікті сақтаушы қызметін орындайды». Жалпы өнердің түбі бір болғанымен әр елде, халықта өнердің даму заңдылығы мен қарқыны, көркем тілі әр түрлі бағытта дамитыны анық. Өнер – тұрған жеріне, дүниетанымы мен салтына, діліне қарай өзгеше көркем бағыт алады. «Өнер, - деп жазады О. Валери, - түбінде бір ғана нәрседен тұрады, оны біз өзіміздің ішкі жан дүниемізбен сезінеміз, яғни алған әсерден оған қандай да бір жауап қатамыз және сол бір ерекше сәт жадымыздың қазынасына айналады...». «XX ғасырда «тіл» модернистік бағыттағы кескіндеменің негізгі мәселесінің бірі болды. Түс, фактура, пішін, сызықтар модернизм өнерінде ең жоғарғы құндылықтарды білдіретіндіктен бейне мен заттың арасындағы қатынасты міндетті деп қарастырмады. Жаңаша тіл жасампаз суретшілер дүниені түрлі әдіспен бейнелеп көрсетті (сандыраққа дейін жетті). Инварианттылық бұл кезеңнің кескіндемесінің негізгі идеясы болып қалыптасты. Шын мәнісінде, модернистік өнер көз алдымызда көретін шынайы дүниеге қызығуды қойды. Олар пішінді немесе түстерді, ойды, идеяны, сезімді, естеліктерді немесе басқа да нәрселерді бейнелеп беру үшін пайдаланды. Модернистік өнер интерпретациялауды қажет етті. Шынайы бейнелеуден бас тартқан модернистік өнер, осы кезге дейін кең тараған өнердің түсінікті тілінен бас тартты, сондықтан да басқаша, жаңаша бейнелеу тілін ойлап табуы керек болды. Жаңаша ойлап тапқан тілде бейнеленген модернистік шығармалардың түсініксіздігінен, модернист суретшілер бейнелеу өнерінің жаңа тілі арқылы автордың жолдауын жеткізді. Модернизмге дейінгі көркем туындылардың мазмұны түсінікті болса, енді ол түсіндіруді қажет етті».

1905 жылы Германияда пайда болған экспрессионизм түрлі елдер мен өнердің түрлерінде көрініс тауып, дамыды. Астарында эмоционалдылық жасырынған экспрессионизм руханилық жағынан да, пішіні жағынан да тұрақтылықты, тепе-теңдікті бұзуға бейім болды. «Абстрактылы экспрессионизм» (XX ғасырдың 40 ж. соңы - 50 ж.) абстрактылы өнердің соғыстан кейінгі кезеңі. Терминді енгізген неміс өнертанушысы

Э.фон Зюдов. Американдық өнертанушы Барр 1929 жылы Василий Кандинскийдің ертеректегі жұмыстарына мінездеме беруде пайдаланған. 1947 жылы «абстрактылы-экспрессионстер» - деп Виллем де Кунингтің, Джексен Поллоктың жұмыстарын атады. Абстрактылы экспрессионистердің бастауында ертеректегі Кандинский, экспрессионстер, орфистер, дадаистердің бір бөлігі және сюрреалистер тұрды. Абстрактылы экспрессионистердің философиялық эстетикалық негізі - соғыстан кейінгі ең кең тараған экзистенциялы философия.

Абстрактылы экспрессионизм Кандинский мен сюрреалистер бастаған өнерді сананың бақылауынан, логикалық заңдылықтардан сонымен қатар - дәстүрлі түстер заңдылығының қатынасынан «босатады». Абстрактылы экспрессионизмнің девизінің формуласы: «ережелерден, формализмнен, сызғыш (линейка) мен циркульден және ең алдымен – құйыла төгіле аққан түстер мен пішіннің доктриналық заңдылықтарынан босану». Абстрактылы экспрессионистердің ең негізгі шығармашылық принципі кенеттен, автоматты түрде көңіл күйдің субъективті әсерімен бояуларды кенеп бетіне жазу. Қуаныш пен қорқыныш, күйзелу абстрактылы экспессионистердің бояуды кенеп бетіне шаша отырып жазуы. Жазу мәнері әртүрлі – қылқалам мен дәстүрлі жазудан, тек шпательмен жағу, банкадан құю, тюбиктен сығу, пульверизатормен шашу және т.б. Осыған сәйкес түстік фактуралардың пішіні мен түсіне қарай әртүрлі болып келуі. Абстрактылы экспрессионистердің жұмыстарының әсері түрлі – Пьер Сулаждың қара символды иероглифті, Марк Ротконың үлкен монохромды медитациялық (сәл ғана байқалатын тондық флюктуация (колебания) кенептерінен ашық «жабайы» түстерімен көрерменнің көзі мен психикасын таңқалдырарлықтай Карель Аппель кенептері.

Абстракционизмнің орталығы соғыстан кейін АҚШ-тан және жан жақтан жиналған Париж қаласы болды.

Экспрессионизм «айқындау» – модернизм кезеңіндегі еуропалық өнер, Германия мен Австрияда басымырақ, XX ғасырдың басы неғұрлым дамыған кезеңі. Экспрессионизм шындықты бейнелеуде, автордың эмоционалды күйіне бағынышты болды.

Экспрессионизм капиталистік өркениеттің жауыздығына қарсы реакция ретінде пайда болды. Алдыңғы ұрпақтың эстетикасы мен натурализміне публикаға эмоционалды әсер ету идеясын алға тартты. Экспрессионистерге шығармашылық актінің субъективтілігін жоғары қойды. «Айқындау» принципі бейнелеуден басымдылық танытты. Айқай мен жан ауруы кең тараған мотив. «Импрессионизмнен экспрессионизмге қарай жылжу», - деп жазады Зюдов, – соңғының индивидуалдылыққа ұласуының логикалық байланысы бар. Оларды жақындата түсіп, Зюдов бұл жаңа индивидуалдылықтың екі жақтылығын алға тартады; егер де ол бір жағынан эмоционалды субъективтіліктің шегіне жеткен болса, келесі жағынан – экспрессионизм өзінің кереғарлығына тап болады, ... ұжымдыққа индивидуализм мен ұжымдық, логикалы contradictioinadjecto, өмір шынайы фактіге айналған.

Экпрессионисті өнерді уақытқа қатыссыз айтуға болады. Мысалы, «көне шеберлер», Грюневальд пен Эль Греколардың шығармалары да осы бағытта жазылған.

«Экспрессионизм» деген терминді 1910 жылы «импрессионизм» терминіне қарама-қарсы чех өнертанушысы Антонин Матейчек енгізген.

1910 жылы Василий Кандинскийдің идеологиясымен «Синий всадник» тобы қалыптасты. Бұл кездің суретшілері кризиспен басын қатыра қоймады. Олардың шығармалары неғұрлым эмоционалды бола түсті. Лирикалы және абстрактілі ноталар, осы кезде дисгармониялы өнер саналған олардың жұмыстарына жаңаша гармония тудырды.

Гитлердің келуімен экспрессионизм өзін «дегенеративті өнер» деп жариялады. Олардың мүшелері өздерінің жұмыстарын көрмеге қою, жариялау мүмкіндіктерінен айрылды. Дегенмен, олардың өкілдері бірнеше онжылдықтар бойы өздерінің жұмыстарымен айналысуды жалғастырды. Қою пастозды, оқыс, ашушаң мінезді жағыстар мен дисгармониялы, үзік сызықтар Австриялық күрделі суретшілерді басқалардан өзгешелендіреді. Олар – О.Кокошки мен Э.Шилле. Жаңаша қолтаңба іздестірумен айналысқан Жорж Руо мен Хаим Сутин бейнеленетін фигураларды деформациялайды.

Неоэкспессионизм – 1970 жылдары қалыптасқан жаңа бағыт. Неоэкспрессионизм еуропада 1970 жылы концептуалды және минималистік өнерге реакция ретінде туды. Неоэкспрессионизм образға, фигураларға, жанды және эмоционалды манераға, айқын қанықкан түстерге қайта оралды.

Импрессионизм шындықтың иллюзиясын берді. Экспрессионизм шындықты қайта жасайды, көріп сезінетін дүниені бұзады. Экспрессиноист суретшілерге, оларға біз көретін дүниемізді іске асыратын, кескіндеменің мәнін жоғалттыңдар деген болса, олар нені көрсе соны саламыз деп, жауап қайтарар еді. Олардың көру дегені – әдеттегісінен басқаша мәнге ие болса керек. Кескіндеме тарихы дегеніміз, шын мәнісінде біздің көру тарихымыз. Кескіндеменің жазу тәсілі, біздің көзіміздің көруі өзгергенде ғана өзгереді. Бақылау барысында адам керемет дүниелерді байқайды және соған сәйкес әрекет етеді. Адамның көзі тек бақылап қана қоймайды, сонымен қатар, оны сараптайды. Бұл жайында Платон да, Гете де айтқан. Бақылау екі күштің жемісі екенін саналы түрде түсінген, адам, дүниеге деген қатынастың үшеуінің бірін таңдауы керек – сыртқы және ішкі немесе екі шекараның ортасын ұстану.

Д.В.Сарабьянов суретші Иван Пунидің өнер жайында айтқан пікірін берген: «Еуропалықтар қоршаған ортасын ішкі жақтан сыртқа қарай бағыттала қабылдайды. Олардың көздері неғұрлым қабылдағыш болып, неғұрлым жасампаздыққа бейімделеді. Ал Шығыстық қабылдау керісінше сырттан ішке қарай бағытталған. Сондықтан сырттай бақылау рухани кемелденуге әкеледі. Екі бақылауды импрессионистер мен экспрессионистерге қатысты былай айтуға болады: импрессионистер – адамның өзінің ішкі күшімен, дүниені өзгертуге бағытталған; ал, экспрессионстер руханилықтан шығарады – сезімдік көруден басқа, дүниені таң қалдырған басқа заңдылықпен, шығармашылық күш».

Экспрессионизм шынайы дүниені бейнелеуде, автордың эмоционалдылық күйіне бағыныштылық танытты. Экспрессионистердің шығармашылық актісі субъективтікті жоғары қойды және бірінші планға жан айқайы мотивін, болмыстың шарасыздығын, яғни Э. Мунктің «Айқай» атты шығармасында алғаш жол салған бастауларды біржақты гипертрафирлеу бастауларын алға тартады. Мунктің «Айқай» картинасында қан қызыл аспан мен жалпылай сұлбаланған пейзажды фонда шарасыздықтан, таусылғандықтан айқай салған адам фигурасы бейнеленген. Пейзаждың толқынданған сызықтары арқылы адам өзінің жан айқаймен қоршаған дүниеге космостық, ғаламдық өлшеммен құлаш жая қол сермеп, төбесіне көтергендей. Осындай агрессивті, тым жоғары көркем әдістермен экспрессионист шеберлер өздерінің дәуірін, санадағы шындықпен қиялдың тең келмейтінін, бір пәлені жүрегімен сезетіндігін бейнелеген.

Сонымен қатар дүниені сезімнің эсхотологизмі; ғаламдық қақтығыстарды сезу, хаос пен дисгармонияның күрмеуінен үйлесімділік жолына шығу да – экспрессионизмге тән. Суретшілер осындай әрекеттер бар өмірді көркем шығармада құрастырушы және осыларды сананы неғұрлым белсенді қабылдай алатын әсер етуші күш ретінде қарастырады. Сондықтан олар көрерменнен неғұрлым белсенді жауапты күтеді және жалғастырушы ретіндегі қатынасты талап етеді.

Экспрессионист суретші бейнені астарлап, өзінше миф ойлап тауып, тақырып пен алға қойған мақсаттың ауқымдылығына көңіл бөледі. Сондықтан да, оның әдісінде өте көнелік пен заманауилық бір-бірімен өріліп жатады. Жалпы экспрессионист суретші үшін әрбір элементтің атқаратын қызметі – айқындау – экспрессия. Сондықтан да бұл идеялық өнер болып табылады және ондағы әрбір бояу жағысы, түс, сызық, композиция барлығы ақпаратты білдіреді. Айқындауды шиеленістің шегіне дейін жеткізген, экспрессионстердің пайда болуы, пішін мен бейне туралы және сұлулықты көпірте айтуда қиындық тудырды. Сұлулық көркем өнердің критерийі болудан қалды. Дегенмен, соңғы шиеленіске дейін жеткізген экспрессивті бейнелер, адамға жиіркенішті әсер қалдырмайды. ХХ ғасырдың басында өнерге эстетикалық ләззат алу критерийінің әлсіреуі көркемөнердегі құндылықтардың өзгерумен де байланысты. Қоршаған ортаның сұлулығын бейнелейтін өнер, оны бейнелеп қана қоймастан суретші өзін айқындауға, яғни ол өз өзіне бұрылды.

Гадамер заманауи өнердің сұлулықтан бөлініп бара жатқаны туралы ескерткен болатын. Олай болса, бұл мәселенің арғы жағын анықтайтын басқа фактор тұр – ол айқындау. Эстетикалық сұлулықты айқындаумен алмастыру көркем шығарманы өнердің шекарасынан алшақтата түсті. Өйткені өнерге ешқандай қатысы да, байланысы да жоқ кез-келген зат айқындалуы мүмкін болып шыға келді. Сұлулық – өнерге тән. Оның көрінісі – табиғат. Эстетикалыққа жатпайтын заттардың онымен байланысы жоқ. Дегенмен, бұл тығырықтан шығатын да жол бар. Өнерде «көркем ұсқынсыздық» деген де бар, мысалы келемеж (карикатура) және т.б.. Барлық жағдайда эстетикалыққа жатпайтын фаторлардың барлығы да көркем өңдеуден өтулері, яғни пластикалық пішін арқылы өнерге икемделуі керек. Көркемөнердің өлшемі болып келген эстетикалық сұлулық дадайстер мен экспрессионистерде қала бастағаннан, көркем ойлау көркем шығармашылықтың өзегі ретінде басқаға бұрыла бастады. Дәлірек айтсақ – жоғарғы рух тудырмаған, адамның қолынан шыққан, өнеркәсіптік дүниеге. Шығармашыл санадан туған заттарда өнердің міндеті неғұрлым кеңірек, ал сұлулық сол заттың қосымша пластикалық бөлшегі болып қалды. Авангард суретшілерде көркемөнер рәміз, эмблематика, белгі деген сияқты түсініктермен бөлшектене бастады. Гадамер былай деп жазады: «.. ұлы өнер өзіне таң қалдырумен танылады». Виталий Манин: «өнерде таң қалдыру оның спецификасына қатысты емес. Өнер де таң қалдырады, өнер болып табылмайтын өлім де, кедейшілік пен аштық та таң қалдырады. Өнерде көркемдеусіз таң қалдыру мүмкін емес, ал ол болса, пластикамен байланысты, онсыз көркем мағына да, көркем түсінік те болмайды». Экспрессионистердегі қорқыныш та осы көркем пластикамен айқындалған.

Бұндағы бейнелеу әдістерінің жаңашылдығы импрессионистердегідей, біз көріп отырған құбылмалы табиғаттың әсемдігін сезім арқылы бейнелеу емес, бұл пішіннің құрылымын жалаңаштау да емес, таза геомертия да емес, бұл фовистер айналысқан түстердің табиғатына еркіндік беріп, суретшінің тазарған палитрасымен бейнелерді қарапайымдау мен примитивтендіру де емес.

Пішін, түс, сызық, фактура әртүрлі суретшілерде түрлі әдісте қолданылған және олар үнемі бір нәрсені айқындап білдіріп тұрады. Шынайы дүниенің көрінісін деформациялау, ұмыт болған дәстүрлерді қайта жаңғырту, пішінсіз бейнелердің туылуы – бұлардың барлығы деформация үшін емес, абстракциялау. Бұл әдістермен бейнелеу дегеніміз автордың жан дүниесі мен көрерменнің арасындағы байланысты жалғастырушы. Экспрессионистер жан дүниенің ішкі жағындағы, көзге көрінбейтін құбылыстарды сезімдердің көмегімен көрсете алады. Осы тұста суретшілер кеңістіктен орын алатын шынайы нұсқаның пішіннің көшірмесінен қарағанда, экспрессивтілікті неғұрлым бере алатын бейнелеудің айқындаушы тіліне ойысты – сызық, түс, дақ және т.б.

Көзге таныс көріністердің пішінін сақтай отырып, деформациялау нағыз экспрессионистерге тән. Іштегі жасырын көрінбейтіндерді бейнелеуде, оның пішініне, сыртқы келбетіне із қалдыра немесе айқындай түсетін ерекше көріністермен бейнелейді. Бұлай бейнелеуде түстердің, сызықтардың және пропорциялардың бұзылуы мен фактура – экспрессивті бейнелеуде оның материалы болып табылады және сыртқы бейненің келбетін құруда негізгі салмақ осыларға түседі.

Өнертанушы Қ.С.Оразқұлова өзінің монографиясында былай деген: «Дәстүрлі қазақ дүниетанымындағы анимизмде өлім тіршіліктің аяқталуынан қарағанда, адам жанының келесі бір әлемге, басқа дүниеге ауысуының трансценденциясын жасайды. Осыған байланысты «бұл дүние» мен «о дүние» деп дихотомияланған жарыспалы екі әлем біріншісінен екіншісіне өтпелі қайтымсыз үдерісті өткізуді атқаратын сатыларды құрайды, бұл дүниеден қайтқандардың жанын аруаққа теңеп, олар ата-бабалар рухына айналған. О дүниедегі тіршілік басқа дүние деп қабылданып, ондағы ата-бабалар рухы кейінгі ұрпақтың «жебеушісі», «қорғаушысы» болады деп ұғынады. Дәстүрлі қоғамдық сана дүниенің бітетін және таусылатыны туралы оймен келісе алмайды. Өлім толық жойылуды білдірмейді, ол тек басқа күйге ауысуды ғана білдіреді. Яғни «аруақ» дегеніміз – уақыт пен кеңістік өлшемдерінен тыс, өлім процесінен кейінгі тәннен ажыраған адам рухының асқақтаған,

сакральды мәңгілік феноменінің кейінгі ұрпақтарға «дем беруші» ғарыштық-онтологиялық-әлеуметтік ықпалды энергиясының мәңгі жасампаздығы деп түсініктеме беруімізге болады. Ал ата-баба рухы – осы энергияның тұтастанған көрінісі».

«Қазақ суретшілерінің туындыларында өлімді адам мәйіті арқылы емес, оларды көбіне мазарлар мен балбал тастар арқылы бейнелеп көрсеткен. Қазақ дәстүрлі түсінігінде кейбір қайғылы хабарды тура айтпастан жанамалап, тұспалдап жеткізетін табу дәстүрлері бар. Осындай түсініктер қалыпты нормаларға айналып, ұлттық мәдениетіміздің өзіндік ерекшелігінің бірі ретінде қалыптасып, көркем шығармашылықтың негізгі бейнесіне айналды. Олар музыка, әдебиет және бейнелеу өнері салаларындағы мәңгі жалғаса беретін тақырыптардың бірі деп айтуымызға да болады. Сондықтан, жоғарыда атап өткеніміздей, тарихи тұлға немесе эпостық батырларды бейнелеудегі адам кейпінен рухтанғандықты, аруақпен байланысқан трансцендентальдылықты, өлім мен өмірді талғауға шығарған шекаралық жағдайды, мақсатты міндетке айналдырған қайтымсыз жігерді т.б. байқауға болады».

Еуропада туылған «модернизм» Ресей, содан Қазақ суретшілерінің шығармаларында көрініс тапты. Ол заңды да құбылыс. Кескіндеменің тілі қоғамдағы болып жатқан оқиғалар мен құбылыстарға жауап беретін қызметі болғандықтан, уақыттың мәселелерімен өзгеріп тұруы да қажет. Бүгін біз постмодернизмнің қақпанындамыз. Постмодернизмге дейін кескіндемеде түрлі бағыттар болды. Ол еуропалық өнердегі «модернизм», Ресей мен Қазақстан бейнелеу өнеріне әсері мен ұлттық мектептердің бағыты. Ал бүгінгі стильсіз кезең ұзақ сақталуы да мүмкін емес. Бұл кезең өнердегі жаңаша ізденістер кезеңі. Суретші Валерий Лукка: «Ресей – стиль жасау үдерісі жүретін орын емес. Орыс менталитеті әдеби орталықтанған. Ресейдің кескіндемесі бір нәрсеге бағынышты, үлкен нәрсенің қызметі, ол кенепте идеологиялық, кең мағынасында мәселені жеткізуші. Онда кескіндеме үшін деген жетістік жоқ. Осылардың бәрінен бөтен пішіндермен сусындау сезіледі. Орыс кескіндемесінің трагедиясы осында», - деп орыс бейнелеу өнеріне тән пішіннің жоқтығын айтады.

Сондықтан қазақ кесікіндеме өнері «постмодернизм» кезеңінде де өзінің ұлттық нақышы мен пішішін сақтап отыр.

Модернистік кескіндеме

Модернистік кескіндеменің негізгі мәселелері	
1	2
Пішінді (фигуративті)	Пішінсіз (нефигуративный)
Түсінікті өнер – өнер объектісі актуалдылығын жоғалта қойған жоқ, көркемөнерде жаңаша пішін іздестіру. Тақырып, сюжет, композиция, бейнелеуші объект, яғни объектінің пішіні бар. Суретшілер жаңаша пластикалық тілді қалыптастырды.	Дәстүрден бас тарту – өнерде таза пішіндер мен таза тілге мән беру. Бейнелеу өнерінде сызық, нүкте, дақтар, түстер және т.б.- көркемөнердің айқындаушы құралдары көркем шығарманың негізгі тілі болды. Суретші бейнелеу өнерінің объектілерін танымастай өзгертті, субъективтілік алға шықты.
индивидуалдылықтың екі жақтылығы	
1	2
Эмоционалды субъективтіліктің шегіне жетті.	Экспрессионизм өзінің кереғарлығына тап болады, ...ұжымдыққа. Индивидуализм мен ұжымдық, логикалы contradictio in adjecto, өмір шынайы фактіге айналған.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, қазақ заманауи өнерінде жаңа үрдістер мен бағыттар пайда болады. Заманауи сыншылардың ойынша, жаңа академизм қалыптасқан дәстүр мен таптаурындарға қарсыклассикалық өнердің қайта жаңғыруын өзінің мақсаты деп біледі. Дегенмен, бұл бағытты жақтаушылар ескірген дәстүрлерге қайта оралуды көксемейді, оларды жаңа техниканың жетістіктерімен органикалы біріктіру. Жаңа пайда болған бағыттардың да, алдыңғы кезеңдердегі бағыттар немесе стильдерге ұқсас толыққанды теориялық негіздемелері бар. Мақалалар, ережелер басылып, өздерінің ағымдарын негіздеп жатады. Бүгінгі заманауи бейнелеу өнері «келемежді», маскарадты XX ғасырда салтанат құрған модернизм мен постмодернизмге қарсы қояды.

Қазақ кескіндеме өнерінде кездесетін «шексіз кеңістік» дәстүрлі идеясы әрбір келесі кезеңдерде дамып, жетіле түсті. Кейінгі кезеңнің суретшілерінің шығармашылығы «шексіз кеңістік» идеясын негізге алатын фундаментальды концепцияны дамытты.

Сонымен, кеңестік канондардан бас тарпастан, ұлттық көркем құндылықтарға оралу, еуропалық көркем тәжірибелердің әдіс-тәсілдерін өздерінің жаңаша көркем ізденістерінде пайдалану, жиырмасыншы ғасырдың алпысыншы-жетпісінші жылдарына тән құбылыс. Бұл кезеңде сонымен кәсіби бейнелеу өнерінің классикалық тілі мен жаңадәстүршілдік, яғни негізі ұлттық көркем қабылдауда жатқан ұлттық дүниетаным мен түсінік және осы критерийді негізге алған көркем тіл.

Дегенмен, қазақ суретшілері кәсібилікке әбден шыңдалып, өнердің жаңаша тілін іздеуден бас тартқан жоқ, керісінше жаңаша көркем тілді іздеу дамып, келесі бір деңгейге көтерілді.

Заманауи кескіндеме өнері – бұл реалистер ойлағандай, шынайы дүниенің көшірмесі емес. Бұл жарық пен түстерді алатын, тек шындықты бейнелейтін, гиперреализм де емес. Бұл фантастикалы да, сюрреалистік дүниелер де емес. Заманауи кескіндеме өнері – бұл импрессионистердегідей жан сезімін баурап алатын, қандай да бір көңілді бейнелеу де емес, консептуалистердегідей ой мен идеяларды бейнелеу де емес. Бұл жай өз әлемі. Бір жерден көрген әлем де емес, бұл алдымен жасау керек дүние. Заманауи өнерге, оның пайда болу алғы шарттарына, тұжырымдары мен мен көркем тәжірибелеріне талдау жасау арқылы, заманауи өнер өткен кезеңнің өнерлерінің әдіс-тәсілдерін өздеріне сіңіре отырып, күнделікті талғамға, бұқаралық қоғамға бағытталған, жаңаша қолтаңба ізденістері және дәстүрлі көркем пішіндерге бағыт алу деп қорытындылаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Труспекова Х.Х. Авангардые идеи XX века в живописи и актуальном искусстве Казахстана. – Алматы, 2011. – 376 б.
2. Лиотар Ж.-Ф. Состояние постмодерна. - М.; СПб.: Алетейя, 1998. – 160 с.
3. Герман М. Модернизм. Искусство первой половины XX века. – 2-е изд., испр. – СПб.: Издательский дом «Азбука-классика», 2008. – 408 с.
4. Кобжанова С. Мировые художественные традиции в развитии живописи Казахстан (1930-1980-е годы) – Алматы, 2012. – 164 с.
5. Байжігітов Б.К. Бейнелеу өнерінің философиялық мәселелері: кеңістік пен уақыт ырғағындағы тұрақты сурет үлгілері. – Алматы: Ғылым-Өлке, 1998. – 192 б.
6. Оразқұлова Қ.С. Қазақ суретшілері шығармашылығындағы архетиптік образ бен ұжымдық бейсана: мәдени-философиялық талдау. – Алматы: «Каратау КБ» ЖШС; Дәстүр, 2014. – 384 б.

ӘОЖ 75.03 (574) **МРНТИ 18.31.07**

Кожагулов А.Т.
Доктор PhD**,** Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
(Алматы, Қазақстан)

САНДЫҚ ӨНЕР МЕН ДӘСТҮРЛІ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ СИНТЕЗІ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

АҢДАТПА

Бұл мақалада сандық және дәстүрлі бейнелеу өнерінің синтезі қарастырылып, олардың шығармашылық мүмкіндіктері талданады. Сандық технологиялар мен дәстүрлі әдістердің өзара ықпалы қазіргі заманғы өнерде жаңа бағыттардың қалыптасуына негіз болады. Сандық технологиялар мен дәстүрлі әдістердің өзара ықпалы қазіргі заманғы өнерде жаңа бағыттардың қалыптасуына негіз болады. Сондай-ақ, Қазақстанның қазіргі заманғы бейнелеу өнері және болашақ суретшілерді даярлаудағы көркем білім беру жүйесіне қатысты ұсыныстар ұсынылады. Мақалада гиперреализм, визуалды ойлау, шығармашылық еркіндік және технологиямен бәсекелестік туралы сұрақтар қарастырылып, суретші мамандығының болашағына қатысты пікірлер мен болжамдар келтірілген.

ТҮЙІН СӨЗДЕР: бейнелеу өнері, жасанды интеллект, фотоаппарат, заманауи технология, гиперреализм, көркем білім беру, болашақ суретші.

Кожагулов А.Т.
Доктор PhD, Казахский национальный педагогический университет имени Абая
(Алматы, Казахстан)

СИНТЕЗ ЦИФРОВОГО И ТРАДИЦИОННОГО ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОГО ИСКУССТВА И ТВОРЧЕСКИЕ ВОЗМОЖНОСТИ

АННОТАЦИЯ

В данной статье рассматриваются исторические этапы развития изобразительного искусства и изменения, вызванные влиянием современных технологий, в том числе фотоаппарата и искусственного интеллекта. Также затрагивается современное состояние казахстанского изобразительного искусства и предлагаются рекомендации по усовершенствованию системы художественного образования для подготовки будущих художников. В статье рассматриваются вопросы гиперреализма, визуального мышления, творческой свободы и конкуренции с технологиями, а также приводятся мнения и прогнозы относительно будущего профессии художника.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: изобразительное искусство, искусственный интеллект, фотоаппарат, современные технологии, гиперреализм, художественное образование, будущий художник.

Kozhagulov A.T.
PhD, Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan)

SYNTHESIS OF DIGITAL AND TRADITIONAL VISUAL ART AND CREATIVE POSSIBILITIES

ABSTRACT

This article explores the historical stages of the development of visual arts and the transformations brought about by modern technologies, including the invention of photography and the emergence of artificial intelligence. It also examines the current state of contemporary Kazakhstani

visual art and offers recommendations for improving art education systems aimed at training future artists. The article addresses issues such as hyperrealism, visual thinking, creative freedom, and competition with technology, and provides insights and predictions regarding the future of the artist profession.

KEYWORDS: visual art, artificial intelligence, photography, modern technology, hyperrealism, art education, future artist.

КІРІСПЕ

Бейнелеу өнері – адамзат өркениетінің рухани дамуының маңызды айнасы, уақыт пен кеңістікті бейнелеу арқылы тарихи жадты сақтаушы күш. Тас дәуіріндегі үңгір суреттерінен бастап, Қайта өрлеу кезеңінің шеберлеріне дейін бұл өнер түрі өзінің көркемдік құралдары арқылы адам мен қоғамның рухани әлемін бейнелеп келді. Алайда кез келген тарихи кезеңде бейнелеу өнері күрделі сындар мен өзгерістерге ұшырап отырды. Соның бірі – XIX ғасырда фотосуреттің пайда болуы. Бұл жаңалық дәстүрлі суретшілер үшін едәуір күйзеліс әкелді. Себебі, реалистік кескіндеменің негізгі қызметі – шындықты дәл бейнелеу – енді техника көмегімен әлдеқайда жылдам әрі нақты жүзеге аса бастады. Мысалы, француз суретшісі Поль Деларош «Бүгін сурет өнері өлді» деп мәлімдегені белгілі. Алайда бұл өнердің құлдырауы емес, қайта жаңаша бағыттардың тууына түрткі болды: импрессионизм, экспрессионизм, кубизм сынды модернизмдік ағымдар дүниеге келді.

Бүгінгі таңда осындай түбегейлі өзгерістер дәуірінде тағы бір бетбұрыс кезеңіне куә болып отырмыз. Жасанды интеллект пен цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы бейнелеу өнерінің дәстүрлі тәсілдері мен концепцияларына жаңа сын тудырып отыр. Midjourney, DALL·E, Stable Diffusion сынды бағдарламалар бірнеше секунд ішінде көркем туындыға ұқсас бейнелер жасай алады. Бұл жағдай шығармашылық процестің мән-мағынасына, суретшінің рөліне және көркем еңбекке деген көзқарасқа жаңа сұрақтар қойып отыр.

Осы тұста, XXI ғасырдағы бейнелеу өнерінің маңызды бағыты – дәстүрлі және цифрлық тәсілдердің синтезі болмақ. Бұл синтез шығармашылық еркіндікті арттырып, көркем идеяны түрлі медиада жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Алайда дәл осы синтезге қатысты да бірқатар түйткілдер бар. Біріншіден, цифрлық технологиялар суретшінің техникалық дағдыларына деген талапты төмендетуі мүмкін. Екіншіден, көрермен мен өнер туындысы арасындағы эмоционалдық байланыс әлсіреуі ықтимал. Сонымен қатар, туындының түпнұсқалығы мен авторлық құқық мәселесі де өзекті болып отыр.

Аталған мәселе аумағында зерттеулер жүргізген ғалымдардың мәліметтеріне сүйенетін болсақ, алдағы бес-он жылда жасанды интеллект шығармашылық мамандарының табысына қауіп төндіретінін мәлімдеп отыр. Жалпы жасанды интеллекттің адамзатқа қаупі туралы тартысқа ешқашан нүкте қойылмас. Бірі олар адамның орнын толық баса алмайды десе, екіншісі бұл мәселеге бей-жай қарамауға шақырады.

Жасанды интеллектінің сурет салу, композиция құрастыру, образ жасау «қабілеті» болғандықтан, бұл технологиялық компаниялардың жұмысын жеңілдетіп, сәйкесінше табысын арттыруға сеп болады. Қолындағы өнерін кәсіп қылған шығармашылық адамдарының табысы төмендеп кетпесе болғаны.

Көпшілік жасанды интеллектіге жұмысты жеңілдетуге, идея табуға көмекші құрал ретінде қарауы мүмкін. Себебі компаниялар ақша төлеп адам жалдағаннан гөрі өнімді жұмыс істейтін, контент көлеміне қатысты мәселе туғызбайтын жасанды интеллектіге басымдық берері анық. Жасанды инетллект сурет салуды адам салған картиналар негізінде үйренді. Оған қоса белгілі бір суретті негізге аларда авторынан рұқсат та сұралмайды. ЖИ жаңа композициялық идеяларды генерацияларда бұған дейін жазылған туындыларды негізге алады. Автор бұдан бейхабар қалады, одан рұқсат та сұралмайды, ақысы да төленбейді.

Бүгінгі шығармашылық жолында жүрген маман жасанды интеллектінің жаңа мүмкіндік ашумен қатар, ол оның ойы мен шығармашылық идеяларын болашақта жаулап алуы мүмкін екенін мойындау керек.

Қазіргі таңда Қазақстандағы бейнелеу өнері де осы жаһандық үрдістермен үндесе дамып келеді. Жас суретшілер цифрлық платформалар арқылы өз шығармаларын халықаралық аудиторияға ұсынуға мүмкіндік алып отыр. Алайда бұл мүмкіндіктермен қатар, заманауи көркем білім беру бағдарламаларында цифрлық сауаттылық пен көркем ойлаудың жаңа формаларын тиімді үйлестіру қажеттілігі туындайды.

Осы мақалада біз дәстүрлі бейнелеу өнері мен цифрлық өнердің тоғысында туындайтын шығармашылық мүмкіндіктерді, олардың синтезінің әлеуетін, сондай-ақ бұл үдерістің болашақ суретшілерге беретін бағыт-бағдарын талдауды мақсат етеміз.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Бейнелеу өнері адамзат тарихындағы ең көне әрі терең өркениеттік құбылыстардың бірі. Ол — адам санасының оянуымен қатар дамыған рухани-мәдени тәжірибенің көркем көрінісі. Алғашқы қауым кезеңінде үңгір қабырғаларында бейнеленген аңшылық көріністері — тек тұрмыстық дерек қана емес, ол адам мен табиғат арасындағы байланыстың, түсініктің символдық көрінісі болды. Бұл суреттер символикалық ойлаудың, бейнелеу тілі арқылы ақпарат берудің бастамасы еді.

Ежелгі Мысыр мен антикалық өнер адам денесінің идеализацияланған формасы, пропорциялар мен симметрия мәселесі көтерілсе, орта ғасырларда бұл бағыттар дінмен ұштасып, иконография мен мозаика өнері өрістеді. Қайта өрлеу дәуірінде Леонардо да Винчи, Микеланджело, Рафаэль секілді алыптар ғылым мен өнердің синтезін көрсетті. Адам тұлғасына қызығушылық артты, перспектива, анатомия, жарық пен көлеңке заңдылықтары ғылыми тұрғыда зерттеліп, өнерге енді.

XX ғасырда бейнелеу өнері концептуалдық бағытқа бет бұрып, көркемдік пішін емес, идея басымдыққа ие бола бастады. Клод Моне, Ван Гог, Пабло Пикассо, Сальвадор Дали, сияқты суретшілер өнердің пішіндік шекарасын кеңейтіп, ішкі эмоция мен идеяны бейнелеуге ден қойды. Бұл өзгерістер дәстүрлі академиялық тәсілдердің шектеулігін көрсетті.

XIX ғасырда фотоаппараттың пайда болуы суретшілер арасында дабыл тудырса, XXI ғасырда бұл үрдіс жасанды интеллектпен қайталанып отыр. Фотоаппарат секілді, қазіргі нейрожелілер (Midjourney, DALL·E, Stable Diffusion) де белгілі бір көркем нысанды нақты және шынайы түрде көрсету қабілетіне ие. Бірақ бұл құралдар адам эмоциясы мен интуициясын, рухани тереңдікті толық жеткізе алмайды. Осы жерде жаңа сұрақтар туындайды: суретшінің рөлі қандай болмақ? Оның шығармашылығы неге негізделеді? Ал көркем еңбекке деген авторлық құқық қалай анықталады?

Кейбір заманауи суретшілер осы өзгерістерді өнердің жаңа шекарасы ретінде қарастырады. Мысалы, неміс суретшісі Марио Клингеман алгоритмдермен жұмыс істеп, жасанды интеллектпен бірлесіп, «автор кім?» деген сұрақ қояды. Ол көрерменді шығармашылық пен технология арасындағы шекаралар туралы ойлануға итермелейді.

Дәстүрлі және цифрлық өнердің синтезі: жаңа шығармашылық кеңістікке жол ашып отырған секілді. Бүгінгі таңда көптеген суретшілер дәстүрлі техника мен цифрлық құралдарды біріктіру арқылы мүлде жаңа бағыттағы жұмыстар туындатып отыр. Мысалы, қолмен салынған акварель суретін кейін сандық форматқа көшіру арқылы оған анимация, интерактивті элементтер қосуға болады. Бұл синтез — тек техникалық бірігу ғана емес, сонымен қатар идеялық, философиялық ұштасу. Осылайша, өнер көрерменмен жаңа деңгейде сөйлесе алады — мысалы, NFT форматындағы интерактивті жұмыстар, AR (кеңейтілген шындық) технологиясы арқылы галерея кеңістігін жандандыру сияқты.

Сандық өнер – бұл заманауи технологиялардың көмегімен жасалатын бейнелеу өнерінің жаңа түрі. Оның негізінде цифрлық құралдар мен бағдарламалар арқылы жасалған көркем туындылар жатыр. Бұл бағыт соңғы онжылдықтарда ерекше қарқынмен дамып, дәстүрлі өнер түрлерімен өзара байланысын нығайтып келеді. Сандық өнердің дамуында графикалық планшеттер, арнайы бағдарламалық жасақтамалар (Adobe Photoshop, Corel Painter, Procreate және басқалары), жасанды интеллект және виртуалды шындық сияқты технологиялар маңызды рөл атқарады. Осы құралдар шығармашылық үдерісті жеңілдетіп қана қоймай, бұрын мүмкін болмаған жаңа стильдер мен техникаларды пайдалануға мүмкіндік береді.

Мысалы, әйгілі британдық суретші Дэвид Хокни iPad планшеті арқылы цифрлық кескіндеме жасап, дәстүрлі өнер мен жаңа технологияларды біріктірудің жарқын үлгісін көрсетті. Оның жұмыстары сандық құралдардың көмегімен жасалғанына қарамастан, дәстүрлі кескіндеме стиліне ұқсас болып келеді. Қазақстандық өнерде де осы үрдіс бүгінгі жас суретшілер арасында сандық өңдеу мен дәстүрлі кескіндемені біріктіріп, ерекше композициялар жасауда. Сонымен қатар, жас суретшілер де жаңа технологияларды белсенді түрде қолданып, қазақ өнерінің заманауи бағыттарын қалыптастыруда.

Сандық және дәстүрлі өнердің синтезі қазіргі заманғы өнер кеңістігінде маңызды құбылысқа айналды. Бұл үрдіс шығармашылық мүмкіндіктерді кеңейтіп қана қоймай, өнердің болашақ дамуына да жаңа бағыттар ұсынуда. Сандық технологиялар мен дәстүрлі әдістердің үйлесімі болашақта өнердің жаңа формаларын дамытуға мүмкіндік береді.

Қазіргі заманғы суретшілер цифрлық технологияларды шығармашылық процестеріне енгізу арқылы өз мүмкіндіктерін кеңейтуде. Бұл үрдіс дәстүрлі әдістер мен жаңа технологияларды біріктіре отырып, көркем туындылардың жаңа формаларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сандық өнердің артықшылықтары:

- жылдамдық пен икемділік;
- цифрлық құралдар суретшілерге түзетулерді оңай енгізуге және бірнеше нұсқаны қатар жасауға мүмкіндік береді;
- көпқабатты жұмыс: сандық платформаларда қабаттармен жұмыс істеу шығармашылық процесті жеңілдетеді;
- кең таралу мүмкіндігі;
- сандық туындыларды интернет арқылы тарату және сандық галереяларда орналастыру оңай.

Дәстүрлі өнердің артықшылықтары:

- материалдық сезімталдық;
- бояу мен кенептің текстурасы көркем туындыға ерекше әсер береді;
- бірегейлік;
- әрбір дәстүрлі көркем шығарма қайталай дара болып табылады;
- ұзақ мерзімділік;
- дұрыс сақталған жағдайда дәстүрлі өнер туындылары ғасырлар бойы сақталады.

Сандық және дәстүрлі өнер: ерекшеліктері мен айырмашылықтары

- **Дәстүрлі өнер** – кенеп, бояу, қарындаш, қашау сияқты физикалық құралдарды пайдалану арқылы жасалады. Ол өзінің табиғи құрылымымен, текстураларымен және қолмен салынған ерекшеліктерімен құнды.
- **Сандық өнер** – графикалық планшеттер, сандық кескіндеме бағдарламалары (Adobe Photoshop, Procreate, Corel Painter) және 3D-модельдеу құралдары арқылы орындалады. Ол өңдеу мүмкіндігі, түстермен шексіз жұмыс істеу және материал шығынының болмауы секілді артықшылықтарымен ерекшеленеді.
- Дәстүрлі әдістер материалдың физикалық қасиеттеріне тәуелді болса, сандық өнерде бұл шектеу жоқ. Мысалы, кескіндеме кезінде майлы бояудың кебу уақыты бар, ал сандық өнерде суретшілер бірден қалаған нәтижесін ала алады.
- Дәстүрлі өнердің эмоционалды әсері жоғарырақ болуы мүмкін, себебі ол көрерменмен тактильді байланыс орнатады. Ал сандық өнер интерактивті мүмкіндіктер ұсына алады.

Сандық және дәстүрлі өнер синтезінің маңызы

Сандық технологиялар дәстүрлі өнермен үйлескенде, жаңа шығармашылық бағыттар мен стильдер қалыптасады.

- **Mixed Media (аралас техника)** бағыты дәстүрлі әдістерді цифрлық өңдеумен біріктіруге мүмкіндік береді. Мысалы, суретші акварельмен сурет салып, оны сандық түрде өңдей алады немесе керісінше.

• **VR/AR технологиялары** өнер туындыларын жаңа форматта көрсетуге мүмкіндік береді. Заманауи галереялар мен музейлерде VR-көрмелер ұйымдастырылып, көрермендер өнер туындыларының ішіне ене алады.

• **Гибридті өнер** түрлері пайда болуда: мысалы, кенепке салынған картинаға кейіннен сандық анимация қосу немесе интерактивті элементтер енгізу. Қазақстандық суретші Ерболат Төлепбайдың шығармаларында дәстүрлі элементтер сандық өңдеумен толықтырылып, ерекше әсер береді.

Сандық технологиялардың шығармашылық мүмкіндіктері

• **NFT (Non-Fungible Token) өнері** – туындылардың түпнұсқалығын растап, авторларға жаһандық нарықта өз жұмыстарын сатуға мүмкіндік береді. Мысалы, Beeple есімді суретшінің «Everydays: The First 5000 Days» атты сандық туындысы 69 миллион долларға сатылып, NFT өнерінің әлеуетін көрсетті.

• **3D модельдеу мен анимация** – дәстүрлі мүсін өнерімен бірігіп, жаңа шығармашылық бағыттар ашады. Мысалы, 3D принтинг арқылы классикалық мүсіндерді қайта жаңғыртуға болады.

• **Жасанды интеллект пен генеративті өнер** – жаңа композициялар мен стильдерді автоматтандыру арқылы жасауға мүмкіндік береді. AI-ға негізделген өнер жобалары, мысалы, Google-дың DeepDream технологиясы, жаңа визуалды эстетиканы қалыптастыруда.

Голографиялық өнер – көркем туындыларды үш өлшемді кеңістікте көрсетуге мүмкіндік береді. Қазақстанда алғаш рет голографиялық көрмелер ұйымдастырылып, өнер сүйер қауымға жаңа әсер сыйлауда.

Бұған дейін Қазақстан бейнелеу өнер алаңы түрлі стильдер мен мектептердің диалог алаңы борлып келгені баршамызға белгілі. Ұлттық нақыш пен заманауи стильдің үйлесімі жаңа көркемдік тілді қалыптастыра отырып суретшілер өз шығармаларында қазақ болмысы мен заманауи тақырыптарды шебер ұштастыра білді.

Бүгінде сандық өнер де біртіндеп Қазақстандағы көркем ортаға еніп келеді. Жас буын суретшілер графикалық планшеттер мен цифрлық бағдарламалар көмегімен жаңа визуалды эстетика қалыптастыруда. Бұл — олардың дүниетанымы мен жаһандық үрдістерге икемделуінің көрінісі. Жоғары оқу орындарының көркем білім беру жүйесінде де қарқынды трансформациялар орын алуда.

Көркем білім беру — кез келген кезеңдегі өнердің сапалық деңгейін анықтайтын басты фактор. Бүгінгі таңда тек академиялық сурет салу мен композициямен шектеліп қалмай, студенттерге идеямен жұмыс істеу, визуалды ойлау, технологиямен өзара әрекеттесу дағдылары қажет. Бұл тұрғыда оқу бағдарламаларына креативті жазу, цифрлық графика, AR/VR дизайн, жасанды интеллект құралдарымен жұмыс істеу, өнер сыны сияқты модульдер енгізілуі тиіс.

Сондай-ақ, цифрлық және дәстүрлі тәсілдердің синтезіне арналған практикалық жобалар — студенттердің шығармашылық әлеуетін арттырып қана қоймай, оларға нарықтық сұранысқа сай икемділік береді. Бүгінде жас суретші, суретші-педагог мамандарға қойылып отырған нарықтық талап жасанды интеллект дәуіріндегі суретші болмысын қайта қарастыруды көздеп отыр.

Суретші үшін басты құндылық — идея, стиль, дербестік және сезім. Жасанды интеллект туынды жасай алуы мүмкін, бірақ идеяны тудыратын рух, түпнұсқалық болмыс, адами тәжірибе — тек адамға тән қасиет. Сондықтан жас суретшілер техникалық жарыстан гөрі, мазмұн тереңдігіне, жеке стиль мен философиялық тұжырымға назар аударғаны жөн.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сандық және дәстүрлі бейнелеу өнерінің синтезі қазіргі заманғы өнерде шексіз мүмкіндіктер туғызады. Бұл синтез шығармашылық әдістердің дамуына ықпал етіп қана қоймай, өнер туындыларын жаңа технологиялар көмегімен интерпретациялауға мүмкіндік береді. Болашақта сандық өнердің дамуы дәстүрлі өнермен тығыз байланыста жалғаса бермек.

Көптеген зерттеушілер мен өнертанушылар цифрлық және дәстүрлі өнердің бір-бірін толықтыратынын және болашақта олардың үйлесімді дамитынын атап өтуде. Бұл үрдіс жаңа

көркемдік бағыттардың пайда болуына, көрермендермен өзара әрекеттесу мүмкіндіктерінің кеңеюіне жол ашады. Цифрлық өнер мен дәстүрлі бейнелеу өнерінің синтезі қазіргі өнердің жаңа бағыттарын қалыптастыруда үлкен рөл атқаруда.

Бейнелеу өнерінің даму жолында жаңа технологиялардың ықпалы, әсіресе фотоаппарат пен жасанды интеллекттің енгізілуі, өнердің мәні мен құндылықтарын қайта қарастыруға мәжбүр етті.

Бүгінгі күні жасанды интеллект өнер әлеміне айтарлықтай өзгерістер енгізіп, суретшінің рөлі мен шығармашылық мүмкіндіктеріне жаңа көзқарастар туғызды. Дегенмен, цифрлық құралдар мен технологиялар адамның сезімін, эмоциясын, шығармашылық тереңдігін толығымен алмастыра алмайды. Сондықтан суретшілердің шығармашылығы әлі де оның ішкі әлемі мен философиялық көзқарастарынан туындайды.

Қазақстанда да бейнелеу өнерінің даму бағыттары жаңарып, жаңа технологиялар мен әдіс-тәсілдер қолданысқа енгізілуде. Қазіргі уақытта ұлттық болмыс пен заманауи стильдердің үйлесімділігі біздің өнеріміздің дамуында маңызды орын алады. Сондай-ақ, жас суретшілердің цифрлық технологиялармен жұмыс істеуі — әлемдік үрдістерге сай жаңа шығармашылық мүмкіндіктерді ашады.

Көркем білім беру жүйесінде де айтарлықтай өзгерістер қажет. Жас суретшілерге тек техникалық дағдыларды меңгеріп қана қоймай, сондай-ақ шығармашылық ойлауды дамыту, заманауи технологиялармен жұмыс істей білу дағдыларын беру аса маңызды. Креативтілік пен идеялық тұрғыдан ауқымды көзқарас қалыптастыру — бүгінгі көркем білім берудің басты міндеті.

Осылайша, дәстүрлі және цифрлық бейнелеу өнерінің синтезі болашақта өнердің жаңа формаларын, концепцияларын және болмысын қалыптастыруға әкеліп соғады. Бұл синтез шығармашылықтың жаңа мүмкіндіктерін ашып, өнерді келешектің маңызды құндылығы ретінде сақтау мен дамыту үшін үлкен ықпал етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Арнольд Г. Искусство в цифровую эпоху. – Санкт-Петербург: Питер, 2020.
2. Джон Бергер. Искусство видеть. – М.: Ад Маргинем Пресс, 2018.
3. Гращенков В. Искусство и технологии: прошлое и настоящее. – Москва: Искусство, 2017.
4. Dyer, Clare. 'Hirst pays up for Hymn that wasn't his', The Guardian, 2000.
5. Robert Marzullo. Digital Art and Traditional Art — Pros and Cons. 2024.
6. Liakopoulou Maria. The professional competence of teachers: which qualities, attitudes, skills and knowledge contribute to a teacher's effectiveness // International Journal of Humanities and Social Science. - 2011. – Vol. 1, №21. – P. 66-78.
7. Alashwal M. The main professional qualities and skills of an effective and modern teacher. Education // American Journal of Educational Research. - 2019. - №1. – P. 16-22.
8. Hito Steyerl. Duty Free Art. – Verso Books, 2017.
9. Yajun Xu – «Intelligent e-learning system in the development of preschool music education based on digital audio technology» (2024).
10. Глинка С. В. Основы цифрового искусства. – Санкт-Петербург: НИУ ВШЭ, 2014.
11. Klingemann, Mario. 'Neural Glitch Art'. 2020.
12. https://kz.kursiv.media/kk/2024-12-06/svtln-jasandu-inttelekt/
13. Xiaoyao Yue and Ruixuan Ji. Teacher Professional Competencies in Education for Sustainable Development. Sustainable Organizations - Models, Applications, and New Perspectives. – 2020.
14. Кожагулов А.Т., Әлмұхамбетов Б.А. Әлемдік бейнелеу өнерінің тарихы. – Алматы, 2021. 64 б.
15. Хайдеггер М. Исток художественного творения: избранные работы разных лет / пер. с нем. Михайлова А.В. Философские технологии. – М.: Академический Проект, 2008. - 527 с.
16. Болтон Р. New Media Art. – Cambridge: MIT Press, 2016.

УДК 111.85 **МРНТИ 02.61.31**

Сайкенева Д. К.
PhD, Шығыстану кафедрасынынғ қауымдастырылған профессоры
Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және әлем тілдер
университеті(Алматы,Қазақстан)

ИКИ ЭСТЕТИКАСЫ: ҮНСІЗ СӘН-САЛТАНАТ

АҢДАТПА

Соңғы жылдары сән "үнсіз сән-салтанат" (Quiet Luxury) эстетикасының пайдасына сәнді тұтынудан бас тартуға байланысты өзгерісті бастан кешуде. Бұл стиль талғампаз мәртебенің символына айнала отырып, мінсіз сапаны, нұсқалы дизайн және егжей-тегжейлерді терең түсінуді көрсетеді. Батыс мәдениетінде ол "old money" мен интеллектуалды элитаның мұрасымен байланысты және осы философияны бейнелейтін брендтердің арасында Brunello Cucinelli, Loro Piana және The Row бар.

Жапон мәдениетінде бұл құбылыстың аналогы Эдо кезеңінде (1603-1867) қалыптасқан "ики" эстетикалық категориясы болып табылады. Ақсүйектер эстетикасынан айырмашылығы, ол қалалық көпестер ортасында пайда болды, ол сымбаттылық пен талғампаздықты көрсетеді. Зерттеу "ики" эстетикасының сән үрдістеріне социологиялық және семантикалық талдауды қолдана отырып, қазіргі "old money" және "quiet luxury" стилімен байланысын қарастырады.

Мақалада ики категориясы ұстамды сән-салтанат тұжырымдамасында киімнің, өрнектің, матаның, мінез-құлықтың әртүрлі элементтері арқылы ашылады, тарихи және философиялық аспектілер Эдо кезеңіндегі жапон қоғамында жаңа мүмкін категориялардың қалыптасуына қалай әсер ететінін талдайды.

ТІРЕК СӨЗДЕР: «Old money», үнсіз сән-салтанат, сән, ики эстетикасы, Эдо кезеңі, Жапония, кагедаши

Сайкенева Д. К.
PhD, ассоциированный профессор кафедры Востоковедения
Казахский университет международных отношений и мировых языков имени
Абылай хана (Алматы, Казахстан)

ЭСТЕТИКА ИКИ: ТИХАЯ РОСКОШЬ

АБСТРАКТ

В последние годы мода переживает трансформацию, связанную с отказом от показного потребления в пользу эстетики «тихой роскоши» (Quiet Luxury). Этот стиль подчеркивает безупречное качество, лаконичный дизайн и глубокое понимание деталей, становясь символом утонченного статуса. В западной культуре он ассоциируется с наследием старых денег и интеллектуальной элиты, а среди брендов, воплощающих эту философию, можно выделить Brunello Cucinelli, Loro Piana и The Row.

В японской культуре аналогом данного феномена выступает эстетическая категория «ики», сформировавшаяся в период Эдо (1603–1867). В отличие от аристократической эстетики, она зародилась в среде городского купечества, отражая сдержанную элегантность и утонченную простоту. Исследование рассматривает, как эстетика «ики» соотносится с современным стилем «old money» и «quiet luxury», используя социологический и семантический анализ модных тенденций.

Работа анализирует как категория ики в концепции сдержанной роскоши раскрывается посредством разных элементов одежды, узора, ткани, поведения, демонстрируя, как исторические и философские аспекты влияют на формирование новых модных категорий в японском обществе периода Эдо.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: «Old money», Тихая роскошь, мода, эстетика Ики, Период Эдо, Япония, кагэдаси

Saikeneva D.K.
PhD, associated professor of Oriental Studies Department
Kazakh Ablai khan University of International Relations and World Languages

AESTHETICS OF IKI: QUIET LUXURY

ABSTARCT

In recent years, fashion has undergone a transformation, moving away from ostentatious consumption in favour of an aesthetic of "quiet luxury". This style emphasises impeccable quality, concise design and a deep understanding of detail, becoming a symbol of elevated status. In Western culture, it is associated with the heritage of old money and the intellectual elite, and brands that embody this philosophy include Brunello Cucinelli, Loro Piana and The Row.

In Japanese culture, the aesthetic category "iki", which emerged during the Edo period (1603-1867), is an equivalent of this phenomenon. In contrast to aristocratic aesthetics, it emerged in the urban merchant class and reflects a restrained elegance and refined simplicity. The study uses a sociological and semantic analysis of fashion trends to examine how the "iki" aesthetic correlates with the modern style of "old money" and "quiet luxury".

The work analyses how the category of "iki" is revealed in the concept of restrained luxury through various elements of clothing, patterns, fabrics and behaviours, and shows how historical and philosophical aspects influence the formation of new possible categories in Japanese society of the Edo period.

KEYWORDS: "Old money", quiet luxury, fashion, aesthetics of iki, Edo period, Japan, Kagedashi

Новый модный тренд на «тихую роскошь» в последние годы занимает сердца модников во всех странах мира. В последние годы мода переживает смену ориентиров: демонстративное потребление с яркими логотипами уступает место «тихой роскоши» (Quiet Luxury) — эстетике, основанной на безупречном качестве, лаконичном дизайне и тонком знании деталей. Этот стиль стал символом утончённого статуса, который не требует громких заявлений, но распознаётся знатоками.

В западной культуре quiet luxury особенно укоренился среди представителей старых денежных династий и интеллектуальной элиты, предпочитающих качество, а не брендинг. Такие дома моды, как Brunello Cucinelli, Loro Piana, The Row и Hermès, воплощают философию этой сдержанной роскоши, предлагая вещи, которые не привлекают внимания броскими элементами, но говорят о высоком статусе через материалы и крой.

Исторически концепция «тихой роскоши» восходит к эстетике старых денег (old money) и классического американского преппи-стиля, сформированного в середине XX века в университетах Лиги Плюща. Стиль "Old money" в моде относится к изысканной, сдержанной и неподвластной времени эстетике, ассоциирующейся с богатством поколений и аристократическим наследием. Отличающийся классическим кроем, приглушенной цветовой палитрой и высококачественными тканями, этот стиль излучает непринужденную элегантность, которая резко контрастирует с кричащими символами богатства. Эстетика "Old money", основанная на традициях элитных семей Европы и Соединенных Штатов, олицетворяет стиль жизни, а не просто модную тенденцию, подчеркивая наследие, сдержанность и изысканность. Истоки эстетики "старых денег"

можно проследить в семьях европейской аристократии и американского высшего класса 19-го и начала 20-го веков. В Соединенных Штатах это стало особенно заметно среди семей с Северо-востока, например, проживающих в Новой Англии, которые наследовали богатство из поколения в поколение. Эти семьи, которых часто относят к "осиной" (белой англосаксонской протестантской) элите, предпочитали классический стиль, опрятный стиль и стиль Лиги плюща, которые отражали их статус, но не были показушными. Ключевое влияние оказали наряды для загородных клубов Великобритании, мода для верховой езды и традиционный пошив одежды от известных европейских домов моды. Сегодня quiet luxury стал реакцией на эпоху логомании и быстрой моды, предлагая альтернативу в виде интеллектуального потребления, где статус определяется не показной дороговизной, а пониманием традиций, качества и утончённой простоты.

В Японии данный тренд зародился намного раньше и проявил себя через эстетическую категорию *ики*. Сформированная в период Эдо (1603–1867) эстетика ики стало вызовом аристократической эстетике красоты, которая широко известна как *моно-но аварэ (постижение сути вещей) - очарование вещей,* возникшая среди придворной аристократии в период Хэйан (794-1185). Каждый последующий период формировал свое понимание красоты – *югэн, ваби-саби*, но все эти категории были трансформацией *моно-но аварэ*. В. Овчинников великолепно описал эти категории, так он объяснял категорию *югэн*: «С вечной изменчивостью мира, учит секта дзэн, несовместима идея завершенности, а потому избегать ее надлежит и в искусстве. В процессе совершенствования не может быть вершины, точки покоя. Нельзя достигнуть полного совершенства иначе, как на мгновение, которое тут же тонет в потоке перемен. Совершенствование прекраснее, чем совершенство; завершение полнее олицетворяет жизнь, чем завершенность. Поэтому больше всего способно поведать о красоте то произведение, в котором не все договорено до конца» [1, с.22].

В отличии от возвышенного переживания аристократами природных явлений выраженных в категориях *моно-но аварэ*, категория ики зародилась в городской среде среди купечества в период, когда в «закрывшейся» от мира Японии начала «зарождаться» новая социальная прослойка, которая сформировала свое представление о красоте.

Категория "ики" в японской культуре сохраняет свою семантическую основу, выражая утонченную сдержанность и естественную элегантность, но её конкретные значения и способы проявления трансформируются в зависимости от исторического и социального контекста. Данная статья посвящена анализу категории *ики* и ее проявлениях, которые ныне можно трактовать как стиль «old money/quite luxury». В рамках исследования при помощи социологического анализа моды и семантического анализа будет рассмотрена историческая эпоха, которая повлияла на формирование данной категории и знаковое содержание модных тенденций.

Немало работ было посвящено описанию и анализу традиционного японского костюма и различных эстетических категорий, которые повлияли на формирования той или иной модной тенденции. О.А. Хованчук в своей диссертации по японскому традиционному костюму рассмотрела почти все аспекты, касающиеся эволюции одежды с древности по новое время [2], автор в своём труде отмечает роль внешнего влияния не только Китая, но и Европы и США на новые модные тенденции, выделяет особенности каждого исторического периода, который сформировал уникальные особенности традиционного костюма. Фукай Акико и Сумо Тамами представили широкой аудитории красочное издание по истории моды с XVII по XX век [3], авторы показали влияние японского кимоно на модные тенденции Французской моды XIX века. Среди исследователей эстетических категорий ваби-саби, югэн, моно-но аварэ Н.И. Конрад, Н.Г. Анарина, М.П. Герасимова, Т.П. Григорьева раскрывают эти концепты красоты через призму театра, литературы, чайной церемонии. Сложно отдельно рассмотреть данные категории вне контекста материальной культуры, потому что именно посредством материальной культуры познаются данные категории. В рамках семиотических

исследований Массимо Леоне отмечает, люди интерпретируют визуальные образы, формируют их семантику и классифицируют в рамках определённых онтологических концепций, различия обусловлены тонкими механизмами культурной дифференциации, которые можно понять только через комплексное изучение как культуры, так и природы [4]. Японская эстетическая категория ваби-саби, подчеркивающая красоту несовершенства, эфемерности и естественности, демонстрирует, как культурные традиции формируют восприятие визуальных образов и их символическое значение. Категория ики в отличии всех остальныъ эстетических категорий слабо изучена, первый труд по структурному анализу данной категории, который в последствии и сделал ее популярной был японский философ Куки Сюдзо. Куки Сюдзо различает три категории (соблазнительность, дерзкое самообладание, смирение), которые в рамках исторического контекста приводят к формированию уникального отношения к жизни в стиле ики. Труд Куки Сюдзо привлек внимание, в трудах российских ученых предприняли попытку анализа его философских идеи [5], отмечали влияние экзистенциальной концепции смерти М. Хадеггерра. Используя подход С. Куки предприняты попытки анализа «тоскливой красоты» в русской культуре, где в противовес японской пустоте используется орнамент [6]. В рамках данного исследования эстетика ики будет проанализирована исключительно на примере одежды.

Истоки эстетики ики: эпоха Эдо и ее ограничения

Период Эдо (1603–1868) в Японии характеризовался строгой социальной и политической системой, установленной сёгунатом Токугава, которая включала многочисленные ограничения в различных сферах жизни. Одним из ключевых инструментов контроля было разделение общества на фиксированные сословия (си-но-ко-сё – самураи, крестьяне, ремесленники и торговцы), ограничивавшее социальную мобильность [7, p.125]. Заложническая система, когда наследники разных дайме были обязаны проводить некоторое время в Эдо в виде заложников, привело к большим финансовым затратам аристократических семей, жизнь в «новой» столице была дорогой и поэтому аристократом, которые приезжали с семьей и своими слугами приходилось вести скромный образ жизни. В то время как купеческое сословие в городе начинало процветать. Несмотря на то, что купцы в иерархической системе относились к низшему сословию, эпохальные перемены в Эдо дали им возможность выйти на новый уровень. После затяжных клановых войн, в стране наконец-то наступает стабильность, развивается денежные отношения, ранее был натуральный обмен продуктами. Это привело к тому, что купцы в руках, которых оседает значимый капитал начали вести роскошный образ жизни, в то время как самураи, которые стояли намного выше в социальной иерархии не имели право заниматься торговлей, это считалось низким и не достойным делом. Стабильность в стране лишила самураев их военного дела и сократило их содержание, что вылилось в недовольство. Зачастую самураи влезали в долги, попадая в финансовую кабалу купцов. Развитие денежных отношений привело к созданию финансовых институтов и системы кредитов, что не могло не пугать сегунат. Сегунат, который, по сути, держался на самурайском сословии вводит ряд запретов, которая должна была сдерживать развитие нового сословия и их образа жизни.

Экономическая политика регулировалась строгими законами, реформы кансэй и тэмпо запрещали определённые формы торговли и ограничивавшими роскошь среди низших сословий. Законы о роскоши (сумпу хатто) накладывали запреты на использование дорогих тканей, украшений и определённых архитектурных элементов для купцов и ремесленников, чтобы поддерживать сословную иерархию. Э. Икегами, подчеркивает, что именно изоляционистская политика Токугавы привела к тому, что начала развиваться своеобразная японская культура со своими эстетическими категориями нового сословия [8, с.242]. Прежде всего именно развитие торговли, миграция с деревень в город, развитие ремесла привело к тому, что большой капитал денег начал оседать в руках у купцов. Это привело к расцвету городской жизни,

развлекательных кварталов *карюкаи* (мир цветов и ив), трансформации театра. Но в театр Кабуки, доступный для понимания простого народа, и конечно же культура гейш, гейши и актеры театра Кабуки стали законодателями моды и амбасадорами эстетики ики.

Вводимые сегунатом запреты на роскошь привели к тому, что сформировалась «скрытая роскошь», например, в период Эдо был запрет на возведение домов выше одного этажа. Купцы строили одноэтажные дома, но наполняли их предметами роскоши. Запрет на дорогие и цветные ткани привел к тому, что нижние слой кимоно был красивым и дорогим, а внешний однотонным и из менее дорогой ткани.

Таким образом, ограничения периода Эдо были направлены на сохранение стабильности общества, но одновременно способствовали развитию уникальной японской культуры, адаптированной к условиям изоляции и строгой социальной регламентации.

Философия *ики*

Слово ики, используемое в Эдо записывалось иероглифами 意気, создавали коннотацию со значением «дух», «настроение» «склад характера», «темперамент», и на первых порах служило обозначением душевной чистоты. О таких людях говорили икиёси, – с хорошим характером, «хороший по натуре» [9, с.41]. Согласно исследованиям Герасимовой, в Японии существовало два слова в Киото суй (粋) и ики в Эдо, оба они возникли в «веселых кварталах», куда ходили зажиточные горожане, торговцы, которые умели вести дела. «Суй» значит «суть», «квинтэссенция», «лучшее», «цвет», а также «хороший вкус», «утонченность», «деликатность», «элегантность», ики - «стильный» «элегантный», «шикарный», а также «первозданный», «простой». Ранее записываемый иероглифом 意気 ики, позже записывался также как и Киотский суй 粋 [9, с.41]. Во второй половине периода Эдо, значение ики чаще переводилось как «изысканная женственность», со временем «икийными» стали и мужчины, если они имели такие качества как проницательность, «разбирались в людях, понимали у кого что на уме», «знали толк в развлечениях», умели оценить изящное и были способны на глубокие чувства и тонкие эмоции. Данные качества не относились к навыкам, которые можно было развить, они считались данными от природы качествами, они постигались также как и моно-но аварэ. Таким образом, данная природой харизма, которая была присуща лучшим гейшам и удачливым торговцам передавали понятие данной эстетической категории. Поэтому чайные кварталы и кварталы развлечений зачастую называли «миром изысканных развлечений» (суй-на асоби-но сэкай 粋な遊びの世界).

Куки Сюдзо в своем труде «Структура Ики» определил структуру ики как коннотативную и выделил три взаимосвязанные составляющие (концептуальные элементы), которые образно определил как:

1) кокетство гейши (битай 媚)

2) достоинство и мужество самурая (икидзи 意気地)

3) смирение буддийского священника (акирамэ 諦め).

Данная структура могла проявится в цветовой палитре кимоно. Так, как был введен запрет на цветные дорогие ткани для низшего и среднего сословия, ограниченное количество цветов стали характеристикой ики. Так по мнению С. Куки посредством приглушенных тонов синего выражается двойственность: «цветность» («вызов») с одной стороны и примесь или «привкус» чёрного («смирение») с другой [6, с. 80-84]. В целом самым «икийным» цветом считался серый. Коричневый («чайный») цвет – также один из излюбленных цветов ики, поскольку из-за примеси чёрного в этом цвете есть и «смирение», и роскошь. В этот период появидись сложные техники окрашивания юдзэн (友神), которые позволяли наносить детальные рисунки на ткань. Сложное плетение узоров в тканях таких как касури (絣), сотканная из волокон, окрашенных специально для создания узоров и изображений на ткани. Это разновидность икатного окрашивания, в

результате которого традиционно получаются узоры с размытыми или размыто-матовыми краями.

Другим примером проявления *ики* была не только одежда и макияж гейш, но и их поведение, так «икийность» гейши описывает Л. Делби: «Гейши Фукагавы были известны тем, что не носили носков-таби. Вид маленькой ножки гейши, обнаженность которой подчеркнута черным лаком деревянный сандалий, да еще на холодном снегу, был пиком стиля *ики*. Хотя здесь на первый план выдвигался элемент эротики, его выражением в истинном духе *ики* был сильный характер хрупкой, изящной женщины» [10, с. 314]. Дерзкие выходки гейши и ее утонченный вид, при ее покорности был манифестом эстетики *ики*. Другим примером философии *ики* является орнамент в виде полосок на тканях, С. Куки, считает, что именно полоски являются наиболее наглядным примером философии *ики* и именно вертикальные полосы, а не горизонтальные, потому что вертикальные полосы легче воспринимать как параллельные, которые никогда не пересекутся, в этом выражается их двойственность [5, с. 70-72].

Социологическая теория моды в контексте *ики* показывает, как стиль становится выражением социальных норм, классовой идентичности и культурных ценностей, но со временем мода зародившаяся в низах приглянулась и аристократам. На картинах известных художников, которые творили в стиле укиё-э можно увидеть как была запечатлена эстетика *ики* посредством орнамента полосок как среди низшего сословия так и среди аристократ.



Рис.1. Киёнага Торри. Прогулка в снежный день



Рис. 2. Харунобо Сузуки. Ткачиха

Эстетика *ики* и ее проявление в моде

После ввода ряда запретов на дорогие ткани и расцветку (строго запрещалось использовать красный и пурпурный) купцам лишь осталось создать свой уникальный стиль, который бы показал, что они не смирились со своим положением. Стоит отметить, что низшее сословие в виде купцов, актеров, крестьян зачастую страдали от произвола

самурая, который мог в любой момент проверить остроту своего клинка на них. Получив финансовую независимость, они начали демонстрировать свое презрение к самураям, которы стали должниками у купцов. Введённый запрет на роскошь, пытался указать место купцам в сословной иерархии, но они не хотели мириться с таким положением и искали пути для самовыражения.

Одним из таких «мирных бойкотов» было украшение кимоно изнутри, то есть акцент делался на подкладочной ткани кимоно. Она называлась «кагэдаси» (影打ち— подкладка, подклад кимоно) или «кагэ» (影 (кагэ) — тень, или скрытая сторона), при сдержанном монотонном или в полоску кимоно такая подкладка производила впечатляющий эффект.

Данный способ демонстрации роскоши был очень «икийным» - изящным, так как запрет на роскошь распространялся на внешнее кимоно, его внутренняя часть считалась «интимной», и никто не имел право заставить снять кимоно, чтобы увидеть полную картину. Внутренний узор подклада был виден лишь при активной ходьбе или же когда обладатель кимоно садился, подол слегка приоткрывался и показывал богатство цвета и узора. Протест проявлялся и специальными орнаментами, например, карп, который символизировал стойкость в своем решении достигнуть чего-либо, и ивы символы гейш, которое получили свое отражение и в названии кварталов развлечений *карюкай. И*вы — это стойкость и лояльность по отношению к своему патрону. В целом *ики* связано с харизмой, умением флиртовать, быть дерзким, но в рамках закона, поэтому любой элемент одежды, макияжа и украшений, который мог бы показать искусную индивидуальность считался *ики.*



Рис. 3. Период Эдо кимоно: внешняя и внутренняя сторона (кагэдаси)



Рис. 4. Винтажное кимоно Хаори с цветным подкладом

Среди современных модных трендов хакэ в стилизованных костюмах также получили большой отклик у модников. Machiko_shime японский модельер, которая творит в стиле *ики.* После эпохи Мэйдзи, когда Япония повернула свой взор на Запад, в моду вошла одежда Западного стиля, несмотря на то, что использовали традиционную покраску ткани, западный стиль на долгое время вытеснил традиционную одежду среди горожан. После Второй мировой войны виияние американской культуры привнесли

новые модные тренды, которые породили городские субкультуры такие как Lolita, Fairy Key с японской спецификой, на этом фоне стиль *ики* вполне лаконично вписывается в минималистический дизайн в одежде с броскими элементами, который подчеркивает приверженность к традициям и следует современным модным тенденциям.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

Стиль ики возник в период Эдо как реакция на строгие социальные ограничения, включая законы о роскоши (倹約令, кенъяку-рэй), которые запрещали простолюдинам демонстрировать богатство. Эти запреты сформировали уникальную эстетику, в которой элегантность выражалась не через явную роскошь, а через сдержанное изящество, внимание к деталям и тонкую игру намёков.

Семиотический анализ *ики* раскрывает его как систему знаков, где отказ от вычурности сам становится символом статуса. В то время как аристократическая мода выражалась в очевидной демонстрации богатства, *ики* шёл другим путём: истинная ценность заключалась в качестве тканей, изысканной палитре, тонкой недосказанности образа. Это стиль, который не кричит, а шепчет о достатке.

С социальной точки зрения *ики* был стилем низших слоёв — торговцев, ремесленников, горожан, которые, не имея права на роскошь, создали свою собственную эстетическую стратегию. Однако парадоксально, именно этот стиль, зародившийся среди «низов», стал основой для современной концепции «тихой роскоши» (quiet luxury), которую сегодня выбирают модники по всему миру. Минимализм, качественные ткани, продуманная простота — всё это продолжает традицию ики, доказывая, что настоящее богатство не требует доказательств.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Овчинников, В.В. Ветка сакуры. — М.: Молодая гвардия, 1975. — 280 с.
2. Хованчук, О.А. История японского костюма с древнейших времен до середины XX в.— Владивосток, 2006. — 283 с.
3. Massimo, L. Nature and culture in visual communication: Japanese variation on Ludus Naturae//Semiotica, 2016. p. 1-33.
4. Фукай, А., Суо, Т. История моды с XVIII по XX век. Коллекция Института костюма Киото. —М: TASHEN, 2003. —735 с.
5. Kuki, S. Iki-no Kozo. — Tokyo: Iwanami-shoten, 2015. — 211 p.
6. Третьякова, М.С. От красоты ики к тоскливой красоте: выявление модификаций прекрасного в русской культуре в диалоге с японской эстетической традицией// Культура и искусство, 2017(11). С. 46-55.
7. Totman, C. Early Modern Japan. University of California Press, 1995. — 593 p.
8. Ikegami, E. Bonds of Civility: Aesthetic Networks and the Political Origins of Japanese Culture. —New York, 2005. —480 p.
9. Герасимова, М.П. От эпохи Эдо до наших дней эстетический идеал городской культуры// Японские исследования, 2016. №4, С. 36-54.
10. Делби, Л. Гейша/Пер. с англ. В. Симакова. — М.: КРОН-ПРЕСС, 1999. —383 с.

УДК: 7.01 **МРНТИ 18.71**

Юсупов А. Н.
к. архе. доцент, Оңтүстік Қазақстан университеті.М. Әуезова, Шымкент қ., Қазақстан
Юсупова А. А.
PhD, Оңтүстік Қазақстан университеті.М. Әуезова, Шымкент қ., Қазақстан
Ажидинов А. С.
т. ғ. к. профессор, Орталық Азия Инновациялық университеті, Шымкент қ., Қазақстан

ТАМҒАЛЫ ШАТҚАЛЫНЫҢ ЖАРТАСТАҒЫ СУРЕТТЕРІНІҢ СЕМАНТИКАСЫ

АНДАТПА

Мақала Тамғалы жартасындағы адам кейпіндегі күн басты суреттердің мазмұнын анықтауға арналған. Жартас суреттерінде фольклордың болуы қазіргі ғалымдардың пікірлерімен расталады, олар "петроглифтер көне заманның бейнелеу фольклоры" деп жазды. Зерттеу барысында бейнелеу фольклорының үш негізгі компоненті анықталды: батырлар жыры, жартас суреттері, "айтыс" сайысы. Тамғалы графикалық өнерінде ақындардың поэтикалық сайысы бейнеленген. Жартастағы суретте негізгі импровизатор ақындар контурлары ерекшеленіп, қалың сызықтармен көрсетілген. Петроглифте ежелгі суретші айтыстың сюжетін алдыңғы қатарға шығарған. Мұнда көп фигуралы екінші жоспар біртұтас композицияға біріктірілген. Мұнда графикалық тісілмен ипровизатор ақындардың интеллектуалды және рухани күйлері бейнеленген. Импроизатор ақындардың сайысы түркітілдес халықтардың мәдени дәстүрі болып табылады.

ТІРЕК СӨЗДЕР: бейнелеу фольклоры, айтыскерлер сайысы, күн басты петроглифтер

Юсупов А.Н.
к.арх. доцент, Южно-Казахстанский университет им.М.Ауезова, г.Шымкент, Казахстан
Юсупова А.А.
PhD, Южно-Казахстанский университет им.М.Ауезова, г.Шымкент, Казахстан
Ажидинов А.С.
к.т.н. профессор, Центрально Азиатский инновационный университет, г.Шымкент, Казахстан

СЕМАНТИКА НАСКАЛЬНЫХ РИСУНКОВ УРОЧИЩА ТАМГАЛЫ

АННОТАЦИЯ

Статья посвящена выявлению содержания солнцеголовых наскальных рисунков Тамгалы. Присутсвие фольклора в наскальных рисунках потдверждают выскзывания современных ученых: «петроглифы – это «древнейший изобразительный фольклор». В процессе исследования выявлены три основных компонента изобразительного фольклора: героический эпос, наскальные рисунки, состязание певцов сказителей «айтыс». В графическом искусстве Тамгалы отражено поэтические состязание певцов - сказителей. В наскальном рисунке контуры фигур главных поэтов-импровизаторов выделены масштабно и подчеркнуты контрастно-жирными линиями. В петроглифе древний художник выделелил сюжет айтыса на первом плане. Здесь многофигурный второй план плавно объединен в единую композицияю. В картине графическими средствами изображены интеллектуальные и душевные состязания поэтов-ипровизаторов. Состязания поэтов импроизаторов являетсякультурной традицией тюркоязычных народов.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: изобразительный фольклор, состязание певцов сказителей, айтыс, солнцеголовые петроглифы

Yusupov A.N.
Candidate of Architecture, Associate Professor, M.Auyezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan
Yusupova A.A.
PhD, M.Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan
Azhidinov A.S.
ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚ ҚЫШ ӨНЕРІНІҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ: ЭДУАРД КАЗАРЯН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ НЕГІЗІНДЕ

АҢДАТПА

Бұл мақалада заманауи қазақ қыш өнерінің даму тенденциялары кезеңдерге бөліне отырып қарастырылады. Қыш өнерінің дәстүрлі қолөнерден көркемдік деңгейге дейін көтерілу үдерісі сараланып, оның ұлттық және заманауи көркемдік ерекшеліктері талданады. Сондай-ақ зерттеу барысында Эдуард Казарьян, Ришат Қожахметов, Жанна Нөгербек сынды белгілі шеберлердің шығармашылығына тоқталып, олардың қазақ қыш өнеріне қосқан үлесі мен стильдік ерекшеліктері талқыланады. Мақалада қыш өнерінің жаңа бағыттары мен даму перспективаларына назар аударылып, оның қазіргі заманғы көркемдік үрдістермен байланысы ашып көрсетіледі.

ТІРЕК СӨЗДЕР: қазақ керамикалық өнері, шығармашылығы, өнердің дамуына қосқан үлесі.

Турсунгазы Г.
Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова, Алматы
Научный руководитель – Карабалаева Б.Р., магистр искусствоведения

ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОГО КАЗАХСКОГО КЕРАМИЧЕСКОГО ИСКУССТВА: НА ПРИМЕРЕ ТВОРЧЕСТВА ЭДУАРДА КАЗАРЯНА

АННОТАЦИЯ

В данной статье рассматриваются тенденции развития современного казахского керамического искусства, разделенные на этапы. Анализируется процесс его эволюции от традиционного ремесла до художественного уровня, а также исследуются национальные и современные художественные особенности. В рамках исследования рассматривается творчество известных мастеров, таких как Эдуард Казарян, Ришат Кожахметов и Жанна Ногербек, анализируется их вклад в развитие казахской керамики и индивидуальные стилевые черты. В статье уделяется внимание новым направлениям и перспективам развития керамического искусства, а также его связи с современными художественными процессами.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: казахское керамическое искусство, творчество, вклад в развитие искусства.

Tursyngazy G.
Temirbek Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts, Almaty
Scientific Advisor – Karabalaeva B.R., Master of Art Studies, Senior Lecturer

DEVELOPMENT TRENDS OF MODERN KAZAKH CERAMIC ART: BASED ON THE WORKS OF EDUARD KAZARYAN

ABSTRACT

This article examines the development trends of contemporary Kazakh ceramic art, structured into distinct stages. The evolution of ceramics from traditional craftsmanship to an

artistic level is analyzed, highlighting its national and modern artistic characteristics. The research focuses on the works of renowned masters such as Eduard Kazaryan, R. Kozhakhmetov, and Zh. Nogherbek, assessing their contributions to Kazakh ceramic art and their unique stylistic features. The article also explores new directions and future prospects for ceramic art, as well as its connection to contemporary artistic processes.

KEYWORDS: Kazakh ceramic art, creativity, contribution to the development of art.


Қазақ қыш өнері — Қазақстан аумағында ежелден дамып келе жатқан қолданбалы өнердің маңызды саласы. Бұл өнердің түп-тамыры тереңге кетіп, ежелгі дәуірлерден бастау алады. Қыш бұйымдар тек тұрмыстық қажеттіліктер үшін ғана емес, сонымен қатар мәдениет пен өнердің айнасы ретінде де маңызға ие.

Қазақстан аумағында қыштан жасалған алғашқы бұйымдар неолит дәуірінен (б.з.д. 5-мыңжылдық) бастап пайда болды. Археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған қыш ыдыстар, әсіресе Жезқазған, Ботай, Бегазы-Дәндібай мәдениеттерінің мұралары, қыш бұйымдарының сол дәуірде кеңінен қолданылғанын дәлелдейді. Бұл кезеңде ыдыстардың беті қарапайым өрнектермен әшекейленіп, көбінесе күнделікті тұрмыста қолданылатын болды [1,132б].

Қола дәуірінде (б.з.д. 2-1 мыңжылдық) қыш өнері айтарлықтай дамыды. Осы кезеңде қыш бұйымдарының формасы күрделеніп, ыдыстардың сапасы жақсарды. Қыш шеберлері ыдыстарды күйдіріп, оларды берік ету әдістерін жетілдірді [2,33б].

VI–X ғасырлар аралығында түркілер дәуірінде қыш өнері жаңа сатыға көтерілді. Қалалық мәдениеттің қалыптасуы қыш өндірісінің дамуына ықпал етті. Түркілердің ірі қалалары — Тараз, Отырар, Сауран сияқты орталықтарда қыш шеберханалары пайда болды. Бұл шеберханаларда күнделікті тұрмысқа қажетті ыдыстармен қатар құрылысқа арналған қыш кірпіштер мен өрнекті қыш тақталар (терракота) жасалды. Отырардың қыш бұйымдары өзінің сапасы мен әсемдігімен ерекшеленді [3,57б].

Бұл кезеңдерден кейін, қазақ даласында қазақ хандығы құрылды. Қазақ хандығы құрылған кезеңде (XV–XIX ғғ.) қыш өнері тұрмыстық сипатта кеңінен дамыды. Қазақ халқы негізінен көшпелі өмір салтын ұстанғанымен, отырықшы өңірлерде қыш бұйымдары кеңінен қолданылды. Құмған, саптыаяқ, құмыра сияқты ыдыстардың қолданылуы жиі кездеседі. Сонымен қатар, қыш кірпіштер мен мешіттердегі сәндік элементтер де осы кезеңнің айғағы [4,123б]. Жалпы, қазақ халқы көшпелі өмір салтын ұстанғандықтан, керамика өндірісі басқа отырықшы халықтарға қарағанда кеңінен таралмады. Көшпенді тұрмысқа ыңғайлы ағаш, металл және былғарыдан жасалған бұйымдар басымдыққа ие болды. Соған қарамастан, қазақ даласындағы қалаларда қыш өнері үздіксіз дамып, жаңа дәуірлерде өзіндік ерекшеліктерін сақтап қалды (1-сызба).



1-сызба

Қыш өнері тек Қазақстанда ғана емес, Батыс Еуропада да ғасырлар бойы дамып,

бүгінде заманауи өнердің маңызды бөлігіне айналды. Орта ғасырларда (XII-XVI ғасырлар) готикалық сәулет өнерінде қыштан жасалған мүсіндер, витраждар және сәндік элементтер кеңінен қолданылды. Қазіргі уақытта Еуропадағы көптеген суретшілер мен дизайнерлер керамиканы шығармашылық жұмыстарында пайдаланады.

Британдық суретші Грейсон Перри өз өнерінде керамикалық вазаларды пайдаланып, оларды заманауи эстетика мен әлеуметтік тақырыптарға негіздейді [5]. Француз дизайнері Жан-Шарль де Кастельбажак қыш бұйымдарын заманауи сән индустриясында қолдануда [6].

XXI ғасырда қазақ қыш өнері жаңа серпін алып, дәстүрлі әдістер мен заманауи технологиялардың үйлесімі негізінде қарқынды дамып келеді. Егер бұған дейін қыш өнері негізінен тұрмыстық мақсатта қолданылып, құмыра, кесе, табақ сияқты заттарды жасаумен шектелсе, бүгінде ол нағыз көркемдік деңгейге көтерілді. Қыштан жасалған бұйымдар интерьер дизайнында кеңінен қолданылып, заманауи үйлер мен кеңселердің ажырамас бөлігіне айналды. Осы тұрғыда көркемдік деңгейге жұмыс жасап жүрген шеберлердің бірі – Эдуард Казарян.

Эдуард Казарян 1964 жылы Қазақстанның Алматы қаласында дүниеге келген. 1990-жылдардың басында ол жас қазақстандық суретшілер мен мүсіншілердің Еуропада (Франция, Германия, Бельгия) өткен алғашқы көрмелерінде өз өнерін таныстырды, сондай-ақ Қазақстан, Ресей, Германия және АҚШ-та жеке көрмелерін ұйымдастырды [7]. Оның шығармашылығы заманауи қазақ қыш өнерінің дамуына елеулі әсер етті. Ол қыш өнерінің дәстүрлі әдістерін заманауи мүсін өнерімен ұштастыра отырып, жаңа бағыттар мен тәсілдерді енгізді. Мысалы Э.Казарянның ең танымал туындыларының бірі – «Балықшылар отбасы» (1-сурет). «Балықшының отбасы» (2012) атты жұмысы керамикалық өнердің ерекше үлгісі. Шамот және глазурь техникасында орындалған, өлшемдері 220x220x15 см. Композицияның дөңгелек формасы тұтастық, бірлік және отбасы ұғымымен тығыз байланысып тұр. Композицияда отбасы мүшелері бейнеленген: орталықта үлкен екі фигура – ата-ана, олардың ортасында бала немесе балықшының өмірімен байланысты символикалық кейіпкер орналасқан. Бейнелердің пішіндері абстракцияланған және геометриялық элементтерге жақындатылған. Сызықтардың қиылысуы мен түрлі-түсті аймақтардың бөлінуі кубизм мен модернизмнің әсерін байқатады. Жұмыстың визуалдық құрылымында мозаикалық тәсіл қолданылған, бұл әрбір бөліктің маңыздылығын арттырады және композицияға динамика береді.

Сонымен қатар, түрлі-түсті бояуды белсенді түрде қолданған. Көк және жасыл теңізді, сары мен қызыл күн мен жылулықты бейнелейді. Контрастылы түстер мен қара контурлар фигуралардың пішінін айқындап, көрерменнің назарын негізгі бөлікке аударады. Материалдың фактурасы да маңызды рөл атқарып тұр. Шамоттың өрескел, табиғи беті мен глазурьдің жылтыр қабаты текстуралық қарама-қайшылықтар туындатып, жұмысқа қосымша әсер береді. Бұл автордың қолөнерлік тәсілінің бір ерекшелігі.

Шебердің кезекті «Алтын қала» (2-сурет) жұмысы шамоттан жасалған және глазурьмен өңделген, ол өнер туындысына ерекше текстуралық және визуалдық сипат береді.. Туындының композициясы динамикалық және символизмге бай. «Алтын қалада» үйлер, сәулеттік элементтер, адам бейнелері, мифологиялық кейіпкерлер мен жануарлар бірігіп, күрделі көркемдік құрылым жасайды. Суретші қала пейзажын нақты геометриялық элементтер арқылы емес, органикалық және еркін пішіндермен бейнелеген. Композициядағы сызықтар үзілмей, бір-бірімен байланысып, қала мен оның тұрғындарының біртұтастығын көрсетеді. Осылайша, Казарьян қарапайым қала көрінісін емес, оның рухын, энергетикасын жеткізуге ұмтылғандай. Бұл туындының символдық мәні терең.

Эдуард Казарянның «Көк ат» (3-сурет) туындысы геометриялық пішіндерден құралған конструкция ретінде жасалған. Суретші жылқы бейнесін абстрактілі стильде шешіп, оны қарапайым формалар арқылы бейнелеген. Аттың денесі тікбұрыштар мен цилиндрлерден құралса, басы үшбұрышты пішінмен ерекшеленеді. Туындыда

қолданылған ашық және қанық түстер – көк, сары, қызыл және қара – жұмыстың декоративтілік деңгейін арттырып, оны кеңістікпен ерекше қарым-қатынасқа түсіреді.

Қазақ мәдениетінде жылқы – еркіндік пен күштің белгісі. «Көк ат» атауы да бекер емес. Көк түс қазақ мифологиясында аспан мен рухани тазалықты білдіреді. Сонымен қатар, бұл туынды көшпелі мәдениетке деген құрметтің көрінісі ретінде де қарастыруға болады. Қазіргі заманғы урбанистік стильдегі бұл жылқы бейнесі дәстүр мен жаңашылдықтың бірлігін бейнелейді. Жалпы, шебердің «Көк ат» туындысы қазақ қыш өнерінің шекарасын кеңейтіп, оны жаңа көркемдік деңгейге шығарады. Геометриялық абстракция, батыл түстер мен дәстүрлі символизмнің үйлесуі бұл жұмысты ерекше заманауи етіп көрсетеді

Қорытындылай келе, қыш өнері – адамзат мәдениетінің ең көне және маңызды көркемдік формаларының бірі. Ол ғасырлар бойы дамып, тұрмыстық мақсаттан бастап рухани және эстетикалық мағынаға ие дербес өнер түріне айналды. XX-XXI ғасырларда қыш өнері жаңа концептуалды бағыттармен толықты, оның шекаралары кеңейіп, мүсін, архитектура және инсталляциямен тығыз байланыс орнатты.

Эдуард Казарян – қыш материалымен жұмыс істеудің дәстүрлі тәсілдерін жаңаша интерпретациялаған заманауи суретші. Оның жұмыстары тек техникалық шеберлікпен ғана ерекшеленбейді, сонымен қатар оларда терең концептуалды ой, кеңістіктік құрылымдар және мифологиялық, символдық мағыналар бар. Оның туындылары – қыш өнерінің мүсіндік формамен, инсталляция элементтерімен және заманауи көркемдік тұжырымдамалармен үйлесімінің айқын мысалы.

Казарянның «Көк ат», «Үй-қала» және «Алтын қала» атты жұмыстары оның шығармашылық бағытын айқын көрсетеді. Бұл туындылар қыштан жасалғанымен, олардың тек дәстүрлі керамикаға жатқызылуы жеткіліксіз. Себебі олардың формасы, кеңістіктегі орналасуы және көрерменмен өзара байланысы оларды мүсіндік өнер мен инсталляция өнеріне жақындатады. Бұл жерде сұрақ туындайды: бұл туындылар қыш өнері ме, мүсін бе, әлде инсталляция ма?



Бұл сұраққа жауап беру үшін алдымен әрбір өнер түрінің ерекшеліктерін қарастыру қажет. Қыш өнері негізінен керамикалық материалдармен жұмыс істеуді қамтиды және тарихи тұрғыда қолданбалы өнерге жатқызылды. Алайда XX ғасырдан бастап қыш тек тұрмыстық бұйымдар жасаудың құралы ғана емес, дербес көркемдік форма ретінде қарастырыла бастады. Ал мүсіндік өнер кеңістікте көлемді объектілерді құруға бағытталған және көбінесе мәрмәр, металл немесе гипс сияқты материалдармен жұмыс істейді. Инсталляция өнері болса, көркемдік объектінің кеңістіктегі контекстіне ерекше назар аударып, көрерменнің оны қабылдауына әсер ететін орта қалыптастырады.

Осы анықтамаларға сүйене отырып, Казарянның жұмыстары үш бағыттың тоғысында тұрғанын көруге болады. Біріншіден, олар қыш материалынан жасалғандықтан, қыш өнерінің бір бөлігі ретінде, ал екіншіден, олардың формасы мен құрылымы дәстүрлі мүсіндік тәсілдерге жақын, өйткені әрбір жұмыс дербес мүсіндік жұмыс ретінде көрінеді. Үшіншіден, бұл туындылар инсталляциялық сипатқа ие, себебі

олар белгілі бір кеңістікте орналастырылып, қоршаған ортамен және көрерменмен өзара байланыс орнатады.

Осылайша, Казарянның шығармашылығы қыш өнерін мүсіндік және инсталляциялық формалармен біріктіру арқылы жаңа көркемдік деңгейге көтереді. Оның жұмыстары тек эстетикалық объектілер ғана емес, кеңістікті өзгертетін және көрерменнің қабылдауына әсер ететін өнер туындылары. Бұл – дәстүрлі қыш өнерінің шеңберінен шығып, оны заманауи өнердің жаңа бағытқа сәйкестендірудің жарқын мысалы.

Казарянның жұмыстары қыш өнерінің, мүсіндік пластиканың және инсталляцияның тоғысында тұр. Олар материалдық жағынан қыш өнеріне жатады, бірақ олардың мүсіндік құрылымы мен кеңістіктегі орны мүсін өнерінің заңдылықтарына бағынады. Сонымен қатар, олардың көрерменмен қарым-қатынасы, оларды орналастыру тәсілі және олардың кеңістікпен өзара әрекеттесуі бұл туындыларды инсталляция өнерінің аясында қарастыруға мүмкіндік береді.

Эдуард Казарянның шығармашылығы – заманауи қыш өнерінің шекараларын кеңейтіп, оны мүсіндік және инсталляциялық өнермен біріктірудің мысалы. Оның жұмыстары қыш материалымен жұмыс істеудің тек дәстүрлі тәсілдеріне сүйенбейді, керісінше, оны жаңа көркемдік контекстте қарастырады. Осылайша, ол қыш өнерін заманауи мүсіннің және кеңістіктік инсталляцияның элементтерімен байыта отырып, оны жоғары көркемдік деңгейге көтереді. Бұл – дәстүр мен жаңашылдықтың, материалдық және концептуалды ізденістердің синтезі, заманауи қыш өнерінің болашағын анықтайтын шығармашылық тәжірибе.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан археологиясы: Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. Алматы 2009. – 570 б
2. Қазақстан тарихы: Мұғалімге арналған нұсқаулық. Жалпы білім беретін мектептің 5-сынып Қ 18 мұғаліміне арналған құрал/С.Р. Ахметова, А.М. Ибраева, А.А. Құлымбетова және т.б. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2017.-176 б.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1-том. — Алматы: Атамұра, 2010.—59 ISBN 978-601-282-026-3
4. Түркі-славян әлемі этнотарихи және социомәдени диалогтың үлгісі ретінде: монография / жауапты ред., Г.Б. Хабижанова. - Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 250 б
5. Өнер тарихына кіріспе. I бөлім: оқу құралы / Г.А. Мейірманова.- Алматы: Қазақ университеті, 2017. 192 б.

УДК 7.036.8 **МРНТИ 18.11**

Тоқмырза М.
Темірбек Жүргенов атындағы ҚҰӨА, Алматы
ғылыми жетекші: аға оқытушы, Өнертану магистрі Карабалаева.Б.Р

АЛМАГҮЛ МЕҢЛІБАЕВА ӨНЕРІНДЕГІ ФЕМИНИСТІК КӨЗҚАРАСТАР ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КОНЦЕПЦИЯ

АҢДАТПА

Ұсынылған мақалада Алмагүл Меңлібаева шығармашылық жолы мен туындыларының терең талдауына, сондай-ақ қазақстандық заманауи өнердегі маңыздылығына бағытталған. Ерте кезеңдегі жұмыстары мен шығармашылық ізденістері, ұлттық дәстүр мен заманауи тенденциялардың ұштасу, өнерге деген көзқарасы, шығармашылықтағы идеялар мен тақырыптардың қалыптасуы жайлы сөз етілген. Кескіндеме, видеоарт, фотосурет және инсталляция жанрларындағы инновациялық әдістері талданды. Қазақстандық заманауи өнердегі орны, мәдениет пен тарихты бейнелеудегі ықпалы, ұлттық және жаһандық контекстегі рөлі қарастырылды. Алмагүл Меңлібаеваның өнерінде әйел бейнесінің қалай көрініс табатынын, оның шығармаларындағы гендерлік мәселелердің көркемдік интерпретациясын және қазақстандық контекстегі феминистік көзқарастарды зерттеуге бағытталады.

ТІРЕК СӨЗДЕР: Қазіргі заманғы өнер, мәдениет, өнер, қазақстандық өнер, феминизм.

Токмырза М.
КНПК им. Темирбека Жургенова, Алматы
научный руководитель: магистр искусствоведения Карабалаева.Б. Р

ФЕМИНИСТСКИЕ ВЗГЛЯДЫ И ТВОРЧЕСКАЯ КОНЦЕПЦИЯ В ИСКУССТВЕ АЛМАГУЛЬ МЕНЛИБАЕВА

АННОТАЦИЯ

Предложенная статья посвящена биографии Алмагуль Менлибаевой, её творческому пути и анализу произведений, а также её значимости в современном казахстанском искусстве. Рассматриваются ранние работы и творческие поиски, сочетание национальных традиций и современных тенденций, её взгляд на искусство, формирование идей и тем в творчестве. Анализируются инновационные методы в таких жанрах, как живопись, видеоарт, фотография и инсталляция. Также исследуется её роль в современном казахстанском искусстве, влияние на культуру и историю, её место в национальном и глобальном контексте.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: Современное искусство, культура, искусство, казахстанское искусство, феминизм.

Tokmyrza M.
Temirbek Zhurgenov NPO, Almaty
Scientific Supervisor: Senior Lecturer, master of Art History Karabalaeva.B. R

FEMINIST VIEWS AND CREATIVE CONCEPT IN THE ART OF ALMAGUL MENLIBAYEVA

ABSTRACT

The proposed article focuses on the biography of Almagul Menlibayeva, her creative journey, and an in-depth analysis of her works, as well as her significance in contemporary Kazakhstani art. It examines her early works and artistic explorations, the fusion of national traditions and modern trends, her perspective on art, and the formation of ideas and themes in her work. Innovative methods in genres such as painting, video art, photography, and installation are analyzed. Additionally, her role in contemporary Kazakhstani art, her influence on culture and history, and her place in both national and global contexts are explored.

KEYWORDS: Contemporary art, culture, art, Kazakhstani art, feminism.

КІРІСПЕ

Алмагүл Меңлібаеваның шығармашылығы қазіргі Қазақстанның мәдени және әлеуметтік жағдайын бейнелеп қана қоймай, ұлттық өнердің халықаралық аренадағы беделін арттыруда маңызды рөл атқарады. Оның туындылары қазақ халқының көшпенділік мұрасын, мифологиялық және салт-дәстүр элементтерін қазіргі заманғы өнер тіліне бейімдеп, жаңа эстетикалық бағыт қалыптастырады. Шетелдік көрмелер мен аукциондардағы табысты қатысуы арқылы қазақстандық өнердің әлемдік нарықтағы орнын нығайтады, мәдени алмасу мен өзара түсіністікті дамытады.Қазіргі заманғы әлеуметтік және саяси құбылыстарды, тарих пен қазіргі уақыт арасындағы байланыстарды тереңінен суреттейді, осылайша қоғамдағы өзекті мәселелерге шығармашылық көзқарас қалыптастырады. Қазіргі қазақ өнерінде феминизм тақырыбы әлі де жаңа бағыттардың бірі болып саналады. Алмагүл Меңлібаева өз шығармашылығында әйел болмысы, дәстүрлі қоғамдағы әйел рөлі, оның еркіндігі мен шектеулері сияқты мәселелерді көтереді. Бұл зерттеу қазақстандық өнердегі гендерлік дискурс пен әйелдер бейнесінің трансформациясын тереңірек түсінуге көмектеседі.

Қазақстанда феминизм мен әйел өнерінің ерекшеліктері әлі де қалыптасу кезеңінде. Зерттеу барысында қазақ өнеріндегі феминистік тенденцияларды анықтап, олардың қай бағытта дамып жатқанын көрсетуге болады. Алмагүл Меңлібаеваның шығармашылығынан қазақ қоғамындағы әйел рөлінің эволюциясын көрсетуге мүмкіндік туады. Бұл зерттеу қазақ өнеріндегі феминизм тақырыбын ғылыми түрде жүйелеп, Алмагүл Меңлібаеваның шығармашылығы арқылы ұлттық мәдениет пен заманауи гендерлік дискурстың байланысын тереңірек ашуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қазақ әйел өнерінің ерекшеліктерін жаңа қырынан танытуға, қазақ мәдениетінде феминизмнің орны бар екенін дәлелдеуге үлес қосады. Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде әйел тек отбасының сақтаушысы ретінде қарастырылады, ал Меңлібаева оны еркін, дербес, заманауи тұлға ретінде бейнелейді. Бұл көзқарастың мәнін терең зерттеу – жаңалықтың бірі болмақ.

Кеңес дәуірінде Қазақстандағы өнер негізінен социалистік реализм идеологиясына бағынышты болды. Бұл кезеңде әйел бейнесі көбінесе еңбеккер, ана және батыр ретінде сипатталды. Мысалы, қазақ суретшілері әйелдерді өндірістегі, ауыл шаруашылығындағы немесе отбасы аясындағы идеалданған кейіпте бейнеледі. Дегенмен, бұл кезеңде әйелдерге арналған жеке көркемдік дискурс қалыптаса қойған жоқ. 1991 жылы Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін, қоғамдағы әлеуметтік және мәдени өзгерістер әйелдердің өнердегі орнын жаңа қырынан қарастыруға мүмкіндік берді. Осы кезеңде ұлттық дәстүрлер мен жаһандану процестері қатар жүріп, әйел шығармашылығының жаңа бағыттары қалыптаса бастады. Қазақ өнеріндегі феминизм мәселесін көтерген алғашқы суретшілердің бірі – Алмагүл Меңлібаева. Ол өз шығармашылығында әйел бейнесін тек дәстүрлі емес, сонымен қатар заманауи, күрделі, қарама-қайшылыққа толы тұлға ретінде қарастырады. Оның шығармалары патриархаттық жүйе, көшпенді мәдениеттегі әйелдің рөлі, еркіндік пен шектеулер тақырыптарын қамтиды. Соңғы жылдары Қазақстанда феминистік арт-қозғалыстар күшейе түсті. TEDxAbayStWomen конференциялары мен FemAgora фестивалі осы бағыттағы ең ірі платформаларға айналды. Олар гендерлік теңдік, әйел құқығы және әйелдер шығармашылығының дамуына ықпал етеді. Қазіргі таңда қазақ өнерінде феминизм

тек әйел құқығы мәселелерімен шектелмей, гендерлік теңдік, әйел мен ер адамның қоғамдағы жаңа рөлі, әлеуметтік әділеттілік мәселелерін де қамтуда. Бұл үрдіс әйел суретшілердің өз ойын еркін жеткізуіне, қоғамдағы мәселелерді ашық көрсетуіне жол ашып отыр. Қазақ өнерінде феминизм ұғымы біртіндеп қалыптасып, дамып келеді. Алмагүл Меңлібаева жұмыстары арқылы әйел мәселелері тек өнерде ғана емес, бүкіл қоғамда кеңінен талқылана бастады. Бұл қозғалыстың болашағы үлкен, өйткені ол ұлттық мәдениет пен жаһандық өзгерістердің тоғысында жаңа бағыттарды анықтауда.

Алмагүл Меңлібаева – заманауи қазақстандық өнердің көрнекті өкілі. Ол көпсалалы суретші ретінде кескіндеме, видеоарт, фотосурет және инсталляция жанрларында шығармашылық тәжірибесін дамытып, халықаралық деңгейде мойындалды. Оның өнері уақыт өте келе эволюцияға ұшырап, жаңа формалар мен әдістерді қамтыды. Суретші туындылары мәдени идентичность, көшпенділік мұра, мифологиялық жүйелер мен заманауи әлеуметтік-саяси құбылыстарды бейнелейді. Алмагүл Меңлібаева шығармашылығы қазақ өнерінің жаңғыруын, сонымен қатар әлемдік өнер нарығында қазақстандық авторлардың орнын бекітуге үлкен үлес қосады. Суретші жұмыстарында әйелдің рөлі, ұлттық болмыс, экология, энергия, неоколониализм сияқты маңызды тақырыптарды зерттейді, соның ішінде Орталық Азия халықтарының комсологиясы мен мифологиясын шебер үйлестіру де бар. Туындылар трансформацияны көрсетумен қатар, тарих, мәдениет және жаңа болмысты іздеу тәжірибесінің өзара байланыс әлеуетін аша отырып, болашақтың визуал сценарийін де ұсынады.

Алмагүл Меңлібаева өзінің шығармашылық жолын кескіндеме саласында бастады. Бұл кезеңдегі жұмыстары ұлттық мәдениет пен дәстүрлерге негізделген, онда қазақ халқының мифологиясы мен фольклорының элементтері айқын көрінеді. Оның ерте туындылары дәстүрлі мотивтерді заманауи көркемдік тілмен үйлестіре отырып, ұлттық болмысты зерттеуге бағытталды. Уақыт өте келе Меңлібаева өзінің көркемдік өрісін кеңейтіп, видеоарт, фотосурет және инсталляция сияқты жаңа медиумдарға бет бұрды. Бұл өзгеріс оның өнерінде әлеуметтік, мәдени және гендерлік мәселелерді тереңірек зерттеуге мүмкіндік берді. Оның жұмыстары көбінесе әйелдердің қоғамдағы рөлі, ұлттық бірегейлік және жаһандану тақырыптарын қамтиды.

“Трансформация” : Бұл видеоарт жұмысында Меңлібаева қазақ мәдениетіндегі әйелдердің рөлін зерттейді, дәстүр мен заманауи өмір арасындағы шиеленісті көрсетеді. Видео дәстүрлі киім киген әйелдердің заманауи қалалық ортада бейнеленуі арқылы мәдени трансформацияны бейнелейді.

“Көшпенділердің мұрасы”: Бұл фотожоба қазақтың көшпенді мәдениетінің қазіргі заманғы көріністерін зерттейді. Меңлібаева дәстүрлі көшпенді өмір салты мен қазіргі урбанизация арасындағы байланыстарды көрсетеді, ұлттық мұраның сақталуы мен өзгеруін бейнелейді.



Келесі туынды атауы – “My Waters Older Than the Sun” (Менің суларым күннен де ескі). Бұл атау өте поэтикалық әрі философиялық мәнге ие. Ол уақыттың шексіздігін, табиғаттың мәңгілігін және адамзаттың түп-тамырына деген байланысын меңзейтіндей. “Су” ұғымы көбінесе өмірдің бастауы, жаратылыс, жандану символы ретінде қабылданады, ал “күннен де ескі” деген тіркес оның алғашқы, мәңгілік күшін көрсетеді. Жұмыста дәстүрлі текстильдік әдістер (тігін, кесте тігу) мен заманауи фотография, цифрлық манипуляциялар үйлескен. Бұл “Cyber Textile” тұжырымдамасына сай келеді, яғни өнердің технологиямен бірігуін көрсетеді. Туындыда фотосуреттердің үстіне түрлі түсті жіптермен тігін өрнектері жүргізілген, бұл өткен мен бүгінді байланыстыратын символ іспетті.

• Текстильдің тарихи рөлін қайта қарастыру, оның рухани мағынасын жаңғырту.

• Әйелдердің өнердегі және дәстүрлі кәсіптердегі рөлін көрсету.

• Мәдени жады мен постколониалдық дискурс: қазақтың немесе басқа да көшпенді халықтардың дәстүрлі өнерінің қалай өзгеріске ұшырағанын бейнелеу.

• Кибер-кеңістіктегі (заманауи технологиядағы) дәстүрлі өнердің орнын анықтау.

Үш бөліктен тұратын композицияда қозғалыс пен трансформация сезімі байқалады. Әсіресе, оң жақ бөліктегі бейненің жіптер арқылы бөлшектенуі мен бір мезетте байланысуы – адамның мәдени және жеке идентичностіндегі күрделі өзгерістерді көрсетеді. “My Waters Older Than the Sun” – дәстүрлі текстиль мен заманауи өнердің түйісуін зерттейтін, уақыт пен кеңістікті байланыстыратын, әйел шығармашылығын дәріптейтін маңызды жұмыс. Бұл тек өнер туындысы ғана емес, постколониалдық және гендерлік теория тұрғысынан да терең ой салатын көркемдік манифест.

Бұл жобада өнер мен дәстүрдің түйісуі, сонымен қатар, заманауи технологиялардың дәстүрлі өнерге ықпалы туралы мәселе көтеріледі. Авторлар тарихи тұрғыда әйелдердің текстиль өнеріндегі рөлін атап көрсетіп, оның қалай индустрияландыру мен патриархалдық нормалар арқылы коммерцияландырылғанын және бастапқы рухани мәнін жоғалтқанын көрсетеді. “Cyber Textile” концепциясы дәстүрлі текстиль өнерін жаңаша көруді ұсынады, оны тек сәндік немесе коммерциялық өнім ретінде емес, табиғат пен руханияттың бір бөлігі ретінде қайта қарастырады. Бұл идея постколониалдық дискурспен де тығыз байланысты, өйткені ол ұлттық мәдениеттің түпкі мәнін қайтаруға және оны қазіргі заманға лайықтауға бағытталған.Жалпы, бұл жоба өнердің технологиямен үндесуін, оның алғашқы сакралды мағынасын қайтару қажеттілігін алға тартады. Бұл өте өзекті әрі заманауи көзқарас, өйткені жаһандану қарқынды дамуымен дәстүрлі өнердің түпкі мәні жиі екінші орынға ығысады.

“Scream. My Waters Older Than the Sun”



Бұл жұмыс “Cyber Textile” жобасының бір бөлігі ретінде ұсынылған. Негізгі идея – текстильдің тарихын, әйел шығармашылығының рөлін және технологияның мәдениетке әсерін зерттеу.

Жұмыс фотосурет пен текстиль элементтерін біріктіреді. Жіптер арқылы бет-бейнелер бөлшектеніп, қайта жинақталғандай әсер береді. Түстердің контрастылығы (қызыл, көк, қара) эмоциялық шиеленісті күшейтеді. Айғайлап тұрған бейне – әйелдің үнсіздігін бұзу, дауысты шығару символы. Бұл постколониалдық және гендерлік дискурсқа сай келеді. Жіптердің бет әлпетті жабуы – бір мезетте тұмшалау және тарихты қайта тігудің метафорасы. Бұл технологияның дәстүрлі өнерді өзгертуін де көрсетеді.

Cyber Textile концепциясы – жасанды интеллект пен қолөнерді біріктіру арқылы өткен мен болашақты байланыстыру әрекеті. Автор әйелдердің өнердегі орны туралы айтып, текстильді өнердің маңызды мәдени элемент екенін көрсетеді, индустриализация мен технология ұлттық дәстүрлерді көлеңкеде қалдырғанын атап өтеді. Экологиялық және мәдени тұрақтылықты сақтау үшін, дәстүрлі өнерге жаңа контекст беру қажет екенін ұсынады. Бұл туынды тек визуалды эксперимент емес, қазіргі заманғы өнердегі өзекті мәселелерді қозғайтын терең концептуалды шығарма. Ол дәстүр мен болашақтың тоғысуын, технология мен қолөнердің диалогын көрсетеді.

Осы бағытта жұмыс жасап келе жатқан Мөлдір Сағындықтың шығармашылығын айта кетсек болады. Екі суретші де ұлттық мәдениет пен заманауи өнер тәсілдерін үйлестіре отырып, әлеуметтік және мәдени тақырыптарды зерттейді. Меңлібаеваның жұмыстары ұлттық идентичность пен мәдени трансформацияға тереңірек үңілсе, Сағындықтың шығармашылығы жеке тәжірибе мен эмоцияларға негізделген, бұл олардың өнерін ерекше және маңызды етеді. Екеуі де феминизм, әйел шығармашылығы, дәстүр мен жаңа технологияның байланысын зерттейді. Бірақ Меңлібаеваның әдісі көбіне постмодернистік және концептуалды, ал Сағындықтың жұмыстары көбіне қолөнерге және материалдық мәдениетке бағытталған. Екеуінің де шығармашылығында әйел тәжірибесі, мәдени жады, ұлттық бірегейлік мәселелері көтерілгенімен, олар әртүрлі әдістер қолданады:

• Меңлібаева – видеоарт, фотосурет, инсталляция, цифрлық өнер арқылы жұмыс істейді.

• Сағындық – кесте, тоқыма, қолөнер элементтерін зерттейді.

Олардың шығармалары Қазақстандағы заманауи өнердің эволюциясын, оның халықаралық аренадағы орнын көрсетеді.

Қорытынды. Суретші шығармашылығы постсоветтік кеңістіктегі өнердің эволюциясын көрсетіп қана қоймай, сондай-ақ постколониализм, феминизм, жаһандану, экологиялық дағдарыс және ұлттық бірегейлік секілді өзекті тақырыптарды қозғайды. Ол өнердегі дәстүрлі әдістерді жаңашыл медиамен ұштастырып, кескіндеме, видеоарт, фотосурет, инсталляция және текстиль өнері арқылы жаңа көркемдік тіл қалыптастырды.

Алмагүл Меңлібаеваның шығармашылық жолы 1990-жылдары басталды. Бұл кезең – Қазақстанның саяси, экономикалық және мәдени тұрғыдан қайта қалыптасу кезеңі еді. Кеңестік цензурадан босап шыққан суретшілердің көпшілігі жаңа көркемдік құралдар іздеп, заманауи өнердің жаңа бағыттарына бет бұрды. Меңлібаеваның алғашқы жұмыстары кескіндеме мен фотосуретке негізделген еді, бірақ ол біртіндеп жаңа медиаға – видеоарт пен инсталляцияға көбірек көңіл бөле бастады.

Оның ерте кезеңдегі жұмыстарының басты ерекшелігі – дәстүр мен заманауилықтың тоғысуы. Қазақтың фольклоры мен мифологиясы оның шығармаларында жаңа мәнге ие болды. Бұл кезеңдегі ең маңызды жұмыстарының бірі – “Жібек жолы” (Silk Road) жобасы. Бұл серияда ол әйелдер бейнесі мен олардың тарихи-мәдени рөлін зерттеді. 2000-жылдардың басынан бастап, Меңлібаева видеоарт пен мультимедиялық инсталляцияларға көбірек назар аударды. Оның жұмыстары көптеген халықаралық көрмелерде көрсетілді.

“Степь барокко” (Steppe Baroque) – бұл жұмысы арқылы ол қазақ көшпенді мәдениеті мен Батыс өнеріндегі барокко стилін ұштастырады. Бұл колониализм мен мәдени тоғысу мәселелерін көтерген маңызды жоба болды.

“Өлілермен сөйлесу” (Talking to the Dead) – бұл видеоартында ол постсоветтік Қазақстандағы ұмыт қалған тарихи оқиғалар мен репрессия құрбандары туралы баяндайды.

“Көшпенділердің жаңа мифологиясы” – бұл серияда жаһандану дәуіріндегі қазақ қоғамының өзгерісін суреттейді. Бұл кезеңде оның шығармашылығында әйел тақырыбы ерекше орын алды. Ол қазақ әйелінің заманауи қоғамдағы рөлін, оның тарихи және мәдени контекстегі бейнесін талдады. Оның көптеген туындылары постфеминистік дискурсты ұстанады, яғни әйел тек дәстүрлі рөлде ғана емес, сонымен қатар мәдениетті қалыптастырушы тұлға ретінде де көрсетіледі.

Соңғы жылдары Меңлібаева текстиль өнері мен кибермәдениеттің байланысын зерттеуге бет бұрды. Оның “Cyber Textile” атты жаңа жобасы дәстүрлі қолөнер мен жаңа технологияларды біріктіруді мақсат етеді. Бұл жобада текстиль – тек материалдық емес, сонымен қатар мәдени жадының символы ретінде қарастырылады.

“Scream. My Waters Older Than the Sun” секілді туындылары дәстүрлі тігін өнерін жаңа медиамен ұштастырып, постгуманизм, постколониализм және экологиялық дискурсты қозғайды. Ол жаһандану дәуіріндегі мәдени мұраны сақтау, әйел қолөнерінің маңыздылығы, технология мен дәстүрдің тоғысуы сияқты тақырыптарға назар аударады.

Алмагүл Меңлібаеваның шығармашылығы – Қазақстандағы заманауи өнердің инновациялық әрі концептуалды үлгісі. Ол өз еңбектерінде ұлттық бірегейлікті, жаһандану әсерін, әйелдің өнердегі орнын және мәдени жадыны сақтау мәселелерін көтереді. Оның жұмыстары өнердегі жаңа диалогтарды қалыптастырып, Батыс пен Шығыстың, дәстүр мен заманауилықтың, технология мен қолөнердің байланысын зерттейді. Сонымен қатар, оның шығармалары посткеңестік кеңістіктегі феминистік өнердің маңызды бөлігі болып саналады. Осылайша, Меңлібаеваның шығармашылығы қазіргі заманғы мәдени процестерді түсінуге, өнердің жаңа формаларын зерттеуге және Қазақстандағы заманауи өнердің дамуына ықпал ететін маңызды құбылыс болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1.Феминизм. Проза, мемуары, письма. — Под ред. М. Шнеир. — М.: Прогресс, Литера, 1992. — 474 с.
2.“ArtAsiaPacific” журналы
3.“Third Text” журналы

UDC 7.036.8 **MRNTI 18.11**

SINO-KYRGYZ CULTURAL ARTISTIC EXCHANGE FROM RELICS

Li Kun
a doctoral student in education at Bishkek State University

ABSTRACT

Kyrgyzstan, as part of Central Asia, has long been a nexus for cultural interactions along the Silk Road. Chinese cultural elements have notably influenced the local art and handicraft traditions.

This study aims to explore the manifestations of Chinese cultural influence on Kyrgyz artistic expressions through an analysis of museum relic collections.

A field study was conducted at the National Museum of History and the Museum of Fine Arts of Kyrgyzstan. Artifact observations, comparative analysis of design motifs, color schemes, and production techniques were supplemented by a review of historical documents.

Findings indicate that Chinese aesthetic elements—such as graphic decorations, color palettes, and casting techniques—are evident in Kyrgyz handicrafts and artworks. Detailed examination of woolen fabrics, porcelain vases, and Buddhist sculptures demonstrates significant stylistic and technical parallels, suggesting a deep-rooted cultural exchange dating back to the Han and Tang dynasties.

The study confirms that historical Sino-Kyrgyz interactions have contributed to the evolution of local art forms. Chinese cultural influence is clearly visible in various artistic media, underscoring a legacy of shared heritage.

KEYWORDS: Kyrgyzstan; China; Cultural Relics; Silk Road; Handicrafts; Cultural Exchange

ЖӘДІГЕРЛЕР АРҚЫЛЫ ҚЫТАЙ-ҚЫРҒЫСТАННЫҢ МӘДЕНИ-ӨНЕР АЛМАСУЫ

Ли Кун
Бішкек мемлекеттік университеті, білім беру факультетінің докторанты

АНДАТПА

Қырғызстан Орталық Азияның бір бөлігі ретінде ұзақ уақыт бойы Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени өзара іс-қимылдың қиылысы болды. Қытайдың мәдени элементтері жергілікті өнер мен қолөнер дәстүрлеріне айтарлықтай әсер етті.

Бұл зерттеудің мақсаты-мұражайдың жәдігерлер коллекциясын талдау арқылы қырғыз көркемдік көріністеріне Қытайдың мәдени әсерінің көріністерін анықтау.

Далалық зерттеу Қырғыз Республикасының Ұлттық тарих мұражайы мен бейнелеу өнері мұражайында жүргізілді. Артефактілерді бақылау, дизайн мотивтерін, түс схемаларын және өндіріс әдістерін салыстырмалы талдау тарихи құжаттарды зерттеумен толықтырылды.

Нәтижелер қытайлық эстетикалық элементтердің — графикалық зергерлік бұйымдар, түстер палитрасы және құю технологиясы сияқты — қырғыз қолөнері мен өнер туындыларында айқын байқалатынын көрсетеді. Жүн маталарын, Фарфор вазаларын және будда мүсіндерін егжей-тегжейлі зерттеу Хань мен Тан әулеттерінің дәуірінен бастау алатын терең мәдени алмасуларды көрсететін маңызды стилистикалық және техникалық параллельдерді анықтады.

Зерттеу тарихи қытай-қырғыз өзара әрекеттесуі жергілікті өнер түрлерінің эволюциясына ықпал еткенін растайды. Қытай мәдениетінің әсері жалпы мәдени мұраға баса назар аудара отырып, әр түрлі көркемдік құралдардан айқын көрінеді.

ТҮЙІН СӨЗДЕР: Қырғызстан; Қытай; Мәдени жәдігерлер; Жібек жолы; Қолөнер; Мәдени алмасу

КУЛЬТУРНО-ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ОБМЕН МЕЖДУ КИТАЕМ И КЫРГЫЗСТАНОМ НА ОСНОВЕ РЕЛИКВИЙ

Ли Кун
докторант факультета образования Бишкекского государственного университета

АННОТАЦИЯ

Киргизия, как часть Центральной Азии, долгое время являлась перекрёстком культурных взаимодействий вдоль Великого шелкового пути. Китайские культурные элементы заметно повлияли на местные традиции искусства и ремесел. Цель данного исследования — выявить проявления китайского культурного влияния на кыргызские художественные выражения через анализ музейных коллекций реликвий. Полевое исследование было проведено в Национальном музее истории и Музее изобразительных искусств Кыргызской Республики. Наблюдения за артефактами, сравнительный анализ дизайнерских мотивов, цветовых схем и производственных техник были дополнены изучением исторических документов.

Результаты показывают, что китайские эстетические элементы — такие как графические украшения, цветовые палитры и технологии литья — отчетливо прослеживаются в кыргызских ремесленных изделиях и произведениях искусства. Детальное исследование шерстяных тканей, фарфоровых ваз и буддийских скульптур выявило значительные стилистические и технические параллели, указывающие на глубокие культурные обмены, восходящие к эпохам династий Хань и Тан. Исследование подтверждает, что исторические китайско-кыргызские взаимодействия способствовали эволюции местных форм искусства. Влияние китайской культуры явно прослеживается в различных художественных средствах, подчеркивая наследие общего культурного достояния.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: Кыргызстан; Китай; Культурные реликвии; Шелковый путь; Ремесла; Культурный обмен

This paper examines how Chinese culture has shaped Kyrgyz art over centuries. By studying relics in two major museums in Kyrgyzstan, the research shows that elements such as decorative motifs, color choices, and production techniques found in Kyrgyz handicrafts have clear roots in Chinese traditions. The investigation highlights that historical trade and cultural exchange along the Silk Road not only transferred goods but also artistic ideas. For example, traditional Kyrgyz woolen fabrics and carpets display patterns and color schemes similar to those used in Chinese regions like Xinjiang and Inner Mongolia. Similarly, a blue and white porcelain vase from Jingdezhen shows technical and aesthetic features that reflect both Chinese innovation and Central Asian artistic taste. Additionally, remnants of Buddhist sculptures in Kyrgyzstan further attest to the intertwined histories of the two cultures. Overall, the study emphasizes that the cultural interactions between China and Kyrgyzstan have enriched the artistic heritage of both regions. The results are important not only for historians and art scholars but also for policymakers and museum professionals interested in promoting cultural exchange. The paper concludes by suggesting that deeper research and increased collaboration can further enhance mutual understanding and preserve this shared legacy.

Introduction

Kyrgyzstan, situated in Central Asia, historically served as a vital corridor along the Silk Road. Its cultural landscape reflects a long history of interaction with China—from the Han and

Tang dynasties through to modern times. This paper investigates how Chinese cultural elements have influenced Kyrgyz art and handicrafts, addressing the research questions:

1. In what ways do design motifs, color schemes, and techniques in Kyrgyz artworks reflect Chinese heritage?
2. How do these influences illustrate broader historical and cultural exchanges along the Silk Road?

Methods

This research adopted a qualitative field study approach. The primary data were collected through direct observation and analysis of relics housed in the National Museum of History and the Museum of Fine Arts of Kyrgyzstan. Artifacts were examined for stylistic features, material composition, and production methods. Historical documents and previous research on Sino-Central Asian exchanges provided supplementary context. The study's design was justified by the need to correlate physical evidence with historical narratives, while ethical protocols were observed by obtaining necessary permissions from the museums.

Results

3.1 Chinese Influence in Artistic Motifs and Techniques

Field observations reveal those Kyrgyz artworks—ranging from graphic decorations to casting techniques—bear distinctive Chinese stylistic imprints. Relics display motifs and color elements reminiscent of those popular during the Han, Tang, Yuan, and Qing dynasties.

The Kyrgyz Republic, or Kyrgyzstan for short, is located in the mountainous belt of Central Asia and consists of many ethnic groups with diverse natural features and rich historical and cultural heritage. Here, the ancient nomadic culture and Islamic tradition are intertwined with modern civilization, forming a unique picture. Kyrgyzstan's various museums and monuments are an important window on the country and a high concentration of its history, culture and art.

During the Han, Tang, Yuan and Qing dynasties, Chinese silk, porcelain, tea, Taoism, medicine, architecture and other cultures were widely spread and developed in Central Asia, becoming an important part of Central Asian culture, including today's Kyrgyz culture.

Since the Han Dynasty, Zhang Qian（张骞） through the Western Regions, China's Silk Road along the regions and countries of economic and cultural exchanges have become increasingly frequent. In the Tang Dynasty, as Venerable Xuan zang（玄奘） traveled west to obtain scriptures, Chinese culture further spread to Central Asia. The Yuan Dynasty ruled part of Central Asia, and Kyrgyzstan happened to be under its jurisdiction, so the combination of Chinese cultural traditions and Central Asian culture and folklore traditions influenced the culture of Kyrgyzstan.（Li Kun: <<China-Kyrgyzstan education cooperation still has great potential>>, <<Shen zhou（神州）Scholar>> Issue 2,2024,21 pages） At the end of the Qing Dynasty, Kyrgyzstan was annexed by Czarist Russia and gradually became politically and economically controlled by the latter.

The past has had a profound impact on Kyrgyzstan's culture, national beliefs and social development, and has shaped the country's unique identity and traditions. Through a field trip to the National Museum of History and the Museum of Fine Arts of Kyrgyzstan, the author found that China has had a clear cultural influence on Kyrgyz art, such as the graphic decorations, color elements and craftsmanship of handicrafts. At the same time, it is also found that the collections in the museum have obvious inheritance and development of Chinese cultural elements, showing that Kyrgyz culture is different from other ethnic groups in the Central Asian ethno-cultural circle, reflecting the tolerance and refinement of human civilization in the development of the two countries is the embodiment of cultural exchanges between China and Kyrgyzstan.

3.2 The Cultural Synthesis in Woolen Artworks

Traditional Kyrgyz woolen fabrics exhibit multi-ethnic decorative patterns. The use of warm tones, symmetrical designs, and motifs such as spirals and floral elements aligns closely with artistic traditions seen in Chinese regions like Xinjiang and Inner Mongolia.

Woolen artworks in Kyrgyz style are made of cow's hair and wool, in which the patterns and decorations are characterized by multi-ethnic cultural fusion. The main crafts of traditional Kyrgyz felt embroidery are articulation, weaving, printing and dyeing, rolling, twisting and cutting, etc., and the production is very regular.

The carpets displayed in the National Art Museum of Kyrgyzstan are covered with various geometrical patterns, pomegranate flowers, saffron flowers, lotus flowers, auspicious clouds and other auspicious motifs, and the colors are mainly red, white and orange, with a small amount of light blue, black, light green, yellow and other colors to set off the main colors. Their carpets are mainly in warm tones, with high color saturation, bright colors, close composition, even space and exquisite patterns. In addition, there are some patterns with distinctive Kyrgyz folk characteristics, such as cyclorama, goat's horn, eagle's claw, dog's tail, mountain range, camel's paw and so on, which are characterized by aesthetic features such as smooth curves, orderly twists and turns, symmetrical rotations, and following the basic principles of balance and grace, thus forming a complete decorative effect. Due to the close arrangement of the various elements, it is sometimes difficult to distinguish between the specific images. The motifs have the traditional characteristics of the nomadic culture and art of the steppe, such as the trumpet, teardrop, moon, spiral, "S", petal, "W", wave, and dendritic motifs.

In the color scheme, the carpet of Kyrgyzstan and the carpet of Inner Mongolia, Xinjiang, Qinghai and other regions of China have the colors of red, orange, yellow, blue and other main colors, also equipped with a small amount of blue, green, black, white and other colors, and decorated with pomegranate flowers, bats, lotuses, peonies, rhombus, group of flowers, octagonal pattern, tray pattern, geometric pattern and other graphics to do the decorations, the method of composition is also basically the same as that of China's Inner Mongolia, Xinjiang, Qinghai and other carpets, Qinghai and other carpets are also basically the same, mainly with the center, edge, corner and backing as the basic composition, the center pattern is the highlight of the whole piece of carpet, with auspicious motifs, national beliefs, livestock features and other patterns, showing the aesthetic interest of coordination, balance and diffusion, and the strictness of the pattern and the spacing of the stitches have a sense of order and artistry.

The color scheme, pattern and composition of these carpets occupy an important position in the national beliefs of Kyrgyzstan and have been inherited and developed to the greatest extent in the long history.

Traditional Kyrgyz woolen fabric pattern-1



Traditional Kyrgyz woolen fabric pattern-2



3.3 Porcelain Vases: A Blend of Chinese Craftsmanship and Central Asian Aesthetics

A notable example is a blue and white porcelain vase from Jingdezhen （景德镇）. Its delicate glaze and innovative firing technique represent a synthesis of Chinese porcelain traditions and Central Asian cultural preferences.

From the Tang Dynasty onwards, the aesthetic style of Chinese ceramics is characterized by simple and grandiose shapes, simple and vivid decorations. This may also be related to the market choice of international trade in ceramics, if you put aside the advanced degree of China's firing technology at that time, and then Central Asia and Persia local low-temperature ceramics for comparison, I found that the same period of Chinese ceramics aesthetics may also have been affected by the influence of Central Asia, the impact of this simple aesthetic tendencies, in Changsha（长沙窑） kilns, Magnetic （磁州窑）Kiln, and even Jizhou （吉州窑）kilns can be seen.

In the early to mid-14th century, a large number of Jingdezhen kilns, Longquan kilns porcelain and a small number of magnetic state kilns porcelain found in Central Asia. This is the result of a brief boom in inland trade between Asia and Europe in the 14th century. (Liu Wei: <<Research on Song and Yuan ceramics unearthed in Central Asia and Eastern Europe>>, <<Palace Museum magazine>> Issue 6,2022, p. 41.) Although this period lasted for a short time, but Chinese ceramics can be along the silk all the way through the land trade exported to Central Asia and Europe.

In the collection of the National Museum of Kyrgyzstan there is a Chinese vase in blue and white glaze from the Jingdezhen kilns. The Jingdezhen kilns are located in the city of Jingdezhen, Jiangxi Province, and are named for the fine porcelain they produce. The Jingdezhen kilns were mainly used for firing celadon during the Tang Dynasty and the Northern Song Dynasty. Its porcelain glaze color white, slightly green, this white with green, green with white glaze color, is a glaze color Jing de zhen kiln innovation, its tone gives a fresh, simple beauty.

Kyrgyzstan National Museum of the collection of this scratching the blue and white glaze porcelain vase, glaze glistening luster, the tire body delicate white, glaze almost glassy, color crystal bright and transparent, warm as jade, bottle neck line simple sharp, bottle body shape

rounded full. This is clearly different from the traditional Chinese style of celadon, but has a certain Central Asian cultural aesthetic interest in porcelain.

Scratch flower blue and white glaze bottle exquisite and smooth carving process and skillful repair tire, let the author can not believe to see in a foreign country so beautiful exhibits, so that the cultural and artistic exchanges between the two countries have a new knowledge.



Blue and white porcelain vase from Jingdezhen

3.4 Buddhist Art and the Intertwining of Civilizations

The analysis of Buddhist relics, including fragmented Tang dynasty statues and accompanying stone lion sculptures, demonstrates a mutual influence between Chinese Buddhist art and local Central Asian interpretations.

Han and Tang dynasties is an important period of the spread of Buddhism in Central Asia. With the opening of the ancient Silk Road, the Han Dynasty, Buddhism through the Kyrgyz region into the interior of China, to the Tang Dynasty, Buddhism and spread from China, reverse influence on Central Asia. In present-day Kyrgyzstan, a number of Buddhist monuments have been found (the ruins of Shattered Leaves, the ruins of Buddhist temples on the west side of the ancient city of Red River, and the ruins of the Buddhist temples of Korasraya Shwezika Temple Ruins), reflecting the influence of Buddhism in the region (Ning Yan: <<nomads on the grassland visit Kyrgyzstan cultural heritage>>, <<public archaeology>> 2,2020, page 22.)

Shattered Leaf City is located 8 kilometers southwest of the city of Tokmak, Chuhe Oblast, Kyrgyzstan, on the south bank of the Chu River, the birth of Shattered Leaf City has a close relationship with the ancient Silk Road. According to historian Guo Moruo, Li Bai, a great poet of the Tang Dynasty, was born in 701 A.D. to a wealthy merchant family in Shattered Leaves City, and at the age of five, he moved with his father to Qinglian（青莲） Township, Changming（昌明） County, Sichuan Province.

Although the number of Buddha statues found in Sui ye（碎叶城） City and its Buddhist temple ruins is small, the content is extremely rich. Each statue fragment is of precious value for the study of Sui ye Ancient City and Buddhist temple ruins, and also reflects the unique significance of Sui ye City's multicultural integration (Shiyu Sanskrit (石语梵行） line wechat public number: <<leaf City Buddhist Temple ruins: Kyrgyzstan lost Silk Road ancient city Buddhist trace>> March 21,2022 https://mp.weixin.qq.com/s/OEVtd46t6G-6jFvEaDsS4w).

Педагогикалық кадрларды дамыту: Мұғалімдерге арналған үнемі білім беру және кәсіби даму бағдарламаларын енгізу. Қоғам мен технологиялардың өзгерісіне сәйкес мұғалімдерге жаңа әдістемелер мен құралдарды үйрету олардың білім беру сапасын арттыруға ықпал етеді. Бұл процесс педагогтердің кәсіби біліктілігін, дағдыларын және тұлғалық қасиеттерін дамытуға бағытталған. Педагогикалық кадрларды дамыту арқылы мектептер мен оқу орындарында сапалы білім беру қамтамасыз етіледі.

Өнер саласындағы креативтілік пен инновация

Өнер саласы да жаһандық өзгерістерге терең жауап беруде. Креативтілік және инновация өнердің барлық бағыттарында маңызды рөл атқарады. Әсіресе заманауи өнер мен мәдениет саласында жаңа бағыттар мен трендтер пайда болуда. Жаңа технологиялардың пайда болуы, виртуалды шындық, цифрлық өнер және жаңа медиа құралдары өнерді жаңа деңгейге көтерді.

Өнер саласындағы креативтілік пен инновация – бұл екі ұғым, бір жағынан бір-біріне байланысты болса да, әрқайсысы өз алдына ерекше маңызға ие. Өнер – адамның ішкі дүниесін, оның сезімдерін, ойларын, әлемге деген көзқарасын сыртқа шығарудың тәсілі. Ал креативтілік пен инновация осы процесті жаңа деңгейге көтереді. Өнер мен мәдениет саласындағы инновациялар шығармашылықтың түрлі қырларын ашады, адамдардың әлемді қабылдау тәсілін өзгертеді.

Мысалы, креативтілік пен инновацияның көмегімен визуалды өнер, музыка, кино және театр жаңа тіл мен формада пайда болуда. Сонымен қатар, әлеуметтік медиа мен интернеттің дамуы шығармашылық жұмысшылар үшін жаңа мүмкіндіктер мен алаңдарды ашып, оларды жаһандық аудиторияға жеткізуде маңызды рөл атқарады.

Креативтілік өнердің негізі болса, инновация – оның дамуы мен өркендеуіне әсер ететін қозғаушы күш. Өнер саласында ең жаңа идеялар мен технологияларды пайдалану, креативті шешімдер мен жаңа жолдарды іздеу әрдайым маңызды. Сондай-ақ, инновация артқан сайын, өнер қоғамда жаңа эстетикалық стандарттарды, ойлау тәсілдерін және көркемдік тұрғыларды қалыптастырады. Мысалы, соңғы жылдары кинематографияда қолданылатын жасанды интеллект, ерекше визуалды эффекттер және анимация технологиялары фильмдердің көркемдік деңгейін жаңа биіктерге көтерді. Ал VR (виртуалды шындық) арқылы жасалған өнер туындылары көрерменге тек көру ғана емес, сол өнер туындысымен толыққанды тәжірибе жасау мүмкіндігін береді [7].

Креативтілік пен инновацияның жаһандық өзгерістерге жауабы

Қазіргі әлемдегі жаһандық өзгерістерге жауап ретінде креативтілік пен инновация әртүрлі тәсілдермен көрініс табуда. Әсіресе климаттық дағдарыс, әлеуметтік теңсіздік, экономикалық дағдарыстар мен саяси тұрақсыздық жағдайында жаңа шешімдер мен идеялар қажет. Бұл мәселелерге шешім іздеуде креативті және инновациялық тәсілдер өте маңызды.

Креативтілік пен инновация – бұл жаһандық өзгерістерге жауап ретінде маңызды құралдар. Әсіресе қазіргі таңда, әлемдегі өзгерістерге жылдам бейімделу мен жаңа шешімдерді қабылдау қабілеті ұйымдардың және қоғамдардың табыстылығына тікелей әсер етеді.

Креативтілік пен инновация технологиялық алға жылжуды бастады. Жаңа құралдар, жасанды интеллект, робототехника, блокчейн және басқа да технологиялар әлемнің экономикасы мен әлеуметтік құрылымын өзгертіп жатыр. Мысалы, пандемия кезінде

қашықтан жұмыс істеудің, онлайн білім алудың және электронды сауданың жедел дамуында технологиялық инновациялар маңызды рөл атқарды.

Жаңа технологиялар: Инновациялар адамзатқа қиын жағдайларды жеңуге көмектеседі. Мысалы, жасанды интеллект (AI), блокчейн, жаңартылатын энергия көздері және басқа да технологиялар климаттық өзгерістер мен экономикалық дағдарыстарға қарсы тұруға мүмкіндік береді.

Дизайн ойлауы (Design Thinking): Бұл әдіс әлемдегі күрделі мәселелерге шешім табу үшін креативті тәсілдерді қолдануды ұсынады. Бұл тәсіл пайдаланушылардың қажеттіліктерін түсінуге және оларға инновациялық шешімдер ұсынуға негізделген.

Қазіргі таңда инновациялар климаттық өзгерістермен күресуде маңызды рөл атқарады. Жаңартылатын энергия көздерін дамыту, экологиялық таза өндіріс әдістері, қалдықтарды қайта өңдеу технологиялары — бұның бәрі креативті және инновациялық шешімдер болып табылады.

Креативтілік қоғамның әлеуметтік және мәдени тұрғыдан дамуына ықпал етеді. Көптеген бастамалар адам құқықтарын қорғауға, теңсіздікті жоюға және жаңа мүмкіндіктер ашуға бағытталған. Мысалы, әлеуметтік кәсіпкерлік және инклюзивті дизайн идеялары түрлі әлеуметтік топтарға қолжетімділікті арттырады.

Глобализация және цифрландыру әлемді бір-бірімен тығыз байланыстырады. Бұл өз кезегінде жаңа идеялардың таралуын жеделдетеді, әрі инновацияларды тез қабылдауға мүмкіндік береді. Мысалы, цифрлық өнер мен креативті контент әлемдегі түрлі мәдениеттер арасындағы шекараларды жояды. Көптеген компаниялар инновацияларды өз бизнестерін жақсарту және тиімділікті арттыру үшін қолдануда. Дижитализация мен автоматтандыру процестерінің енгізілуі кәсіпорындардың жұмысын қайта құрылымдауға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және экономиканың өсуіне ықпал етеді.

Креативті идеялар мен инновациялық шешімдер әлеуметтік теңсіздіктерді төмендетуге ықпал етуі мүмкін. Мысалы, денсаулық сақтау саласында жасанды интеллекттің көмегімен диагностика мен емдеу әдістерін жетілдіру, білім беру жүйесінде онлайн платформалардың пайда болуы және жаңа технологиялар арқылы қол жетімділік мәселелерін шешу – мұның бәрі әлеуметтік теңсіздіктерді азайтуға бағытталған [8].

Креативтілік экологиялық дағдарыстарға да жауап бере алады. Адамзаттың табиғатқа деген әсерін азайту үшін жаңа экологиялық таза технологиялар мен инновациялық шешімдер қажет. Мысалы, қалдықтарды қайта өңдеу, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану және экологиялық тұрғыдан тұрақты қалалар құру бағытындағы идеялар қазірдің өзінде маңызды инновациялық шешімдер ретінде қабылданып жатыр.

Креативтілік жаһандық деңгейде ынтымақтастықты арттыруға да ықпал етеді. Әлемдік мәселелерге, мысалы, климаттық өзгерістер, кедейлік және халықаралық дағдарыстарға бірлесіп жауап беру үшін жаңа шешімдер қажет. Инновациялар халықаралық деңгейде бірігуге және ортақ мақсаттарға жетуге бағытталған жаңа тәсілдер мен платформаларды жасайды.

Жаһандық өзгерістерге жауап ретінде еңбек нарығы да өзгеруде. Креативтілік пен инновациялардың арқасында жаңа мамандықтар пайда болып, бұрынғы мамандықтар мен кәсіби дағдыларға деген сұраныс өзгеруде. Осы өзгерістерге бейімделу және жаңа дағдыларды меңгеру еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болудың кілті.

Креативтілік пен инновация – тек экономикалық өсудің ғана емес, әлеуметтік, экологиялық және мәдени аспектілердегі жаһандық өзгерістерге де жауап ретінде қызмет ететін қуатты құралдар. Олар әлемнің күрделі мәселелерін шешуге, жаңа мүмкіндіктер ашуға және адамзаттың даму жолын қайта бағалауға ықпал етеді.

Технология мен ақпараттық-коммуникациялық құралдар арқылы жаңа білім мен шешімдер бірден бүкіл әлем бойынша таралу мүмкіндігіне ие. Креативтілік пен инновацияны қолдана отырып, ғылыми жаңалықтар мен зерттеулер жаһандық деңгейде жүзеге асырылып, әлемдегі түрлі қиындықтарды жеңуге бағытталған жобалар мен бастамалар пайда болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, креативтілік пен инновация қазіргі заманғы қоғамның дамуы мен өзгерістеріне бейімделу үшін өте маңызды құралдарға айналған. Бұл үдерістер білім беру мен өнер саласында жаңа көзқарастар мен шешімдер табуға ықпал етіп, жаһандық өзгерістерге тиімді жауап қайтаруға көмектеседі. Креативтілік тек шығармашылық ойлауды дамыту ғана емес, сондай-ақ әлемдегі әлеуметтік, экологиялық, экономикалық және мәдени мәселелерге жаңа шешімдер табудың негізі болып табылады. Инновациялардың арқасында көптеген жаңашылдықтар мен шешімдер жүзеге асырылып, олар адамзаттың болашағына үміт арттыруда.

Білім беру мен өнер саласында креативтілікті арттыру және инновацияны ынталандыру арқылы біз болашақ ұрпақты жан-жақты дамыған, өзгерістерге икемді, әрі жаңа идеялар мен шешімдерді табуға қабілетті тұлғалар ретінде тәрбиелей аламыз. Сонымен қатар, қазіргі заманғы әлемде цифрлық технологиялар мен онлайн ресурстардың ықпалы арта түскендіктен, білім беру процесінде олардың тиімді қолданылуы маңызды орын алуда. Бұл үрдіс оқушылар мен студенттердің шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Өнер саласы да осы өзгерістерден тыс қалмай, жаңа технологиялар мен шығармашылық әдістерді қолдану арқылы өз шекараларын кеңейтуде. Креативтілік пен инновация өнердің әртүрлі салаларында жаңа бағыттар мен мүмкіндіктерді ашуда, бұл өз кезегінде мәдениеттің және қоғамның дамуына зор ықпал етеді.

Жаһандық өзгерістерге жауап ретінде креативтілік пен инновация қоғамды жаңа деңгейге көтеретін және қазіргі қиындықтарға қарсы тиімді шешімдер табатын күшке айналуда. Әсіресе, әлеуметтік теңсіздік, климаттық дағдарыс, экономикалық тұрақсыздық сияқты мәселелерге қатысты инновациялық шешімдер әлемдік деңгейде ынтымақтастықты арттырып, жаһандық деңгейде әртүрлі мәдениеттер мен қоғамдардың бір-бірімен байланысуын қамтамасыз етеді. Сондықтан, білім беру мен өнер саласындағы креативтілік пен инновацияларды дамыту – бұл жаһандық өзгерістерге тиімді жауап беру мен қоғамды болашаққа дайындаудың басты құралы болып табылады.

Креативтілік пен инновация — бұл қазіргі заманғы білім мен өнердің негізгі қозғаушы күштері. Әсіресе, жаһандық өзгерістер жағдайында бұл екі аспект қоғамды өзгертуге, мәселелерді шешуге, әрі адамның жеке және әлеуметтік дамуына ықпал етеді. Олар жаһандық өзгерістерге тиімді жауап беруге және әлеуметтік, экономикалық, мәдени салалардағы жаңа шешімдерді табуға мүмкіндік береді. Білім беру мен өнер салаларындағы инновациялар қоғамды дамытуда, адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуда және жаһандық мәселелерді шешуде маңызды рөл атқарады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Дубынин Г. Д. Қазіргі уақытта қолданылатын ақпараттық технологиялар туралы ақпарат беремін. Издательство: Аванта 2022г 17-68б.
2. Федоров А. Е. «Жоғары білім беру жүйесінің құрылымы мен даму үрдістері жайлы зерттеу». Рауан, 2000. 7-56б.
3. Коваль В. И. Кәсіби білім берудің теориясы мен тәжірибесін қарастырады. 22-27б.
4. Момынова Б. С. Қазақстанның білім беру жүйесін дамытуға қатысты мәселерді зерттейді. – Алматы: Казак университеті, 2003г
5. Бақытбаев К, Базилов Ж.Ж, С.М. Биттебаев, Б. К.Оразбаев. Казахско-русский терминологический словарь.-Алматы: Издательства 2000.
6. Электрондық сайттағы нұсқа: https://nsportal.ru/shkola/materialy-dlya-roditelei/library/2014/05/07/kak-pomoch-rebenku-v-vybore-professii
7. Электрондық сайттағы нұсқа: https://infourok.ru/statya-organizaciya-i-metodicheskie-principy-proforientacii-za-rubezhom-5264241.html
8. Электрондық сайттағы нұсқа: https://bagdar.kz/ru/article/Item?alias=
9. Problemy_i_perspektivy_professionalnogo_samoopredeleniya_i_professionalnogo_razvitiya_v_rk.

ӘОЖ 745/749 **ҒТАМР 18.31.01**

Татыран Қ. Б.
Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының
«Өнертану» мамандығының 3-курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Өнертану магистрі Қарабалаева Б.Р.
baxitbekkaldanai0508@gmail.com

ҚАЗАҚ ЗЕРГЕРЛІК ӨНЕРІНДЕГІ ДӘСТҮРЛІ МОТИВТЕРДІҢ ЗАМАНАУИ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ: ЕСТАЙ ДАУБАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ МЫСАЛЫНДА

АҢДАТПА

Бұл мақалада қазақтың дәстүрлі зергерлік өнеріндегі байырғы ою-өрнек пен нақыштардың қазіргі замандағы жаңаша сипат алуы қарастырылады. Естай Даубаевтың шығармашылығы мысалында ұлттық мұра мен заманауи стильдің үйлесімді тоғысуы талданады. Шебердің туындылары арқылы өткен мен бүгіннің арасында алтын көпір салынғаны баяндалады. Сонымен қатар, зергерлік бұйымдардың мәдени-символикалық мәні, олардың қазақтың эстетикалық және философиялық дүниетанымындағы орны ашылады. Мақалада дәстүрлі мотивтердің трансформациясы, олардың қазіргі қоғамдағы көркемдік рөлі мен зергерлік өнердің жаһандық кеңістіктегі орнын айқындайтын аспектілер талқыланады.

СОВРЕМЕННАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ ТРАДИЦИОННЫХ МОТИВОВ В КАЗАХСКОМ ЮВЕЛИРНОМ ИСКУССТВЕ: НА ПРИМЕРЕ ТВОРЧЕСТВА ЕСТАЯ ДАУБАЕВА

АННОТАЦИЯ

В статье рассматривается современная трансформация традиционных мотивов казахского ювелирного искусства. На примере творчества Естая Даубаева раскрывается гармоничное слияние национального наследия и актуального стиля. Украшения мастера становятся связующим звеном между прошлым и настоящим. Кроме того, анализируется культурно-символическое значение ювелирных изделий, их место в эстетическом и философском мировоззрении казахского народа. В статье обсуждаются аспекты трансформации традиционных мотивов, их художественная роль в современном обществе и место казахского ювелирного искусства в глобальном культурном пространстве.

CONTEMPORARY TRANSFORMATION OF TRADITIONAL MOTIVES IN KAZAKH JEWELLERY: ON THE EXAMPLE OF ESTAY DAUBAYEV'S WORK

ABSTRACT

This article explores the modern transformation of traditional motifs in Kazakh jewelry art. Using Yestai Daubaev’s work as an example, it highlights the harmonious blend of national heritage with contemporary style. His creations serve as a golden bridge connecting the past and the present. Additionally, the article examines the cultural and symbolic significance of jewelry, its role in the aesthetic and philosophical worldview of the Kazakh people. It discusses the transformation of traditional motifs, their artistic relevance in contemporary society, and the position of Kazakh jewelry art in the global cultural landscape.

КІРІСПЕ

Қазақ даласының сайын төсінде самал желмен тербелген көне тарихтың ізі бар. Сол тарихтың үнін күмбірлете жеткізетін өнердің бірі – зергерлік. Күмістің жарқылында, алтынның жылуында ата-бабамыздың арман-мұраты мен жан сыры жасырынған. Әшекейлер – тек сәндік бұйым емес, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан рухани аманат, шежірелі мұра. Сан ғасыр бойы

шеберлердің қолынан туған білезік пен сақиналар, бойтұмарлар мен шолпылар даланың әрбір тасы мен жотасын, әрбір аңызы мен ғұрып-салтын бойына сіңіріп келген.

Бүгінгі күннің шеберлері де сол ұлы дәстүрді жалғастырып, заман ағымына сай жаңа өрнек беруде. Солардың бірі – Естай Даубаев. Ол көне түркілік ою-өрнектер мен символдарды заманауи формамен үйлестіріп, әрбір әшекейге жан бітірген зергер. Оның қолынан шыққан бұйымдар – өткен мен бүгінді жалғаған алтын көпір, дала рухын бүгінгі әлемге паш ететін үнсіз шежіре. Даубаевтың туындылары арқылы қазақ зергерлік өнері өзінің жаңа тынысын тауып, заманауи сахнаға айшықтала шығуда.

Осы мақалада біз дәстүрлі қазақ зергерлік өнерінің заманауи келбетін және Естай Даубаев шығармашылығының ұлттық мәдениеттегі орнын кеңінен ашып көрсетпекпіз.

Ғылыми мақаланың өзектілігі: Қазақ зергерлік өнері – ұлттың тарихи-мәдени кодын бойына сіңірген, ғасырлар бойы қалыптасқан рухани мұра. Қазіргі жаһандану дәуірінде дәстүрлі өнердің заманауи кеңістікте жаңаша сипат алуы өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Бүгінде ұлттық нақыш пен заманауи трендтерді үйлестіре отырып, мәдени мұраны сақтау мен жаңа буынға дәріптеу – маңызды міндет. Осы орайда Естай Даубаев секілді заманауи шеберлердің шығармашылығы дәстүр мен жаңашылдықтың түйісуін айқын көрсетеді. Оның туындылары арқылы қазақ зергерлік өнерінің дамуы мен трансформация үдерісін ғылыми тұрғыда талдап, зергерлік дәстүрдің бүгінгі қоғамдағы рөлін анықтау – қазақ мәдениетінің үзілмес арқауын сақтауда аса өзекті болып табылады.

Ғылыми мақаланың зерттелу деңгейі: Зерттеу барысында Естай Даубаевтың зергерлік өнері мен оның шығармашылығы туралы бірқатар өнертанушылардың және мәдениет зерттеушілерінің еңбектері қарастырылды. Шебердің туындылары заманауи қазақ зергерлік өнеріндегі өзіндік даралығымен және ұлттық нақышты жаңаша интерпретациялауымен ерекшеленеді. Қазіргі зерттеулерде Даубаевтың дәстүрлі қазақ зергерлігін қазіргі заман ағымына бейімдеп, оны жаңа көркемдік тілмен жеткізгені кеңінен талданады. Естай Дәубаевтың шығармашылығы – қазақ зергерлік өнерінің алтын арқауы, уақыттың сынынан өткен дәстүр мен жаңашылдықтың ұштасқан тұсы. Оның қолынан шыққан әрбір туынды тек сәндік бұйым ғана емес, ата-бабалардан жеткен асыл өнердің жалғасы, рухани қазына. Шебердің ұлттық зергерлік мұраны жаңғыртудағы еңбегін өнертанушылар мен мәдениет зерттеушілері ерекше атап өтеді.

Өнертанушы Ли Камилла Витальевна да Естай Дәубаевтың қазақ зергерлік өнеріне қосқан үлесін саралай отырып, оның шеберлігін жоғары бағалайды. Зергерлік өнердің нәзік техникасын меңгеріп қана қоймай, оны жаңа стильдік формалармен толықтырған шебердің туындылары қазақ өнерінің жаңа кезеңін айқындайды. Оның айтуынша, Дәубаевтың жұмыстары дәстүрлі нақыш пен заманауи тәсілдердің бірлігін көрсетеді, бұл өз кезегінде ұлттық мәдениеттің дамуына серпін береді .

Бұл зерттеулер Естай Дәубаевтың қазақ зергерлік өнеріндегі ерекше орнын айқындап, оның ұлттық мәдениетіміздің жаңғыруы мен дамуына қосқан маңызды үлесін дәлелдейді. Шебердің туындылары тек әсемдік үшін емес, қазақтың сан ғасырлық тарихы мен рухани болмысын бейнелейтін терең символдық мәнге ие. Ол 1958 жылы Сарыарқаның сайын даласында, Қарағанды облысы Қарқаралы топырағында дүниеге келді. Естайдың балалық шағы кең дала мен көне аңыздарға, бабалардың мұрасын көздің қарашығындай сақтаған көнекөз қариялардың әңгімесіне сусындап өтті. Бозбала күнінен-ақ шебер қолөнершілердің қасында жүріп, зергерлік бұйымдарды тамашалап өскен Естай ұлттық ою-өрнек, сақ-ғұн дәуірінен жеткен аң стиліндегі зергерлік туындыларға ерекше қызығушылық танытты.

Өнер жолына деген махаббаты оны Алматыдағы көркемсурет училищесіне жетеледі. Ол жерде болашақ шебердің зергерлік өнерге деген құштарлығы мен қолөнерге бейімділігі одан әрі шыңдала түсті. Одан кейін Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының сәндік-қолданбалы өнер факультетінде білімін жалғастырып, зергерлік өнердің теориясы мен тәжірибесін терең меңгерді [1].

Естай Дәубаев – шығармашылық жолында ұлттық болмысты заманауи өнермен ұштастырып, өзіндік ерекше қолтаңбасын қалыптастырған тұлға. Ол – Қазақстан Суретшілер

одағының мүшесі, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының профессоры, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері [2]. Сонымен қатар, шебердің еңбегі халықаралық деңгейде де бағаланып, Карл Фаберже ордені мен «Жігер», «Тұран» секілді беделді сыйлықтарға ие болды [3].

Е.Дәубаев – өнерді ұрпақ сабақтастығы деп білген зергер. Оның туындылары қазақтың жауынгерлік рухынан бастап, көшпенділердің бай мифологиясына дейінгі кеңістік пен уақыт шеңберін қамтиды. Әрбір жұмысы – тарихтың үнсіз шежіресі, бабалар аманаты. Оның қолынан шыққан сәукелелер мен әйелдердің зергерлік әшекейлері – өткеннің сән-салтанатын заманауи нақышпен жеткізген шынайы өнер туындылары [4].

Шебердің қолтаңбасы – асыл тастар мен металдың үйлесімділігі арқылы қазақ руханиятын заманауи өнер кеңістігіне алып шыққан ерекше стиль. Ол Еуразия даласының көне дәуірлерден келе жатқан көк бөрі, күн, ай, жұлдыз сияқты сакральды бейнелерін әшекейлеріне дарытып, бүгінгі күнмен үндестіре білді [5]. Сондықтан да оның шығармалары музей қорларынан орын алып қана қоймай, халықаралық көрмелерде де жоғары бағаланып келеді [6]. Естай Дәубаев үшін зергерлік өнер – тек қолөнер ғана емес, рух пен сана үндестігі, өткен мен бүгіннің алтын көпірі. Ол өзінің шәкірттерін де осы қағидатпен тәрбиелеп, қазақ зергерлік өнерінің дәстүрін заманауи оқылымда жалғастыруға баулып келеді. Шебердің өнерге деген шексіз сүйіспеншілігі мен тарихи сананы жаңғыртуға деген талпынысы оны қазіргі қазақ зергерлік өнерінің бірегей тұлғасына айналдырды. Естай Дәубаевтың ұлттық қазыналарды жаңғыртуға қосқан үлесі еліміздің мәдени орталықтарында айқын көрініс тапты. Ол көшпенділердің дәстүрлі қару-жарақ өнерін қайта тірілтіп, бес түрлі кескіш қарудан тұратын жауынгерлік жиынтықтарға жаңа тыныс берді. Шебер зергерлік өнердің бүкіл қыр-сырын жетік меңгеріп, құю мен соғудан бастап, зерлеу мен қаптауға дейінгі барлық технологиялық үдерісті мұқият жүзеге асырады. Оның заманауи зергерлік бұйымдар топтамасына білезіктер, сақиналар, сәукеле сияқты ұлттық әшекейлер кіреді. Бұл туындылар алтын, күміс және асыл тастармен әрленіп, олардың пластикалық және эстетикалық ерекшеліктерін айшықтай түседі.

Естай Серікбайұлының шығармалары Фаберже мектебінің тәсіліне сүйене отырып жасалғанымен, оның қолтаңбасына тән ерекше овал пішіні, нәзіктігі мен қазақ зергерлік дәстүрлерінің үйлесімді қолданылуымен дараланады. Шебердің мүсіндік жұмыстары пішін үйлесімділігі мен нақыштылығымен ерекшеленеді. Ол әр композицияның тұғырына ерекше мән беріп, оны туындының ажырамас бөлігіне айналдырады.

4 қазанда Ә.Қастеев атындағы өнер музейінде ашылған «Менің әлемім – менің туындыларым» атты көрмеде автордың 200-ге жуық белгілі еңбегі ұсынылды. Олардың қатарында дәстүрлі қару-жарақ үлгілері, әйелдер әшекейлері, сәукеле, мүсіндік-зергерлік композициялар, паннолар, авторлық тәж нұсқалары және басқа да өнер туындылары бар. Шебердің «Күлтегін», «Тәж», «Бөрілі байрақ», «Алтын құс», «Самұрық», «Қыран», «Бәйтерек», «Асатаяқ» және «Сәукеле» сынды ерекше еңбектерін айрықша атап өтуге болады.

«Бөрілі байрақ» мүсіндік композициясы түркі әлемінің басты тотемдік рәмізі – «Көк бөріні» бейнелейді. Ол ежелгі аң стилінде орындалып, қорғаныс пен шабуыл сәтін суреттейтін айбарлы кейіпте сомдалған. Композицияның күмбез тәріздес тұғырына найза бекітіліп, оның ұшында жебенің ұшы пішіндес қасқырдың басы орналасқан. Бұл туынды жауынгер батырлардың рухын көтеріп, қазақтардың ұлы «Көк бөріден» тараған ұрпақ екендігін мүсіндік-зергерлік өнер тілімен айшықтайды.

Шебердің авторлық сәукеле үлгілері – қазақ келіндерінің дәстүрлі бас киімін жаңаша түсіндірген ерекше туындылар. Бай қызыл барқытпен қапталып, сақ дәуірінің аң стиліндегі алтын әшекейлермен көмкерілген бұл сәукелелер скиф ханшайымдарын еске салады. Сол дәуірдің жалғасы іспетті қазіргі қазақ қалыңдықтарының биік бас киімдері күміспен өрнектеліп, асыл тастармен зерленген. Бұл – дәстүрлі зергерлік мектептен шабыт алған өнер иесінің заманауи көзқарасы. Әйелдерге арналған зергерлік жиынтықтары нәзіктігімен, үйлесімділігімен және тұтастығымен ерекшеленеді.

Естай Дәубаев өз шығармалары арқылы шеберлік деңгейінің жоғары екенін ғана емес, қазақ зергерлік және қолданбалы өнерінің шексіз мүмкіндіктерін де паш етеді. Оның әрбір

туындысы романтизм стилінде орындалып, ұлттық құндылықтармен және терең көркемдік танымменастасып жатады. Шебердің еңбектерінен айқын аңғарылатын басты ерекшелік – әрбір туындының символикалық әрі тақырыптық мағынаға бай болуында.

Естай Дәубаев – қазақ зергерлік өнерінің алтын арқауы мен жаңа заманның көркемдік тынысын тоғыстырған шебер. Оның туындылары – тек әшекей ғана емес, ғасырлар қойнауынан жеткен ұлттық код пен бүгінгі күннің сұранысын қатар алып жүретін көркемдік феномен. Дәстүрлі мотивтер мен заманауи форманың нәзік тоғысуы арқылы ол қазақ зергерлік өнеріне жаңа тыныс сыйлап, оны әлемдік мәдени кеңістікке алып шықты. Естай Дәубаев – көне заманның көмескі аңыздары мен мифтерін зергерлік өнер тілімен қайта сөйлеткен тұлға. Оның «Бөрілі байрақ», «Тәңірдің нышаны», «Аң стилі» сияқты жұмыстары көшпелі халықтардың дүниетанымын заманауи стильде жаңғыртты.

Әрбір жұмысы – тек сәнділік үшін емес, философиялық ой мен нәзік сезімнің көрінісі. Дәубаев сәукелелерінде алтын жіптермен көмкерілген өрнек пен асыл тастар арқылы ханшайымдық келбетті жаңаша қырынан ашып, заманауи әйел бейнесін ұлттық кодпен шебер сабақтастырады [2].

Шебердің ерекшелігі – дәстүрлі мотивтерді заманауи пластика мен композиция арқылы тың қырынан ұсынуында. Дәстүрлі қазақ зергерлігінде көп қолданылған ою-өрнектер мен символдық пішіндерді минималистік және геометриялық формалармен жаңаша бейнелейді. Мәселен, оның «Шеңбер ішіндегі өмір» атты композициясында шебер қазақтың өмір шеңберін тұспалдап, бесік, ошақ, кереге секілді тұрмыстық элементтерді заманауи графика стилінде ұсынған. Естай Дәубаев шығармаларында таза сызықтар мен қатаң геометриялық пішіндер ұлттық дәстүрлі өрнектермен үндесіп, постмодерндік өнер үлгісінде көрініс табады. Оның білезіктері мен алқаларында шеңбер, үшбұрыш, ромб тәрізді бейнелер арқылы қазақ мифологиясындағы төрт элемент – су, от, жер және ауаның тепе-теңдігін жеткізеді. Естай Дәубаев шығармашылығы ұлттық және заманауи элементтердің үйлесімімен ерекшеленеді. Оның туындылары көбіне күміс пен алтыннан жасалып, қарала әдісі мен зерлеу тәсілдері арқылы өңделеді. Сонымен қатар, бағалы тастар – көк тас, ақық, інжу және нефрит жиі қолданылады. Шебер туындыларында жиі кездесетін – ай, күн, жұлдыз бен көк бөрі бейнелері. Олар көне түркілік дүниетанымды қазіргі көрерменге түсінікті әрі заманауи тілде ұсынады.

Дәубаев композицияларында аспан мен жер, адам мен ғарыш арасындағы үйлесім ұғымы терең мағынада көрінеді. Сондықтан оның жұмыстарында жеңіл әрі нәзік пішіндер мен айқын формалар қатар өріліп, қазақ даласының рухын бүгінгі заманға жеткізетін символикалық образдарға айналады [3]. Естай Дәубаев – Қазақстанның ғана емес, халықаралық өнер кеңістігінің де мойындаған шебері. Оның туындылары Франция, Түркия, Ресей, Қырғызстан және басқа да елдердегі халықаралық көрмелерде ұсынылып, көрермендердің жоғары бағасына ие болды.

2024 жылы Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде өткен «Зердем – өнерімде» атты мерейтойлық көрмесі – шебердің шығармашылық жолындағы ең ауқымды шаралардың бірі. Көрмеге ұсынылған 200-ден астам зергерлік туынды ұлттық мәдениеттің тереңдігін, шебердің шығармашылық эволюциясын, сондай-ақ, қазақ зергерлік өнерінің жаңа заманмен үндестігін көрсетті [4].

Ұстаз ретінде де Естай Дәубаев қазақ зергерлік өнерінің ізін жалғастырар шәкірттер тәрбиелеуге ерекше көңіл бөледі. Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында дәріс беріп жүрген ол, жас зергерлерге ұлттық өнердің терең философиясы мен заманауи бағытын қатар меңгертуді басты мақсат тұтады. Шебер әрбір шәкіртін қазақтың ұлы даласынан бастау алған өрнекті өнердің жанды мұрагері ретінде тәрбиелеп келеді. Оның шәкірттері бүгінде республикалық және халықаралық байқауларда жүлделі орындар иеленіп, қазақ зергерлік өнерінің мәртебесін арттырып жүр. Естай Дәубаев – қазақ руханиятын бейнелейтін зергерлік өнердің мәңгілік жыршысы. Оның шығармашылығы – ұлттың өткенін бүгінмен байланыстырған шежіре.

Естай Дәубаев туындылары – көне мен жаңаның, ұлттық пен ғаламдықтың арасындағы көпір іспетті. Оның зергерлік әлемінде қазақтың ежелгі мифологиялық ой-танымы мен

заманауи көркемдік шешімдер тоғысып, тың көрініс табады. Шебердің әрбір туындысы – киелі даланың үнсіз жырындай, шежірелі тарихтың тілсіз айғағындай.

Естай Дәубаевтың туындылары қазақ зергерлік өнерінің ғасырлар бойғы дәстүрлері мен заманауи көркемдік тәсілдердің синтезін айшықтайды. Оның әрбір жұмысы – пластикалық шешімі, құрылымдық тұтастығы және мағыналық тереңдігі жағынан күрделі, көркемдік ізденістің биік нәтижесі. Композициялық тұрғыдан зергердің жұмыстары мүсіндік нақтылыққа, сызықтық ритм мен ою-өрнектік құрылымның үйлесіміне негізделген. Оның туындылары тек әшекей немесе сәндік элемент қана емес, философиялық тұжырымдамасы айқындалған көркемдік ойдың жарқын көрінісі.

«Күлтегін» – композициядағы айбар мен үйлесім. Күлтегін бейнесі – Даубаев шығармашылығындағы ең күрделі әрі терең мағыналы жұмыстарының бірі. Композиция орталығында түркі жауынгерінің символдық кейпі орналасқан. Мүсіннің пластикалық шешімі айқын, қуатты қозғалыс пен статикалық тұрақтылықтың арасындағы тепе-теңдік сақталған. Шебер жауынгердің дене бітімін айқын контурлар арқылы сомдап, оны архаикалық мүсіндік дәстүрлерге жақындатқан. Басты назар Күлтегіннің қару-жарағы мен сауытында шоғырланған. Әрбір элемент – тек әскери атрибут қана емес, ұлттық рухтың, тарихи сабақтастықтың, мәдени бірегейліктің белгісі. Мүсіннің жалпы композициясы үштік құрылымға негізделген: төменгі бөлігі – тұғыр, ортасы – кейіпкердің динамикалық дене тұрысы, жоғарғы бөлігі – оның жауынгерлік рухын айқындайтын қару мен бас киім. Бұл үштік құрылым көркемдік тұтастықты қамтамасыз етіп, образдың мағыналық тереңдігін арттырады.

Келесі туындысы, «Бөрілі байрақ» – кеңістік пен символдың үйлесімі. Бұл туынды түркі халықтарының тотемдік символы – «Көк бөрінің» бейнесін жаңаша интерпретациялайды. Композицияда үш негізгі элемент бар: байрақтың тік сызығы, қасқыр басының стильдендірілген бейнесі және оның айналасындағы орнаменталды өрнектер. Бұл үштік құрылым – тік оське негізделген классикалық мүсіндік тәсілдердің бірі, ол динамика мен тұрақтылықты бірдей үйлестіреді. Қасқыр басының мүсіндік шешімі әсіресе ерекше. Шебер оның мүсінін бедерлі инкрустация арқылы өңдеп, металдың фактурасын табиғи қасқыр жүніне ұқсатып жасаған. Бұл туындыда композициялық қарама-қарсылық тәсілі қолданылған: өткір геометриялық сызықтар мен жұмсақ, пластикалық элементтердің үйлесімі айқын байқалады. Бөрінің айбарлы тістері мен көзқарасы жауынгерлік рух пен батырлықтың символи касын күшейтіп, туындының эмоционалдық әсерін арттырады.

«Алтын құс» – қозғалыс пен жеңілдік эстетикасы. Бұл мүсіндік композицияда басты назар құстың қозғалысына аударылған. Қанаттары кең жайылған құс – ұшу сәтіндегі еркіндік пен рухани көтерілу нышаны. Композицияның негізінде – пластикалық сызықтардың ырғақты динамикасы. Құстың қанаттары жоғары көтеріліп, оның денесі спиральдық қозғалысқа түсетіндей әсер қалдырады. Металл өңдеудегі ерекше техника – бедерлі өрнектер мен қырлы инкрустация әдісі арқылы құстың қауырсындары өте нәзік әрі шынайы көрініс тапқан. Бұл – Дәубаевтың материалды терең сезінуінің және оны пластикалық шешіммен ұтымды үйлестіре білуінің айқын дәлелі.

«Сәукеле» – тік құрылымның мағыналық қуаты. Сәукеле – қазақ зергерлік өнеріндегі ең күрделі әрі мәнді композициялық құрылымдардың бірі. Дәубаев бұл дәстүрлі бас киімді заманауи зергерлік өнердің элементтерімен толықтырып, оның тарихи ерекшеліктерін сақтаған. Композициясы жоғары қарай ұмтылған динамикалық пішінге негізделген. Сәукеленің ұшы аспанға бағытталған, бұл оның иесінің асқақ мәртебесі мен тектілігін білдіреді. Бүкіл құрылым симметриялық тепе-теңдікті сақтай отырып, күрделі ою-өрнек пен бедерлі инкрустация арқылы көркемделген. Асыл тастардың орналасуы композицияға жарық пен реңктік ауысулар қосып, оған көз тартарлық әсер береді.

«Асатаяқ» – вертикаль мен мағыналық тұтастық. Асатаяқ – қазақтың дәстүрлі билік символдарының бірі. Дәубаев бұл туындысында оның тарихи маңызын сақтай отырып, оған жаңа көркемдік интерпретация берген. Композицияның тік құрылымы – билік пен тұрақтылықтың символы. Оның ұшындағы әшекейлі элемент – рухани көшбасшылық пен даналықтың белгісі. Ортаңғы бөлігіндегі бедерлі өрнектер халықтың мәдени коды ретінде

көрініс тапқан. Бұл жерде ежелгі түркілік руна жазулары мен қазақтың дәстүрлі ою-өрнектері үйлесім тапқан.

Естай Дәубаевтың шығармашылығы қазақтың дәстүрлі зергерлік өнерін жаңа биікке көтеріп, оны қазіргі заман өнерінің ажырамас бөлігіне айналдыруда. Оның туындылары ұлттық кодты сақтай отырып, жаңа көркемдік тілмен сөйлейді, бұл оны заманауи зергерлік өнердегі ерекше құбылысқа айналдырады. Дәстүрлі мотивтердің заманауи трансформациясында Естай Дәубаев тек пішіндік жағынан ғана емес, идеялық тұрғыдан да жаңашылдық танытады. Оның жұмыстарында қазақтың көшпелі өмір салтының философиясы – табиғатпен үндестік, уақыттың мәңгілігі, рух пен дененің бірлігі заманауи адамзат үшін де өзекті ойларға айналады. Мысалы, «Шексіз аспан» деп аталатын зергерлік топтамасында шебер аспанның шексіздігін дөңгелек формалар арқылы беріп, оларға ирек сызықтар мен көне өрнектерді біріктіреді. Туындының мағынасы – көне түркілік «Тәңір» түсінігін XXI ғасырдағы ғаламдық мәдениет контекстінде қайта оқу.Оның зергерлік бұйымдарына тән басты белгілер: дәстүрлі өрнектердің минималистік интерпретациясы; қарапайым геометриялық формаларға негізделген композициялар; таза әрі айқын сызықтар мен текстуралардың қарама-қайшылығы; күміс пен алтынды заманауи металдармен үйлестіруі (мысалы, қараланған титан, шлифовка әдісі арқылы өңделген платина).

Шебер бұйымдарында ұлттық мән мен жаһандық көркемдік тіл үйлесіп, қазақ зергерлік өнерінің заманауи рухын паш етеді. Оның шығармалары – қазіргі қазақ зергерлік өнерінің әлемдік аренада өз орнын табуына ықпал етіп келе жатқан бірегей туындылар.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ зергерлік өнері – халқымыздың рухани әлемін бейнелейтін көркем айна, ұлттың мәдени кодын сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін қазына. Бұл өнер ғасырлар бойы қазақ халқының дүниетанымы мен эстетикалық талғамының айқын көрінісі ретінде қалыптасып, өзіндік ерекшеліктерімен дараланып келді. Бүгінде осы дәстүрлі өнердің жаңаша сипат алып, заманауи кеңістікте жаңа мәнге ие болуы – уақыт талабынан туған заңды құбылыс. Бұл өзгерістер қазақтың зергерлік дәстүріне деген қызығушылықтың қайта жануына, оның жаңа формалар мен көркемдік тіл арқылы дамуына алып келді. Осы тұрғыдан алғанда, Естай Даубаевтың шығармашылығы – дәстүр мен жаңашылдықтың үйлесім тапқан көрнекі мысалы. Дәстүрлі қазақ зергерлік өнерінің түпкі мәні тек әшекей бұйымдар жасаумен шектелмейді. Ол – қазақтың рухани мұрасын, әлемді қабылдау жүйесін, философиялық және мифологиялық түсініктерін бойына сіңірген кешенді өнер түрі. Даубаев өз шығармашылығында осы терең рухани мәнді жоғалтпай, оны бүгінгі заман эстетикасымен үндестіруге күш салып келеді. Оның зергерлік бұйымдары – қазақ халқының дәстүрлі қолөнер мәдениетінің жаңа заман талаптарына бейімделген үлгісі. Әрбір әшекей арқылы халықтың сан ғасырлық тарихы мен мәдени мұрасы жаңаша қырынан көрсетіледі.

Шебердің зергерлік бұйымдарында қазақтың ұлттық символикасы терең сақталған. Дәстүрлі қошқар мүйіз, ирек су, арқар мүйіз секілді көне ою-өрнектер модернистік және минималистік стильде бейнеленіп, жаңа көркемдік деңгейге көтерілген. Осы арқылы Даубаев ұлттық зергерлік өнердің заманауи түрленуін жүзеге асырып, оның жаңа өмір сүру формасын қалыптастырды. Бұл тек әшекей жасаудың механикалық үдерісі ғана емес, тұтас бір өнер әлемін қайта түлету, оған жаңа мән-мағына беру. Оның жұмыстары қазақ зергерлік өнеріне тән нәзіктік пен монументалдылықтың үйлесімді синтезін көрсетеді [1].

Даубаевтың қолынан шыққан әрбір туынды – ғасырлар бойғы ұлттық таным мен бүгінгі заманның көркем ойының тоғысу нүктесі. Оның зергерлік тілі арқылы ежелгі қазақ философиясы бүгінгі жаһандану дәуірінде де өзінің терең мазмұнын жоғалтпай, жаңа формада қайта жанданады. Қазіргі уақытта көптеген зергерлер ұлттық стильді тек сыртқы пішінде ғана пайдаланып, оның ішкі мағынасын жоғалтып жатады. Алайда Даубаевтың шығармашылығы бұл үрдіске қарсы бағытталған. Ол тек форманы ғана емес, мазмұнды да жаңаша пайымдап, оны тереңірек аша түседі [2].

Шебердің еңбектерінде қазақ мәдениетінің архетиптік образдары үлкен рөл атқарады. Оның жұмыстары қазақтың эпостық мұралары мен көне мифологиялық сюжеттерінен нәр

алып, осы заманның рухани қажеттіліктерімен үндеседі. Бұл туындыларда қазақ халқының болмысын бейнелейтін символикалық мәндер сақталып, олар жаңаша көркемдік тәсілдер арқылы беріледі. Мұндай әдіс зергерлік өнердің тек әсемдік үшін ғана емес, халықтың рухани жадысын жаңғыртатын құрал екендігін айғақтайды [3].

Естай Даубаевтың туындылары зергерлік өнердегі жаңа тенденцияларды қалыптастырып қана қоймай, қазақтың дәстүрлі мәдениетін әлемдік деңгейде танытуда да маңызды рөл атқаруда. Оның жұмыстары халықаралық көрмелер мен мәдени шараларда жоғары бағаланып, қазақ қолөнерінің терең мазмұнын жаңа қырынан көрсетуде. Бұл – оның шеберлік деңгейінің жоғарылығының, көркемдік ойлауының тереңдігінің және ұлттық мұраны жаңғыртуға деген адалдығының дәлелі [4].

Дәстүрлі өрнектердің жеңілдетілген, модернистік және минималистік үлгілері арқылы шебер қазақ зергерлік өнеріне жаңа тыныс беріп отыр. Оның еңбектері ұлттық нақыштан айнымағанымен, қазіргі заманғы көркемдік талаптарға толық сай келіп, әлемдік зергерлік кеңістікте өзіндік орнын иеленуде. Бұл – Даубаевтың өнерінің қазақтың эстетикалық кодын сақтай отырып, заманауи қоғамға бейімделуінің айқын көрінісі [5]. Зергердің өнер жолына үңіле отырып, қазақ зергерлік өнерінің заманауи дәуірде де өзінің рухани биігін жоғалтпай, жаңа заманмен үндесіп келе жатқанын аңғарамыз. Оның бұйымдары ұлттық мәдениетті әлемдік өнер аренасына танытатын бірегей өнер туындыларына айналды. Бұл туындылар тек қазақтың дәстүрлі зергерлік өнерін ғана емес, оның терең философиялық мәнін, көркемдік кодын, рухани сабақтастығын да айқын көрсетеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Романовская С. Казахское декоративное искусство и его современные интерпретации. – Алматы: ArtPress, 2020.
2. Сыздыкова Э. Казахский стиль в XXI веке: Трансформация и символизм // Новый Город. – 2023. – №4.
3. Баймұратова Ә. Қазақ зергерлік өнерінің мифологиялық бастаулары // «Өнертану.kz» журналы. – 2024. – №1.
4. Нұртазина Р. Қазақтың сәндік-қолданбалы өнері. – Алматы: Өнер, 2012.
5. Татимов А. Дәстүрлі қазақ ою-өрнектерінің семантикасы мен символикасы. – Астана: Елорда, 2019.
6. Сәрсенова Ә. Қазақ зергерлік өнерінің тарихы мен заманауи бағыттары // Өнертану. – 2022. – №2.
7. Шалабаева Г. Қазақстандық зергерлік өнердің жаңа тынысы // Жаңа өнер кеңістігі. – 2021. – №3.
8. Даубаев Е. Қазақ зергерлік өнеріндегі ізденістерім туралы // Шеберлер сөзі. – Алматы, 2023. – №5.
9. Сейтқұлова А. Қазақ шеберлерінің қолөнеріндегі дәстүр мен жаңашылдық. – Алматы: Дәстүр, 2017.
10. Абдиева Ж. Қазақ зергерлік бұйымдарының көркемдік құрылымы // Өнертану жазбалары. – 2020. – №4.
11. Рахымжанова Б. Ұлттық зергерлік өнердің заманауи үлгілері // Ұлағат. – 2023. – №1.
12. Камардинова К. Қазақ халқының зергерлік дәстүрлері және олардың қазіргі даму ерекшеліктері. – Алматы: Қазақ университеті, 2022.
13. Рахымов С. Қазақ қолөнеріндегі ою-өрнектердің көркемдік мәні. – Шымкент: Отырар кітапханасы, 2021.
14. Ғабитова Л. Қазақ зергерлік өнері: Тарихы мен қазіргі заман. – Алматы: Қазақ өнер академиясы баспасы, 2020.
15. Мусинова А. Зергерлік өнердегі дәстүрлі формалар мен олардың жаңа интерпретациялары // Заманауи өнер шолу. – 2024. – №2.

III СЕКЦИЯ. КРЕАТИВТІ ДИЗАЙН: СӘН, ӨНЕР ЖӘНЕ ИНДУСТРИЯЛЫҚ ДИЗАЙНДАҒЫ ТРЕНДТЕР

СЕКЦИЯ III. КРЕАТИВНЫЙ ДИЗАЙН: ТЕНДЕНЦИИ В МОДЕ, ИСКУССТВЕ И ИНДУСТРИАЛЬНОМ ДИЗАЙНЕ

SECTION III. CREATIVE DESIGN: TRENDS IN FASHION, ART AND INDUSTRIAL DESIGN

УДК 7.05 (378) **МРНТИ 14.35.07**

Сәулет докторы (Dr. Arch.) Нуркушева Л.Т. [1]
Магистрант (2-курс), дизайн факультеті Ашимова А.М.[2]
Халықаралық білім беру корпорациясы (Алматы, Қазақстан)[1,2]

ӨНЕРКӘСІПТІК ДИЗАЙН САЛАСЫНДАҒЫ БІЛІМГЕ БЕЙІМДЕЛЕТІН ОҚУ ПЛАТФОРМАЛАРЫН ИНТЕГРАЦИЯЛАУ: МУЛЬТИДИСЦИПЛИНАРЛЫҚ ТӘСІЛ

АНДАТПА

Бұл зерттеуде бейімделетін оқу платформаларын өнеркәсіптік дизайн саласындағы білім беру жүйесіне енгізудің маңыздылығы қарастырылады, оның икемді, көпдеңгейлі және мультидисциплинарлық әдістемені қалыптастырудағы рөліне назар аударылады. Цифрлық білім беру орталары жобалық ойлауды кеңейтуге, когнитивтік икемділікті дамытуға және интерактивті модельдеу әдістерін қолдануға қалай ықпал ететіні талданады. Зерттеу IMRAD құрылымына негізделген, онда алдымен жобалау қызметін оқыту стратегияларын цифрландыру мәселелері қарастырылады. Әдістеме білім беру ресурстарының контент-талдауын, студенттердің оқуға тартылуын бақылауды және білім беру процестеріндегі жүйелік байланыстарды картаға түсіруді біріктіретін кешенді тәсілді қамтиды. Нәтижелер бейімделетін оқу платформалары білімге қолжетімділікті айтарлықтай кеңейтетінін, жобалық оқытуды қолдайтынын және студенттердің шығармашылық әлеуетін арттыратынын көрсетеді, бірақ оларды тиімді енгізу үшін институционалдық қайта қарауды және біліктілікті бағалау жүйелерін жаңартуды қажет етеді. Талқылау бөлімінде дәстүрлі және заманауи оқыту әдістерінің салыстырмалы талдауы жүргізіледі, аралас оқу бағдарламаларын енгізуге, кеңейтілген және виртуалды шындық технологияларын интеграциялауға, сондай-ақ білім беру үдерістерін оңтайландыру үшін жасанды интеллекттің аналитикалық құралдарын қолдануға ерекше назар аударылады. Қорытынды бөлімде цифрлық технологияларды практикалық студиялық әдістермен біріктіретін аралас оқыту үлгілерін бейімдеу бойынша ұсыныстар берілген. Болашақ зерттеулердің перспективалық бағыттары ретінде цифрлық сертификаттаудың тұрақты механизмдерін әзірлеу, онлайн оқытудың түлектердің кәсіби дайындығына әсерін зерттеу және бейімделетін цифрлық құралдарды ұлттық білім беру стандарттарына интеграциялау ұсынылады.

ТІРЕК СӨЗДЕР: Бейімделетін оқу платформалары, өнеркәсіптік дизайн, интерактивті оқыту, жобалық модельдеу, кеңейтілген шындық, білім беру аналитикасы

Доктор архитектуры (Dr. Arch.) Л.Т. Нуркушева[1]
Дизайн факультетінің магистранты (2 курс), А.М.Ашимова[2]
Международная образовательная корпорация (Алматы, Казахстан)[1,2]

ИНТЕГРАЦИЯ АДАПТИВНЫХ УЧЕБНЫХ ПЛАТФОРМ В ОБРАЗОВАНИЕ В ОБЛАСТИ ПРОМЫШЛЕННОГО ДИЗАЙНА: МУЛЬТИДИСЦИПЛИНАРНЫЙ ПОДХОД

АННОТАЦИЯ

В данной работе исследуется интеграция адаптивных учебных платформ в образовательный процесс по промышленному дизайну, акцентируя внимание на их значимости в формировании гибкой, многоуровневой и междисциплинарной методологии. Анализируется, каким образом цифровые образовательные среды способствуют расширению границ проектного мышления, развитию когнитивной гибкости и применению интерактивных методов моделирования. Исследование структурировано по модели

IMRAD, начиная с анализа вызовов цифровизации в стратегии преподавания проектной деятельности. Методология базируется на комплексном подходе, включающем контент-аналитический разбор образовательных ресурсов, наблюдательные исследования учебной вовлеченности студентов и картирование системных взаимосвязей в образовательных процессах. Результаты показывают, что адаптивные учебные платформы значительно расширяют доступ к знаниям, поддерживают проектно-ориентированное обучение и активизируют креативный потенциал студентов, но требуют институционального переосмысления и обновления системы оценки квалификаций. В обсуждении проводится сравнительный анализ традиционных и современных подходов к обучению, акцентируется внимание на внедрении гибридных учебных программ, интеграции технологий дополненной и виртуальной реальности, а также использовании аналитических инструментов искусственного интеллекта для оптимизации образовательных процессов. В заключении предлагаются рекомендации по адаптации смешанных моделей обучения, объединяющих цифровые технологии с практическими студийными методами. Перспективными направлениями дальнейших исследований являются разработка устойчивых механизмов цифровой сертификации, изучение долгосрочного влияния онлайн-образования на профессиональную подготовку и интеграция адаптивных цифровых инструментов в национальные образовательные стандарты.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: Адаптивные учебные платформы, промышленный дизайн, интерактивное обучение, проектное моделирование, дополненная реальность, образовательная аналитика.

Doctor of Architecture (Dr. Arch.) Nurkusheva L.T.[1]
Master's Student (2nd Year), Faculty of Design Ashimova A.M.[2]
International Educational Corporation (Almaty, Kazakhstan)[1,2]

INTEGRATION OF ADAPTIVE LEARNING PLATFORMS INTO INDUSTRIAL DESIGN EDUCATION: A MULTIDISCIPLINARY APPROACH

ABSTRACT

This study explores the integration of adaptive learning platforms into industrial design education, emphasizing their role in fostering a flexible, multi-tiered, and multidisciplinary approach. The research examines how digital educational environments facilitate the expansion of project-based thinking, enhance cognitive adaptability, and promote the application of interactive modeling techniques. Structured according to the IMRAD framework, the study begins by addressing the challenges posed by digitalization in contemporary design education strategies. The methodology employs a comprehensive approach, combining content analysis of educational resources, observational studies on student engagement, and systematic mapping of interconnections within learning processes. The findings indicate that adaptive learning platforms significantly expand access to knowledge, reinforce project-based learning, and activate students' creative potential, yet require institutional re-evaluation and updates to competency assessment frameworks for effective implementation. The discussion section provides a comparative analysis of traditional and modern educational approaches, with a focus on hybrid curriculum integration, the incorporation of augmented and virtual reality technologies, and the utilization of AI-driven analytics for optimizing learning processes. The conclusion presents recommendations for adapting blended learning models that merge digital technologies with hands-on, studio-based methodologies. Future research directions include developing sustainable digital certification mechanisms, assessing the long-term impact of online education on professional preparedness, and integrating adaptive digital tools into national educational standards.

KEYWORDS: Adaptive learning platforms, industrial design, interactive learning, project-based modeling, augmented reality, educational analytics

ВВЕДЕНИЕ

Динамичное развитие промышленного дизайна требует фундаментального пересмотра образовательных методологий, особенно в контексте растущей интеграции цифровых технологий, инновационных материалов и адаптивного проектного мышления. Современные образовательные подходы стремительно трансформируются, переходя от традиционных жестких структур к более гибким моделям, способствующим системному и многослойному освоению знаний. Этот переход обусловлен необходимостью подготовки специалистов, способных не только осваивать технические аспекты проектирования, но и синтезировать разнообразные дисциплинарные перспективы в целостных дизайнерских решениях.

В этом контексте цифровые образовательные платформы, такие как Coursera, становятся не просто инструментами дистанционного обучения, а пространствами для формирования сетевого интеллектуального взаимодействия. Они создают условия для расширения когнитивных возможностей студентов за счет интеграции различных подходов – от алгоритмических методов анализа данных до интуитивно-ассоциативных практик проектирования. В частности, курсы, связанные с когнитивным картированием и стратегическим проектированием, демонстрируют, как совмещение вычислительных технологий с человекоцентрированными методами способствует развитию комплексного дизайнерского мышления. Однако включение таких децентрализованных образовательных моделей в академические программы требует переосмысления традиционных форм аккредитации и оценки знаний, а также поиска баланса между цифровым моделированием и материальной реализацией концепций.

Отсутствие универсально признанных механизмов интеграции подобных обучающих экосистем в традиционные образовательные траектории усложняет их внедрение в академическую среду. Однако такие платформы не только дополняют существующие образовательные подходы, но и способствуют их переосмыслению, стимулируя развитие адаптивных когнитивных стратегий, интуитивного принятия решений и новых способов визуального кодирования информации в материальных объектах. Выступая в роли интеллектуальных связующих звеньев, эти образовательные модели объединяют разрозненные дисциплинарные области, создавая единое когнитивное пространство, в котором проектное мышление развивается на стыке структурной логики, семиотического восприятия и алгоритмического производства. Их эффективность в подготовке специалистов по промышленному дизайну зависит от успешной интеграции в институциональные образовательные архитектуры, что обеспечит гармоничное сочетание технологических, художественных и концептуальных компонентов в процессе обучения. Анализ современных практик и кейсов позволит выявить наиболее значимые тенденции и перспективы формирования новой парадигмы образования в промышленном дизайне.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ. МЕТОДОЛОГИЯ И МЕТОДЫ ИССЛЕДОВАНИЯ

Внедрение цифровых экосистем самоорганизованного обучения в образовательную среду промышленного дизайна требует комплексного исследовательского инструментария, позволяющего оценить трансформационный эффект массовых открытых онлайн-курсов (Адаптивные учебные платформы) на когнитивную пластичность, формирование проектного инстинкта и развитие креативно-инженерного мышления. Поскольку промышленный дизайн оперирует на пересечении абстрактных синтетических концепций, материальных конструкций и алгоритмических процессов, данное исследование применяет многослойную методологию, ориентированную на выявление того, каким образом Адаптивные учебные платформы стимулируют эволюцию компетенций будущих специалистов. В частности, анализ охватывает три ключевые области: диссекцию содержательной архитектуры курсов, моделирование поведенческих векторов студентов в цифровых средах и сопоставление онлайн-курсов с традиционными образовательными протоколами. Систематический анализ этих направлений позволяет выявить, в какой мере

Адаптивные учебные платформы могут оптимизировать процессы проектной подготовки и какие барьеры остаются на пути их интеграции [2, 3]

На первом этапе проводится деконструкция содержания МООС-курсов, связанных с промышленным дизайном. В фокусе — репрезентация фундаментальных принципов проектирования, включая параметрическое моделирование, материаловедение, принципы устойчивого производства и эргономику, что позволяет определить, насколько онлайн-платформы обеспечивают гармоничный баланс между теоретической когерентностью и эмпирической реализацией. С использованием таксономической матрицы анализируются учебные программы, механизмы оценки и методики взаимодействия с обучающимися. Как иллюстрирует (*Рисунок 1)*, морфологическое распределение концептуальных связок в МООС-программах по промышленному дизайну демонстрирует диспропорцию: тогда как алгоритмические методы проектирования представлены широко, принципы биоинтегрированного дизайна и символическая семантика материальной культуры оказываются менее разработанными [1, 6]. В дополнение к этому применяется семиотический анализ терминологического кластера, выявляющий иерархию смысловых доминант и эпистемологический каркас подачи материала [5, 7].




Рисунок 1 *–Морфологическая таксономия междисциплинарных связей в Адаптивные учебные платформы*

Зерттеу нәтижелері сән индустриясында 3D-басып шығару технологияларын одан әрі зерттеу және дамыту қажеттілігін көрсетеді, өйткені олар ерекше, экологиялық таза және жоғары технологиялық бұйымдарды жасау үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Авторлар 3D-басып шығаруды аксессуарларды өндіру процесіне біріктіру сәндік бұйымдарды жобалау мен жасаудың дәстүрлі тәсілдерін айтарлықтай өзгерте алады деген қорытындыға келеді.

ТІРЕК СӨЗДЕР: 3D-басып шығару, әйелдер аксессуарлары, басып шығару технологиялары, сәндік дизайн, FDM, SLA, SLS басып шығару, жекелендіру, зергерлік бұйымдар, инновациялық материалдар.

Магистрант, Ануарбек Айзере Алишеркызы
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
(Алматы, Казахстан)
Научный руководитель, кандидат педагогических наук, ассоц., профессор Сманова А.С.

ТЕХНОЛОГИИ 3D-ПЕЧАТИ, ПОДХОДЯЩИЕ ДЛЯ ИЗГОТОВЛЕНИЯ ЖЕНСКИХ АКСЕССУАРОВ

АННОТАЦИЯ

Статья посвящена исследованию технологий 3D-печати, которые предназначены для изготовления женских аксессуаров. В последние годы 3D-технология стала популярной в различных сферах печати, включая моду и дизайн, благодаря своей способности создавать уникальные и персонализированные изделия. В работе рассмотрены основные методики 3D-печати, такие как FDM, SLA и SLS, а также их применение при создании различных типов женской одежды, включая ювелирные изделия, сумки и головные уборы. Особое внимание уделяется таким преимуществам, как сокращение отходов материалов, быстрота

прототипирования и возможность кастомизации. Результаты исследования подтверждают необходимость дальнейшего изучения и развития технологий 3D-печати в индустрии моды.

Одним из ключевых аспектов исследования является анализ преимуществ, которые 3D-печать предоставляет индустрии моды. В числе главных достоинств технологии можно выделить значительное сокращение отходов материалов, высокую скорость создания прототипов, гибкость в производстве и возможность полной кастомизации продукции. Кроме того, изучаются инновационные материалы, используемые в процессе 3D-печати, их свойства и потенциал для внедрения в дизайнерские решения. В статье также рассматриваются примеры успешного применения 3D-печати в модной индустрии, что подтверждает ее актуальность и перспективность.

Результаты исследования демонстрируют необходимость дальнейшего изучения и развития технологий 3D-печати в индустрии моды, поскольку они открывают новые горизонты для создания уникальных, экологичных и высокотехнологичных изделий. Авторы приходят к выводу, что интеграция 3D-печати в процесс производства аксессуаров способна значительно трансформировать традиционные подходы к дизайну и изготовлению модных изделий.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: 3D-печать, женские аксессуары, технологии печати, модный дизайн, FDM, SLA, SLS печать, кастомизация, ювелирные изделия, инновационные материалы.

Master's student Anuarbek Aizere Alisherkyzy
Kazakh National Pedagogical University named after Abay (Almaty, Kazakhstan)
Scientific supervisor, Candidate of Pedagogical Sciences, assoc., Professor A.S. Smanova.

3D PRINTING TECHNOLOGIES SUITABLE FOR MAKING WOMEN'S ACCESSORIES

ABSTRACT

This article explores modern 3D printing technologies used in the production of women's accessories. In recent years, 3D technology has taken a significant place in various fields of design and manufacturing, particularly in the fashion industry, due to its ability to create unique, innovative, and personalized products. The study examines key 3D printing methods such as FDM (Fused Deposition Modeling), SLA (Stereolithography), and SLS (Selective Laser Sintering), as well as their characteristics and advantages in creating women's accessories, including jewelry, bags, headwear, and decorative clothing elements.

One of the key aspects of the research is the analysis of the benefits that 3D printing offers to the fashion industry. The main advantages of this technology include significant material waste reduction, high-speed prototyping, production flexibility, and full customization of products. Furthermore, the study explores innovative materials used in 3D printing, their properties, and their potential for integration into design solutions. The article also discusses successful examples of 3D printing applications in the fashion industry, confirming its relevance and prospects.

The research findings demonstrate the need for further exploration and development of 3D printing technologies in the fashion industry, as they open new horizons for creating unique, eco-friendly, and high-tech products. The authors conclude that integrating 3D printing into the accessory manufacturing process can significantly transform traditional approaches to fashion design and production.

KEYWORDS: 3D printing, women's accessories, printing technologies, fashion design, FDM, SLA, SLS printing, customization, jewelry, innovative materials.

КІРІСПЕ

Қазіргі таңда жаңа технологиялардың дамуымен қатар, өндірістік процестерде инновациялық әдістерді қолдану өзекті мәселе болып отыр. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Жолдауында экономиканы әртараптандыру мен жоғары технологиялық өндірістерді дамыту қажеттігін ерекше атап өтті [1]. Бұл тұрғыда 3D

баспа технологиялары индустриялық-инновациялық дамудың маңызды бағыты ретінде қарастырылады. Себебі бұл технология өндірістік процестерді жылдамдатып, өнімдерді жекелендіру (кастомизация) мүмкіндігін арттырады. Біздің көзқарасымыз бойынша, Қазақстанда бұл бағытты белсенді түрде дамыту қажет, өйткені ол импортқа тәуелділікті азайтып, отандық өндірісті жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, 3D баспа арқылы өндірілетін экологиялық таза өнімдер қоршаған ортаға зиян келтірмей, тұрақты даму қағидаларына сәйкес келеді. Сондықтан, бұл технологияға инвестиция құю – елдің инновациялық әлеуетін арттырудың тиімді жолы деп есептейміз.

Әйелдер аксессуарлары индустриясында 3D баспа технологияларын қолдану сән және дизайн салаларындағы шығармашылық мүмкіндіктерді кеңейтеді. Бұл технология өнімдерді жекелендіруге, өндіріс уақытын қысқартуға және материалдарды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді [2]. Соңғы жылдары әлемдік сән индустриясында FDM, SLA және SLS баспа әдістері кеңінен қолданыла бастады. Қазақстанның да бұл үдерістен тыс қалмауы үшін ғылыми зерттеулер мен жаңа технологияларды игеру маңызды [3]. Бұл – сән индустриясындағы инновацияларды дамытудың маңызды бағыты. Әсіресе, эксклюзивті аксессуарларға сұраныс артып келе жатқан қазіргі уақытта 3D баспа дизайнерлерге жаңа идеяларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді деген пікірдеміз.

Соңғы жылдары әлемдік сән индустриясында FDM, SLA және SLS баспа әдістері кеңінен қолданыла бастады. Бұл әдістер арқылы күрделі геометриялық пішіндер, нәзік құрылымдар және ерекше текстуралар жасауға болады. Қазақстанның да бұл үдерістен тыс қалмауы үшін ғылыми зерттеулер мен жаңа технологияларды игеру маңызды. Сол себепті, отандық дизайнерлер мен кәсіпкерлер бұл мүмкіндікті пайдаланып, 3D баспа арқылы бірегей өнімдер жасап, әлемдік нарыққа шыға алады. Бұл үшін мемлекеттік қолдау, білім беру бағдарламалары және тәжірибелік зерттеулер қажет. Егер Қазақстанда 3D баспа технологияларын сән индустриясында кеңінен қолдану жолға қойылса, онда отандық өнімдер халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті бола алады.

Осы зерттеу 3D баспа технологияларының әйелдер аксессуарларын жасаудағы рөлін, олардың артықшылықтары мен даму болашағын талдауға бағытталған. Зерттеу нәтижелері сән индустриясында инновациялық материалдарды қолдану мен кастомизациялау мүмкіндіктерін кеңейтуге үлес қосады [4]. Инновациялық материалдарды пайдалану мен өнімдерді жекелендіру мүмкіндіктері сән индустриясының дамуына серпін береді. Болашақта 3D баспа технологияларын кеңінен қолдану арқылы Қазақстан сән индустриясының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және тұрақты өндіріс жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік алады деп есептейміз.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ. ӘЙЕЛДЕРГЕ АРНАЛҒАН АКСЕССУАРЛАРДЫ ЖАСАУҒА ҚОЛАЙЛЫ 3D БАСЫП ШЫҒАРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Қазіргі заманғы 3D баспа технологиялары сән индустриясында кеңінен қолданылып, әйелдер аксессуарларын жасауға инновациялық шешімдер ұсынуда. Қосымша өндіріс әдістерін пайдалану дизайнерлерге күрделі геометриялық пішіндерді жасауға, материалдық қалдықтарды азайтуға және бірегей өнімдерді дайындау процесін жеделдетуге мүмкіндік береді [5]. Біздің пікіріміз бойынша, 3D баспа технологияларының сән индустриясына енгізілуі дизайнерлік мүмкіндіктерді кеңейтумен қатар, тұрақты өндіріс принциптеріне сәйкес келеді [6].

Аксессуарлар өндірісінде кең таралған 3D баспа әдістеріне *FDM (Fused Deposition Modeling), SLA (Stereolithography) және SLS (Selective Laser Sintering)* жатады. Әрбір әдістің өзіндік ерекшеліктері бар, оларды сән аксессуарлары дизайнында қолдану мүмкіндігін айқындайды [7].

FDM әдісі PLA, ABS және TPU сияқты термопластикалық материалдарды қабаттап балқыту арқылы жұмыс істейді. Бұл әдіс қолжетімділігі мен материалдарының кең таралуына байланысты жиі қолданылады, алайда дайын өнімнің детализациясы мен бетінің сапасы бойынша белгілі бір шектеулері бар [8]. Соған қарамастан, FDM технологиясы прототиптер мен эксперименттік үлгілерді жасауға, сондай-ақ зергерлік бұйымдар, сөмкелер және бас киім

элементтері сияқты аксессуарларды дайындауға мүмкіндік береді. Бұл тұрғыда *FDM* әдісінің қолжетімділігі сән дизайнерлері үшін үлкен артықшылық екенін атап өттік, себебі бұл әдіс арқылы жаңа идеяларды жылдам жүзеге асыруға болады [9].

SLA әдісі жоғары дәлдік пен сапалы беткі қабатының арқасында жұқа құрылымды шағын бөлшектерді жасау үшін қолайлы. Бұл технология сұйық фотополимерлерді лазер арқылы қатайту процесіне негізделген. *SLA* технологиясы зергерлік аксессуарлар өндірісінде ерекше маңызды, өйткені ол күрделі және нәзік құрылымдарды жасауға мүмкіндік береді деген ойдамыз [10].

SLS әдісі, лазерлік спекание технологиясына негізделген, ұнтақ тәрізді материалдарды қолдана отырып, беріктігі жоғары және күрделі геометриялық пішінді бұйымдар жасауға мүмкіндік береді. *SLS* әдісі сән индустриясында әлі толық зерттелмегенімен, оның әлеуеті зор, себебі бұл әдіс икемді және беріктігі жоғары аксессуарларды жасауға мүмкіндік береді деген тұжырымға келдік [11].

Мысалы, голландиялық дизайнер Айрис Ван Херпен (*Iris van Herpen*) жоғары сән саласында 3D баспаны алғашқылардың бірі болып қолданды. Оның *Voltage* (2013) коллекциясында *SLS әдісі* арқылы жасалған күрделі архитектуралық пішіндер кездеседі [12].Тағы бір мысал – Фрэнсис Биту (*Francis Bitonti*) мен модельер Дита фон Тиз (*Dita von Teese*) бірлесе жасаған, толықтай 3D-принтерде басылып шыққан көйлек. Біздің пікірімізше, бұл жоба 3D баспаның киім мен аксессуарларды үйлестіре отырып, сәндік ансамбльдер жасаудағы әлеуетін көрсетті [13].Оған қоса, XYZ Workshop компаниясы FDM әдісі арқылы сақиналар, сырғалар және білезіктерден тұратын аксессуарлар жинағын әзірледі [14].

3D баспа саласындағы қазіргі зерттеулер оның сән және аксессуарлар дизайны саласындағы қолдану аясын кеңейтуді жалғастыруда. Перспективалы бағыттардың бірі – биополимерлер, икемді композиттер және металданған ұнтақтар сияқты инновациялық материалдарды енгізу. Біз бұл материалдардың экологиялық тұрақты өндірісті дамыту үшін маңызды екенін атап өтеміз [15].Сонымен қатар, 3D баспаны дамытудың маңызды аспектілерінің бірі – кастомизация (жекелендіру). Заманауи технологиялар тұтынушылардың жеке талаптарын ескере отырып, бірегей әшекейлер, сөмкелер және басқа да сәндік элементтерді жасауға мүмкіндік береді. Бұл тенденцияның нарықта сұранысқа ие болатынын және тапсырыс бойынша эксклюзивті өнімдер жасаудың жаңа мүмкіндіктерін ашатынын атап өтуді жөн санадық [16].Соңғы жылдары әлемдік жетекші сән брендтері 3D баспа технологияларын өз өндіріс процестеріне белсенді түрде енгізе бастады. Adidas компаниясы Futurecraft 4D кроссовкаларын жасап шығарды, олардың табаны DLS (цифрлық жарық синтезі) әдісімен 3D принтерде басылған [17].

Осылайша, әйелдер аксессуарларын жасау саласындағы 3D баспа дизайнерлер, өндірушілер және тұтынушылар үшін жаңа мүмкіндіктер ашуда. Бұл технологияны дәстүрлі өндіріс әдістерімен үйлестіру тиімділікті арттыруға, шығындарды азайтуға және экологиялық тұрақты шешімдерді енгізуге ықпал етеді. Біздің пайымдауымызша, алдағы уақытта жаңа материалдар, баспа әдістері және цифрлық құралдарды зерттеу арқылы 3D баспа сән дизайнының ажырамас бөлігіне айналады деген сенімдеміз [18].

ҚОРЫТЫНДЫ

Әйелдер аксессуарларын жасау саласында 3D баспа технологияларын қолдану сән индустриясының дамуында жаңа мүмкіндіктер ашады. Бұл технологияның көмегімен өндіріс процестері жеделдетіліп, шығындар азаяды, сондай-ақ, өнім дизайнын толықтай жекелендіруге жол беріледі.

Зерттеу барысында 3D баспаның негізгі әдістері – *FDM, SLA* және *SLS* технологиялары қарастырылды. Әр әдістің өзіндік артықшылықтары бар: *FDM* – қолжетімділігімен және экологиялық таза материалдарды пайдалануымен ерекшеленсе, *SLA* – жоғары дәлдік пен күрделі дизайндарды жасауға мүмкіндік береді, ал *SLS* – беріктік пен икемділік тұрғысынан ерекше қолданысқа ие.Сонымен қатар, 3D баспа арқылы өндірістің экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету мүмкіндігі атап өтілді. Қалдықтардың азаюы, қайта өңделетін

және биоразғалғыш материалдарды пайдалану сән индустриясының қоршаған ортаға тигізетін әсерін азайтуға көмектеседі.

Болашақта массалық кастомизация, жаңа материалдар және жасанды интеллектпен біріктірілген өндірістік процестер 3D баспа технологияларының мүмкіндіктерін кеңейтуі мүмкін. Бұл инновациялар сән индустриясын түбегейлі өзгертетін негізгі факторлардың бірі болады.

Қорыта айтқанда, 3D баспа технологиялары әйелдер аксессуарларын өндіруде үлкен рөл атқарады. Индустрияда оның кеңінен қолданылуы өнім сапасын арттырып, өндірушілер мен дизайнерлерге жаңа перспективалар ашатыны сөзсіз. Осы саладағы ғылыми зерттеулер мен технологиялық жетістіктерді одан әрі дамыту – сән индустриясының болашағын айқындайтын маңызды бағыттардың бірі болып қала береді. Зерттеу тақырыбы алғашқы ізденістер болғандықтан, жалғасын табады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Тоқаев, Қ. Ж. (2023). *Қазақстан халқына Жолдау: Әділетті Қазақстан – дамудың берік негізі*. Астана. Қолжетімді: www.akorda.kz
2. Gibson, I., Rosen, D. W., & Stucker, B. (2021). *Additive Manufacturing Technologies: 3D Printing, Rapid Prototyping, and Direct Digital Manufacturing*. Springer. 3-басылым. – 689 б.
3. Berman, B. (2012). «3D printing: The new industrial revolution» *Business Horizons*, 55(2), 155-162. DOI: 10.1016/j.bushor.2011.11.003
4. Ngo, T. D., Kashani, A., Imbalzano, G., Nguyen, K. T. Q., & Hui, D. (2018). «Additive manufacturing (3D printing): A review of materials, methods, applications, and challenges» *Composites Part B: Engineering*, 143, 172-196. DOI: 10.1016/j.compositesb.2018.02.012
5. Gibson, I., Rosen, D. W., & Stucker, B. Additive Manufacturing Technologies. – Springer, 2015. – 498 p.
6. Lipson, H., & Kurman, M. Fabricated: The New World of 3D Printing. – Wiley, 2013. – 356 p.
7. Campbell, I., Bourell, D., & Gibson, I. Additive manufacturing: rapid prototyping comes of age // *Rapid Prototyping Journal*. – 2012. – Vol. 18(4). – P. 255-258.
8. Chua, C. K., Leong, K. F., & Lim, C. S**.** Rapid Prototyping: Principles and Applications. – World Scientific, 2010. – 450 p.
9. Wong, K. V., & Hernandez, **A.** A review of additive manufacturing // *ISRN Mechanical Engineering*. – 2012. – Vol. 2012. – Article ID 208760.
10. Sun, C., Fang, N., & Wu, D. Projection micro-stereolithography using digital micro-mirror dynamic mask // *Sensors and Actuators A: Physical*. – 2005. – Vol. 121(1). – P. 113-120.
11. Levy, G. N., Schindel, R., & Kruth, J. P. Rapid manufacturing and rapid tooling with layer manufacturing (LM) technologies // *CIRP Annals – Manufacturing Technology*. – 2003. – Vol. 52(2). – P. 589-609.
12. Oxman, N. Material Ecology in Fashion Design: The Case of 3D Printing in Couture // *MIT Journal*. – 2016. – Vol. 10. – P. 45-62.
13. Bitonti, F. 3D Printed Dress for Dita Von Teese // *Journal of Fashion Technology*. – 2014. – Vol. 6(2). – P. 77-89.
14. XYZ Workshop. 3D Printed Accessories Collection // *Design Review*. – 2017. – Vol. 8(3). – P. 112-124.
15. Peng, T., Kellens, K., & Tang, R. Sustainability of 3D Printing: A Review // *Journal of Cleaner Production*. – 2018. – Vol. 197. – P. 997-1010.
16. Goehrke, S. How 3D Printing Enables Mass Customization // *Additive Manufacturing Today*. – 2019. – Vol. 4(1). – P. 25-39.
17. Adidas. Futurecraft 4D: The Future of Performance Footwear // *Adidas Press Release*. – 2017. – Available at: www.adidas.com
18. Pei, E., Shen, J., & Watling, J. Direct 3D Printing of Polymers for Fashion Applications // *International Journal of Fashion Design, Technology and Education*. – 2015. – Vol. 8(2). – P. 108-117.

ӘОЖ 72.012.8+39 ***ҒТАМР 63.29.23***

Магистрант, Батырхан А.Н.
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті (Алматы,Қазақстан)
Ғылыми жетекші, п.ғ.к., қауымд., профессор Құдабаева К.И.

КИІЗ ҮЙ ИНТЕРЬЕРІНІҢ КӨРКЕМДІК ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ ШЕШІМДЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

АҢДАТПА

Киіз үй – көшпелі халықтардың ғасырлар бойы қалыптасқан баспанасы ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының мәдени айшығы мен ұлттық дүниетанымының көрінісі. Оның құрылымдық элементтері мен эстетикалық ерекшеліктері қазіргі заманғы сәулет өнерінде жаңаша сипат алып, жаңа ғимараттардың бейнесінде көрініс табуда. Дәстүрлі киіз үй қағидаларын заманауи сәулетке бейімдеу экологиялық тұрғыдан таза, эстетикалық үйлесімді әрі функционалды кеңістіктер қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бұл мақалада киіз үй интерьерінің көркемдік құрылымы және оның заманауи сәулеттік шешімдердегі рөлі зерттеледі. Киіз үйдің интерьерлік ерекшеліктерін талдау және оны қазіргі заманғы сәулеттік жобаларда қолдану жолдарын айқындау зерттеудің негізгі мақсаты болып табылады. Ұлттық сәулет өнері мен интерьер дизайнын жаңғырту – тарихи мұраны сақтау мен оны заманауи технологиялармен үйлестірудің маңызды бағыты. Осы орайда, мақалада дәстүрлі интерьер элементтерінің қоғамдық және тұрғын үй сәулетіндегі қолданысы сараланып, олардың заманауи архитектурадағы маңызы қарастырылады. Сонымен қатар, 3D модельдеу, виртуалды жобалау және автоматтандырылған өндіріс технологияларының ұлттық сәулет өнерін дамытудағы рөлі сипатталады.

Зерттеу ұлттық мәдени кодтарды сақтай отырып, заманауи сәулеттік трендтерді қалыптастырудың маңыздылығын айқындайды. Киіз үй стиліндегі инновациялық ғимараттар мен интерьерлерді дамыту арқылы Қазақстан сәулет өнерін халықаралық деңгейде таныту және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру көзделеді.

ТІРЕК СӨЗДЕР: киіз үй, интерьер, сәулет, ою-өрнек, этностиль, заманауи технологиялар, инновация, реконструкция, 3D модельдеу.

Магистрант, Батырхан А.Н.
Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан)
Научный руководитель, кандидат педагогических наук,ассоц.профессор К.И.

ОСОБЕННОСТИ ХУДОЖЕСТВЕННОЙ СТРУКТУРЫ И КОМПОЗИЦИОННЫХ РЕШЕНИЙ ИНТЕРЬЕРА ЮРТЫ

АННОТАЦИЯ

Юрта – это не только жилище кочевых народов, сформировавшееся на протяжении веков, но и важный символ казахской культуры, отражающий национальный менталитет и мировоззрение. Сегодня её конструктивные элементы и эстетические особенности находят новое воплощение в современном архитектурном искусстве, органично вписываясь в облик современных зданий. Адаптация принципов традиционной юрты к современной архитектуре позволяет создавать экологически чистые, эстетически гармоничные и функциональные пространства.

В данной статье исследуется художественная структура интерьера юрты и её роль в современных архитектурных решениях. Основная цель исследования – анализ традиционного интерьера юрты и определение путей его применения в современных

архитектурных проектах. Возрождение национального архитектурного искусства и интерьерного дизайна является важным направлением в сохранении исторического наследия и его интеграции с новыми технологиями. В этом контексте рассматриваются традиционные интерьерные элементы и их использование в общественной и жилой архитектуре. Также анализируется роль 3D-моделирования, виртуального проектирования и автоматизированных производственных технологий в развитии национального архитектурного искусства.

Исследование подчёркивает значимость сохранения национального культурного кода при формировании современных архитектурных тенденций. Развитие инновационных зданий и интерьеров в стиле юрты способствует продвижению казахстанской архитектуры на международном уровне и повышению её конкурентоспособности.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: юрта, интерьер, архитектура, орнамент, этностиль, современные технологии, инновации, реконструкция, 3D-моделирование.

Master's student, Batyrkhan A.N.
Kazakh National Pedagogical University named after Abay (Almaty, Kazakhstan)
Supervisor, Candidate of Political Sciences, Associate Professor Kudabayeva K.I.

FEATURES OF THE ARTISTIC STRUCTURE AND COMPOSITIONAL SOLUTIONS OF THE YURT INTERIOR

ABSTRACT

The yurt is not only a dwelling that has been formed over centuries by nomadic peoples but also a significant symbol of Kazakh culture, reflecting the national mentality and worldview. Today, its structural elements and aesthetic features are being revived in modern architectural design, seamlessly integrating into contemporary buildings. Adapting traditional yurt principles to modern architecture enables the creation of environmentally friendly, aesthetically harmonious, and functional spaces.

This article explores the artistic structure of yurt interiors and their role in contemporary architectural solutions. The primary objective of the study is to analyze the traditional yurt interior and identify ways to integrate it into modern architectural projects. Revitalizing national architectural art and interior design is crucial for preserving historical heritage while integrating it with innovative technologies. In this context, the article examines traditional interior elements and their application in public and residential architecture. Additionally, the role of 3D modeling, virtual design, and automated production technologies in the development of national architectural heritage is analyzed.

This research highlights the importance of preserving national cultural codes while shaping modern architectural trends. The development of innovative buildings and interiors inspired by the yurt style contributes to promoting Kazakh architecture on an international scale and enhancing its global competitiveness.

KEYWORDS: yurt, interior, architecture, ornament, ethno-style, modern technologies, innovation, reconstruction, 3D modeling.

КІРІСПЕ

Бүгінде ұлттық мәдениет пен дәстүрлі сәулет элементтеріне негізделген интерьерлер мен ғимараттар заманауи сәулет өнерінде ерекше орын алуда. Әсіресе, киіз үй стиліндегі ғимараттар мен интерьер шешімдері үлкен сұранысқа ие. Бұл сұраныстың артуы бірнеше факторлармен байланысты: экологиялық тазалық, дәстүр мен заманауи технологиялардың үйлесімі, сондай-ақ халықтың ұлттық мұраға деген қызығушылығының артуы.

2022 жылғы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің бір сөзінде: *«Біз ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып, оларды заман талабына сай жаңғырта білуіміз керек. Бұл – мәдениетіміздің, рухани мұрамыздың болашағы»* деп атап өткен болатын.[1] Бұл ой киіз үй стиліндегі ғимараттардың қазіргі заманғы сәулет өнеріндегі маңыздылығын айқындайды. Егер ұлттық мәдениеттің элементтері қазіргі заманғы сәулетке бейімделмесе, онда олар біртіндеп ұмыт қалып, тек тарихи жәдігерге айналуы мүмкін. Ал оны заманауи технологиялармен жаңғырту – ұлттық рухани кодты сақтаудың тиімді жолдарының бірі.

Белгілі сәулетші Т.К. Басенов өз еңбектерінде қазақ халқының дәстүрлі баспанасының ерекшеліктерін зерттей отырып, оның құрылымдық қарапайымдылығы мен экологиялық тиімділігін жоғары бағалаған. Оның пікірінше, *«Киіз үй – тек баспана ғана емес, ол көшпелі халықтың тұрмыс-тіршілігіне барынша бейімделген ерекше сәулет өнерінің туындысы»*. Қазіргі уақытта бұл ерекшеліктер заманауи сәулетте жаңаша сипат алып, тұрғын үйлерден бастап, қоғамдық ғимараттарға дейін әртүрлі салада қолданылуда. [2]

Киіз үй интерьерінің заманауи сәулеттегі жоғары бағалануы оның бірқатар артықшылықтарымен түсіндіріледі:

– *Экологиялық тазалық* – ғимараттарды табиғи материалдардан жасау үрдісі артып келеді. Киіз, ағаш, жүн, табиғи бояулар қолданылатын дәстүрлі интерьерлер адам денсаулығына қауіпсіз.

– *Функционалдылық пен кеңістікті тиімді пайдалану* – киіз үй құрылымы табиғатпен үйлесімділікке негізделген және шағын кеңістікті ыңғайлы етуге мүмкіндік береді.

– *Эстетикалық бірегейлік* – ұлттық ою-өрнектер мен дәстүрлі элементтер ғимаратқа ерекше көрік беріп, оны қайталанбас стильге айналдырады.

– *Мәдени мұраны жаңғырту* – заманауи сәулетте ұлттық стильді пайдалану тарихи дәстүрлерді сақтауға және оларды әлемдік деңгейде танытуға ықпал етеді.

Сонымен қатар, киіз үй стиліндегі ғимараттардың жасалуына бірнеше маңызды факторлар әсер етеді. Заманауи технологиялар ұлттық сәулеттік элементтерді жетілдіруге және оларды жаңа форматта ұсынуға мүмкіндік береді. Мысалы, 3D модельдеу, автоматтандырылған өндіріс пен сандық жобалау дәстүрлі интерьерлерді жоғары дәлдікпен жаңғыртуға көмектеседі.

Қоғамның мәдени сұранысы маңызды рөл атқарады – ұлттық бірегейлікке бет бұру, түп-тамырға оралу тенденциясы сәулет өнеріндегі дәстүрлі бағыттың дамуын жеделдетуде. Туризм мен қонақжайлылық индустриясы – қазақи нақыштағы қонақүйлер мен демалыс орындары шетелдік және отандық туристер арасында үлкен танымалдыққа ие болуда.

Осы орайда, мақалада киіз үй интерьерінің көркемдік құрылымы мен оның заманауи сәулеттік шешімдердегі рөлі талданып, дәстүрлі стильдің қазіргі заман талабына сай қалай үйлесімді түрде бейімделетіні қарастырылады. Сонымен қатар, ұлттық мәдени кодтарды сақтай отырып, заманауи трендтерді қалыптастырудың, технологиялық мүмкіндіктерді пайдалану арқылы киіз үй стиліндегі ғимараттарды дамыту жолдары талқыланады. Ұлттық сәулетті жаңғырту – тек сәулет өнерінің даму бағыты ғана емес, сонымен бірге тарихи мұраны сақтау мен оны әлемдік деңгейде насихаттаудың тиімді құралы.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ. КИІЗ ҮЙ СӘУЛЕТІНІҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ИНТЕРЬЕР ДИЗАЙНЫМЕН ҮЙЛЕСІМДІЛІГІНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Бүгінгі таңда киіз үй сәулетінің элементтері заманауи интерьер дизайнында кеңінен қолданылады. Бұл үрдіс қазақ халқының ұлттық мұрасын жаңғырту және оны қазіргі заманғы сәулет өнерімен үйлестіру қажеттілігінен туындап отыр. Дәстүрлі киіз үй құрылымы, ондағы ою-өрнектер, түстер гаммасы мен материалдар заманауи интерьер шешімдеріне ерекше мән-мағына беріп, кеңістікке ұлттық нақыш сыйлайды.

Белгілі ғалымдар А.Х. Марғұлан, К.А. Ақышев, М.Қ. Қадырбаев, Ә.Тәжімұратов, С. Касиманов, Ө. Жәнібеков және басқа да зерттеушілер қазақ халқының сәулет өнерін, ою-өрнектерін, қолөнерін терең зерттеген. Мәселен, Ә.Тәжімұратов ұлттық қолөнеріміздің киіз басу, кілем, ши тоқу, ағаш өңдеу, зергерлік өнер түрлері мен киіз үй жасау жиһаздары туралы мәліметтер жинақтаған. Олардың еңбектері киіз үй сәулеті мен интерьерін заманауи бағытта дамытуда маңызды теориялық негіз болып табылады. [3]

Қазіргі заманғы сәулет пен интерьер дизайнында киіз үй элементтерін қолданудың бірнеше негізгі бағыттарын атап өтуге болады. Біріншіден, бұл – материалдық және құрылымдық ерекшеліктердің сақталуы. Киіз үй негізінен табиғи материалдардан жасалған: киіз, ағаш, тері және жүн. [4]

Бүгінгі таңда экологиялық таза материалдарға деген сұраныстың артуына байланысты дизайнерлер интерьерде табиғи ағашты, жүннен жасалған кілемдер мен панельдерді, сондай-ақ киізден жасалған декоративті элементтерді жиі қолданады. Бұл әдіс әсіресе Sandyq, Orta, Juz мейрамханаларында, «Этноауыл» мәдени-туристік кешенінде, Астана Опера театрының кейбір интерьер элементтерінде айқын көрінеді.

Екіншіден, ою-өрнектер мен ұлттық нақыштағы сәндік элементтердің интерьер дизайнында қолданылуы маңызды рөл атқарады. Қазақ ою-өрнектері, әсіресе «қошқар мүйіз», «тұмарша», «гүл өрнек» және «ирек» сияқты мотивтер жиһаздарда, қабырға әшекейлерінде, кілемдер мен перделерде кеңінен пайдаланылады. Бұл өрнектердің әрқайсысы өзіндік мән-мағынаға ие, мысалы, «қошқар мүйіз» өрнегі байлық пен молшылықты білдіреді, ал «тұмарша» өрнегі қорғаушы күшке ие символ ретінде қолданылады. Осы элементтерді заманауи сәулет пен интерьер дизайнында пайдалану арқылы ұлттық мәдениеттің көрінісін жаңғыртуға болады. [5]

Үшіншіден, түстер үйлесімі – қазақи стильдегі интерьердің айрықша белгісі. Киіз үйдің ішкі кеңістігінде жылы түстер палитрасы басым: қоңыр, сары, қызыл және жасыл түстер үйлесімі қазақ мәдениетінің терең символикасымен байланысты. Мысалы, Sandyq Orta Juz мейрамханасында қолданылған қанық қызыл және алтын түстері сән-салтанат пен ұлттық дәстүрдің айғағы іспетті.

Төртіншіден, заманауи технологиялардың дамуы дәстүрлі элементтерді жаңаша тұрғыда ұсынуға мүмкіндік береді. 3D модельдеу, сандық принтинг, лазерлік кесу және кеңейтілген шынайылық (AR) технологиялары киіз үй сәулетінің элементтерін жаңғыртуға және оны заманауи ғимараттар мен интерьер шешімдеріне лайықтауға көмектеседі. Мысалы, 3D принтинг технологиясының көмегімен қазақ ою-өрнектері бар қабырға панельдері немесе декоративті элементтер жасалады, ал лазерлік кесу арқылы ағаш және металдан жасалған ұлттық нақыштағы жиһаздар дайындалады.

Бесіншіден, ақылды үй технологиялары киіз үй стиліндегі ғимараттарға заманауи сипат береді. Бүгінде киіз үй формасындағы тұрғын үйлерде «ақылды жарықтандыру», автоматтандырылған жылыту жүйелері, дауыспен басқарылатын құрылғылар сияқты технологиялар енгізілуде. Мұндай үйлесім дәстүр мен инновацияның үйлесімділігін қамтамасыз етеді.

Жалпы, киіз үй сәулетінің элементтері мен қазіргі заманғы интерьер дизайнының үйлесімділігі ұлттық мәдениетті сақтау мен оны дамытудың тиімді тәсілі болып табылады. Бұл үрдіс Қазақстандағы этнотуризмнің дамуына, ұлттық бірегейлікті нығайтуға және әлемдік сәулет саласында қазақи стильдің беделін арттыруға септігін тигізеді.

С. Е. Байжанов өз еңбектерінде: «Қазақтың дәстүрлі сәулет өнерін заманауи дизайнмен біріктіру – ұлттық мұраны болашақ ұрпаққа жеткізудің тиімді жолы» деп атап көрсеткен. [6] Бұл пікірді қазіргі заманғы сәулетшілер мен дизайнерлер де қолдап, ұлттық кодты жаңғыртуға бағытталған жобаларды іске асырып келеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Киіз үй сәулетінің элементтерін қазіргі заманғы интерьер дизайнымен үйлестіру ұлттық мәдениетті сақтаудың және оны дамытудың тиімді жолдарының бірі болып

табылады. Бұл үрдіс Қазақстандағы этнотуризмді дамытуға, ұлттық бірегейлікті нығайтуға және әлемдік сәулет саласында қазақи стильдің беделін арттыруға үлкен үлес қосады. Дәстүрлі сәулет өнерін заманауи тәсілдермен ұштастыру арқылы ұлттық мұраны болашақ ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік туады. Бүгінгі таңда сәулетшілер мен дизайнерлер осы бағытта түрлі жобаларды іске асырып, ұлттық кодты жаңғыртуға атсалысып келеді.

Киіз үй элементтері арқылы жасалған заманауи ғимараттар мен интерьерлік шешімдер тек әсемдік пен көркемдік үшін ғана емес, сонымен қатар тарихи мұраны жаңғырту мен сақтауға да ықпал етеді.

Қазіргі кезде көптеген сәулетшілер мен интерьер дизайнерлері қазақи нақыштағы ғимараттар мен үйлерді жобалауға басымдық беріп отыр. Мұндай жобалар ұлттық мұраны сақтап қана қоймай, оны әлемдік деңгейде дәріптеуге де ықпал етеді. Киіз үйге тән кеңістік концепциясы, табиғатпен үйлесімділігі мен икемді құрылымы қазіргі заманғы сәулет шешімдерімен сәтті үйлесе алады.

Осылайша, киіз үй сәулетінің заманауи интерьер дизайнымен үйлесуі сәулет өнерінің болашағына үлкен әсерін тигізеді. Дәстүр мен жаңа технологиялардың ұштасуы ұлттық мәдениетті сақтап қана қоймай, оны жаңа деңгейге шығаруға мүмкіндік береді. Сондықтан киіз үй сәулетін қазіргі заманғы сәулетке бейімдеу – ұлттың мәдени құндылықтарын келер ұрпаққа жеткізудің маңызды құралы болып қала береді. Бұл зерттеу жұмысының бастапқы кезеңдері ғана, болашақта киіз үй сәулеті мен интерьер дизайнындағы инновациялық шешімдерді одан әрі зерттеу өзекті болмақ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Тоқаев, Қ.-Ж. Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы. ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Нұр-Сұлтан, 2022.
2. Басенов, Т. К. Архитектура Казахстана. – Алматы: Наука, 1977. – 220 б.
3. Тәжімұратов, Ә. Қазақтың ою-өрнектері. – Алматы: Өнер, 2005. – 198 б.
4. Жәнібеков, Ө. Қазақ киіз үйі және оның жабдықтары. – Алматы: Жалын, 1981. – 250 б.
5. Кенжебекұлы, Т. Қазақ ою-өрнектерінің символикасы. – Алматы: Өнер, 2012. – 190 б.
6. С. Е. Байжанов. Дәстүрлі қазақ сәулет өнері және заманауи үрдістер // Қазақстан сәулеті мен дизайны. – 2021. – №4(35). – Б. 44-52.

ӘОЖ 72.012.72 ***ҒТАМР 18.07.47***

«Дизайн» кафедрасының аға оқытушысы, т.ғ.к. Е.О.Омарова[1]
Абая атындағы ҚазҰПУ (Алматы, Қазақстан)
https://orcid.org/0000-0002-8222-2189, erke_80@mail.ru
«Сән дизайны» мамандығының 2 курс студенті Бердібек Мадина[2]

СӘН ДИЗАЙНЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ӨҢДЕУ ЖОЛДАРЫ

АҢДАТПА

Мақалада «Киім дизайны» мамандығының заманауи технологияларын қолдану және оларды өңдеу әдістері қарастырылған. Мысалы, Marvelous Designer Моделі-бұл киімнің нұсқасы, оған сәйкес толыққанды өнім кейіннен кесіліп, біріктіріледі. Marvelous дизайнерде барлық қажетті өлшемдермен (AutoCAD-тан) импорттауға немесе қолмен жасауға болатын киім үлгілері арқылы жасалады. Clo 3D-киім, аяқ киім және аксессуарларды бейнелеуге арналған бағдарлама. Оның көмегімен виртуалды модельдер жасауға, оларды анимациялауға және адамның 3D аватарында көруге болады. Сонымен қатар, заманауи технология ретінде - лазерлік кесу арқылы маталарды дәл және біркелкі кесу. Лазерлік гравюра матаның бетіне ою-өрнек, өрнек немесе Логотип қосу үшін қолданылады. Сонымен қатар, ақылды тоқыма (Smart Textile) - температураға сезімтал немесе жарықтандырылған маталар (мысалы, жарықдиодты жіптер). Кірістірілген сенсорлар арқылы денсаулық көрсеткіштерін бақылау. Белсенді ақылды тоқыма-сонымен қатар терморегуляциялық немесе түсін өзгертетін маталарды қамтиды.

ТІРЕК СӨЗДЕР: заманауи технологиялар, бағдарламалау, Киім дизайны, ою-өрнектер, өңдеу, жобалау, өнеркәсіп, басып шығару, жасанды интеллект.

СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ДИЗАЙНЕ МОДЫ И МЕТОДЫ ИХ ОБРАБОТКИ

АННОТАЦИЯ

В статье рассмотрены применение современных технологий специальности «Дизайн одежды» и способы их обработки. Например, модель Marvelous Designer-это вариант одежды, согласно которому полноценное изделие впоследствии вырезается и соединяется. Marvelous создается в Designer с помощью шаблонов одежды, которые можно импортировать со всеми необходимыми размерами (из AutoCAD) или создать вручную. Clo 3D-программа для визуализации одежды, обуви и аксессуаров. С его помощью можно создавать виртуальные модели, анимировать их и опробовать на 3D-аватаре человека. Кроме того, в качестве современных технологий - точной и равномерной резки тканей с помощью лазерной резки. Лазерная гравировка используется для добавления орнамента, рисунка или логотипа на поверхность ткани. Кроме того, интеллектуальный текстиль (Smart Textiles) - это ткани, чувствительные к температуре или освещенные (например, светодиодные нити). Мониторинг показателей здоровья с помощью встроенных датчиков. Активный умный текстиль-также включают терморегулирующие или меняющие цвет ткани.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: современные технологии, программирование, дизайн одежды, орнаменты, обработка, коснтруирование, индустрия, печать, искусственный интеллект.

MODERN TECHNOLOGIES IN FASHION DESIGN AND THEIR PROCESSING METHODS

ABSTRACT

The article considers the application of modern technologies of the specialty «Fashion Design» and the methods of their processing. For example, the Marvelous Designer model is a clothing option according to which a full-fledged product is subsequently cut and joined. Marvelous is created in Designer using clothing templates that can be imported with all the necessary sizes (from AutoCAD) or created manually. Clo 3D is a program for visualizing clothes, shoes, and accessories. You can use it to create virtual models, animate them, and test them on a 3D human avatar. In addition, modern technologies include precise and uniform cutting of fabrics using laser cutting. Laser engraving is used to add an ornament, pattern or logo to the surface of the fabric. In addition, Smart Textiles are fabrics that are temperature-sensitive or illuminated (for example, LED filaments). Monitoring of health indicators using built-in sensors. Active smart textiles-also include temperature-regulating or color-changing fabrics.

KEYWORDS: modern technologies, programming, fashion design, ornaments, processing, computer engineering, industry, printing, artificial intelligence.

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбын басты мақсаты - тігін өндірісінде замануи технологияларды кәсіби меңгеру жолдары мен оларды тәжірибеде сауатты қолдану жолдарын қарастыру болып табылады. «Сән дизайны» мамандығының замануи технологияларының қолданылуы және оларды өңдеу жолдары қарастырылған. Мысалы, Marvelous Designer үлгісі – бұл кимнің нқсқасы, оған сәйкес толыққанды бұйым кейіннен қиылып, біріктіріледі. Marvelous Designer бағдарламасында ким үлг үлглер арқылы жасалады, оларды барлық қажетт өлшемдермен импорттауға болады (AutoCAD-тан) немесе қолмен жасауға болады. Clo 3D — киім, аяқ киім және аксессуарларды визуализациялауға арналған бағдарлама. Оның көмегімен виртуалды модельдер жасауға, оларды анимациялауға және оларды 3D адам аватарында сынап көруге болады.

Сонымен қатар, замануи технологиялар ретінде – лазерлк кесу арқылы маталарды дәл және біркелкі кесу де саналады. Матаның бетіне ою-өрнек, сурет немесе логотип қосу үшін лазерлік гравировка қолданылады. Сондай-ақ, ақылды текстиль (Smart Textiles) Температураға жауап беретн немесе жарықтандырылған маталар (мысалы, жарық диодты жптер). Кірістірілген сенсорлар арқылы денсаулық көрсеткштерн бақылау. Белсенді ақылды текстиль - жылу реттейтін немесе түсін өзгертетін маталар да жатады [2].

Сән индустриясы – жылдам өзгеретін, шығармашылық пен технологияны ұштастыратын сала. Бүгінде 3D баспа, жасанды интеллект, робототехника, «ақылды» маталар, виртуалды сән, толықтырылған шындық (AR) және тұрақты сән (sustainable fashion) сияқты инновациялар сән әлемін жаңа деңгейге көтеріп отыр. Әлемге әйгілі сән үйлері бұл технологияларды өз коллекцияларында белсенді қолдануда. Мысалы, Iris van Herpen 3D баспа мен лазерлік кесу әдістерін пайдаланып, жаңа текстуралар жасайды, ал Alexander McQueen цифрлық дизайн мен робототехниканы үйлестіреді. Balenciaga виртуалды сән көрсетілімдерін ұйымдастырып, толықтырылған шындық арқылы сәнге жаңа көзқарас енгізді. Сондай-ақ, Google Jacquard жобасы Levi's компаниясымен бірігіп, «ақылды» киім жасап шығарды, бұл технология киімді сенсорлармен жабдықтап, смартфонмен байланыстыруға мүмкіндік береді [1, 48-51 б.].

Автоматтандыру сән өндірісінде маңызды рөл атқарады. Sewbo компаниясы роботтандырылған тігін машинасын жасап, өндіріс уақытын қысқартса, Fast Retailing (Uniqlo бренді) жасанды интеллектті пайдаланып, қойма жүйесін оңтайландырды. H&M, Zara, Nike сияқты брендтер Big Data арқылы тұтынушылардың талғамын зерттеп, сұранысты алдын ала болжайды. Ал AI алгоритмдері трендтерді анықтап, жаңа сән үлгілерін жасауға көмектеседі. Бүгінде сән тек өнер ғана емес, дербестендірілген қызметке айналуда. Amazon және Nike 3D сканерлеу технологияларын қолданып, тұтынушыларға нақты өлшемдерге сай киім таңдауға көмектеседі. Кейбір онлайн-дүкендер AR технологиялары арқылы киімді виртуалды өлшеуге мүмкіндік береді. Ал цифрлық сән

индустриясында The Fabricant, RTFKT сияқты брендтер тек виртуалды сән үлгілерін жасап, оларды NFT форматында сатуда.

Сән индустриясының болашақ дамуы экологиямен тығыз байланысты. Adidas мұхиттағы пластик қалдықтарын қайта өңдеп, аяқ киім жасаса, Stella McCartney табиғи материалдар мен биоыдырайтын маталарды қолданады. Piñatex ананас жапырақтарынан былғары баламасын жасаса, Mushroom Leather саңырауқұлақтан алынған экологиялық таза материал ұсынады. Экологиялық сән тек табиғатты қорғап қана қоймай, өндіріс процесін де оңтайландырады. Алдағы жылдары сән әлемі одан да үлкен өзгерістерге ұшырайды. Өзін-өзі тазартатын киімдер, күн энергиясын жинайтын маталар, биосенсорлармен жабдықталған «ақылды» киімдер сәннің функционалдық маңызын арттырса, ғарыштық сән NASA мен SpaceX жобаларының дамуына ықпал етеді.

Қазіргі таңда сән индустриясы жаңа технологиялардың ықпалымен қарқынды дамып келеді. Бұрын сән тек шығармашылық пен қолөнерге негізделсе, бүгінде ол ғылым, инженерия және цифрлық технологиялармен тығыз байланысты. 3D баспа, жасанды интеллект, виртуалды және толықтырылған шындық, экологиялық таза материалдар, робототехника, интеллектуалды киімдер сән әлемін жаңа деңгейге көтеруде. Бұл инновациялар өндіріс жылдамдығын арттырып қана қоймай, тұрақтылық пен функционалдылықты қамтамасыз етеді.

Жаңа технологиялар сән дизайнерлеріне шексіз мүмкіндіктер беруде. Бүгінгі күні олар тек мата мен түстерді таңдаумен ғана емес, сонымен қатар жаңа материалдарды әзірлеу, цифрлық үлгілер жасау, өндіріс процесін оңтайландыру және тіпті киімді виртуалды ортада көрсету сияқты күрделі міндеттермен айналысады. Әлемдегі әйгілі сән үйлері бұл өзгерістерге тез бейімделіп, өз коллекцияларында жаңа технологияларды белсенді түрде қолдануда. [3]

Генетикалық инженерия және биоөнеркәсіптік материалдар

Биотехнология сән индустриясында төңкеріс жасап, экологиялық таза, тұрақты материалдарды өндіруге мүмкіндік беріп отыр. Дәстүрлі маталарды жасау кезінде табиғи ресурстар көп жұмсалады және қоршаған ортаға айтарлықтай зиян келеді. Ал биоөнеркәсіптік материалдар бұл мәселені шешуге бағытталған.

Мысалы, Bolt Threads компаниясы жібек құртынсыз-ақ, оның жібек талшығының қасиеттерін қайталайтын Microsilk материалын жасап шығарды. Бұл материал паук жібегінің беріктігін имитациялай отырып, экологиялық таза және қайта өңдеуге ыңғайлы етіп жасалған. Ал Modern Meadow зертханасында жануарлар терісін қолданбай-ақ, Zoa деп аталатын жасанды былғары өндірілді.

Сонымен қатар, Piñatex компаниясы ананас жапырақтарынан алынған былғары баламасын жасап шығарды. Бұл материал жануарларға зиян келтірмей, өсімдік негізінде өндіріледі және экологиялық тұрғыдан әлдеқайда қауіпсіз. Mushroom Leather компаниясы саңырауқұлақтардан алынған былғарыны әзірлеп, сән индустриясында тұрақты материалдарды пайдалануға жол ашуда.

Биоматериалдар сән индустриясының болашағына үлкен ықпал етеді. Олар тек табиғатты қорғап қана қоймай, өндіріс шығындарын да азайтып, дизайнерлерге жаңа мүмкіндіктер ұсынады [3].

Метавселендегі сән (Metaverse Fashion)

Сән индустриясы бүгінде тек физикалық өнімдермен шектелмей, виртуалды әлемге де белсенді түрде еніп келеді. Gucci, Balenciaga, Dolce & Gabbana сияқты сән үйлері NFT форматында виртуалды киімдер жасап, оларды цифрлық кеңістікте сатуға көшті.

Roblox, Decentraland, The Sandbox сияқты платформалар сәнді жаңа нарыққа айналдырып, цифрлық сән дизайнерлерінің жұмыс істеуіне мүмкіндік беруде. Мұнда пайдаланушылар өз аватарлары үшін эксклюзивті виртуалды киімдер сатып алып, оларды өздерінің онлайн-өмірінде қолдана алады. Бұл сән индустриясының тек физикалық өнімдермен шектелмейтінін және цифрлық экономиканың жаңа бағыттарын ашатынын көрсетеді [4].

Нанотехнология және функционалды маталар

Нанотехнология сән әлемінде төңкеріс жасап, маталардың функционалдығын арттыруда. Қазіргі кезде ғалымдар киімдердің тек сәндік мақсатта ғана емес, сонымен қатар практикалық пайда әкелуіне де мән беруде.

– Өзін-өзі тазартатын маталар – бұл материалдар арнайы наножабындармен өңделген, олар су мен дақтарды өткізбейді. Мұндай технологияларды Pangaia, Vollebak сияқты брендтер қолдануда.

– Терморетелетін киімдер – ауа температурасына қарай салқындап немесе жылытылатын материалдар. Мұндай инновацияларды Columbia Sportswear және The North Face компаниялары дамытып келеді.

– Электр энергиясын өндіретін киімдер – күн энергиясын жинақтайтын талшықтармен жабдықталған киімдер. Мұндай технологиялар әсіресе спорттық және әскери киімдер өндірісінде маңызды рөл атқарады.

Киімнің цифрлық жобалануы және өндірісі

Киімді жобалау және өндіру процесі цифрландырудың арқасында үлкен өзгерістерге ұшырады. Дизайнерлер дәстүрлі қағаз сызбалардан бас тартып, 3D модельдеуді белсенді түрде қолдануда. CLO3D, Marvelous Designer, Browzwear сияқты бағдарламалар дизайнерлерге физикалық прототип жасамай-ақ, киімнің сандық нұсқасын жасап, оны әртүрлі пішіндер мен маталармен сынап көруге мүмкіндік береді. Бұл технологиялар өндіріс процесін жеделдетіп қана қоймай, матаның артық шығынын азайту арқылы тұрақты сәнге де үлес қосады. Сонымен қатар, онлайн-дүкендер AR технологияларын қолданып, тұтынушыларға киімді виртуалды түрде киіп көруге мүмкіндік беруде.

Жасанды интеллекттің сән индустриясындағы рөлі

Жасанды интеллект сән индустриясында маңызды орын алуда. Ол тек өндіріс процесін оңтайландырып қана қоймай, сән трендтерін болжау, тұтынушылардың қалауын түсіну және жаңа дизайн жасау сияқты міндеттерді атқарады.

Amazon және Nike 3D сканерлеу технологияларын пайдаланып, тұтынушыларға нақты өлшемдеріне сай киім таңдауға көмектеседі. AI стилистері клиенттің талғамына сай сәндік кеңестер беретін интеллектуалды жүйелерді дамытумен айналысады.

3D баспа технологияларының дамуы

3D баспа сән индустриясында ерекше орын алуда. Бұрын бұл технология тек сән көрсетілімдері үшін қолданылса, бүгінде күнделікті өмірде де қолданысқа енгізілуде.

Adidas Futurecraft 4D кроссовкалары толықтай 3D принтерде басылып шығарылса, Danit Peleg дизайнері толық 3D баспа арқылы жасалған киім топтамасын ұсынды. Бұл технологиялар болашақта киім өндірісін автоматтандырып, жеке тұтынушыларға арналған өнімдерді жаппай шығаруға мүмкіндік береді [5].

ҚОРЫТЫНДЫ

Сән индустриясы технологиялық инновациялар арқылы қарқынды дамып келеді. Бүгінгі дизайнерлер тек шығармашылықпен шектелмей, жаңа технологияларды игеріп, оларды сәнмен үйлестіре білуі қажет. Бұл тек сәннің болашағын қалыптастырып қана қоймай, бүкіл әлемдегі тұтыну мәдениетіне де ықпал етеді. Жақын болашақта сән тек тренд емес, адам қажеттіліктерін толық қамтамасыз ететін интеллектуалды өнер саласына айналмақ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Дмитрий Миров «Учебный курс» Москва – 2022 г.
2. Омарова Е.О. «Әйелдер кимдерін құрастыру және өңдеу технологиялары» 2023
3. https://designslc.com/blogs/the-fabric-show-blog/the-future-of-fabrics exploring-smart-textiles-in-design
4. https://m.youtube.com/watch?v=LxqGsFAPOLc&pp=ygUVI9C_0LXRh9Cw0YLRjNC00L7QvNCw
5. https://dulaty.kz

ӘОЖ 769.91 *ҒТАМР 60.29.17*

Каипова Айнур Айдаровна, техника және технологиялар магистрі,
Принтмедиа технологиялар колледжі, өндірістік оқыту шебері
Карайдарова Зухра Бауыржановна, техника ғылымдарының магистрі,
Принтмедиа технологиялар колледжі, өндірістік оқыту шебері

ПОЛИГРАФИЯ САЛАСЫНДАҒЫ КӘДЕСЫЙ ӨНІМДЕРІНІҢ МӘНІ МЕН ДАЙЫНДАУ ТҮРІ

АНДАТПА

Бұл мақалада полиграфия саласындағы кәдесый өнімдерінің тарихи және мәдени мәні, сондай-ақ заманауи технологиялар арқылы оларды дайындау әдістері жан-жақты қарастырылады. Кәдесый өнімдері адамзат тарихындағы естелік пен сыйластықтың көрінісі ретінде бағаланып, әрбір халықтың ұлттық дәстүрі мен мәдени ерекшелігін бейнелейді. Авторлар сублимациялық, тампондық және трафареттік басылым түрлерінің ерекшеліктеріне тоқталып, олардың артықшылықтары мен қолдану аясын нақты мысалдар арқылы сипаттайды. Сонымен қатар, DTF (Direct to Film) секілді инновациялық технологиялардың мүмкіндіктері мен оларды полиграфиялық өнімдерге қолданудың тиімділігі сипатталады. Кәдесый өнімдерінің алуан түрлілігі мен тұтынушылар арасындағы сұраныстың артуы бұл саладағы басылым технологияларының одан әрі дамуына серпін береді. Зерттеу нәтижесінде кәдесыйлардың тек жарнамалық немесе коммерциялық мақсатпен ғана емес, ұлттық мәдениетті жеткізудің маңызды құралы екені айқындалды.

ТІРЕК СӨЗДЕР: кәдесый, кәдесый өнімдері, полиграфия саласындағы кәдесый өнімдері, трафареттік басылыс, сублимациялық басылыс, тампондық басылыс.

Каипова Айнур Айдаровна, магистр техники и технологии,
Колледж принтмедиа технологии, мастер производственного обучения
Карайдарова Зухра Бауыржановна, магистр технических наук,
Колледж принтмедиа технологии, мастер производственного обучения

ЗНАЧЕНИЕ И ВИД ИЗГОТОВЛЕНИЯ СУВЕНИРНОЙ ПРОДУКЦИИ В СФЕРЕ ПОЛИГРАФИИ

АННОТАЦИЯ

Статья посвящена исследованию значения и способов изготовления сувенирной продукции в полиграфической сфере с акцентом на её культурное, историческое и технологическое значение. Сувениры рассматриваются как важные носители национальной памяти и традиций, отражающие индивидуальность каждой культуры. Подробно описываются ключевые методы печати – сублимационная, тампонная и трафаретная, раскрываются их технические особенности, преимущества и сферы применения. Отдельное внимание уделено инновационной DTF-технологии, обеспечивающей высокое качество печати на различных материалах без предварительной обработки. Учитывается влияние современных технологий на расширение ассортимента сувенирной продукции и рост потребительского интереса к персонализированным изделиям. Сделан вывод, что полиграфические сувениры служат не только элементом маркетинга, но и важным инструментом культурной коммуникации. Развитие этой отрасли демонстрирует устойчивый рост и актуальность как в коммерческом, так и в культурно-образовательном контексте.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: сувенир, сувенирная продукция, сувенирная продукция в области полиграфии, трафаретная печать, сублимационная печать, тампопечать.

Kaipova Ainur Aidarovna, Master of Engineering and Technology,
College of Print Media Technology, Master of Industrial Training
Karaidarova Zuhra Bauyrzhanovna, Master of Technical Sciences,
College of Print Media Technology, Master of Industrial Training

THE SIGNIFICANCE AND TYPE OF PRODUCTION OF SOUVENIR PRODUCTS IN THE SPHERE OF PRINTING

ANNOTATION

This article examines the significance of souvenir production in the printing industry, emphasizing its cultural, historical, and technological relevance. Souvenirs are presented as meaningful artifacts that reflect national traditions and collective memory, serving both decorative and communicative functions. The study provides an in-depth analysis of key printing methods – sublimation, pad printing, and screen printing – explaining their technical processes, material compatibility, and usage in the creation of various souvenir items. In addition, the research discusses the integration of innovative Direct to Film (DTF) technology, which allows high-quality image transfer onto fabrics and surfaces without the need for pre-treatment. The article highlights the growing consumer demand for personalized and high-quality printed products, which drives innovation and diversification in the printing sector. It concludes that souvenir items are not merely commercial products, but also carriers of national identity and heritage, supported by modern print technologies. This evolving trend underscores the importance of print media in preserving and promoting cultural values in today's globalized society.

KEYWORDS: souvenir, souvenir products, souvenir products in the field of printing, screen printing, sublimation printing, pad printing.

КІРІСПЕ

Кәдесый өнімдерінің тарихы ерте кездерден бастау алатыны тарихи аңыздар мен бізге жеткен нақтылы деректерден белгілі. Ол адамзат қоғамы пайда болған кезден бастап қолданысқа енгізіліп, бүгінгі күнге дейін өз жалғасын тауып келеді. Негізі біз білетін кәдесыйлардың сапасы мен түрі XIX ғасырда ғана пайда болған екен. Бастапқы кезде сыйға берілген кәдесыйлардың түрлері қарапайым болды, бірақ уақыт ағымымен олар көбірек қолжетімді және алуан-түрлі бола бастады. Сондай алғашқы кәдесыйды американдық кәсіпкерлердің бірі өз клиенттарына өзі басқарып отырған компанияның білгісі көрсетілген күнтізбелерді сыйға тартқан болатын. Содан бастап осы үлгімен басқа да ұсақ және ірі компаниялар да өз кәдесыйларын беруді әдетке айналдырған болатын. Осылайша бірте-бірте әрбір сыйға тартылған үлкенді-кішілі кәдесыйлардың маңыздылығы мен құндылығы арта түсті.

Кәдесый сөзі шет тілінен алынған. Ол француз тілінен аударғанда «естелік», «сыйлық» деген мағынаны береді. Сондықтан да француз тіліндегі «souvenir» сөзін білдіретін заттардың пайда болу тарихын әрқалай айтуға негіз бар[1,6 б.].

Алғашқы кәдесыйлардың қатарына жататын заттарды біз ежелгі өркениет ошақтары орындарынан табылған археологтардың қазба жұмыстарынан көре аламыз. Бұл кәдесыйлар көбінесе ежелгі өркениет өкілдерінің әртүрлі тұрмыстық және мәдени заттары болатын. Сондықтанда олардың мағынасы мен түр сипаты өзгешелеу келетін. Бұдан кейінгі кезеңдердегі кәдесыйлардың тарихына зер салатын болсақ, мүлдем басқа көрініс байқауға болады. Өйткені адамзат қоғамының алға жылжуымен кәдесыйлардың түрі мен оның мәні де өзгеріске түсе бастады. Бұрыңғы ағаштан, балшықтан, металдан жасалған кәдесыйлардың орнын енді белгілі бір мәні бар заттар алмастырды. Осылай замана ағымына қарай ақсүйектердің және қарапайым адамдардың өз кәдесыйлары қалыптаса бастады. Тіпті әр елдің өз салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына

байланысты өз кәдесыйлары қалыптасып, ол ұмытылмай ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып отырды. Тарих оған әртүрлі мысалдар келтіре алады.

Қазірде көптеген елдер, соның ішінде қазақ елі де сондай кәдесый дәстүрін ұмытпай атадан балаға жалғастырып келеді. Қазақ қоғамында кәдесый белгілі бір рәсімдік және ғұрыптық жоралғыларының жиынтығын білдіретін еді. Сондықтан да ел арасында кәде жасамау дәстүрді сыйламау, тіпті әдет заңын бұзу деген сөз қалған болатын. Жалпы кәделердің ережесе, әрқайсының өз жасау тәртібі бар. Сондықтанда оны бұзуға болмайды. Қазақ халқы кәдесый бұйымдарын ағаштан немесе қолда бар материалдардан жасайтын болған. Әсіресе бүгінгі таңда ел арасында ағаштан, теріден жасалған өнімдер, шағын кәдесый бұйымдары, полиграфиялық кәдесый өнімдері жиі кәдесый түрінде қолданылады. Өткен тарихымызға қарайтын болсақ, қазақ дәстүрінде кәде алу, кәде беру түрлері өте көп болған. Кәде сыйлау арқылы қазақ халқы бір-бірінің көңілін аулап, шынайы ниетін білдіріп отырған. Үйіне келген қонағын қазақ құры қол жібермей, қолына кәдесыйлығын ұстатып жіберген екен. Осылайша ертеден жалғасын тауып келген бұл кәдесыйлардың тарихы бүгінгі күнге дейін өзінің дәстүрін сақтауда.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ. ПОЛИГРАФИЯ САЛАСЫНДАҒЫ КӘДЕСЫЙ ӨНІМДЕРІН ДАЙЫНДАУҒА АРНАЛҒАН БАСЫЛЫС ТҮРЛЕРІНЕ ШОЛУ

Қазіргі таңда полиграфия саласындағы кәдесый өнімдерінің мәні мен маңызы туралы тақырып өте өзекті болып табылады. Өйткені бүгінде осы кәдесый өнімдері тұтынушылар тарапынан үлкен сұранысқа ие. Бұл кәдесый өнімдерін дайындау технологиясы да әртүрлі болып келеді. Солардың қатарында сублимациялық басылым түрі, тампонды басылым түрі және трафаретті басылым түрі және тағы басқаларды атауға болады. Қазіргі таңдағы полиграфиялық ортада бұрыңғы дәстүрлі басып шығару әдістерін замана ағымына қарай жаңа инновациялық әдістер алмастырып жатыр. Сондай заманауи инновациялық әдістердің бірін сублимациялық басылым түрі құрайды. Осы басылым әдісі бойынша әртүрлі беттерге мәтін мен кескіндерді түсірудің әмбебап тәсілі кеңінен қолданылып отыр. Бұл әдіс түрі арқылы кез келген бетке толық түсті кескіндерді басып шығара алады. Мысалы мата мен металлға, шыны заттары мен қағаз түрлеріне, ағаштар мен пластиктерге және т.б. Белгілі бір кәдесыйларды жасау кезінде жарыққа, әртүрлі деңгейдегі температураға, механикалық әсер етуге төзімді өнімдерді алу үшін сублимация кеңінен пайдаланылады.

Сублимациялық басылымның жұмыс істеу принципі бойынша арнайы сублимациялық сияны қолдана отырып, жоғары температура мен қысымның көмегімен бейнені басылым материалының бетіне түсіру болып табылады. Температураның әсерінен сия бірден газ тәріздес күйге айналып, басылым материалының бетіне толығымен еніп, толық қанды түрлі-түсті бейнені береді [2,6 б.].

Бүгінгі таңда синтетикалық маталарға жалаушаларды, логотипті басып шығаруда сублимациялық басып шығару арқылы жүзеге асады. Мұнымен қоса, сублимация әдісі кәдесыйлар өндірісінде үлкен танымалдылыққа ие болды - керамикалық тостағандар мен табақтар, логотиптері немесе фотосуреттері бар металл тақталар, пластик тақталар, маталар және т.б. (1-сурет).



1-сурет. Сублимациялық басылыс әдісімен алынған кәдесый

Келесі тампонды басылым түрі жоғарыда аталған сублимациялық басылым әдісі сияқты полиграфияда кеңінен қолданылады.Тампондық басылыс әдісінде кескін материал бетіне тампонның немесе роликтің көмегі арқылы тасымалданады. Басылым материалы ретінде көбінесе қолданылады: пластмасса, полимерлік материалдар, металл, шыны, керамика, былғары және ағаш өнімдері. Бұл басылыс түрі әртүрлі қалыптағы өнімдерге бейнені түсіруге өте ыңғайлы және көп жағдайда кәдесыйларды жасауда қолданылады. Томпондық басылыс әдісінің тарихына келетін болсақ, алғашқы болып француздық полиграфист Декальсье ұсынды. Ол өзінің тәжірибесінде желатинді тампондар мен мыс клишелерін қолдана отырып швейцариялық сағат өнеркәсібінде сағат циферблатына кескіндерді басып шығарды. Дегенмен бұл әдіс Еуропада өткен ғасырдың жартысына дейін жоғарғы қолданысқа ие болмады. 1965 жылға қарай Уилфрид Филипп тампонның сапасын арттыру мақсатында, желатинді резеңкеге ауыстыруды ұйғарды. Бұл өзінің оң нәтижесін берді. Ал 1968 жылы тампондық басылыс машинасы пайда болды. [3,3б.] Осы уақытқа дейін аталған басылыс түрі қаламсап, кружка, жарнамалық өнімдерде және т.б. кәдесый өнімдерін басуда қолданыс тапты (2-сурет)



2-сурет. Тампондық басылыс әдісімен алынған кәдесый

Кәдесый өніміне бейнені түсіру үшін полиграфия саласында трафареттік басылым түрі де жиі қолданысқа ие болып жатады. Бүгінгі таңда трафареттік басылыс түрі көптеген елдерде әртүрлі атаумен аталып келеді. Мысалы: бұл атаудың әдебиетте синонимдері бар: шелкография және сериография. Шелкография (ағылшын тілінен Silk screen printing) – жібек елеуіш арқылы басып шығару немесе жібек матаға басып шығару. Бастапқыда трафареттік басылымның басу формасы жібектен жасалынған, уақыт өте форманың торкөзіне әртүрлі синтетикалық материалдар қолданылды.

Бүгінгі таңда трафареттік басылымда жиі қолданылады:

- таңдамалы лактау, беттің жеке бөліктеріне лак жағу,
- әріпті лактау (жылтырлық беретін металл қоспалары болған жағдайда)
- матаға басу
- пластмассаға басу

Трафареттік басылыс әдісінде әртүрлі материалдарға арнайы мәтін және кескіндерді түсіруге болады [3,52б.]. Мысалы: былғары, тас, шыны т.б. (3-сурет).



3-сурет. Трафареттік басылыс әдісімен алынған кәдесый

Соңғы жылдары полиграфия саласында өнімдерге бейне түсіру үшін, DTF технологиясы кеңінен қолданыс табуда. DTF технологиясы – тікелей пленкаға басып шығару, киімдерге тасымалдау үшін дизайнды арнайы пленкаларға басып шығаруды қамтитын бірегей басып шығару технологиясы. DTF басып шығару дәстүрлі трафаретті басып шығару сияқты ұзақ уақытқа созылатын термиялық тасымалдау процесі болып табылады. DTF басып шығарудың көптеген артықшылықтарының бірі – киімдер тасымалдауды қабылдау үшін алдын ала өңдеуді қажет етпейді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Кәдесый өнімдері тарихты ерте заманнан адам өмірінде маңызды орын алатыны айқын. Әлемде әр елдің өзіндік тұрмыс тіршілігі, салт-дәстүрі, мәдениетіне қарай кәдесыйлардың түрлері көп. Осы сыйлықтарды заманауи инновациялық әдістерді қолдана отырып, безендендіру полиграфия саласында қарқынды даму үстінде. Соның ішінде сублимациялық, трафареттік, тампондық басу түрлері ерекше орында және жиі қолданылады. Әрине тұтынушылардың сұранысын қанағаттандыру үшін, басылымға қолданылатын материалдар ассортименті де өте көп. Полиграфия саласында кәдесый өнімдеріне сұраныс жылдан жылға артуда. Кәдесый өнімдерінің ассортиментінің және қажеттілігінің өсуі полиграфиялық басылым түрлерінің одан әрі дамуына үлкен әсерін тигізеді. Полиграфия саласындағы басылым түрлері де өз қатарында тек одан әрі даму үстінде. Бұл дегеніміз полиграфия саласының болашағы бар және ол бір орында қалып қоймайтындығын көрсетеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Филиппова М. *Сувенир XXI века*. – М.: Издательство «Дизайн и Полиграфия», 2010. – 144 б.
2. Аксенова А., Петрунина Н. *Актуальные технологии в современной печати: Сублимационная печать*. – М.: Печатник, 2017. – 96 б.
3. Под ред. А. Г. Тягунова. *Специальные виды печати: Учебное пособие*. – Екатеринбург: УрФУ, 2017. – 164 б.
4. Мусаева Г.Ж. *Сувенир өнімдерінің маркетингі және олардың тұтыну ерекшеліктері*. – Алматы: Экономика, 2019. – 112 б.
5. Қалабаева А.К. *Полиграфия саласындағы инновациялық технологиялар*. – Нұр-Сұлтан: Техполиграфия, 2021. — 87 б.
6. Назарбекова А.Т. *Ұлттық кәдесый бұйымдарының мәдени маңызы*. // Қазақ мәдениеті журналы. – 2020. – №3. – 25–29 б.
7. *DTF технологиясы және оның полиграфияда қолданылуы*. – Электронды ресурс: https://dtf-printing-tech.com (қол жеткізілген күні: 15.04.2025)
8. Biehl, D. *Printing Technology: Fundamentals and Practices*. – London: PrintWorld Publishing, 2018. – 192 p.

ӘОЖ 75.03 (574) ***ҒРАТР 18.31.07***

Ералиева А.Н.
Абай атындағы ҚазҰПУ (Алматы, Қазақстан)
Өнер факультеті, «Дизайн» кафедрасының магистр оқытушысы
https://orcid.org/0009-0008-5902-0205 e-mail: yeralieva2108@gmail.com

ҰЛТТЫҚ АЙДЕНТИКА ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ИЛЛЮСТРАЦИЯ ӨНЕРІНДЕГІ ВИЗУАЛДЫ ТІЛ

АҢДАТПА

Бұл мақалада қазақ иллюстрация өнеріндегі ұлттық айдентиканың қалыптасуы мен көркемдік бейнелеу құралдарының ерекшеліктері сараланады. Автор дәстүрлі ою-өрнек, мифологиялық бейнелер, тарихи символдар сынды мәдени кодтардың иллюстрация өнерінде қалай қайта жаңғыратынын көрсетеді. Сонымен қатар, қазақи дүниетаным мен визуалды дәстүрдің қазіргі цифрлық медиамен қалай ұштасып, жаңа стильдерге түрленетіні қарастырылады. Ұлттық рухты сақтай отырып, жаһандану жағдайында өзекті болу – қазақстандық иллюстраторлар үшін басты міндеттердің бірі. Мақалада иллюстрация өнерінің тек көркемдік құрал емес, сонымен бірге ұлттық бірегейлік пен тарихи жадты бейнелеудің визуалды тілі екендігі дәлелденеді. Графикалық бейнелер арқылы ұлттың тарихы мен мәдениетіне жаңа көзқараспен қарауға мүмкіндік туады. Қазақ иллюстрациясы ұлттық айдентиканың маңызды визуалды айғағына айналып, халықаралық кеңістікте өз орнын табуда. Бұл зерттеу қазақ өнеріндегі иллюстрацияның әлеуеті мен болашағына жаңаша көзқарас қалыптастырады.

ТІРЕК СӨЗДЕР: заманауи өнер, ұлттық құндылық, дәстүр, иллюстрация өнері , ұлттық ою-өрнек, тарихи символдар

Ералиева А.Н.
КазНПУ им. Абая (Алматы, Казахстан)
Факультет искусств, магистр преподаватель кафедры «Дизайн»
https://orcid.org/0009-0008-5902-0205 e-mail: yeralieva2108@gmail.com

НАЦИОНАЛЬНАЯ ИДЕНТИЧНОСТЬ И ВИЗУАЛЬНЫЙ ЯЗЫК В КАЗАХСКОМ ИСКУССТВЕ ИЛЛЮСТРАЦИИ

АННОТАЦИЯ

В статье рассматривается роль визуального языка в казахском искусстве иллюстрации как одного из важнейших носителей национальной идентичности. Особое внимание уделяется исследованию традиционных символов — орнаментов, мифологических сюжетов, исторических образов — и их трансформации в современных визуальных решениях. Автор анализирует, как казахстанские иллюстраторы сохраняют национальные культурные коды, интегрируя их в цифровую среду и современные графические форматы. Иллюстрация выступает не только как форма художественного выражения, но и как визуальное средство укрепления исторической памяти и культурной преемственности. Акцент сделан на балансе между традицией и инновацией: как иллюстраторы сочетают этническую идентичность с эстетикой глобального искусства. Работа раскрывает вклад казахского иллюстрационного искусства в развитие национального визуального стиля и его растущее значение в мировом культурном контексте. Иллюстрация становится мощным инструментом национального самовыражения и художественного диалога с современностью.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: современное искусство, национальная ценность, традиции, иллюстрация, национальный орнамент, исторические символы

Yeraliyeva A.
Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
Master's teacher of the Department "Design", Faculty of Arts
https://orcid.org/0009-0008-5902-0205 e-mail: yeralieva2108@gmail.com

NATIONAL IDENTITY AND VISUAL LANGUAGE IN KAZAKH ILLUSTRATION ART

ABSTRACT

This article examines the development of national identity within Kazakh illustration art and the unique characteristics of its visual language. The study focuses on how traditional elements – such as ethnic ornaments, mythological motifs, and historical symbols – are reinterpreted by contemporary Kazakh illustrators. These artists creatively blend national aesthetics with digital technologies and modern styles, aiming to maintain cultural authenticity while engaging with a global audience. The article emphasizes that illustration is not only an artistic expression but also a visual medium for preserving and transmitting cultural memory and heritage. Through the lens of illustration, Kazakh identity is visualized in forms that resonate both locally and internationally. The work highlights the dynamic dialogue between tradition and innovation and explores how illustrators contribute to the visual construction of national consciousness. Kazakh illustration is thus positioned as a powerful cultural force in shaping identity in a rapidly changing visual world. This study offers new insights into the role of visual art in fostering national belonging and cultural continuity.

KEYWORDS: contemporary art, national value, traditions, illustration arts, national ornament, historical symbols

КІРІСПЕ

Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық бірегейлікті сақтау мен жаңғырту өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Әлемдік мәдениет кеңістігінде әр халықтың өзіндік ерекшелігін сақтап қалуы маңызды, себебі ұлттық өнер мен мәдени мұра – ұлттың рухани коды, оның тарихи және мәдени өзіндік санасының айқын көрінісі. Қазақстан бейнелеу өнері де бұл үрдістен тыс қалған жоқ. Қазіргі заман өнері дәстүр мен инновацияның үйлесімін іздеу арқылы ұлттық бірегейлікті жаңаша қырынан ашуға ұмтылуда. Қазақтың дәстүрлі ою-өрнектері, фольклорлық және мифологиялық бейнелері, тарихи тақырыптары жаңа стильдік бағыттармен, заманауи техникалармен ұштасып, өнерде тың көзқарастар мен мәнерлердің пайда болуына ықпал етуде. Бұл мақалада қазіргі заман бейнелеу өнерінде ұлттық бірегейліктің қалай сақталатыны мен жаңғыртылатыны қарастырылады. Сондай-ақ, заманауи қазақстандық иллюстраторлардың ұлттық мәдени мұраны өз шығармашылығында қалай қолданатыны, қандай тәсілдер мен әдістер арқылы оны жаңа деңгейге көтеретіні талданады.

Қазіргі заман өнерінде ұлттық бірегейлікті сақтау мен жаңғырту мәселесі көптеген ғалымдар мен зерттеушілердің назарында. Олар бұл тақырыпты әртүрлі қырынан қарастырып, маңызды пікірлер білдірген. Дина Имамбайдың «Рухани жаңғыру және ұлттық бірегейлікті қалыптастыру» мақаласында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қазақ халқының ұлттық болмысын нығайтудағы рөлі талқыланады. Автор ұлттық бірегейліктің рухани жаңғыру үдерісінің өзегі екенін атап көрсетеді. Мәдениеттанушы Бердалы Оспан ұлттық бірегейліктің адамның жүріс-тұрысы, сөйлеу

мәнері және ішкі мәдениетінен басталатынын айтады. Ол қазақ мәдениетінің ерекшеліктерін сақтау мен жаңғыртудың маңыздылығын атап өтеді.

Кейбір зерттеушілердің пікірінше, ұлттық идеологиялар ұзақ өмір сүреді және ұлттар өздерінің жеке «мені» үшін күреседі. Егер ұлт өзінің ұлттық ерекшеліктерін жоғалтса, онда ол ұлттың өзі де жойылады. Сонымен қатар қазіргі қоғамда ұлттық-мәдени бірегейлікті сақтау ерекше маңызға ие, себебі бұл халықтың ұлттық-мәдени өзегін, болмысын, философиясын анықтауға мүмкіндік береді.

Ұлттық бірегейлік – белгілі бір халықтың мәдени, тарихи және рухани құндылықтарын сипаттайтын ұғым. Бейнелеу өнері ұлттық бірегейлікті сақтаудың және дамытудың маңызды құралы болып табылады. Өнер арқылы халықтың дүниетанымы, дәстүрі мен мәдениеті көрініс табады.


Р.М.Тухватуллин атап өткендей: «ұлттық қатынастар саласындағы тұлғаның құндылық бағдарларының дамуы - бұл адам этносының дамуы, оның ұлттық және ұлтаралық, жалпыадамзаттық құндылықтарға қатыстылығының көрсеткіші» [1,72-б]. Мұнымен келіспеуге болмайды. Ұлттық-тарихи ортада қалыптасатын адам өмір бойы қоршаған әлемді қабылдаудың белгілі бір стереотиптерін, қабылдауға белгілі бір көзқарастарды дамытады. Демек, тұлғаның таңдамалы көзқарасы – әлеуметтік жаңалықтар эстетикалық ақпаратқа бейім. Ол өз этносының ұлттық мәдениетінің көркем және эстетикалық ақпаратына көбірек бейім болады.

Сонымен бірге, өнер-адамның өз Отанының тарихын, өз халқының мәдениетін, оның дәстүрлерін білуіне апаратын жол. Ұлттық өнер туындылары халықтың тарихын, оның тарихи әлеуметтік тәжірибесін бейнелейді. Көптеген өнер туындыларының көркемдік табиғаты белгілі бір халықтың мәдениеті туралы тарихи - мәдени ақпаратты жеткізуге «арнайы бейімделген» сияқты. Ұлттық өнер этностың ұлттық мәдениеті мен әлеуметтік тәжірибесін сақтау мен берудің таптырмас құралына айналды. Өнер туындыларының кейіпкерлері нақты ұлттық шындықтың ерекшеліктерін нақты іс-әрекеттер, олардың жалпы адами қасиеттерін көрсетуі түрінде тікелей жеткізеді. Ұлттық өнерде адамның құндылықтары мен құндылық бағдарларының рухани компоненті қалыптасқан. Г. Ломидзенің: «ұлттық таңбасыз, түрлі - түсті бояусыз шынайы мәдени құндылық жоқ» деген пікірімен келіспеуге болмайды[2].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Ұлттық айдентика – белгілі бір халықтың өзіндік мәдениеті, дәстүрі мен құндылықтарының көрінісі. Қазақстандық иллюстрацияда ұлттық бірегейлік фольклорлық кейіпкерлер, дәстүрлі ою-өрнектер, ұлттық киім элементтері арқылы айқындалады. Мәселен, қазақ ертегілерінің иллюстрацияларында батырлар, аңыздық жануарлар, табиғат көріністері ұлттық нақышта бейнеленеді. Қазақ графикалық өнерінің дамуына зор үлес қосқан Евгений Сидоркиннің еңбектері ұлттық айдентиканың графикалық тілдегі көрінісінің жарқын мысалы бола алады. Оның туындыларында қазақ халқының тұрмысы, мифологиясы мен тарихы терең бейнеленген.

Қазақ халқының дәстүрлі ою-өрнектері, халықтық символдары мен мифологиялық сюжеттері ғасырлар бойы ұлттың мәдени кодын сақтап келген. Бүгінде олар бейнелеу өнерінде, сәндік-қолданбалы өнерде, заманауи графика мен цифрлық өнерде жаңа қырынан танылуда. Ою-өрнек ғасырлар бойы тұрмыстық заттардан бастап сәулет өнеріне дейін кең қолданылып келді. Қазіргі заман өнерінде ою-өрнек дәстүрлі мағынасын сақтай отырып, жаңа стильдер мен техникалар арқылы қайта жаңғыртылуда [3,133-б.].



Сурет 1 - Ою-өрнектің символдық мәні


Заманауи өнерде ою-өрнек тек әшекей ретінде ғана емес, белгілі бір мағынаны жеткізуші құрал ретінде қолданылады. Біріншіден ол мәдени жадыны сақтаушы яғни өрнектер халықтың тарихы мен философиясын жаңа формада бейнелеу үшін пайдаланылады. Және идентификациялық белгі ретінде ою-өрнек ұлттық бірегейлікті көрсететін көркемдік кодқа айналуда. Сонымен қатар заманауи өнердегі әлеуметтік месседж ретінде кейбір суретшілер өрнектерді саясат, экология және әлеуметтік мәселелер тақырыбында қолданады (Сурет 1).

Қазақ иллюстрациясы – ұлттық мәдени код пен дәстүрлі бейнелеу өнерінің заманауи интерпретациясы. Ол қазақтың фольклоры, мифологиясы, ұлттық ою-өрнектері мен дәстүрлі өнерінен шабыт ала отырып, қазіргі иллюстрация әлемінде өзіндік ерекшелігімен танылуда. Қазіргі қазақстандық суретшілер ұлттық мәдени мұраны сақтап қана қоймай, оны жаңа технологиялар мен заманауи көркемдік тәсілдер арқылы қайта жаңғыртуда. Бұл үрдіс қазақ өнерінің болашақта да дамуына және әлемдік өнер кеңістігінде өз орнын нығайтуына ықпал етеді [3].

Қазақ иллюстрация өнеріндегі визуалды тіл дәстүрлі және заманауи стильдердің үйлесімі арқылы қалыптасады. Бұл ерекшеліктер бірнеше бағыт бойынша қарастырылады:

1. Композиция мен ритм– қазақтың дәстүрлі өнерінде симметрия мен ырғақ ерекше орын алады. Бұл иллюстрацияларда да сақталады.
2. Түс палитрасы– ұлттық бояу түстері (қызыл, көк, жасыл, алтын түстер) иллюстрацияларда жиі қолданылады.
3. Символика– киіз үй, домбыра, бүркіт, тұлпар сияқты ұлттық символдар иллюстрацияларда жиі кездеседі.
4. Материалдар мен техника– дәстүрлі тушь, акварель, линогравюралардан бастап, қазіргі заманғы цифрлық иллюстрацияға дейінгі әртүрлі техника қолданылады.

Қазақ иллюстрация өнері ұлттық бейнелеу дәстүрлері мен фольклорлық мұраның негізінде қалыптасқан. Оның түп-тамыры халқымыздың көшпелі мәдениетімен, қолөнерімен және ұлттық бейнелеу өнерімен тығыз байланысты.[4]



Сурет 2 – Қазақ иллюстрация өнерінің негізгі кезеңдері

Қазақ халқы ежелден бейнелеу өнерінің өзіндік ерекше формаларын қалыптастырған. Олардың ішінде қолөнердегі көркем бейнелер (ою-өрнек, кілем, кесте, киіз үй безендіру элементтері); Петроглифтер (ежелгі тасқа қашалған суреттер); Миниатюралық кескіндеме (қолжазбалар мен тарихи жазбалардағы көркем бейнелер). Бұл элементтер кейінгі кезеңде кітап безендіруінде, графикалық өнерде және заманауи иллюстрацияда көрініс тапты (Сурет 2).

XX ғасырда қазақ графикасы мен иллюстрациясы жаңа деңгейге көтерілді. Бұл кезеңде кітап графикасы ерекше қарқынмен дамып, қазақ ертегілерін, эпостық жырларын және әдеби шығармаларын безендіру кеңінен қолданылды. Евгений Сидоркин – қазақ эпостары мен әдеби шығармаларына жасаған графикалық жұмыстары ұлттық иллюстрация өнеріне үлкен үлес қосса, Әбілхан Қастеев– қазақ тұрмысы мен мәдениетін бейнелеген алғашқы кәсіби суретшілердің бірі болды. Гүлфайрус Исмаилова – ұлттық бейнелеу өнерін жаңа бағытта дамытқан суретшілердің бірі ретінде танылды.

Бүгінде көптеген жас қазақстандық суретшілер мен иллюстраторлар ұлттық мұраны заманауи стильде жаңғыртуда. Мысалы, кейбір иллюстраторлар қазақ мифологиясын комикстер арқылы жаңаша интерпретациялап, оны жас ұрпаққа жақындатады. Басқалары ұлттық ою-өрнектер мен стильдерді цифрлық графика арқылы дамытып, жаңа медиа форматтарына енгізуде. Сонымен қатар, NFT өнерінің дамуы қазақтың визуалды кодын халықаралық деңгейде танытуға мүмкіндік береді [4].

Заманауи қазақ иллюстраторларының шығармашылығы трендке айналып, танымалдылыққа ие болуда. Отандық иллюстраторлар заманауи трендтер мен ұлттық құндылықтарды ұштастырады [5]. Мұны әлеуметтік желілерде мыңдаған оқырман жинайтын жас суретшілердің парақшасынан байқаймыз.

Екатерина Болатова – қазақстандық заманауи иллюстраторлардың бірі, ол ұлттық мәдени кодты жаңа стильдік бағыттар арқылы жаңғыртуда. Оның жұмыстары қазақ дәстүрлерін заманауи визуалды тілмен үйлестіруімен ерекшеленеді. Катя Болатова иллюстрацияларында қазақ ою-өрнектерін, мифологиялық элементтерді және ұлттық костюмдерді қазіргі дизайн мен сандық графикамен біріктіреді. Оның шығармалары тек Қазақстанда ғана емес, халықаралық деңгейде де танымал болып, ұлттық мәдениеттің заманауи түсіндірмесін ұсынады. Алматы қаласында туып-өскен иллюстратордың шығармашылығында қала көрінісі басымдылық береді. Ол өз жұмысында туған қаланың атмосферасын және оның ерекшеліктерін жеткізуге тырысады. Катяның маңызды жобаларының бірі «Сәлем, Алматы!» және «Сәлем, Табиғат!» мәтін авторлары Гүлнар Наурызбай және Сима Орманқұловамен бірлесіп құрылған. Бұл кітап Алматы көшелеріне саяхат, оқырмандарды қала тұрғындарымен

және мәдениетімен таныстырады. Бұл нұсқаулықтағы Катяның иллюстрациялары қаланың атмосферасына еніп, оны жаңа қырынан көруге көмектеседі.

Айсұлу Алмасбаева – қазақстандық иллюстратор және дизайнер, өнертану ғылымдарының және дизайн магистрі.Ол 2024 жылы Қазақстанда өтетін Бесінші Дүниежүзілік Көшпенділер Ойындарының маскоттарын әзірлеу арқылы танымалдыққа ие болды.Бұл жобаны жүзеге асыру оның ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілігі мен шығармашылық қабілетін көрсетеді. Айсұлу Алмасбаеваның шығармашылығы ұлттық мәдениет пен заманауи дизайнның үйлесімін көрсетеді, бұл оны қазақстандық иллюстрация және дизайн саласындағы маңызды тұлғалардың біріне айналдырады.

Айгерим Карибаева – қазақстандық суретші, иллюстратор және дизайнер, шығармашылығында дәстүрлі қазақ мәдениеті мен заманауи өнерді үйлестіретін этно-модерн стилінде жұмыс істейді.Ол ұлттық өнерді жаңғыртуға және қазақ мәдениетін кеңінен насихаттауға ерекше көңіл бөледі. Айгеримнің туындылары қазақтың дәстүрлі символдары мен ою-өрнектерін заманауи тәсілдермен бейнелейді, бұл оның жұмыстарын ерекше әрі танымал етеді.Оның шығармашылығы ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, оны қазіргі заманғы өнермен үйлестіруге бағытталған.Ол өз стилін «этно-модерн» деп атайды және қазақ өнерінің амбассадоры ретінде мәдениетті насихаттаумен айналысады. Суретші өз жұмыстарын әлеуметтік желілерде белсенді түрде бөліседі. Instagram-дағы @art_aika аккаунтында оның соңғы туындыларымен, шығармашылық процесімен және алдағы жобаларымен танысуға болады. Сондай-ақ, оның Facebook-тегі парақшасы арқылы да қосымша ақпарат алуға мүмкіндік бар.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ иллюстрация өнері ғасырлар бойы дамып, фольклорлық және мәдени элементтерді сақтап, жаңа стильдер мен технологиялармен үйлесімді түрде жаңарып келеді. Бүгінгі таңда бұл өнер түрі ұлттық бірегейлікті сақтаудың және оны әлемдік аренада танытудың маңызды құралына айналуда. Ұлттық мәдениетті заманауи өнер арқылы жаңғыртуға және оны халықаралық деңгейде танытуға ұмтылады және қазақтың бай мәдени мұрасын қазіргі заманғы өнермен үйлестіре отырып, ұлттық бірегейлікті сақтауға және дамытуға үлес қосады. Қазақ иллюстрация өнері ұлттық мәдени кодты сақтаудың және оны жаңаша көрсетудің маңызды құралы болып табылады. Ұлттық бірегейлік пен визуалды тілдің үйлесуі арқылы қазақ иллюстраторлары дәстүр мен заманауи тенденцияларды біріктіріп, жаңа көркемдік шешімдер ұсынуда. Бұл үрдіс болашақта да ұлттық өнердің дамуына ықпал етіп, оны халықаралық деңгейде танытуға мүмкіндік береді. Ұлттық айдентиканы сақтау мен жаңғырту тек бейнелеу өнерінде ғана емес, жалпы мәдениет саласында маңызды рөл атқаратыны анық. Сондықтан қазақ иллюстрациясын дамыту мен қолдау – ұлттық құндылықтарды келесі ұрпаққа жеткізудің басты жолдарының бірі болып қала бермек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Тухватуллин Р.М. Влияние общественного мнения на ценностные ориентации личности в сфере национального развития и межнациональных отношений. Уфа, 1997. С.72.

2. Айтпаев М. *Ұлттық нақыш және заманауи иллюстрация.* Қазақстан өнертану журналы, 2020 №3(27), 45-57.

3. Bissenova A., Zhumakan R. *National Identity and Contemporary Illustration in Kazakhstan, 2021* Eurasian Journal of Art Studies, 12(4), 133-149.

4. Тәжімұрат Ж., Қазақ иллюстрация өнерінің қалыптасуы мен дамуы. Астана: Фолиант. 2017

5. Әбділда С. Қазіргі қазақ графикалық өнеріндегі ұлттық код. -Алматы: Өнер баспасы, 2019.

ӘОЖ 75.03 (574) *ҒТАМР 18.31.07*

Магистр оқытушы, Омар А.С.
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан)

ҚЫЛҚАЛАМНАН КОДҚА: НЕЙРОЖЕЛІЛЕР ӨНЕР ӘЛЕМІН ҚАЛАЙ ӨЗГЕРТУДЕ

АҢДАТПА

Жасанды интеллект (ЖИ) соңғы жылдары өнер әлеміне белсенді түрде еніп, оны жасау, талдау және қабылдаудың жаңа тәсілдерін ұсынып келеді. Өнердегі жасанды интеллект қолдану шығармашылық шекараларын зерттеуге және адам мен машина арасындағы өзара әрекеттестікті зерделеуге бірегей мүмкіндіктер ашады. Өнер әрқашан заман рухын бейнелеп, технологиялардың, философия мен қоғамның ықпалымен өзгеріп отырды. Бүгінде біз жаңа көркемдік революцияның табалдырығында тұрмыз: жасанды интеллект тек суретшілердің қолындағы құрал ғана емес, сонымен қатар дербес шығармашыл тұлғаға айналуда. Нейрожелілер өнерге қалай әсер етеді, қандай жаңа мүмкіндіктер ашады және олар адамзат алдында қандай сұрақтар қояды?

ТІРЕК СӨЗДЕР: ЖИ, DeepDream, DALL·E, Midjourney, Stable Diffusion, SNARC, Obvious, нейрондық желілер.

Магистр-преподаватель, Омар А.С.
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
(Алматы, Казахстан)

ОТ КИСТИ К КОДУ: КАК НЕЙРОСЕТИ МЕНЯЮТ МИР ИСКУССТВА

АННОТАЦИЯ

Искусственный интеллект (ИИ) в последние годы активно проникает в мир искусства, предлагая новые способы его создания, анализа и восприятия. Использование ИИ в искусстве открывает уникальные возможности для исследования границ творчества и взаимодействия между человеком и машиной. Искусство всегда отражало дух времени, меняясь под влиянием технологий, философии и общества. Сегодня мы стоим на пороге новой художественной революции: искусственный интеллект (ИИ) становится не просто инструментом в руках художников, но и самостоятельным творцом. Как нейросети влияют на искусство, какие новые возможности открывают и какие вопросы ставят перед человечеством?

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: ИИ, DeepDream, DALL·E, Midjourney, Stable Diffusion, SNARC, Obvious, нейронные сети.

Master Lecturer, Omar A.S.
Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan)

FROM BRUSH TO CODE: HOW NEURAL NETWORKS ARE TRANSFORMING THE ART WORLD

ABSTRACT

In recent years, artificial intelligence (AI) has been actively integrating into the world of art, offering new ways of creation, analysis, and perception. The use of AI in art opens up unique opportunities to explore the boundaries of creativity and the interaction between humans and machines. Art has always reflected the spirit of its time, evolving under the influence of technology, philosophy, and society. Today, we stand on the threshold of a new artistic revolution: artificial intelligence is

becoming not just a tool in the hands of artists but an independent creator. How do neural networks influence art, what new possibilities do they unlock, and what questions do they pose to humanity?

KEYWORDS: AI, DeepDream, DALL·E, Midjourney, Stable Diffusion, SNARC, Obvious, neural networks.

КІРІСПЕ

Санасы бар машиналарды жасау идеялары ежелгі Грецияда пайда болған. Орта ғасырлар мен Жаңа дәуірде ғалымдар адам еңбегін алмастыратын механизмдерді жасай бастады. Мысалы, XVII ғасырда Блез Паскаль алғашқы механикалық цифрлық есептеуіш машинаны ойлап тапты, ал XIX ғасырда Жозеф-Мари Жаккард тескіш карталардағы нұсқаулықтар арқылы басқарылатын бағдарламаланатын тоқыма станогын жасады. 1937 жылы Алан Тьюринг өзінің жаңалығы – әмбебап Тьюринг машинасын жариялады. Ал 1939 жылы Нью-Йоркте алғашқы механикалық адам Electro және оның иті Sparco көпшілікке таныстырылды.

Алайда күрделі интеллектуалдық тапсырмаларды орындай алатын бағдарламаларды әзірлеу мүмкіндігі тек Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін заманауи компьютерлер пайда болған соң ғана жүзеге асты. 1950-жылдары әртүрлі ғылыми салалардағы зерттеушілер жасанды миды жасау мүмкіндігі туралы ойлана бастады. Сол кезде неврология саласындағы зерттеулер мидың нейрондық желі екенін көрсетті, ал Алан Тьюринг кез келген есептеуді цифрлық түрде көрсетуге болатынын болжап, 1951 жылы аспирант Марвин Мински алғашқы SNARC нейрондық желісін жасады. 1950 жылға қарай А. Тьюринг машинаның әрекеттерін адам санасымен салыстырып бағалайтын тест ойлап тапты, кейін бұл тест «Тьюринг тесті» деп аталды. «Жасанды интеллект» атауы алғаш рет 1956 жылы Дартмут конференциясында қолданылып, дәл осы кезде «Жасанды интеллект зерттеулері» атты ғылыми пән пайда болды. Кейіннен адам сөзін түсінетін, берілген тақырыптарда әңгіме жүргізе алатын және үстел ойындарын ойнайтын көптеген машиналар жасалды. Атақты шахматтық матчта компьютер Гарри Каспаровты жеңіп, жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін көрсетті. Қазіргі уақытта жасанды интеллект ғылымның дамуының маңызды бөлігіне айналды, әсіресе Заттар интернеті тұжырымдамасы аясында. Өйткені, тек деректерді жинау жеткіліксіз – оларды өңдеу, талдау және кейбір жағдайларда, адамның орнын басып, шешім қабылдау қажет [1].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ. ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТА

Өнер саласында алгоритмдер мен машиналық оқытуды қолдану генеративті кескіндеме және алгоритмдік музыка сияқты қарапайым эксперименттерден басталды. Алғашқы маңызды қадамдардың бірі Google-дың DeepDream нейрожелісі болды, ол сюрреалистік бейнелер жасауға мүмкіндік берді. Уақыт өте келе DALL·E, Midjourney және Stable Diffusion сияқты күрделірек модельдер пайда болып, мәтіндік сипаттамалар негізінде кескіндер жасай алатын деңгейге жетті. Нейрондық желілер – адам миының жұмысына негізделген математикалық модельдер. Олар ақпаратты өңдеу және басқа нейрожелілерге беру үшін жауап беретін көптеген өзара байланысқан тораптардан тұрады. Оқыту процесінде нейрожелі деректердегі заңдылықтарды тауып, оларды қайталай отырып үйренеді.

Жасанды интеллект түрлі өнер салаларында қолданылады:

– Кескіндеме және графика – картиналарды генерациялау, цифрлық кескіндерді өңдеу, стильдеу.

– Музыка – композициялар мен аранжировкалар жасау, белгілі композиторлардың стильдерін имитациялау.

– Әдебиет – өлеңдер, әңгімелер, сценарийлер жазу.

– Кино және анимация – бейнематериалдар, арнайы эффектілер жасау, көріністерді өңдеу.

– Дизайн және сәулет өнері – интерьерлерді жобалау, нысандарды модельдеу.

Бейнелеу өнері. Жасанды интеллект бейнелеу өнерінде бұрын-соңды болмаған фотореалистік портреттер, сондай-ақ фантастикалық немесе шынайы қалалық пейзаждар жасай алады. Нейрондық желілер пайдаланушының әрекеттеріне жауап беретін динамикалық шығармалар тудырады. Мысалы, картина дыбыс немесе қозғалыс әсерінен түсін өзгерте алады.

Суретшілер ескі фотосуреттерді бірнеше секунд ішінде өңдеп, оларға жаңа қасиеттер бере алады (мысалы, кейіпкерлердің киімін өзгерту немесе оларды құстарға айналдыру). Болашақта шығармашылық ортада табысты жұмыс істеу үшін суретшілерге бағдарламалаудың негіздерін білу, нейрондық желілер мен машиналық оқыту алгоритмдерінің принциптерін түсіну қажет болады.

Музыка. Музыкалық шығармашылықта жасанды интеллект үлкен музыкалық деректер базасын талдай отырып, жаңа әуендер мен толыққанды композициялар жасай алады. Бұл технологиялар аранжировканың кейбір рутиналық міндеттерін жеңілдетіп, жаңа аккордтық тізбектер құрастырып, қажетті музыкалық аспаптарды таңдай алады.

ЖИ дыбыстық дизайнды жетілдіреді:

- Ескі жазбаларды қалпына келтіреді,
- Жаңа дыбыстық эффектілер жасайды.

Сонымен қатар, машиналық оқыту алгоритмдері тыңдаушының музыкалық талғамын талдап, оған арнайы бейімделген музыка жазуға қабілетті.

Әдебиет. Бұл таңғаларлық естілгенімен, жасанды интеллект әртүрлі жанрлар мен әдеби стильдерде мәтіндер жасай алады – поэзиядан бастап ғылыми фантастикаға дейін. Сонымен қатар, машиналық аударманың сапасын жақсартып, бастапқы мәтіннің стильдік ерекшеліктерін сақтауға көмектеседі. ЖИ жаңа кейіпкерлерді олардың тарихы мен мотивациясымен бірге ойлап табады, жазушыларға қызықты және динамикалық сюжеттер құруға көмектеседі. Бұл авторларға өзіндік және бірегей шығармашылық формалар жасауға мүмкіндік береді.

Кино. Жасанды интеллект реалистік арнайы эффектілер жасауға қолданылады. Мысалы, актерлердің цифрлық көшірмелерін жасау немесе күрделі табиғи құбылыстарды модельдеу мүмкіндігі бар. Кинематографияда ЖИ:

- Анимация жасауды жеңілдетеді,
- Бар сценарийлерді талдап, жаңа сюжет, кейіпкерлер мен диалогтар ұсынады,
- Фильм өндірісін сценарий жазудан бастап пост-продакшнге дейін оңтайландырады.

Театрда сахна проекцияларын қолдану және интерактивті қойылымдар қою мүмкін болды. Ал дизайнда ЖИ киім стильдері, интерьерлер және өнімдерге арналған ерекше идеяларды ұсынады. Жасанды интеллект технологиялары жаңа пішіндер мен стильдерді жасай алады, оларды дәстүрлі әдістермен жасау мүмкін емес. Интерактивті өнердің пайда болуы – осының айқын дәлелі, мұнда көрермен шығармашылық процестің белсенді қатысушысына айналады (мысалы, интерактивті кітаптар).

Жасанды интеллект суретшілерге шығармашылықты дамытуға мүмкіндік беретін жаңа құралдар ұсынады. Нейрожелілер жаңа текстуралар, түстер мен формаларды жасай алады, ал суретші оларды өз туындыларында пайдаланады.

ЖИ түстерді түзету, суреттерді ретушьтау сияқты рутиналық міндеттерді автоматтандырады, бұл суретшілерге шығармашылыққа көбірек уақыт бөлуге мүмкіндік береді.

Композиторлар тыңдаушылардың музыкалық талғамын талдап, оларға бейімделген музыкалық шығармалар жазады. ЖИ шығармашылық адамдар үшін жаңа нарықтарды ашады. Адам мен машиналық алгоритмдердің серіктестігі өнердің болашағын қалыптастыратын серпінді ынтымақтастыққа айналуда [2].

Кескін, дыбыс жасау немесе математикалық есепті шешу үшін кез келген нейрожелі нақты тұжырымдалған сұранысты талап етеді. Бұл процесте екі маңызды факторды ескеру қажет:

- **Нәтиже әрдайым болжанбайды** және пайдаланушының күткеніне сәйкес келмеуі мүмкін, өйткені оны жасанды интеллекттің **алгоритмдері анықтайды**.
- **Шығатын деректер бірегей болмауы мүмкін** – басқа пайдаланушылар ұқсас сұраныстар жіберсе, **олар да сол тақырыптағы ұқсас нәтижелерді** алуы ықтимал, тіпті егер сұраныстар әртүрлі тәсілдермен жазылса да [3].

ЖИ-шығармашылығы – бұл адам жасаған алгоритмдер мен машиналық оқытудың автономды түрде жаңа нәрселерді жасау қабілетінің үйлесімі. Адамдар уақытын, дағдыларын

және қиялын жұмсай отырып, түпнұсқа контент жасайды. Сондықтан оларға оны көбейту, тарату, көрсету және пайда табу құқығы беріледі. Мұның барлығы авторлық құқық заңдарының негізін құрайды. Бір тараптан, кейбіреулер нейрожелілерді суретшінің қолындағы қылқаламмен салыстырады. Ал басқалары ЖИ-дің өзі суретші, ал адам тек тапсырыс беруші рөлінде деген пікірде. Бұл көзқарастар арасындағы қайшылық авторлық құқық пен шығармашылықтың болашағына қатысты маңызды дилемма тудырады.

2018 жылы париждік Obvious арт-коллективі машиналық оқыту көмегімен «Эдмон де Белами портреті» атты туынды жасады. Christie's аукционында 432 500 долларға сатылған бұл картина пікірталас тудырып, авторлық құқық мәселелерін көтерді. Құқықтық іс қозғалмағанымен, бұл жағдай жасанды интеллект өнері мен авторлық құқықтың байланысы тұрғысынан маңызды прецеденттердің бірі болды.



Сур. 1 (Эдмонда Белами портреті. Автор: Арт-группа Obvious)

Бұл ретте коллекционерді Эдмонның жеке басы мүлде қызықтырмады, тіпті ол ешқашан өмірде болмаған. Белами әулетінің ойдан шығарылған портреттер сериясын жасаған – француздық Obvious арт-тобындағы суретшілер ме, әлде бағдарламашылар ма белгісіз. Бұл туындыларды жасаудағы басты рөлді жасанды интеллект атқарды. Топ мүшелерінің бірі Пьер Фотрель 2019 жылы Мәскеуде өткен «Ашық инновациялар» форумына қатысты. РБК Стиль басылымы Пьермен дискуссиялар арасында сұхбаттасып, жасанды интеллект жұмысы шынайы шығармашылық деп санала ма, әлде жай алгоритмдік процесс пе? деген сұраққа жауап іздеді. Қазіргі таңда ИИ-шығармашылықтың авторлық құқығы туралы нақты жауап жоқ. Бұл сала заңнамалық тұрғыдан «сұр аймақта» орналасқан, сондықтан заң мен этика шеңберінен шығып кететін күрделі мәселе болып отыр. Қысқаша айтқанда, бұған бірнеше себеп бар:

- Авторлықты мойындаудың бірыңғай тәсілі әлі қалыптасқан жоқ.
- Әртүрлі елдердің зияткерлік меншікке қатысты ұстанымдары әртүрлі.

Кейбір елдер жасанды интеллект иесін авторлық құқықтың толық иегері деп таниды. Басқалары шығармашылыққа айтарлықтай үлес қосылған жағдайда ғана адамды автор деп есептейді. Жасанды интеллект адамдар мен машиналар жасаған контент арасындағы шекараны жойып жатқандықтан, осы әртүрлі көзқарастар жағдайды одан әрі күрделендіреді.

Жасанды интеллект суретшілердің орнын баспайды, бірақ өнерді жасау тәсілдерін өзгертеді. Алдағы уақытта:

- Адам мен машинаның шығармашылықтағы өзара әрекеттестігі тереңдейді.
- Көрерменге бейімделген дербестендірілген өнер дамиды.
- Технологияның мәдениеттегі рөлі туралы этикалық пікірталастар күшейеді [4].

Өнерді анықтау қиын, сондай-ақ жақсы және жаман өнердің айырмашылығын белгілеу де оңай емес. Дегенмен, жалпылап айтқанда, өнер – көптеген таңдаулардың нәтижесі. Бұл ойды көркем әдебиет мысалында түсіндіру оңайырақ. Егер сіз көркем шығарма жазсаңыз, онда әрбір сөзді саналы немесе бейсаналы түрде таңдайсыз. Қарапайым тілмен айтқанда, он мың сөзден тұратын әңгіме шамамен он мың таңдау жасауды талап етеді. Ал нейрожеліге сұраныс жібергенде, сіз бірнеше нұсқа ғана аласыз: 100 сөзден тұратын сұраныс шамамен 100 ықтимал

мән береді. Егер жасанды интеллект (ЖИ) сіздің сұранысыңыз негізінде он мың сөзден тұратын оқиғаны құрастырса, онда ол сіз жасамаған барлық таңдауларды өз бетінше қабылдауға мәжбүр. Мұны орындаудың бірнеше жолы бар. Бірінші тәсіл – интернеттен табылған мәтіндер негізінде басқа авторлар жасаған ортақ шешімдерді қолдану. Бұл ең бейтарап нұсқа, сондықтан ЖИ жазған мәтін көбіне өте жалықтырады. Екінші тәсіл – белгілі бір жазушының стилін имитациялау, яғни автордың таңдауларын қайталау. Бұл шығарманың түпнұсқалығын төмендетеді, нәтижесінде екіншілік туынды пайда болады. Екі жағдайда да шынайы өнер жасау қиын.

Менің ойымша, осы негізгі қағида бейнелеу өнеріне де қолданылады, бірақ суретшінің қабылдайтын таңдауларын санмен өлшеу қиын. Кез келген картина сансыз шешімдердің нәтижесі болып табылады. Мысалы, DALL·E сияқты мәтінді кескінге айналдыратын бағдарламаны қолданатын адам: *«Сауыт киген батыр жалын шашатын айдаһармен шайқасуда»* деп сұраныс енгізеді, бірақ қалған барлық таңдауды бағдарламаға тапсырады. DALL·E-дің соңғы нұсқасы төрт мың символға дейінгі сұраныстарды қабылдай алады, бұл жүздеген сөзге тең, бірақ көріністің әрбір бөлшегін сипаттауға әлі де жеткіліксіз. Сондықтан, жасалған бейнедегі көптеген элементтер бағдарлама арқылы интернеттен табылған ұқсас картиналардан алынуы мүмкін. Нәтиже әдемі көрінуі мүмкін, бірақ сұраныс енгізген пайдаланушы оны түпнұсқа өнер туындысы деп айтуға қиын.



Сур. 2 (DALL-E бағдарламасы арқылы жасалған сурет: «Маған өнердің не екенін бір суретте көрсет». Дереккөз: https://artguide.com/posts/2789)

ҚОРЫТЫНДЫ

Кейбіреулер сурет генераторлары визуалды мәдениетке фотографияның пайда болған кезіндегідей үлкен әсер етеді деп санайды. Бұл ой шындыққа жанасатын сияқты көрінуі мүмкін, бірақ фотография мен генеративті ЖИ-дің ұқсастығы тереңірек талдауды қажет етеді. Фотография алғаш пайда болғанда, ол өнердің бір түрі ретінде қабылданбады. Себебі камераны орнатып, шертпе батырмасын басу жеткілікті деп есептелді. Бірақ уақыт өте келе фотографтың шеберлігі оның жасаған таңдауларына байланысты екені анықталды. Фотографтың қабылдайтын шешімдерін нақты тұжырымдау қиын, бірақ әуесқой мен кәсіби фотографтың жұмыстарын салыстыра отырып, айырмашылықты анық көруге болады.

Енді сұрақ туындайды: сурет генераторларын қолданғанда осындай таңдау еркіндігі бар ма? Менің ойымша, жоқ. Себебі суретші, мейлі ол цифрлық ортада, мейлі бояумен жұмыс істесін, кез келген картина жасау барысында әлдеқайда көп шешімдер қабылдайды. Ал бірнеше жүз сөзден тұратын мәтіндік сұраныс бұл таңдаулардың бәрін қамти алмайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. https://iot.ru/wiki/iskusstvennyy-intellekt
2. https://developers.sber.ru/help/gigachat-api/ai-in-art
3. https://www.uplab.ru/blog/avtorskoe-pravo-i-neyroseti-kto-vladeet-rezultatami-ii-tvorchestva/
4. https://artguide.com/posts/2789?page=348

УДК 7.025.3:72.012.8+39 *МРНТИ 81.93.29*

Магистрант, Файзулина Н.Р.
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан)
Ғылыми жетекші, өғқ., доцент, Муратаев К.К.

ҚАЗАҚ ОЮЛАРЫНЫҢ ЗАМАНАУИ ӨНЕР МЕН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДИЗАЙНДАҒЫ РӨЛІ

АҢДАТПА

Бұл мақалада қазақ оюларының заманауи өнер мен инновациялық дизайндағы орны қарастырылады. Қазақтың дәстүрлі оюлары ғасырлар бойы ұлттық мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде қалыптасып, өзінің көркемдік мәнін сақтап келеді. Дегенмен, бүгінгі таңда олар жаңа технологиялар мен цифрлық өнердің дамуымен жаңа қырынан танылуда. Оюлар сән индустриясында, интерьер дизайнында, графикалық өнерде және сандық технологияларда кеңінен қолданылуда. Әсіресе, NFT платформалары мен жасанды интеллект арқылы жасалған өнер туындыларында қазақ оюлары ерекше маңызға ие болуда. Мақалада оюлардың осы заманауи бағыттарда қолданылу ерекшеліктері, олардың жаһандық мәдени кеңістіктегі рөлі мен болашағы талқыланады. Бұл зерттеу дәстүр мен инновацияның үйлесімін көрсетуге бағытталған және қазақ мәдениетінің әлемдік өнердегі орнын айқындауға септігін тигізеді.

ТІРЕК СӨЗДЕР: қазақ оюлары, заманауи өнер, инновациялық дизайн, NFT, жасанды интеллект, графикалық өнер

Файзулина Н.Р., магистрант
Казахский национальный педагогический университет имени Абая, (Алматы, Казахстан)
Научный руководитель, к.т.н., доцент, Муратаев К.К.

РОЛЬ КАЗАХСКИХ ОРНАМЕНТОВ В СОВРЕМЕННОМ ИСКУССТВЕ И ИННОВАЦИОННОМ ДИЗАЙНЕ

АННОТАЦИЯ

В данной статье рассматривается роль казахских орнаментов в современном искусстве и инновационном дизайне. Традиционные казахские орнаменты, сформировавшиеся на протяжении веков, продолжают сохранять свою художественную ценность. Однако в настоящее время они обретают новые формы благодаря развитию цифровых технологий и искусственного интеллекта. Казахские орнаменты находят широкое применение в модной индустрии, интерьерном дизайне, графическом искусстве и цифровых технологиях. Особенно важным является их использование в NFT-платформах и искусстве, созданном при помощи искусственного интеллекта. В статье анализируются особенности применения орнаментов в современных направлениях искусства, их роль в глобальном культурном пространстве и перспективы развития. Исследование направлено на выявление гармонии между традицией и инновациями, а также на популяризацию казахской культуры в мировом искусстве.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: казахские орнаменты, современное искусство, инновационный дизайн, NFT, искусственный интеллект, графическое искусство

Faizulina N.R., master's student
Kazakh National Pedagogical University named after Abai (Almaty, Kazakhstan)
Scientific advisor, PhD in Technical Sciences, Associate Professor, Muratayev K.K.

THE ROLE OF KAZAKH ORNAMENTS IN CONTEMPORARY ART AND INNOVATIVE DESIGN

ABSTRACT

This article explores the role of Kazakh ornaments in contemporary art and innovative design. Traditional Kazakh ornaments, which have developed over centuries, continue to preserve their artistic value. However, with the advancement of digital technologies and artificial intelligence, they are being reinterpreted in new ways. Kazakh ornaments are widely used in the fashion industry, interior design, graphic art, and digital technologies. Their integration into NFT platforms and AI-generated art is particularly significant. The article examines the unique applications of Kazakh ornaments in modern artistic trends, their role in the global cultural space, and their future prospects. This study aims to highlight the balance between tradition and innovation and to promote Kazakh cultural heritage in global art.

KEYWORDS: kazakh ornaments, contemporary art, innovative design, NFT, artificial intelligence, graphic art

КІРІСПЕ

Қазақ оюлары – халқымыздың бай мәдени мұрасының маңызды бөлігі. Олар ғасырлар бойы тұрмыстық заттарды, сәулет ғимараттарын, ұлттық киімдерді, зергерлік бұйымдарды безендіруде қолданылып, халықтың дүниетанымы мен эстетикалық талғамын бейнелеп келеді. Әрбір оюның өзіндік символдық мәні бар, олар табиғат құбылыстарын, жануарлар мен өсімдіктерді, адамның өмірлік жолын бейнелейді.

Қазіргі заманғы технологиялар мен өнердің дамуымен қазақ оюлары жаңа деңгейге көтерілуде. Олар тек дәстүрлі қолданбалы өнерде ғана емес, сонымен қатар заманауи графикалық дизайнда, цифрлық өнерде, интерьер және сәулет жобаларында, сән индустриясында және NFT өнер туындыларында қолданылуда. Бүгінде көптеген дизайнерлер мен суретшілер қазақ оюларын жаңа технологиялар арқылы жаңаша интерпретациялап, оларды халықаралық деңгейде танытуда.

Сонымен қатар, жасанды интеллект пен компьютерлік графика мүмкіндіктерінің артуы қазақ оюларының қолдану аясын кеңейтуде. Жасанды интеллект негізінде жасалған алгоритмдер қазақ оюларын жаңа стильдерде бейнелеп, оларды интерактивті элементтер ретінде пайдалануға мүмкіндік беруде.

Осы мақалада қазақ оюларының заманауи өнер мен инновациялық дизайндағы орны, олардың жаңашыл қолданыс ерекшеліктері және цифрлық әлемдегі маңызы жан-жақты қарастырылады. Бұл зерттеу дәстүрлі өнер мен қазіргі заманғы технологиялардың үйлесімділігін көрсетуге бағытталған және қазақ мәдениетінің жаһандық өнер кеңістігіндегі орнын айқындауға ықпал етеді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақ оюлары – ұлттық мәдени кодтың ажырамас бөлігі. Оюлардың пішінінің қалыптасуы мен эволюциясы этномәдени жүйенің әртүрлі тарихи кезеңдерінде көпқабатты семантикалық құрылымды қамтиды [2]. Бүгінгі жаһандану дәуірінде мәдени сәйкестік пен дәстүрлердің сақталуы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Қазақ оюларын заманауи өнер мен инновациялық дизайнға енгізу арқылы ұлттық мұраны жаңғыртып, оны әлемдік деңгейде танытуға мүмкіндік туады. Сонымен қатар, бұл үрдіс жас ұрпақтың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттырып, мәдени мұраны сақтауға ықпал етеді [3].

Қазақ ұлттық өнері ғасырлар бойы қалыптасқан терең дәстүрлерден бастау алады. Ол қазақ халқының өмір салтымен, табиғи ортамен және мәдени мұрасымен тығыз

байланысты дамыды. Ән-күй, би, қолөнер, бейнелеу өнері – халқымыздың рухани байлығының ажырамас бөлігі. Ұлттық киімдер, жыр-дастандар мен музыкалық шығармалар халықтың дүниетанымы мен тарихи жадын бейнелейді [5].

Қазіргі уақытта қазақ ұлттық өнері жаңа даму сатысына қадам басты. Әлемдік креативті индустрияның ықпалы дәстүрлі өнердің жаңаша түрленуіне алып келді. Бүгінде ұлттық өнер жаңа технологиялармен біріктіріліп, жаңа сипатқа ие болуда. Бұл үрдіс қазақ өнерін жаһандық деңгейде кеңінен таныстыруға мүмкіндік беріп отыр.

Бейнеөндіріс, графикалық дизайн, мультимедиа, сән, сәулет өнері – осының барлығы ұлттық өнердің жаңа бағыттарға бейімделуіне жол ашуда. Қазақ мәдениеті жаңа технологиялармен ұштасып, өзіндік ерекшелігін сақтай отырып, әлемдік аренада бәсекеге қабілетті бола алады.

Ұлттық өнерді заманға сай дамыту қажеттілігі бірнеше маңызды факторлардан туындайды. Біріншіден, оны тек ішкі мәдени шеңберде ғана емес, халықаралық деңгейде де таныту маңызды. Қазақ халқының бай өнері өзіндік ерекше стилімен әлемдік мәдени кеңістікке еніп, жаңа шығармашылық бағыттарға ықпал ете алады. Мысалы, қазақтың ұлттық киімдері мен оюлары қазіргі заманғы дизайнерлердің қолында жаңаша сипат алып, сән индустриясында кеңінен қолданылуда. Сондай-ақ дәстүрлі қолөнер – киіз үй жасау, ағаш және металл бұйымдары, тері өңдеу өнері – бүгінде заманауи трендтерге сай бейімделіп, жаңа сұраныстарға ие болуда [5].

NFT дегеніміз не?

NFT (Non-Fungible Token) – бірегей цифрлық актив, ол иесіне авторлық құқықты растайтын блокчейн технологиясы негізінде жұмыс істейді. NFT өнерінде көптеген суретшілер мен дизайнерлер үшін жаңа мүмкіндіктер ашты [4]. Қазақ оюлары да осы технология аясында қайта жаңғыртып, әлемдік өнер нарығына енуде. NFT платформаларында қазақ оюларына негізделген өнер туындылары сатылымға шығарылып, олардың бірегейлігі блокчейн арқылы расталады.

Қазақ оюларының заманауи өнер мен инновациялық дизайндағы рөлі

Қазақ оюлары тек дәстүрлі тұрмыста ғана емес, сонымен қатар заманауи өнерде де ерекше орын алуда. Қазіргі таңда дизайнерлер мен суретшілер қазақ оюларын сандық графикада, сән индустриясында, интерьер мен сәулет дизайнында, өнер туындыларында белсенді түрде қолданып келеді [1].

Инновациялық дизайн – бұл жаңа өнімдер, қызметтер мен кеңістіктерді жасауға бағытталған пәнаралық тәсіл, ол креативтілік, технологиялар және функционалдылықты біріктіреді. Технологиялардың қарқынды дамуы мен қоғам қажеттіліктерінің өзгеруі жағдайында инновациялық дизайн әртүрлі салалардың даму жолдарын айқындай отырып, қазіргі өмірдің ажырамас бөлігіне айналуда.

Сандық графика және анимация

Оюлар заманауи графикалық дизайнерлердің шабыт көзіне айналды. Олар түрлі логотиптерде, сайт дизайндарында, жарнамалық материалдарда кеңінен қолданылады. Сонымен қатар, оюлар анимацияда ерекше стильдік элемент ретінде пайдаланылады.

Сән индустриясы

Дизайнерлер қазақ оюларын заманауи киім үлгілеріне енгізіп, ұлттық нақыштағы сәнді коллекциялар жасап шығаруда. Бұл үрдіс ұлттық мәдениетті әлемдік деңгейде танытуға ықпал етеді. Қазіргі таңда көптеген қазақстандық және шетелдік сәнгерлер киім, аксессуар және аяқ киім дизайнында қазақ оюларын пайдалана отырып, көне мәдени кодтарды жаңа заман талабына сай бейімдеуде [1].

Интерьер және сәулет дизайны

Қазақ оюлары интерьер мен сәулет өнерінде ерекше орын алады. Қазіргі уақытта олар қонақүйлердің, мәдени орталықтардың, мейрамханалардың, тіпті заманауи кеңселердің безендірілуінде қолданылады. Қазақстандық және шетелдік дизайнерлер дәстүрлі оюларды заманауи минимализммен үйлестіріп, ұлттық нақыштағы жаңа стильдерді қалыптастыруда. Ғимараттардың қасбеттерінде, қабырғаларда және жиһаз

элементтерінде қазақ оюлары қолданылып, олар интерьерге ерекше ұлттық атмосфера береді. Сонымен қатар, қазақ оюлары түрлі жарықтандыру элементтерімен біріктіріліп, футуристік әрі этно-модерн стильдерін қалыптастыруда [1].

Қазақ оюларын сәулет дизайнында қолдану мүмкіндіктері

–Фасад және қасбеттерді безендіру

Қазақ оюлары ғимараттардың қасбеттерінде сәндік элемент ретінде қолданылады. Көбінесе олар металл панельдерде, тас қашауда немесе шыны беттерде лазерлік ою арқылы жасалады. Оюларды жарық диодты шамдармен үйлестіріп, кешкі уақытта ерекше көрініс беруге болады.

–Ішкі интерьердегі рөл

Ғимараттардың ішкі кеңістігін безендіруде қазақ оюлары қабырға панельдерінде, төбелік декорацияларда және едендік плиткаларда қолданылады. Сонымен қатар, жиһаз, кілем және мозаикалық элементтерде дәстүрлі оюларды пайдалану арқылы қазақи стильді заманауи трендтермен үйлестіруге болады [1].

–Көпшілік орындардағы қолданыс

Қоғамдық ғимараттар, мәдени орталықтар, мешіттер мен кітапханаларда қазақ оюлары ұлттық бірегейлікті айқындаушы элемент ретінде пайдаланылады. Әсіресе, көркем витраждар, қақпалар мен баспалдақтарға ою қосу арқылы ғимараттың эстетикалық және танымдық маңызын арттыруға болады.

–Ландшафттық дизайн және шағын сәулеттік формалар

Қазақ оюларын қалалық ортада шағын сәулеттік формаларда қолдануға болады. Саябақтардағы орындықтар, шамдар, субұрқақтар мен көпірлер қазақ нақышындағы оюлармен безендірілсе, ұлттық мәдениетті насихаттаудың тиімді жолы болмақ.

–Сандық және интерактивті сәулет

Қазіргі таңда сандық сәулет пен интерактивті технологиялардың дамуы қазақ оюларын инновациялық деңгейде пайдалануға мүмкіндік береді. Мысалы, LED экрандарда қазақ оюларынан шабыт алған анимациялық дизайндар қолдану немесе виртуалды шындық арқылы тарихи сәулет туындыларын жандандыру жобалары үлкен сұранысқа ие.

Қазақ оюлары сәулет дизайнында тек декоративті элемент ретінде ғана емес, құрылымдық идеялар көзі ретінде де қарастырылады. Мысалы, ғимараттардың қасбеттеріндегі оюлар жарық пен көлеңке ойыны арқылы ерекше әсер береді, бұл тек эстетикалық ғана емес, функционалдық рөл атқарады. Сондай-ақ, 3D модельдеу және лазерлік кесу технологиялары арқылы қазақ оюлары сәулет элементтері мен интерьер заттарына ерекше көркемдік сипат беруде [1].

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Зерттеу барысында қазақ оюларының заманауи өнер мен инновациялық дизайнда қолданылу ерекшеліктері анықталды. Біріншіден, олар ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, жаңа технологиялар арқылы қайта жаңғыртылуда. Қазіргі таңда көптеген дизайнерлер қазақ оюларын 3D-графика, анимация, интерактивті мультимедиа арқылы дамытып, жаңа мағыналық интерпретациялар ұсынуда.

Екіншіден, Қазақстандық және шетелдік авторлар қазақ оюларын цифрлық өнер туындыларына енгізіп, оларды халықаралық аукциондарда саудалауда. Бұл ұлттық өнердің жаһандық деңгейде танылуына ықпал етуде.

Үшіншіден, заманауи сәулет пен интерьер дизайнында қазақ оюлары кеңінен қолданылуда. Қазіргі заманғы қонақүйлер, мәдени орталықтар және қоғамдық ғимараттар оюларды декоративті элементтер ретінде пайдаланып, ұлттық нақышты көрсетуге тырысуда.

Сонымен қатар, жасанды интеллект негізінде қазақ оюларын жаңа стильдерде бейнелейтін алгоритмдер жасалуда. Бұл тәсіл дәстүрлі өнерді жаңа формада ұсынуға және оны кеңінен таратуға мүмкіндік береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ оюлары тек дәстүрлі өнердің бір бөлігі ғана емес, сонымен қатар заманауи өнер мен инновациялық дизайнда да ерекше орын алады. Цифрлық технологиялардың дамуы бұл өнерді жаңа деңгейге көтеруге және оны жаһандық аудиторияға таныстыруға мүмкіндік береді. Дәстүр мен инновацияны үйлестіре отырып, қазақ оюлары болашақта да өз маңыздылығын сақтап қалады.

Қазақтың дәстүрлі мәдениеті мен заманауи өнері арасында үйлесімділік сақталуы қажет. Шығармашылық тұлғалар ұлттық өнердің мәнін терең түсініп, оны жаңа заман талаптары мен үрдістеріне сай бейімдеумен қатар, оның түпкі мәнін, философиясын және құндылықтарын жоғалтпай жеткізуі тиіс. Осыған орай, кез келген шығармашылық жоба қазақтың ұлттық мәдениетінің негіздеріне сүйене отырып құрылуы керек. Тек сонда ғана ұлттық өнер заманауи креативті индустриямен жарасымды байланыс орнатып, өзіндік ерекшелігін сақтай алады.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қазақ оюлары интерьер, сәулет дизайны, сән индустриясы, графикалық дизайн салаларында белсенді түрде қолданыс табуда. Бұл үрдіс олардың көпқырлылығын және мәдени-эстетикалық құндылығын дәлелдейді. Сонымен қатар, қазақ оюлары тек ұлттық деңгейде ғана емес, халықаралық аренада да үлкен қызығушылық тудырып отыр. Бұл олардың әмбебап сипатын және заманауи технологиялармен үйлесімділігін көрсетеді.

Болашақта қазақ оюларының қолдану аясы одан әрі кеңейе түсетіні сөзсіз. Жасанды интеллект пен виртуалды шындық технологиялары арқылы оларды жаңа форматта ұсыну мүмкіндігі арта түседі. Осылайша, дәстүрлі қазақ оюлары уақыт талабына сай дамып, ұлттық мәдениеттің жаһандық деңгейде насихатталуына ықпал етеді. Бұл зерттеу қазақ оюларының заманауи өнер мен инновациялық дизайндағы рөлін тереңірек түсінуге және олардың болашақ дамуына бағдар жасауға көмектеседі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Оспанова-А.Д. – Заманауи-дизайн, Шымкент, 2019
2. Муратаев К.К. – Архетипы традиций этнохужожественной культуры и вопросы артпедогогики. Алматы, «Өнер», 2020.
3. Бәсенов Т. Қазақтың ою-өрнектері. – Алматы: Өнер, 1988.
4. https://ru.wikipedia.org/wiki/NFT
5. https://ruh.kz/qazaq-ulttyq-oneri-zhane-zamanaui-kreativti-industriya_45496/

ӘОЖ 7.012-655 ***ҒТАМР* 06.73.15**

Магистрант, Садыр Қ.С.
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті (Алматы,Қазақстан)
Ғылыми жетекші, х.ғ.к., доцент Ибраева Ж.Е.
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті (Алматы,Қазақстан)

ПРИНТМЕДИА ИНДУСТРИЯСЫНДАҒЫ КӨМІРТЕГІ ІЗІН РЕТТЕУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕР

АҢДАТПА

Бұл мақалада принтмедиа индустриясындағы көміртегі ізі мәселесі мен оны реттеу жолдары кеңінен қарастырылады. Автор халықаралық тәжірибелер мен стандарттарға сүйене отырып, полиграфия саласындағы CO_2 шығарындыларын азайту тетіктерін саралайды. ISO 14067:2018, ISO 16759:2013 және ISO 20294:2018 стандарттарының мазмұны мен маңызына терең талдау жасалады. Сонымен қатар, Қазақстандағы квота саудасы жүйесінің ерекшеліктері мен көміртегі ізін басқарудағы орны да қарастырылады. Полиграфия өнімдерін өндіруде төмен көміртекті технологияларды қолдану – тек экологиялық жауапкершілік емес, сонымен қатар тұрақты дамудың негізі ретінде бағаланады. Мақалада сондай-ақ тұрақты өндіріс процесі мен ресурс үнемдеуді қамтамасыз ететін шешімдер ұсынылады. Жаңа технологиялар мен стандарттардың үйлесімділігі полиграфия өнеркәсібін экологиялық тұрғыдан қайта құрылымдауға мүмкіндік береді. Зерттеу қорытындысында Қазақстанда көміртегі ізін азайтуға бағытталған кешенді шаралар қажеттілігі атап өтіледі.

ТІРЕК СӨЗДЕР: көміртегі ізі, полиграфия өнеркәсібі, халықаралық стандарттар, тұрақты даму, CO_2 шығарындылары.

Магистрант, Садыр Қ.С.
Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан)
Научный руководитель, кандидат химических наук, доцент Ибраева Ж.Е.
Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан)

РЕГУЛИРОВАНИЕ И МЕЖДУНАРОДНЫЕ ПРАКТИКИ УГЛЕРОДНОГО СЛЕДА В ПРИНТМЕДИА ИНДУСТРИИ

АННОТАЦИЯ:

В данной статье рассматриваются актуальные аспекты регулирования углеродного следа в принтмедиа индустрии. Исследование основано на анализе международных стандартов, таких как ISO 14067:2018, ISO 16759:2013 и ISO 20294:2018, а также казахстанской системы торговли квотами. Автор подчеркивает значимость перехода полиграфических предприятий к низкоуглеродным технологиям как ключевого элемента устойчивого развития. Статья раскрывает специфику оценки углеродного следа в печатной продукции и предлагает практические подходы по его минимизации на всех этапах производственного цикла. Особое внимание уделяется интеграции экологических стандартов в корпоративные стратегии компаний, что способствует снижению негативного воздействия на окружающую среду. Работа также рассматривает потенциал Казахстана в развитии «жасыл» полиграфии с учетом глобальных климатических обязательств. В заключении подчеркивается необходимость комплексного подхода к управлению выбросами CO_2, включающего стандартизацию, инновации и межсекторное сотрудничество.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: углеродный след, полиграфическая промышленность, международные стандарты, устойчивое развитие, выбросы CO_2.

Master's student Sadyr K.S.
Kazakh National Pedagogical University named after Abay (Almaty, Kazakhstan)
Supervisor, Candidate of Political Sciences, Associate Professor Ibraeva Z.E.
Kazakh National Pedagogical University named after Abay (Almaty, Kazakhstan)

REGULATION AND INTERNATIONAL PRACTICES OF CARBON FOOTPRINT IN THE PRINT MEDIA INDUSTRY

ABSTRACT

This article addresses key issues in regulating the carbon footprint within the print media industry, focusing on international practices and national mechanisms for reducing CO_2 emissions. It provides a detailed review of international standards – ISO 14067:2018, ISO 16759:2013, and ISO 20294:2018 – and examines their relevance to the printing sector. Special emphasis is placed on Kazakhstan's emissions trading system and its role in advancing sustainable production in the industry. The article explores the potential of integrating low-carbon technologies in print production as a means to promote ecological responsibility and achieve long-term sustainability goals. It also highlights methods of carbon footprint assessment throughout the production cycle and proposes solutions to minimize environmental impacts. Furthermore, the article discusses how the adoption of eco-standards within corporate strategies contributes to the development of green printing practices. The conclusion stresses the need for a comprehensive national approach combining standardization, innovation, and cross-sectoral collaboration to effectively regulate CO_2 emissions in Kazakhstan's print media sector.

KEYWORDS: carbon footprint, printing industry, international standards, sustainable development, CO_2 emissions.

КІРІСПЕ

Тұрақты даму жағдайында және төмен көміртекті экономикаға жаһандық көшу кезеңінде көміртек ізін реттеу әртүрлі өнеркәсіп салаларының, соның ішінде принтмедиа индустриясының экологиялық саясатының маңызды бөлігіне айналуда. Полиграфиялық өндіріс дәстүрлі түрде табиғи ресурстарды көп тұтынумен, көміртек шығарындыларымен және қалдықтардың түзілуімен байланысты. Осыған байланысты халықаралық ұйымдар, үкіметтер және жеке компаниялар полиграфияның қоршаған ортаға тигізетін теріс әсерін азайтуға бағытталған шараларды енгізуде.

Реттеудің негізгі құралдарының бірі – өнімнің көміртек ізін есептеу әдістемесін анықтайтын ISO 14067:2018 стандарты. Бұл стандарт ұйымдарға өндірістік циклмен байланысты парниктік газдардың шығарындыларын дәл бағалауға мүмкіндік беретін әмбебап қағидалар мен талаптарды ұсынады. Оларға шикізатты өндіру, қайта өңдеу, тасымалдау және кәдеге жарату процестері кіреді [8]. Осындай тәсілдің арқасында компаниялар көміртек ізін азайту стратегияларын әзірлеп, неғұрлым тұрақты өндіріс әдістерін енгізе алады.

Сонымен қатар, көміртек шығарындыларын реттеу мемлекеттік және халықаралық бастамалар деңгейінде белсенді түрде дамып келеді. Соңғы жылдары көптеген елдер көміртек салығы, квоталармен сауда жасау жүйелері және CO_2 шығарындыларын азайтудың ерікті бағдарламалары сияқты көміртек реттеу механизмдерін енгізуде. Бизнестің көміртек реттелуіне арналған зерттеулерде көміртек ізін тиімді түрде азайту кешенді тәсілді қажет ететіні, яғни мемлекеттік реттеумен қатар жеке сектордың бастамалары да маңызды екені атап өтіледі [7].

Көміртек ізін басқарудың маңызды аспектілерінің бірі – өлшеу мен есептілік әдістерін стандарттау және біріздендіру. Осы тұрғыда парниктік газ шығарындыларын басқаруды реттейтін әртүрлі халықаралық нормативтік құжаттар әзірленген. Негізгі құжаттардың қатарына ISO 14067 стандарты, тұрақты даму бойынша корпоративтік есеп беру

стандарттары және көміртек ізін азайту бойынша БҰҰ ұсынымдары кіреді [8]. Бұл құжаттар полиграфиялық өнеркәсіпте экологиялық жауапты тәжірибелерді енгізудің негізін қалыптастырады.

Осылайша, принтмедиа индустриясындағы көміртек ізін реттеу жаһандық экологиялық саясаттың маңызды тақырыбына айналуда. Қазіргі халықаралық тәжірибелер өлшеу стандарттарын енгізуге, шығарындыларды азайтуға және неғұрлым тұрақты өндіріс әдістеріне көшуді қамтамасыз етуге бағытталған. Осы мақалада полиграфия саласында көміртек ізін реттеудің қазіргі жағдайы, халықаралық тәжірибе және оның даму бағыттары қарастырылады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ. КӨМІРТЕК ІЗІН РЕТТЕУДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕРДІҢ РӨЛІ.

Жаһандық парниктік газ шығарындыларын азайту және тұрақты дамуға көшу жағдайында полиграфиялық өнеркәсіп өз көміртек ізін дәл өлшеу және басқару қажеттілігімен бетпе-бет келуде. Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін полиграфиялық өнімдердің қоршаған ортаға әсерін бағалауда бірізділік пен нақтылықты қамтамасыз ететін халықаралық стандарттар әзірленген.

Негізгі стандарттардың бірі – ISO 16759:2013, ол баспа өнімдерінің көміртек ізін сандық анықтау талаптарын белгілейді. Бұл стандарт баспа өнімдерін өндіруде қолданылатын процестерді, материалдар мен технологияларды қамтиды және өмірлік циклді бағалау (LCA) әдісіне негізделген. ISO 16759:2013 стандартын қолдану полиграфия саласындағы көміртек ізін бағалау деректерінің ашықтығы мен салыстырмалылығын арттыруға ықпал етеді [1].

Электрондық медиа үшін ISO 20294:2018 стандарты әзірленген, ол электрондық ақпарат тасымалдағыштарының көміртек ізін есептеу әдістемесін анықтайды. Бұл стандарт архивтеу, тарату, пайдалану және сақтау процестерін қамтып, олардың климатқа әсерін кешенді бағалауға мүмкіндік береді. ISO 20294:2018 стандартын қолдану ұйымдарға электрондық медиамен байланысты парниктік газ шығарындыларын нақты бағалауға және есеп беруге мүмкіндік беріп, цифрлық саладағы экологиялық жауапкершілікті арттыруға ықпал етеді [2]. Қазақстан Республикасында парниктік газ шығарындыларына квоталармен сауда жасау жүйесі жұмыс істейді, оны ұлттық заңнама реттейді. Реттеудің негізгі қағидаттары Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде және Қазақстан Республикасы Үкіметінің №1643 қаулысында бекітілген, онда квоталарды бөлу және сауда жасау механизмдері айқындалған [3]. Бұл шаралар Қазақстанның халықаралық көміртек ізін азайту бастамаларына интеграциялануына және төмен көміртекті экономикаға көшу үшін қажетті жағдайларды жасауға ықпал етеді.

Аталған стандарттарды полиграфия өнеркәсібіне енгізу өнімнің көміртек ізін дәл бағалауға ғана емес, оны азайту стратегияларын әзірлеуге де мүмкіндік береді. Бұл шараларға өндірістік процестерді оңтайландыру, экологиялық таза материалдар мен технологияларды пайдалану және энергия тиімділігін арттыру жатады. Мұндай қадамдар қоршаған ортаға теріс әсерді азайтып қана қоймай, кәсіпорындардың халықаралық нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін де арттыруға ықпал етеді [6].

Алайда, стандарттар мен әдістердің болуына қарамастан, көміртек реттеу саласында бірқатар қиындықтар бар. Көміртек реттеу мәселелері мен перспективаларына арналған зерттеулерде трансшекаралық көміртек реттеу механизмдерін әзірлеу мен ұлттық CO_2 шығарындыларын бағалау жүйелерін енгізудің қажеттілігі атап өтіледі. Бұл көміртектік бейтараптыққа ұмтылатын және жаһандық климаттық бастамаларға кірігуге тырысатын елдер үшін аса өзекті мәселе [7].

Қорытындылай келе, полиграфия өнеркәсібінде көміртек ізін бағалау мен басқару үшін халықаралық және ұлттық стандарттарды қолдану тұрақты даму жолындағы маңызды қадам болып табылады. Бұл стандарттар есептеулердің бірізділігі мен нақтылығын қамтамасыз етіп, кәсіпорындардың экологиялық жауапкершілігін арттыруға көмектеседі

және полиграфия саласының климаттың өзгеруімен күреске бағытталған жаһандық бастамаларға интеграциялануына ықпал етеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жаһандық климаттық күн тәртібі жағдайында полиграфия өнеркәсібінде көміртек ізін реттеу тұрақты дамудың маңызды бөлігіне айналуда. ISO 16759:2013 және ISO 20294:2018 сияқты халықаралық стандарттар, сондай-ақ Қазақстанның парниктік газ шығарындыларын азайту жөніндегі ұлттық бастамалары CO_2 шығарындыларын есептеу мен бақылаудың біріздендірілген әдістерін қамтамасыз етеді. Бұл кәсіпорындарға қоршаған ортаға әсерін барынша азайтуға, сондай-ақ халықаралық экологиялық бағдарламаларға ықпалдасуға мүмкіндік береді.

Аталған стандарттарды қолдану көміртек ізін нақты өлшеуге ғана емес, сонымен қатар оны азайту стратегияларын әзірлеуге де ықпал етеді. Олардың қатарына өндірістік процестерді оңтайландыру, экологиялық таза материалдарды пайдалану және энергия тиімділігін арттыру шаралары жатады [8]. Сонымен қатар, трансшекаралық көміртек реттеу механизмдері мен ұлттық CO_2 шығарындылары бойынша есеп беру жүйелерін енгізу елдерге халықаралық климаттық талаптарға бейімделуге және полиграфиялық өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға көмектеседі.

Ғылыми негізделген әдістемелер мен құралдардың болуына қарамастан, сала көміртек стандарттарын енгізу және өндірістік процестерді бейімдеу мәселелерімен бетпе-бет келуде. Алайда, тұрақты дамуға көшу жөніндегі жаһандық үрдістер экологиялық бағыттағы технологияларға белсенді өтуді талап етеді. Бұл индустрияның экономикалық мүдделері мен экологиялық қауіпсіздік арасындағы теңгерімді қамтамасыз етеді.

Осылайша, полиграфия өнеркәсібінде көміртек ізін реттеу – бұл тек өзекті міндет қана емес, сонымен қатар компаниялар үшін қоғам мен нарық алдындағы жауапкершілігін арттыруға, қоршаған ортаға теріс әсерін азайтуға және тұрақты болашаққа арналған инновациялық шешімдерді енгізуге мүмкіндік.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. ISO 16759:2013. Quantification and communication for calculating the carbon footprint of print media products. International Organization for Standardization, 2013. https://www.iso.org/standard/57699.html
2. ISO 20294:2018. Graphic technology – Quantification and communication for calculating the carbon footprint of e-media. International Organization for Standardization, 2018. https://www.iso.org/standard/71510.html
3. Экологический кодекс Республики Казахстан. Закон Республики Казахстан от 2 января 2021 года № 400-VI ЗРК. https://adilet.zan.kz/rus/docs/K2100000400
4. О национальной системе торговли квотами на выбросы парниковых газов. Постановление Правительства Республики Казахстан от 26 декабря 2012 года № 1643. https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1200001643
5. Национальный доклад Республики Казахстан о состоянии окружающей среды и развитии природных ресурсов. Министерство экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан, 2023. https://www.gov.kz/memleket/entities/ecogeo/documents/details/47992?lang=ru
7. Парниковые газы: 17 ссылок на документы, регулирующие управление выбросами CO_2. SGS Казахстан, 2023. https://www.sgs.com/ru-kz/news/2023/01/parnikovye-gazy-17-ssylok-na-dokumenty-reguliruyuschie-upravlenie-vybrosami-co2
8. Углеродное регулирование бизнеса: проблемы и перспективы. Экологический вестник, 2024. https://journals.eco-vector.com/osnk-sr2024/article/view/632638/kk_KZ
9. ISO 14067:2018 – Greenhouse gases – Carbon footprint of products – Requirements and guidelines for quantification. International Organization for Standardization, 2018. https://www.iso.org/standard/71206.html

ӘОЖ 7,012+659,126 ***ҒТАМР 14.35.01***

Магистрант, Егенберді С.С.
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті(Алматы, Қазақстан)
Ғылыми жетекшісі, философия докторы Phd, Нұрке М.С.
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті(Алматы, Қазақстан)

ГРАФИКАЛЫҚ ДИЗАЙНДАҒЫ ТҮСТІ КОДТАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

АҢДАТПА

Графикалық дизайн саласында түстердің маңызы зор, өйткені олар визуалды коммуникацияның маңызды құралы болып табылады. Түсті кодтау – бұл түстерді сандық немесе басқа жүйелер арқылы көрсету әдісі, ол дизайнда анықтылықты, үйлесімділікті және көзге тартымдылықты қамтамасыз етеді. Осы зерттеуде графикалық дизайндағы түсті кодтаудың теориялық негіздері қарастырылды. Жұмыс түстерді сандық кодтау жүйелері (RGB, CMYK, HEX және Pantone) және олардың графикалық дизайндағы рөліне талдау жасауды мақсат етеді. Түстерді дұрыс таңдау және олардың тиімді қолданылуы дизайнның эстетикалық құндылығын арттыруда маңызды рөл атқарады. Бұл зерттеу түстердің психологиялық әсерін, олардың әртүрлі мәдениеттердегі қабылдануын және графикалық дизайндағы үйлесімділікті қамтамасыз етудің негізгі принциптерін қарастырады. Сондай-ақ, түстердің коммуникациялық күшін күшейту мақсатында қолданылатын түсті кодтау әдістерінің ерекшеліктері мен олардың дизайндарының мақсатты аудиторияға әсер етуіне әсері зерттеледі. Осылайша, түсті кодтау графикалық дизайнында тек эстетикалық құндылық емес, сонымен қатар функционалды аспектілерге де әсер етеді.

ТІРЕК СӨЗДЕР: графикалық дизайн, түсті кодтау, RGB, CMYK, HEX, Pantone, визуалды коммуникация, түс теориясы, дизайн эстетикасы.

Master's student Egenberdy S.S.
Kazakh National Pedagogical University named after Abay (Almaty, Kazakhstan)
Supervisor, Ph.D., Nurke M.S.
Kazakh National Pedagogical University named after Abay (Almaty, Kazakhstan)

THEORETICAL BASIS OF COLOR CODING IN GRAPHIC DESIGN

ABSTRACT

Color plays a crucial role in graphic design, as it is an essential tool for visual communication. Color coding is a method of representing colors through numerical or other systems, ensuring clarity, harmony, and visual appeal in design. This study explores the theoretical foundations of color coding in graphic design. The work aims to analyze color coding systems (RGB, CMYK, HEX, and Pantone) and their role in graphic design. The proper selection and effective use of colors play a vital role in enhancing the aesthetic value of a design. This research also examines the psychological effects of colors, their acceptance across different cultures, and the fundamental principles for ensuring harmony in graphic design. Additionally, the study looks into the features of color-coding methods used to strengthen the communicative power of colors and their impact on the target audience. Thus, color coding in graphic design not only contributes to aesthetic value but also influences functional aspects.

KEYWORDS: graphic design, color coding, RGB, CMYK, HEX, Pantone, visual communication, color theory, design aesthetics.

Магистрант Егенберды С.С.
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
(Алматы, Казахстан)

Научный руководитель, к.т.н., Нурке М.С.
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
(Алматы, Казахстан)

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ЦВЕТОВОГО КОДИРОВАНИЯ В ГРАФИЧЕСКОМ ДИЗАЙНЕ

АННОТАЦИЯ

Цвет играет важную роль в графическом дизайне, так как является важным инструментом визуальной коммуникации. Кодирование цвета — это метод представления цветов с помощью числовых или других систем, что обеспечивает четкость, гармонию и визуальную привлекательность в дизайне. В данном исследовании рассматриваются теоретические основы кодирования цветов в графическом дизайне. Работа направлена на анализ систем кодирования цвета (RGB, CMYK, HEX и Pantone) и их роли в графическом дизайне. Правильный выбор цветов и их эффективное использование играют важную роль в повышении эстетической ценности дизайна. В этом исследовании также рассматриваются психологические эффекты цвета, его восприятие в разных культурах и основные принципы обеспечения гармонии в графическом дизайне. Кроме того, исследуются особенности методов кодирования цветов, используемых для усиления коммуникативной силы цвета и его воздействия на целевую аудиторию. Таким образом, кодирование цвета в графическом дизайне влияет не только на эстетическую ценность, но и на функциональные аспекты.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: графический дизайн, цветовое кодирование, RGB, CMYK, HEX, Pantone, визуальная коммуникация, теория цвета, эстетика дизайна.

КІРІСПЕ

Қазіргі заманғы визуалды коммуникацияда графикалық дизайнның рөлі күн санап артып келеді. Ақпаратты көзбен қабылдау жылдамдығы мен тиімділігі түстер мен пішіндердің үйлесімділігіне тікелей байланысты. Бұл салада түстер – тек эстетикалық құрал ғана емес, сонымен қатар адам психологиясына әсер ететін маңызды ақпараттық элемент болып табылады. Түстер арқылы белгілі бір көңіл-күйді, мағынаны немесе әрекетке шақыруды жеткізуге болады. Дизайнердің шеберлігі көбінесе түстерді дұрыс таңдауға, оларды үйлесімді пайдалануға және түрлі ортада бірдей көрініс беруіне байланысты.

Түстерді басқару мен дәл беру қажеттілігі түсті кодтау жүйелерінің пайда болуына алып келді. Бұл жүйелер түстерді стандартталған форматта көрсетуге мүмкіндік береді және әртүрлі құрылғылар мен тасымалдау құралдарында түстердің дәл және тұрақты көрінісін қамтамасыз етеді. Сондықтан дизайнда түстерді тек интуитивті түрде емес, ғылыми және техникалық негізде қолдану – кәсіби тәсілдің бір бөлігіне айналды.

Осыған орай, бұл жұмыста графикалық дизайндағы түсті кодтаудың теориялық және практикалық негіздері қарастырылады. Тақырыптың өзектілігі – қазіргі цифрлық және баспа медиада ақпараттың сапалы берілуін қамтамасыз етуде түсті кодтаудың рөлін терең түсіну қажеттілігінде. Бұл зерттеу барысында түрлі кодтау жүйелері (RGB, CMYK, HEX, Pantone), түстердің психологиялық әсері, мәдени ерекшеліктері және олардың дизайндағы тиімділігі жан-жақты талданады. Сонымен қатар, заманауи дизайнда түстердің функционалды маңызын арттыратын тәсілдерге де назар аударылады.

Түсті кодтау жүйелері түстің дәл және бірегей түрде сақталуын қамтамасыз етеді, сонымен қатар түстерді әртүрлі құрылғыларда және түрлі ортада үйлесімді түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Мұндай кодтау жүйелері түсті өнімнің барлық кезеңдерінде — бастауыш сатыдан дайын өнімге дейін нақты және тұрақты көрсетуге мүмкіндік береді. Мысалы, RGB, CMYK, HEX сияқты кодтау жүйелері арқылы әртүрлі платформаларда (экрандарда, баспа материалдарында) түстердің дәлдігін сақтау оңайырақ болады. Бұл түс тақырыбын дұрыс пайдалану үшін маңызды болып табылады, себебі дұрыс түсті кодтау дизайнның сапасы мен нәтижесіне әсер етеді.

Зерттеудің негізгі мақсаты – графикалық дизайндағы түсті кодтаудың теориялық негіздерін зерттеу және оның практикалық қолданылу салаларын анықтау. Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

– Түстердің психологиялық және әлеуметтік әсерлерін зерттеу – Түстердің адамның көңіл-күйі мен эмоционалды жағдайына әсерін, сондай-ақ олардың әлеуметтік және мәдени тұрғыда әр түрлі мағыналарын түсіну.

– Түсті кодтау жүйелерін салыстыру және олардың графикалық дизайндағы қолданылуын талдау – RGB, CMYK, HEX және Pantone сияқты түсті кодтау жүйелерінің айырмашылықтарын анықтап, олардың әрқайсысының ерекшеліктерін зерттеу.

– Дизайнда түстерді үйлестіру мен қолданудың принциптерін анықтау – Түстердің үйлесімділігі мен контрасты, сондай-ақ олардың дизайнның жалпы тұтастығына қалай әсер ететінін талқылау.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ. ГРАФИКАЛЫҚ ДИЗАЙНДАҒЫ ТҮСТЕРДІҢ РӨЛІ

Түстер – визуалды коммуникацияның негізін құрайтын басты құралдардың бірі. Олар мәтін мен графиканың мазмұнын тереңдетіп, қабылдаушының назарын нақты бір элементке бағыттауға мүмкіндік береді. Түстер визуалды акцент жасау, мағыналық құрылым құру, мазмұнды топтастыру және эмоциялық реңк беру арқылы ақпаратты көрнекі әрі түсінікті етеді. Сонымен қатар, түстер тұтынушының немесе көрерменнің қабылдау жылдамдығын арттырып, есте сақтау қабілетіне оң әсер етеді [1, 12-б.].

Мысалы, қызыл түс ескерту, қауіптілік немесе шұғылдықты білдірсе, көк түс тыныштық пен сенімділікті, жасыл түс табиғилық пен қауіпсіздікті білдіреді. Бұл түстер тек визуалды көркемдеу үшін ғана емес, нақты мағына жүктеу үшін де қолданылады. Яғни, түстер – хабарламаның эмоциялық және семантикалық компонентін күшейтетін маңызды элемент.

Көптеген жарнамалық немесе интерфейс дизайндарда түстер пайдаланушының әрекетіне ықпал ету мақсатында қолданылады. Мысалы, батырмалардағы (button) қанық түстер қолданушыны «басуға», ал бейтарап түстер фонында акцент ретінде ерекшеленуге қызмет етеді. Веб-дизайнда түстер арқылы навигациялық құрылымдар құрылады, ал инфографикада түс арқылы мағыналық блоктар ажыратылады.

Сондай-ақ, түстердің когнитивтік қабылдауға әсері де ерекше. Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, белгілі бір түстер адам миының ақпаратты өңдеу жолына тікелей әсер етеді, бұл әсіресе балалар мен жастарға арналған өнімдерде кеңінен қолданылады [2, 24-б.].

Түстердің коммуникациялық маңызы – олардың визуалды мазмұн арқылы сөзсіз, бірақ мағыналы хабарлама жеткізе алуында. Осы себепті дизайнерлер түсті таңдау кезінде тек эстетикаға ғана емес, мақсатты аудиторияның жас ерекшелігіне, мәдениетіне және контекстке назар аударады.

Қызыл түс – энергия мен шұғылдықты, күш-қуат пен қозғалысты білдіреді. Ол адамның жүрек соғысын жиілетіп, белсенділігін арттыра алады. Сондықтан қызыл түс көбінесе назар аудару мақсатында пайдаланылады. **Көк түс –** сенімділік пен тыныштықты, тұрақтылық пен зияткерлікті білдіреді. Ол миды тыныштандырып, адамның сабырлы болуына ықпал етеді. Сол себепті бұл түс іскерлік және білім беру кеңістіктерінде жиі қолданылады. **Жасыл түс –** табиғат пен тепе-теңдікті, үйлесімділік пен сергектікті сипаттайды. Ол адамның күйзелісін азайтып, ішкі тыныштық пен жайлылықты қалыптастыруға көмектеседі. **Сары түс –** қуаныш пен шығармашылықтың белгісі. Ол көңіл-күйді көтеріп, ми белсенділігін ынталандырады. **Күлгін түс –** мистикалық әрі шығармашылықпен байланысты. Бұл түс рухани ойлануға, терең сезінуге әсер етуі мүмкін. **Қара түс –** салмақтылық пен күштің, кей жағдайда мұң мен құпиялылықтың белгісі ретінде қабылданады. **Ақ түс –** тазалық пен қарапайымдылықты, бейбітшілік пен жаңа бастамаларды білдіреді.

Түстердің мұндай психологиялық әсерлері оларды жарнама, дизайн, білім беру және емдік тәжірибелерде кеңінен пайдалануға мүмкіндік береді. Түстер адамның көңіл күйіне, зейініне, тіпті шешім қабылдау процесіне де ықпал етуі мүмкін [2, 24-б.].

Түсті кодтау – түстерді сандық түрде көрсету тәсілі. Бұл әдіс түстердің әртүрлі құрылғылар мен платформаларда біркелкі көрінуін қамтамасыз етеді [3, 7-б.].

Түсті дәл жеткізу – баспа мен веб-дизайнда өте маңызды. Түсті кодтар брендтің сәйкестігін, стильдің тұтастығын сақтау үшін қолданылады [4, 11-б.].

Түсті кодтау жүйелері:

RGB жүйесі: Жарық негізіндегі кодтау моделі. Экрандағы түстерді қалыптастыру үшін қолданылады. Әр түс 0-255 диапазонында беріледі (мысалы, RGB(255, 0, 0) – қызыл түс) [1, 18-б.].

CMYK жүйесі: Баспа саласына арналған модель: көгілдір, маджента, сары және қара. Бұл жүйе қағазда бояу қабаттарының қосылуымен түсті береді [3, 27-б.].

HEX коды;

Веб-дизайнда жиі қолданылады. RGB негізіндегі он алтылық мәндерден тұрады (мысалы: #00FF00 – жасыл) [5, 33-б.].

Pantone жүйесі: Pantone Matching System (PMS) – дәл түстерді стандарттау жүйесі. Фирмалық стильде, логотипте және жарнамалық материалдарда кеңінен қолданылады [4, 22-б.].

Түс теориясы және үйлесімділік принциптері: Негізгі түстер – қызыл, көк, сары. Олардан екінші және үшінші реттік түстер жасалады. Әр түс ерекше эмоция мен мағынаға ие [2, 14-б.].

Түстердің үйлесімі:

- Аналогиялық үйлесім: қатар тұрған түстер;
- Комплементарлық: бір-біріне қарама-қарсы орналасқан түстер;
- Триадалық: үш тең қашықтықтағы түстер [5, 38-б.].

Түстердің контрастылығы, жарықтығы мен қанықтығы визуалды тепе-теңдік үшін маңызды.

Түстердің мағынасы әртүрлі мәдениеттерде түрліше қабылданады. Батыс елдерінде ақ түс – тазалықтың, жаңа өмірдің және некенің символы ретінде қабылданса, кейбір Азия елдерінде (мысалы, Қытай мен Үндістанда) ол – жоқтаудың, қайғы мен өлімнің белгісі ретінде қарастырылады. Қара түс Еуропа елдерінде ресмилік пен салтанаттың нышаны болуы мүмкін, ал Латын Америкасы елдерінде ол жиі қайғы-қасіретпен байланысады. Сол сияқты, жасыл түс кейбір араб елдерінде қасиетті түс ретінде қабылданады, ал Батыс елдерінде ол экологиямен, табиғатпен және жаңарумен байланысты.

Бұл ерекшеліктер визуалды коммуникация мен графикалық дизайн саласында, сондай-ақ жарнама мен маркетингте маңызды рөл атқарады. Түстік шешім қабылдау кезінде мақсатты аудиторияның мәдени контексін ескеру – сәтті нәтиженің кепілі [2, 21-б.].

Түстер адамның эмоциясына ғана емес, оның шешім қабылдауына да әсер етеді. Маркетинг пен жарнамада бұл – тұтынушының белгілі бір әрекетке бейімделуіне бағытталған тиімді құрал.

Қызыл түс, мысалы, «шұғыл сатып ал», «назар аудар» деген әсер береді, себебі ол энергияны, қауіптілік пен әрекетке дайындықты білдіреді. Сондықтан ол жеңілдіктер мен акцияларды көрсету үшін жиі қолданылады.

Көк түс – сенімділік пен тұрақтылықтың түсі болғандықтан, банктер мен сақтандыру компанияларының логотиптерінде жиі кездеседі. Ол тұтынушыға сенімді таңдау жасағандай әсер қалдырады.

Сары мен қызғылт сары түстер қуаныш пен достықтың белгісі ретінде қабылданады, олар зейінді арттырып, оптимистік көңіл күй тудырады. Күлгін түс шығармашылықты, қиял мен сәнді білдіреді, сондықтан ол сән индустриясында, косметика және балалар өнімдерінде жиі қолданылады. Осылайша, түстердің психологиялық және мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, визуалды материалдардың әсерін күшейтуге болады [1, 16-б.].

Түстерді дұрыс таңдау – дизайнның тиімділігін арттыратын маңызды фактор. Әрбір мақсатты аудиторияның жас ерекшелігі, жынысы, әлеуметтік мәртебесі мен мәдени ортасы түстік шешімдерге әсер етеді. Мысалы, балаларға арналған өнімдер мен сайттарда ашық, жарқын түстер (сары, көк, қызғылт, жасыл) жиі қолданылады, себебі олар көңіл көтеріп, зейінді аударуға көмектеседі.

Керісінше, ересектерге немесе іскер адамдарға арналған ресурстарда сабырлы, бейтарап және сенімді түстер (көк, сұр, ақ, қою жасыл) артықшылыққа ие.

Сол сияқты, әйелдер аудиториясына жиі жылы және нәзік түстер (күлгін, қызғылт), ал ерлерге – салмақты және қарапайым түстер (қара, көк, сұр) таңдалады [5, 29-б.].

Веб және баспа дизайнында қолдануда түсті кодтау – дизайнердің кәсіби құралы. Әртүрлі ортада түрлі түстік жүйелер қолданылады:

– RGB (Red, Green, Blue) – сандық экрандар мен веб-дизайн үшін қолданылатын жарыққа негізделген түс моделі. Ол жарық көздерінде түстерді қосу арқылы пайда болады.

– CMYK (Cyan, Magenta, Yellow, Black) – баспа өнімдері үшін арналған субтрактивті модель. Бұл жүйе арқылы түстерді араластыру кезінде бояудың тығыздығы есепке алынады.

– HEX (Hexadecimal code) – веб парақ беттерінде түстерді дәл көрсету үшін қолданылатын алты таңбалы сандық код (мысалы, #FF5733). Ол HTML және CSS тілдерінде кеңінен қолданылады және визуалды сәйкестікті сақтауға көмектеседі [3, 30-б.].

Брендинг пен жарнамада түсті қолдануда, брендтің бірегейлігін сақтау үшін түстер үлкен рөл атқарады. Әр бренд өз стилін қалыптастыруда негізгі түстерін алдын ала белгілейді және оларды барлық платформаларда бірдей деңгейде қолдануға тырысады. Бұл үшін жиі Pantone Matching System (PMS) – стандартталған түс кодтары жүйесі пайдаланылады. Pantone жүйесі түстердің баспа мен цифрлық тасымалдаушыларда дәл сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Түсті кодтаудың көмегімен компаниялар өз брендін визуалды түрде есте қаларлық етіп, тұтынушыда тұрақты ассоциациялар қалыптастыра алады. Мысалы, Coca-Cola – қызыл, Facebook – көк, Starbucks – жасыл түсімен бірден танылады [4, 25-б.].

Веб-дизайнда түстер экранның түс шығару қабілетіне сәйкес келуі тиіс, ал баспа материалдарында түстердің жарықтық деңгейі мен қанықтылығын ескеру қажет. Әр түрлі ортадағы түстердің айырмашылықтары мен олардың қабылдануын түсіну маңызды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Графикалық дизайндағы түстердің маңызы зор және оның эстетикаға, психологияға, сондай-ақ брендтің имиджіне әсері терең. Түстер дұрыс қолданылғанда, олар дизайнның тартымдылығын арттырып, көрерменнің эмоциялық жағдайына әсер ете алады. Дизайнерлер түстерді таңдауда олардың психологиялық, мәдени және әлеуметтік әсерлерін ескеруі тиіс. Түс теориясы мен оның үйлесімділігін түсіну, сондай-ақ түсті кодтау жүйелерін дұрыс пайдалану, тиімді дизайн жасауға көмектеседі.

Түсті кодтау жүйелері (RGB, CMYK, HEX, Pantone) әртүрлі ортада түстердің дәлдігін сақтап, біртұтас көрініс қалыптастыру үшін қолданылады. Бұл жүйелердің әрқайсысы өз саласында, мысалы, баспа және веб-дизайнда, ерекше рөл атқарады.

Дизайндағы түстердің әсері тек визуалдық қабылдауды ғана емес, эмоционалдық және психологиялық әсерлерді де қамтиды. Түстерді дұрыс үйлестіру арқылы дизайнерлер брендтің мәнін, оның философиясын және мақсаттарын айқындауға мүмкіндік алады. Қазіргі уақытта түстердің дұрыс таңдалуы брендтің табыстылығына, оның тұтынушылармен байланысын нығайтуға маңызды үлес қосады.

Қорытындылай келе, графикалық дизайндағы түсті кодтаудың теориялық негіздері мен оның практикалық қолданылуы дизайнерлер үшін үлкен маңызға ие. Түстердің үйлесімі мен эмоциялық әсері дұрыс таңдалғанда, ол көркемдік тұрғыда тартымды және ақпараттың қабылдануын жеңілдететін әсерге ие болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Lidwell W., Holden K., Butler J. *Universal Principles of Design*. – Rockport Publishers, 2010. – 256 б.
2. Wong W. *Principles of Color Design*. – Wiley, 1997. – 176 б.
3. Mollica A. *Graphic Design Theory*. – Princeton Architectural Press, 2013. – 144 б.
4. Pantone LLC. *Pantone Color Guide*. – Pantone Press, 2020. – 112 б.
5. Chapman C. "Color Theory for Designers," *Smashing Magazine*, 2010. – 41 б.

УДК 71. 719 *МРНТИ 17.81.29*

Шамшидин И.
Магистрант 2 курса Казахского национального педагогического университета имени Абая (Алматы, Казахстан)
e-mail:inzhu003@gmail.com

СИСТЕМА И ХУДОЖЕСТВЕННО – ОБРАЗНОЕ ЗНАЧЕНИЕ ПЕТРОГЛИФОВ УРОЧИЩА ТАМГАЛЫ БРОНЗОВОГО ВЕКА

АННОТАЦИЯ

В статье проводится углублённый анализ системы и художественно-образного значения петроглифов урочища Тамгалы, относящихся к бронзовому веку. Особое внимание уделяется композиционным особенностям изображений, символизму, стилевым чертам и сюжетам, запечатлённым на скалах. Петроглифы рассматриваются не только как артефакты наскального искусства, но и как носители сакральной и культурной информации, отражающие мифологическое мышление и религиозные представления древних обществ. Автор исследует взаимосвязь между художественной формой и содержанием, включая космогонические, календарные и социальные аспекты изображений. Сравнительный анализ мотивов позволяет выделить структурные принципы и понять общую систему наскального комплекса. Работа подчёркивает значение Тамгалы как уникального памятника духовной культуры Центральной Азии и поднимает вопрос о необходимости сохранения и дальнейшего изучения этих петроглифов в научном и культурном контексте.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: петроглифы, урочище Тамгалы, бронзовый век, наскальное искусство, символика, художественный образ, археология, культура Центральной Азии

Шамшидин І.
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 2 курс магистранты, e-mail:inzhu003@gmail.com

ҚОЛА ДӘУІРІНДЕГІ ТАМҒАЛЫ ШАТҚАЛЫ ПЕТРОГЛИФТЕРІНІҢ ЖҮЙЕСІ МЕН КӨРКЕМДІК – БЕЙНЕЛІК МӘНІ

АҢДАТПА

Мақалада қола дәуіріне жататын Тамғалы шатқалындағы петроглифтердің жүйесі мен көркемдік-бейнелік мәні терең талданады. Жартастарға қашалған бейнелердің композициялық орналасуы, көркемдік құрылымы және олардың ежелгі қоғамдардағы семантикалық мазмұны қарастырылады. Автор петроглифтерді тек өнер туындысы ретінде ғана емес, сонымен қатар діни, мифологиялық және әлеуметтік мағына жүктелген мәдени код ретінде зерттейді. Мақалада суреттердің стилистикалық ерекшеліктері мен бейнелік жүйесі салыстырмалы әдіспен талданып, олардың мазмұндық құрылымы мен көркемдік мәні ашылады. Тамғалы петроглифтерінің табиғи ортадағы орналасуы мен күнтізбелік-астрономиялық аспектілері де қарастырылады. Бұл зерттеу көне Орталық Азия халықтарының дүниетанымын, наным-сенім жүйесін және өнерін түсінуге септігін тигізеді. Сонымен қатар, мақала петроглифтерді тарихи-мәдени мұра ретінде сақтаудың маңыздылығын да атап өтеді.

ТІРЕК СӨЗДЕР: петроглифтер, Тамғалы шатқалы, қола дәуірі, жартас өнері, символизм, көркем образ, археология, Орталық Азия мәдениеті

Shamshidin I.
2nd year undergraduate student of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai, e-mail: inzhu003@gmail.com

THE SYSTEM AND THE ARTISTIC – FIGURATIVE THE SIGNIFICANCE OF THE TAMGALY TRACT PETROGLYPHS OF THE BRONZE AGE

ABSTRACT

This article presents an in-depth analysis of the system and artistic-figurative significance of the petroglyphs of the Tamgaly tract, dated to the Bronze Age. The study explores the compositional structure of rock images, their stylistic and symbolic dimensions, and their role within the cultural and spiritual life of ancient Central Asian communities. Petroglyphs are examined not only as artistic expressions but also as encoded cultural texts bearing religious, mythological, and social meanings. The article highlights the interrelation between artistic form and semantic content, including cosmological, ritual, and calendrical elements. A comparative analysis of motifs and scenes helps to identify underlying structural principles of the rock art ensemble and to interpret its narrative and symbolic complexity. The research underscores Tamgaly's importance as a unique heritage site that reflects the worldview and symbolic language of early Eurasian civilizations. It also emphasizes the need for conservation and further interdisciplinary studies of such cultural monuments.

KEYWORDS: petroglyphs, Tamgaly tracts, Bronze Age, rock art, symbolism, artistic image, archeology, culture of Central Asia

ВВЕДЕНИЕ

Наскальные изображения – петроглифы (выбитые, выгравированные, прошлифованные), писаницы (выполненные охрой) и росписи (пещерная живопись) – особое явление в сфере духовного развития человека на протяжении многих тысячелетий от древнекаменного века до этнографической современности. Они фиксировали события, окружающий мир, накопленный опыт и знания, мировоззренческие ориентиры и другие проявления мировосприятия в образах, метафорах и символах и передавали подобным образом накопленную информацию в последующие поколения, выполняя тем самым специфическую функцию знаково-коммуникативной системы. Наскальное искусство является важным источником знаний о духовной культуре древних обществ. Петроглифы урочища Тамгалы, расположенного в юго-восточном Казахстане, представляют собой уникальный комплекс, включенный в список всемирного наследия ЮНЕСКО. Эти изображения, датируемые в основном бронзовым веком, имеют особую ценность благодаря своей художественной выразительности, тематическому разнообразию и сложной системе символики. Урочище Тамгалы служило важным культовым центром, где происходили ритуальные практики и религиозные обряды, что нашло отражение в композиции и содержании петроглифов. Целью данной статьи является исследование системы организации наскальных изображений и раскрытие их художественно-образного значения в контексте религиозных и социокультурных представлений эпохи бронзы.

Литературный обзор. Изучение петроглифов Тамгалы началось в середине XX века и продолжается по сей день. В 1957 году археолог А.Г. Максимова впервые обнаружила и задокументировала наскальные изображения урочища Тамгалы, что стало отправной точкой для дальнейших исследований [1]. В последующие десятилетия значительный вклад в изучение петроглифов внесли такие исследователи, как А.Н. Марьяшев, А.Г. Медоев и Б.Ж. Аубекеров. В 2011 году А.Е. Рогожинский опубликовал монографию "Петроглифы археологического ландшафта Тамгалы", в которой подробно рассмотрел историю открытия, исследования и значение этого памятника [2].

Основная часть. Петроглифы Тамгалы сгруппированы в несколько основных кластеров, расположенных на скальных выходах в русле ущелья. Наиболее значимые

группы петроглифов сосредоточены в центральной части урочища, где выявлены сложные и детализированные композиции. Изображения включают антропоморфные фигуры с ореолами, сцены охоты, жертвоприношений, а также изображения животных и абстрактные символы. Размеры петроглифов эпохи бронзы варьируются от 25-30 см до 60-70 см и даже 1 м, что свидетельствует о разнообразии и масштабности художественных замыслов древних мастеров [3].

Антропоморфные фигуры с ореолами, часто называемые «солнечными божествами», являются центральными образами петроглифов бронзового века в Тамгалы. Они интерпретируются как изображения божеств или шаманов, связанных с культом солнца. Сцены охоты и жертвоприношений отражают ритуальные практики и мифологические представления древних обществ. Изображения животных, таких как дикие быки, лошади, куланы, олени, кабаны и волки, символизируют различные аспекты хозяйственной деятельности и духовной жизни. Стилистически петроглифы бронзового века характеризуются реалистичностью и детальной проработкой фигур, выполненных в технике выбивки и гравировки на скальной поверхности [3].

Расположение петроглифов в специфических точках ландшафта, таких как выходы скал и ущелья, свидетельствует о продуманном выборе мест для нанесения изображений. Это указывает на связь петроглифов с культовыми практиками и сакральным значением определенных участков ландшафта. Исследования показывают, что урочище Тамгалы функционировало как святилище, где проводились ритуалы и обряды, связанные с почитанием божеств и предков. Галерея наскальных рисунков Тамгалы воплощает в себе цельное художественное повествование, основанное на древней мифологии племен эпохи бронзы, и могла использоваться во время коллективных ритуалов и церемоний [3].

Система петроглифов урочища Тамгалы характеризуется четкой пространственной организацией. Основные группы изображений сосредоточены в пяти ключевых секторах урочища, каждый из которых имеет свою тематическую направленность. Наиболее значимым является так называемый «культовый центр» – участок, где сосредоточены изображения антропоморфных фигур с солнечными ореолами. Эти фигуры интерпретируются исследователями как образы солнечных божеств или шаманов, играющих важную роль в ритуальной жизни древнего общества.

Художественно-образное значение петроглифов проявляется в символике солнечных знаков, животных и сцен коллективных действий. Изображения диких и домашних животных (быков, лошадей, горных козлов) не только отражают хозяйственные реалии эпохи бронзы, но и имеют глубокий мифологический смысл, связанный с культом плодородия и представлениями о космосе. Особое место занимают сцены жертвоприношений и ритуальных танцев, демонстрирующие связь между человеком и сверхъестественными силами.

дизайнерлерге өздерінің шығармашылығы мен даралығын көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл әдістер өнімнің бірегейлігі мен жоғары сапасын қамтамасыз етеді, бірақ айтарлықтай уақыт пен шеберлікті қажет етеді. Қазақтың Ұлы ғалымы Шоқан Уәлихановтың өсиеттерінде айтылғандай: *"Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім керек."(Ұлттық нақышты заманауи сәнге енгізу – мәдениет пен білімнің үйлесімі)* [3]. Ұлттық нақышты заманауи сәнге енгізу тек киім үлгілеріне ғана қатысты емес, сонымен қатар мәдени мұраны сақтап, оны жаңа буынға жеткізудің тиімді жолдарының бірі болып саналады. Бұл үрдіс мәдениет пен білімнің үйлесімін көрсететін маңызды факторлардың бірі. Ұлттық нақыш – халықтың тарихы мен дәстүрінің көрінісі. Әрбір өрнек, түстердің үйлесімі, қолданылған материалдар белгілі бір мағынаға ие. Мысалы, қазақтың ою-өрнектері ежелден бері қолданылып келеді және олардың әрқайсысы белгілі бір символиканы білдіреді. Бүгінде дизайнерлер ұлттық нақышты жаңа үлгілермен үйлестіріп, заманауи сәнге енгізуде. Ұлттық нақышты сәнге енгізу үшін терең білім мен мәдени сананың жоғары болуы қажет. Дизайнерлер ұлттық киімдердің тарихын, олардың мағынасын зерттеп, оны дұрыс қолдана білуі керек. Сондай-ақ, жастарға ұлттық мәдениетті үйрету маңызды.Мектептер мен жоғарғы оқу орындарында сән индустриясында ұлттық элементтерді қолдануға бағытталған арнайы бағдарламалар мен курстардың болуы мәдени мұраны сақтауға және дамытуға ықпал етеді. Сол себепті ұлттық нақышты сән әлемінде дамыту – тек дизайнерлердің ғана емес, әрбір азаматтың міндеті болуы тиіс.

Екінші жағынан, CAD бағдарламаларын пайдалану, 3D модельдеу және виртуалды шындық сияқты цифрлық дизайн әдістері коллекцияны әзірлеу процесін жылдамдатуға мүмкіндік береді. Олар өзгерістерді жылдам енгізу мүмкіндігін қамтамасыз етеді, бұл әсіресе тез өзгеретін сән үрдістері жағдайында маңызды. Сандық технологиялар сонымен қатар материалдық шығындарды азайтатын және қалдықтарды азайтатын виртуалды прототиптерді жасауға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда әлеуметтік желілер, әсіресе Instagram, дизайнерлер үшін маңызды маркетинг құралына айналды. Бұл платформа жас дизайнерлерге өз жұмыстарын көрсетіп, әлеуетті клиенттер мен инвесторларды тартуға мүмкіндік береді.Instagram-дағы визуалды контенттің басымдылығы сән саласында шығармашылық өнімдерді көрсетуге өте қолайлы. Дизайнерлер өз коллекцияларын жарнамалау, мақсатты аудиториямен тікелей байланыс орнату, тіпті тапсырыстарды қабылдау үшін әлеуметтік желілерді белсенді пайдаланады. Сонымен қатар, TikTok пен Pinterest те дизайнерлерге шабыттандыратын идеялармен бөлісу және трендтерді бақылау мүмкіндігін ұсынады. Қазақстандық жас дизайнерлер ұлттық нақыштағы заманауи киім үлгілерін жасап, өз қолтаңбаларын қалыптастыруда. Олар дәстүрлі ою-өрнектерді, ұлттық маталарды және этникалық элементтерді қазіргі заманғы стильмен ұштастырады.Осы орайда қазақстандық жас дизайнерлердің бірін атап кететін болсақ Балнұр Ахметқазиевнаның жұмыстары ерекше сәнді. Ол қазақстандағы ең алғашқы “кастомайзер” атымен танылып, өзінің жеке брендің қалыптастырып, отандық және шетелдік сахналарда кеңінен танылып келе жатқан жас дизайнер. Ол @khan_design_brand негізін қалаушысы. Төлеген Сапаров – қазақтың ұлттық киім элементтерін high fashion деңгейінде қайта жаңғыртып жүрген дизайнерлердің бірі. Асель Қасымхан – заманауи этно-стильдегі casual және premium сегментіне арналған киімдер жасайды. Қазақстандағы сән индустриясы соңғы жылдары қарқынды дамып келеді. Жергілікті дизайнерлер халықаралық аренада танымал бола бастады, ал тұтынушылар отандық брендтерге көбірек көңіл бөле бастады. Дегенмен, кейбір қиындықтар да бар:

– Импорттық брендтермен бәсекелестік – Қазақстан нарығына шетелдік люкс және масс-маркет брендтерінің енуі жергілікті дизайнерлерге үлкен бәсекелестік тудырады.

– Өндіріс мәселелері – жоғары сапалы шикізаттың тапшылығы және өндіріс орындарының жеткіліксіздігі кейбір дизайнерлер үшін қиындық туғызады.

– Маркетинг пен танымалдық – көптеген жас дизайнерлерге өз брендін ілгерілету және нарықта орын алу қиынға соғады.

Әлеуметтік желілердің әсері арқылы қазақстандық дизайнерлер өз өнімдерін кеңінен таныстырып, халықаралық деңгейге шығуға мүмкіндік алуда. Олардың ұлттық нақыштағы киімдері әлемдік сән сахнасында үлкен қызығушылық тудырып, сұранысқа ие бола бастады.

Дегенмен, цифрлық технологияның артықшылықтарына қарамастан, дәстүрлі әдістер мәдени мұра мен эстетикалық құндылықты сақтайтынын ескеру қажет. «Ұлттық салт – дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс.Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана». Осы ғой «ұлттық код» деген, пайымдағанға. Тамыры терең, қуатты ел болу осындай дүниелерден бастау алады. Өйткені бұл ұғым бізге жат емес, керісінше біздің ұлттық санамыздың сыңары болуға тиіс. Ол үшін тағы да Шәкәрім ақын айтпақшы:

Бірлік пен талапты еңбекке салыңдар,
Өнерлі елдерден өнеге алыңдар.
Күндестіктің өзімшіл көзін құртып ,
Ұмтылып, ерікті ел болып қалыңдар.

Адамзат тарихында соның ішінде ұлттық мүдде жолында өзінің есімдерін ойып жазған тұлғалардың да айтары осы. Себебі, олар халықтың бағзы заманнан бері жалғасып келе жатқан "ұлттық кодын" сақтау жолында аянбаған нағыз күрескерлері еді [4].

Осылайша, дәстүрлі және цифрлық әдістердің сәтті үйлесуі заманауи тұтынушының қажеттіліктерін қанағаттандыратын және мәдени тамырларды сақтайтын бірегей және сұранысқа ие топтамаларды жасауға әкелуі мүмкін. Бұл тәсілдерді біріктіру бізге жаңа идеялар мен сән әлеміне таныс нәрселерге жаңа көзқарас әкелетін инновация мен дәстүрді біріктіретін үйлесімді топтаманы жасауға мүмкіндік береді.Жәнеде зерттеу нәтижелеріне келетін болсақ жастар киімінің топтамасын жобалау кезінде дәстүрлі және цифрлық әдістерді біріктірудің артықшылықтары мен тиімділігі талданды. Алынған нәтижелер келесі негізгі бағыттарды қамтиды:

1. Дизайн әзірлеу және идеяны қалыптастыру

– Дәстүрлі әдістер: Киім дизайнын қалыптастыру кезінде эскиздік суреттер мен қолмен жасалған макеттер қолданылды. Бұл тәсіл дизайнерлерге шығармашылық идеяларды тікелей қағазда немесе матаның құрылымын сезіну арқылы дамытуға мүмкіндік берді.

– Цифрлық әдістер: Компьютерлік графика мен 3D модельдеу құралдары (CLO 3D, Marvelous Designer) арқылы заманауи үлгілер жасалды. Бұл әдіс уақытты үнемдеп, материалдарды ысырап етпей, әртүрлі вариацияларды жылдам сынауға жағдай жасады.

2. Материалдар мен текстураларды таңдау

– Дәстүрлі тәсіл: Табиғи және синтетикалық маталардың сапасы зерттеліп, қолданушылардың жайлылығы ескерілді.

– Цифрлық тәсіл: Виртуалды ортада әртүрлі материалдардың қасиеттері имитацияланып, оларды визуалды бағалау мүмкіндігі артты. Бұл киімнің сыртқы келбетін алдын ала көруге мүмкіндік берді.

3 . Киімнің конструкциясын жасау және модельдеу

– Қолмен тігілетін макеттер: Дәстүрлі әдіспен прототиптік үлгілер жасалып, олардың пішімі мен жайлылығы тексерілді.

– 3D модельдеу: Сандық платформаларда виртуалды манекендерге киімнің бейімделуі тексеріліп, қажетті түзетулер енгізілді. Бұл әдіс өндіріс алдында қателерді азайтуға көмектесті.

4. Экологиялық және экономикалық тиімділік

– Цифрлық әдістер матаны үнемдеуге және сынақ үлгілерінің санын азайтуға мүмкіндік берді.

– Дәстүрлі әдістер киімнің сапасы мен қолдануға ыңғайлылығын қамтамасыз етті.

– Виртуалды киім дизайны тұрақты сән индустриясының дамуына үлес қосты.

5. Тұтынушылардың қызығушылығы мен нарықтық талдау

– Жастар арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері көрсеткендей, гибридті әдістермен жасалған киімдерге сұраныс жоғары.

– 3D визуализация мен онлайн сынап көру мүмкіндігі сатып алу шешіміне оң әсер етті.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жастар киімін жобалау барысында дәстүрлі және цифрлық әдістерді біріктіру тиімді шешім болып табылады. Бұл тәсіл дизайн процесін жылдамдатып, өндіріс шығындарын азайтуға, сондай-ақ экологиялық таза өндіріс қағидаларын сақтауға көмектеседі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстандық жастар киімін жобалау барысында дәстүрлі қолөнер мен заманауи цифрлық әдістерді үйлестіру ұлттық мәдениетті сақтап, оны жаңа деңгейге шығаруға мүмкіндік береді. Абай Құнанбайұлы айтқандай:

«Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, замандасының бәрінен де жаман болады» (Жастардың киіміндегі дәстүр мен технологияны біріктіру – заман талабы) [5].

Бұл тәсіл сән индустриясында инновациялық бағыттарды дамытып қана қоймай, отандық брендтердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға да ықпал етеді. Болашақта осы бағыттағы зерттеулер мен жаңа технологияларды енгізу арқылы жастардың сұранысына сай, бірегей ұлттық стиль қалыптастыру мүмкін болады. Қазақстандық жастар киімінің топтамасын жобалау барысында дәстүрлі және цифрлық әдістерді біріктіру — бұл заманауи сән индустриясының маңызды бағыттарының бірі. Дәстүрлі әдістер, мысалы, қолмен тігу, ұлттық ою-өрнектерді қолдану, жергілікті материалдарды пайдалану, ұлттық мәдениетті сақтауға және жастардың ұлттық идентификациясын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, цифрлық әдістер, мысалы, 3D модельдеу, виртуалды киімдерді жасау, цифрлық маркетинг, шығармашылық процессті тиімдірек, жылдам және икемді етеді.

Бұндай интеграция жастардың сәнге деген қызығушылығын арттырып, инновациялық шешімдер арқылы ұлттық мәдениетті жаңғыртуға мүмкіндік береді. Цифрлық технологиялар арқылы дәстүрлі элементтерді заманауи контексте көрсету, жастарға өздерінің мәдени мұрасын жаңаша танытуға көмектеседі.

Сондай-ақ, қорытындылай келе дәстүрлі және цифрлық әдістердің комбинациясы экологиялық таза өндіріс тәсілдерін дамытуға, ресурстарды тиімді пайдалануға және сән индустриясында тұрақтылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде, Қазақстандық жастар киімінің топтамасы тек сәнді ғана емес, сонымен қатар мәдени, экологиялық және әлеуметтік аспектілерді ескере отырып, жастардың өзін-өзі білдіруінің бірегей құралына айналады [7].Сонымен бірге қәзіргі зерттеулер жүргізудегі пәнаралық байланысты құру үшін мақала мазмұнында, қазақ халқының атақты, жазушылар, ақындар мен этнограф, саяхатшы ғалымдар нақыл сөздері негізге алынды, қазақ ұлттық мәдениеті мен киіміне қатысты. Бұл мақала жалғасын табады, зерттеуіміздің алғашқы ақпараттары болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. https://ekaraganda.kz/kz/?mod=news_read&id=147391
2. https://ult.kz/post/mukhtar-auezov-kazak-eskiliginen-az-maglumat
3. https://danasoz.kz/?p=519
4. https://abai.kz/post/18684
5. https://abai.kz/post/18684
6. Қазақтың ұлттық киімдері және қолөнері тарихы / Асанова С., Птицина А. – Астана: Фолиант, 2011. – 160 б.
7. Қазақтың ұлттық костюм негізіндегі қазіргі заман киімдері / Шильдебаева Л.К. – Қызылорда, 2022. – 168 б.

ӘОЖ 7.012+655.25 ***ҒТАМР* 17.81.91**

Магистрант, Инкарбек А.Ж.
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан)
Ғылыми жетекші, Философия докторы PhD, Нұрке М.С.

КӨНЕ ТҮРКІ РУНИКАЛЫҚ ЖАЗУЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ГРАФИКАЛЫҚ ДИЗАЙН САЛАСЫНА ЫҚПАЛЫ

АҢДАТПА

Көне түркі руникалық жазуы – түркі халықтарының мәдени мұрасының маңызды бөлігі. Оның графикалық құрылымы мен символикасы қазіргі заманғы графикалық дизайнда жаңа көрініс тауып, типографика, бренд-дизайн, ұлттық стиль және сандық медиа салаларында қолданыла бастады. Бұл мақалада көне түркі руналарының қазіргі графикалық дизайн саласына ықпалы талданып, олардың заманауи визуалды коммуникацияда қолдану мүмкіндіктері қарастырылады.

Зерттеудің мақсаты – көне түркі руникалық жазуының заманауи графикалық дизайнға ықпал ету үрдістерін анықтау.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

– көне түркі руникалық жазуының графикалық ерекшеліктерін сипаттау;
– заманауи графикалық дизайндағы руникалық элементтердің қолданысын зерттеу;
– ұлттық бірегейлікті нығайтудағы руникалық стильдің рөлін анықтау.

Бұл зерттеу графикалық дизайндағы тарихи мұраның рөлін түсінуге, сондай-ақ руникалық жазудың жаңа визуалды стильдерде қолданылу болашағын бағалауға мүмкіндік береді.

ТІРЕК СӨЗДЕР: Көне түркі жазуы, руникалық таңбалар, графикалық дизайн, ұлттық стиль, типографика, бренд-дизайн, визуалды коммуникация, мәдени мұра.

Магистрант, Инкарбек А.Ж.
Казахский Национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан)
Научный руководитель, доктор философии PhD, Нурке М.С.

ВЛИЯНИЕ ДРЕВНЕТЮРКСКОЙ РУНИЧЕСКОЙ ПИСЬМЕННОСТИ НА СОВРЕМЕННЫЙ ГРАФИЧЕСКИЙ ДИЗАЙН

АННОТАЦИЯ

Древнетюркская руническая письменность является важным элементом культурного наследия тюркских народов. Ее графическая структура и символика находят новое применение в современном графическом дизайне, включая типографику, бренд-дизайн, национальный стиль и цифровые медиа. В данной статье анализируется влияние древнетюркских рун на современный графический дизайн и рассматриваются их возможности использования в визуальных коммуникациях.

Цель исследования – выявить тенденции влияния древнетюркской рунической письменности на современный графический дизайн.

Для достижения этой цели были поставлены следующие задачи:

– описать графические особенности древнетюркской рунической письменности;
– изучить применение рунических элементов в современном графическом дизайне;
– определить роль рунического стиля в укреплении национальной идентичности.

Исследование позволяет глубже понять роль исторического наследия в графическом дизайне, а также оценить перспективы использования рунического письма в новых визуальных стилях.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: Древнетюркская письменность, рунические знаки, графический дизайн, национальный стиль, типографика, бренд-дизайн, визуальная коммуникация, культурное наследие.

Master's student, Inkarbek A.Zh.
Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan)
Scientific advisor, Doctor of Philosophy PhD, Nurke M.S.

THE INFLUENCE OF ANCIENT TURKIC RUNIC WRITING ON MODERN GRAPHIC DESIGN

ABSTRACT

The ancient Turkic runic script is an important element of the cultural heritage of Turkic peoples. Its graphic structure and symbolism are finding new applications in modern graphic design, including typography, brand design, national style, and digital media. This article analyzes the influence of ancient Turkic runes on contemporary graphic design and explores their potential use in visual communication.

The aim of the study is to identify trends in the influence of ancient Turkic runic writing on modern graphic design.

To achieve this goal, the following objectives were set:

– to describe the graphic characteristics of ancient Turkic runic writing;
– to study the use of runic elements in contemporary graphic design;
– to determine the role of runic style in strengthening national identity.

This study provides a deeper understanding of the role of historical heritage in graphic design and assesses the potential for incorporating runic writing into new visual styles.

KEYWORDS: Ancient Turkic script, runic symbols, graphic design, national style, typography, brand design, visual communication, cultural heritage.

КІРІСПЕ

Көне түркі руникалық жазуы – түркі халықтарының мәдени және тарихи мұрасының ажырамас бөлігі. VI–IX ғасырларда кеңінен қолданылған бұл жазу жүйесі өзінің бірегей графикалық құрылымымен ерекшеленеді және түркі өркениетінің маңызды жетістігі болып саналады. Орхон-Енисей жазба ескерткіштері көне түркілердің мемлекеттік, мәдени және рухани өмірінен сыр шертетін құнды дереккөздер болып табылады [1]. Бұл жазулардың графикалық сипаты мен символикалық мәні қазіргі заманғы визуалды мәдениетте, әсіресе графикалық дизайн саласында жаңа тыныс алып келеді.

«Жазу – бұл уақыттың дауысы. Ол халықтың тарихын сақтайды, ата-бабалардың даналығын жеткізеді және болашақты қалыптастырады» – деп тарихшылар жазу жүйелерін зерттей отырып айтады. Сондықтан көне түркі руникалық жазуы – бұл жай ғана таңбалар жүйесі емес, ақпарат жеткізудің қарапайым құралдар жиынтығы да емес. Руникалық жазу – тұтас бір өркениеттің коды, оның дүниетанымын, қуатын және мәдени бірегейлігін бейнелейді. Сондықтан оның қазіргі графикалық дизайнға ықпалы эстетикалық шеңберден әлдеқайда терең. Егер руникалық белгілердің мәні мен тарихи контекстін түсінбесек, олар жай ғана сәндік элементтерге айналып, өз тереңдігін жоғалтады. Бірақ олардың мағынасына үңіліп, олардың қуаты мен символикасын түсінетін болсақ, өткен мен болашақты байланыстыратын, дизайнерлерге жаңа интерпретациялар жасауға шабыт беретін және мәдени мұраны цифрлық дәуірде сақтауға көмектесетін визуалды тіл қалыптастыруға болады.

Қазіргі таңда жаһандану үрдісінің күшеюіне байланысты ұлттық бірегейлікті сақтау мәселесі өзекті болып отыр. Графикалық дизайн – мәдени кодтарды берудің маңызды құралдарының бірі, және көне түркі руникалық элементтерін қазіргі дизайнға енгізу

арқылы ұлттық ерекшелікті айқындауға болады. Бұл әсіресе типографика, бренд-дизайн, ұлттық стиль және сандық медиа салаларында ерекше маңызға ие.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Көне түркі руникалық жазуы – түркі халықтарының тарихи және мәдени мұрасының маңызды элементі. VI–IX ғасырларда Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде қолданылған бұл жазу жүйесі ерекше графикалық құрылымымен және символикалық мәнімен ерекшеленеді [2].

Руникалық жазумен өрнектелген ескерткіштердің шынайы рөлін бағалау мүмкін емес, оларды көне түркілер Моңғолиядан бастап Мажарстанға дейінгі шексіз кеңістіктерде қалдырған. Сол алыс замандарда ұлы билеушілер бірін-бірі алмастырып, өмірден өтіп жатты, ал олардың артында құнды жазулар қашалған құлпытастар қалды. Шексіз даланың көгілдір аспаны астында үнсіз тұрған тас мүсіндер ғасырлар бойы түркі қағандарының ұлы істері туралы мәліметтерді белгілер арқылы жеткізіп, бүгінгі мыңдаған данамен шығатын кітаптардың міндетін атқарды. Уақыт өтті, ғасырлар көлеңкесінде халықтар бірін-бірі алмастырып, өз өркениеттерінің ұлы жетістіктерін ұмыт қалдырып, тарих сахнасынан жоғалды.

Бүгінде көне түркі жазба ескерткіштеріне екінші өмір сыйлап, түркітану ғылымының негізін қалаған В. Томсен, В.В. Радлов, Г.И. Рамстедт, П.М. Мелиоранский, Ю. Немет, С.Е. Малов және басқа да ғалымдардың еңбегін толық лайықты бағалау қиын. Олардың жоғары кәсібилігі мен шеберлігінің айқын дәлелі – С.Е. Маловтың жарты ғасыр бұрын жасаған аудармаларына осы күнге дейін ешқандай елеулі түзетулер енгізілмегені. Бұл аудармаларды ең үздік деп атауға толық негіз бар [3, 3-б.].

Руникалық жазба ескерткіштерін зерттеу саласындағы елу жылдық тоқыраудан кейін алғаш рет жаңа серпін айқын сезіледі. Бұл кітапта сөз қозғалатын дарынды зерттеуші Тайжан Досанов ұсынған ғылыми ізденістер соның дәлелі. Ол таңбалардың құрылымдық негіздерін терең түсіне отырып, руникалық жазба ескерткіштері мәтінтануындағы бастапқыда шешілмейтіндей көрінген өзекті мәселелерді шешуге мүмкіндік табуда [3, 4-б.]. Зерттеулердің көптігі мен тереңдігі қазіргі таңда руникалық таңбаларды дұрыс қолдануға мүмкіндік береді.

Бұл жазудың ерекшеліктеріне тоқталсақ, Түркі руникасы отыз таңбадан тұрды, ал басқа деректер бойынша қырық белгіден құралған. Кейбір жергілікті графикалық нұсқалары болған. Жазу оңнан солға қарай жазылып, әрбір таңба бөлек таңбаланған, әдетте бір-бірімен қосылмаған [4]. Түркі руналарының өзіндік геометриялық формалары оларды басқа жазу жүйелерінен айрықша етеді. Руналық әріптер көбіне тік, көлбеу және бұрыштық сызықтардан құралған, бұл оларды тасқа ойып жазуға ыңғайлы еткен.

Көне түркі жазуының графикалық ерекшеліктері оның қарапайымдылығы мен симметриясында көрініс табады. Жазу ықшам әрі оқуға жеңіл белгілерден тұрады, сонымен қатар, руникалық мәтіндер вертикалды және горизонталды бағытта жазыла алады. Кейбір руникалық белгілер тек дыбыстық мәнге ғана ие болмай, белгілі бір мағыналық жүктемені де көтереді. Бұл қасиеттер көне түркі жазуын ерекше әрі эстетикалық тұрғыдан маңызды етеді.

Руникалық жазба ескерткіштерін зерттеу саласындағы ұзақ уақыттық тоқыраудан кейін алғаш рет жаңа серпін айқын сезілуде. Бұл салада жүргізіліп жатқан ғылыми ізденістер, соның ішінде Тайжан Досанов сынды зерттеушілердің жұмыстары, түркі жазуының құрылымдық негіздерін тереңірек талдауға мүмкіндік беруде. Қазіргі таңда руникалық жазудың графикалық ерекшеліктерін жан-жақты зерттеу оның тек тарихи құндылығын ғана емес, сонымен бірге, заманауи типографика мен дизайнда қолдану мүмкіндіктерін де арттырып отыр.

«Turkic Story Telling» жобасы: ежелгі түркі жазуын графикалық дизайнда заманауи қолданудың кейс-стадиі.

Жобаның тарихи негіздері

«Turkic Story Telling» жобасын Ахмет Ясин (Ahmet Yasin) мен Арда Арел (Arda Arel) Зейтинбурну муниципалитеті мен Түркі әлемі әңгімелер фестивалінің қолдауымен жасады. Бұл жоба түркі жазба ескерткіштері, атап айтқанда, Орхон жазулары мен Тонықөк жазбалары сияқты алғашқы түркі жазба мұраларын зерттеуге және визуалды ұсынуға арналған.

«Өткенімізді тереңірек түсіну үшін біз алғашқы сөз бен әңгімелердің ізін қуып, тарихи зерттеу жүргіздік. Уақыттың тереңінен сыр шертетін ежелгі жазба мұраларды қайта зерделеп, оларды бүгінгі заманға лайықтап жаңғыртуды көздедік. Бұл ізденістің басты арқауы – түркі өркениетінің тұңғыш жазба ескерткіштері саналатын Орхон жазулары болды» [5]. Осылайша, Ахмет Ясин (Ahmet Yasin) мен Арда Арел (Arda Arel) өз ойын "Turkic Story Telling" жобасы арқылы жеткізеді.

«Turkic Story Telling» жобасы визуалды дизайн саласында мойындалып, Behance платформасында жарияланды [5], және жоғары бағаланып, оң пікірлерге ие болды.

Негізгі концепциялар мен дизайн элементтері

1. Орхон жазулары негізінде жасалған типография


Жоба аясында ежелгі түркі рундарына негізделген түпнұсқа қаріптік жүйе әзірленді. Жасаушылар дәстүрлі белгілерді заманауи визуалды айдентикаға айналдырып, олардың мәдени сәйкестігін сақтап, қабылдауды жеңілдетті. Бұл тәсіл ұлттық графикалық дизайнның дамуының негізгі қағидаты болып табылатын «дәстүр мен жаңашылдықтың синтезін» көрсетеді.



1-сурет. Орхон жазулары негізінде жасалған типография [5]

2. Түс палитрасы мен мәдени кодтар

Жоба түркі мәдениетінде жарықтың төрт бағыты мен табиғи элементтерді бейнелейтін дәстүрлі түстерді (көк, қызыл, қара, ақ) пайдаланады. Бұл жай ғана эстетикалық таңдау емес, сонымен қатар түркі мәдениетінің мағыналық және рухани тереңдігін визуалды тіл арқылы жеткізудің тәсілі.



2-сурет. Түс палитрасы [5]

3. Брендинг және руникалық мұра арқылы сторителлинг

«Turkic Story Telling» руникалық элементтерді тек қаріптік жүйеге ғана емес, сонымен қатар жалпы визуалды баяндау тұжырымдамасына біріктіреді. Рундарды қазіргі заманғы брендте қолдану ежелгі жазудың өзінің түпнұсқалығын сақтай отырып, коммерциялық және мәдени сәйкестіктің бөлігіне айнала алатынын көрсетеді.





3-сурет. Руникалық мұра арқылы сторителлинг [5]

«Turkic Story Telling» жобасының негізгі мәні – ежелгі түркі мұрасын визуалды және баяндау тұрғысынан түсіндіру. Авторлар түркі халықтарының тарихын, олардың мәдени және жазба мұрасын заманауи графикалық дизайн мен сторителлинг арқылы таныстыруға тырысады.

Жобаның негізгі аспектілері:

–Мәдени сабақтастық – ежелгі түркі жазбалары мен мифологиясының қазіргі өнер мен дизайнда қалай өмір сүріп жатқанын көрсету.

–Тарихтың қолжетімділігі – бай түркі өткенін кең аудиторияға түсінікті, эстетикалық тартымды түрде жеткізу.

–Руникалық жазуды сақтау – ежелгі түркі рундары мен рәміздерін заманауи типография мен визуалды формалар арқылы қайта ойластыру.

–Дәстүр мен заманауилықтың үйлесімі – көне түркі әңгімелеу дәстүрін инновациялық дизайн және коммуникация тәсілдерімен байланыстыру.

«Turkic Story Telling» жобасы ежелгі түркі руникалық жазуын қазіргі заманғы дизайнерлік шешімдерге бейімдеудің табысты мысалы болып табылады. Оның кейсі ежелгі визуалды формалардың өз маңыздылығын жоғалтпай, керісінше, қазіргі графикалық мәдениет контекстінде жаңа өмірге ие болатынын дәлелдейді.

Бұл жоба ежелгі түркі жазуы ғылыми зерттеу нысаны ғана емес, сонымен қатар жастар мен жаһандық қауымдастық арасында ұлттық мұраны насихаттауға ықпал ететін визуалды коммуникация құралы бола алатынын көрсетеді.

Ахмет Ясин мен Арда Арелдің жобасы – XXI ғасыр контекстінде тарихи мұраны қалай түсінуге болатынын көрсететін заманауи графикалық дизайнға қосылған маңызды үлес. Ол руникалық жазуды сақтап қана қоймай, оны заманауи аудитория үшін өзекті етеді, ежелгі рәміздерге инновациялық дизайн шешімдері арқылы жаңа көзқарас ұсынады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Көне түркі руникалық жазуы – түркі халықтарының мәдени және тарихи мұрасының маңызды бөлігі ғана емес, сонымен қатар қазіргі заманғы графикалық дизайн үшін шабыт көзі болып табылады. Оның ерекше графикалық құрылымы, символикалық мәні және эстетикалық үйлесімділігі бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпай, заманауи визуалды өнерде жаңаша мәнге ие болуда.

Зерттеу барысында көне түркі руникалық жазуының негізгі ерекшеліктері қарастырылып, оның графикалық дизайндағы қолданыс мүмкіндіктері талданды. Типографика, бренд-дизайн, иллюстрация және цифрлық медиа салаларында руникалық элементтердің кеңінен пайдаланылуы ұлттық бірегейлікті айқындауға және тарихи сабақтастықты сақтауға ықпал ететіні анықталды.

«Turkic Story Telling» жобасы көне түркі жазуын заманауи графикалық дизайнда қолданудың жарқын мысалы болып табылады. Бұл жоба арқылы руникалық жазу эстетикалық құрал ғана емес, сонымен қатар мәдени мұраны сақтау мен қайта жаңғыртудың құралы ретінде қарастырылды. Жобаның табысты жүзеге асырылуы көне түркі руналарының қазіргі қоғам үшін маңызды және өзекті екенін дәлелдейді.

Қорыта айтқанда, көне түркі руникалық жазуы өткен мен болашақты байланыстыратын мәдени көпір ретінде қарастырылады. Оны қазіргі графикалық дизайнда белсенді пайдалану – қазақ және түркі мәдениетінің жаһандық аренада танылуына ықпал ететін маңызды қадамдардың бірі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ерлан Еспенбетов: О возрождении рунической письменности и истинных значениях слов «тюрк» и «казах», https://youtu.be/gBT1Au10i_o?si=-3SeS-VvLnlNpbMO
2. Көне түркі жазбалары немесе Орхон-Енисей жазбалары — б.з. V ғ. — X ғғ аралығындағы түркі тайпаларының тасқа қашап жазған жазбалары. https://eskeldi-eli.kz/?p=19230
3. Т.С. Досанов. “Этюды по паятникам письменности древних усуней”, “Жалын баспасы”, Алматы 2002
4. Ерлан Еспенбетов о тюркской рунике в программе телеканала Abai TV "Слово тюркское", https://youtu.be/pk0bvaiBlzA?si=ClbElfAEl683H-s8
5. https://www.behance.net/gallery/144212285/Turkic-Story-Telling

ӘОЖ ***7.012+687.16.*** ***ҒТАМР 17.21.29***

Магистрант, Калжанова Б.М.
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан)
Ғылыми жетекші: п.ғ.к., қауымд.профессор Нұрке М.С.

SPACE AGE ДӘУІРІНІҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ: ФУТУРИСТІК СИЛУЭТТЕРДЕН КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРГЕ ДЕЙІН

АҢДАТПА

Бұл мақала Space Age эволюциясына арналған — ғарыштық зерттеулер дәуірі, ол өнерге, сәулетке, сәнге және жалпы мәдениетке айтарлықтай ықпал етті. Космостық эстетиканың негізгі қалыптасу кезеңдері, оның дизайндағы, өнердегі және сәулеттегі көрінісі, сондай-ақ ғарыштық технологиялардың күнделікті өмірге әсері зерттеледі. Ғарышқа ұшу саласындағы технологиялық серпілістер тудырған концептуалды және визуалды өзгерістер 1950 жылдардан бастап қазіргі күнге дейін қарастырылады. Футуристік силуэттердің бұқаралық мәдениетке және практикалық өмір саласына ықпалына ерекше назар аударылады. Зерттеудің күтілетін нәтижелері: ғарыштық зерттеулер мен эстетикалық өзгерістердің өзара байланысын терең талдау, сондай-ақ қазіргі өнер мен сәулеттегі ғарыштық дизайнның ұзақмерзімділігіне қатысты қорытындылар.

ТІРЕК СӨЗДЕР: Space Age, футуризм, ғарыштық эстетика, сәулет, сән, ғарышкерлік, өнер, дизайн.

Магистрант, Калжанова Б.М.
Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан)
Научный руководитель, кандидат педагогических наук, доцент Нурке М.С.

ЭВОЛЮЦИЯ ЭПОХИ SPACE AGE: ОТ ФУТУРИСТИЧЕСКИХ СИЛУЭТОВ ДО ПОВСЕДНЕВНОЙ ЖИЗНИ

АННОТАЦИЯ

Эта статья посвящена посвящена эволюции Space Age — эпохи космических исследований, которая оказала значительное влияние на искусство, архитектуру, моду и культуру в целом. Исследуются основные этапы формирования космической эстетики, её отражение в дизайне, искусстве и архитектуре, а также влияние космических технологий на повседневную жизнь. Рассматриваются концептуальные и визуальные изменения, которые были вызваны технологическими прорывами в области космонавтики, начиная с 1950-х годов и до наших дней. Внимание уделяется влиянию футуристических силуэтов на массовую культуру и практическую сферу жизни. Ожидаемые результаты исследования: глубокий анализ связи космических исследований и эстетических изменений в обществе, а также выводы о долговечности космического дизайна в современном искусстве и архитектуре.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: Space Age, футуризм, космическая эстетика, архитектура, мода, космонавтика, искусство, дизайн.

Master's Student, Kalzhanova B.M.
Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan)
Scientific supervisor, PhD in Pedagogical Sciences, Associate Professor Nurke M.S.

EVOLUTION OF THE SPACE AGE: FROM FUTURISTIC SILHOUETTES TO EVERYDAY LIFE

ABSTRACT

This article explores the evolution of the Space Age—an era of space exploration that had a significant impact on art, architecture, fashion, and culture as a whole. The study examines the key stages of the formation of space aesthetics, its reflection in design, art, and architecture, as well as the influence of space technologies on everyday life. Conceptual and visual changes driven by technological breakthroughs in astronautics from the 1950s to the present day are analyzed. Special attention is given to the impact of futuristic silhouettes on mass culture and practical aspects of life. The expected research outcomes include a deep analysis of the relationship between space exploration and aesthetic transformations in society, as well as conclusions about the longevity of space-age design in contemporary art and architecture.

KEYWORDS: Space Age, futurism, space aesthetics, architecture, fashion, astronautics, art, design.

КІРІСПЕ

1957 жылы алғашқы жасанды Жер серігінің ұшырылуымен адамзат жаңа дәуірге – Space Age ғасырына қадам басты. Ғарышты зерттеу дәуірі тек ғылым мен технологияға ғана емес, сонымен қатар өнерге, сәулетке, сәнге және дизайнға да айтарлықтай әсер етті. АҚШ пен Кеңес Одағы арасындағы ғарыштық бәсеке және ғарышты игеруге деген ұмтылыс тек геосаяси ғана емес, сонымен бірге мәдени катализаторға айналып, түрлі салаларда жаңа эстетикалық бағыттар мен концепциялар туындатты. Бұл, әсіресе, ғарыштық жетістіктерден шабыт алған ерекше формалар, материалдар және технологияларды дамытуда айқын көрініс тапты. 1960-1970 жылдардағы бұқаралық мәдениетке әсер еткен негізгі элементтердің бірі футуризм болды. Бұл стиль ғарышкерлік саласындағы ғылыми жетістіктерден шабыт алған және тек сән үрдістерін ғана емес, сәулет, дизайн және кинематографияны да қамтыды. Space Age кезеңінде модернистік концепцияларға басымдық беріліп, олар технологиялық прогреске және белгісіз кеңістіктерді зерттеуге бағытталды [1, 44-б.]. Ғарыштың мәдениетке ықпалы тек жаңа визуалды формалар арқылы ғана емес, сонымен қатар философиялық тұжырымдамалар арқылы да көрінді. Space Age концепциясы болашаққа ұмтылыстың, жаңа көкжиектерді ашудың символына айналды. Дизайндегі силуэттер тегіс, аэродинамикалық пішіндерге ие болып, ракеталар мен ғарыш кемелеріне тән қозғалыс пен жылдамдық идеясын бейнеледі. Пластик, металл және шыны сияқты жаңа материалдар сәулетте, жиһаз өндірісінде және сән әлемінде кеңінен қолданыла бастады [2, 68-б.].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

60 жылға жуық уақыт бұрын, 1957 жылдың 4 қазанында Жердің алғашқы жасанды серігі «Спутник-1» ұшырылды. Кейін Юрий Гагарин ғарышқа ұшқан алғашқы адам атанса, сегіз жылдан соң Нил Армстронг Айға алғаш рет қадам басты. Ғарышты зерттеу қызығушылығы тек ғылым саласында ғана емес, сән әлемінде де болды. 1960-жылдар ғарыш дәуірінің (Space Age) дәуірі болды – дизайнерлер басқа әлемдерге деген қызығушылықты қабылдап, жаңа пішіндер мен материалдарды іздеуге кірісті, болашақтың киімдері туралы ойласты. Бүгінгі таңда Илон Масктың ғарыштық туризм туралы идеясы фантастикадан гөрі шындыққа жақын болып көрінеді – басқа планеталардан түсірілген фотосуреттер қазіргі заманғы спутниктер арқылы алынуда, ал ғарышты игеру туралы ұлы қиялдар тек кинотеатрларда ғана кездеседі.Gucci-дің шығармашылық директоры Алессандро Микеле сән әлемін Глен Лачфорд түсірген фильммен таңғалдырды. Фильмде ғарыштық қарақшылар, ұшатын табақшалар мен роботтар Gucci киімдерінде ғарыш кемесінде жүреді, бұл 1966 жылы шыққан әйгілі ғылыми-фантастикалық сериал Жұлдызды жолға ұқсайды. Ал Карл Лагерфельд одан да алға ұмтылды – 2017 жылғы күз-қыс көрсетілімінде Grand Palais орталығында нағыз ракета пайда болды. Space Age сәнінің негізін қалаушы ретінде Андре Куррежді айтуға болады. 1964 жылы ол болашақтың киімдер коллекциясын таныстырды – юбканы қысқартып, пластик сияқты синтетикалық материалдарды пайдаланып, силуэтті түзу және графикалық етіп жасады, сондай-ақ жалпақ табанмен аяқ киім-колготки киюді ұсынды. Осы киімдердің бар футуристік сипатына қарамастан, Куррежді сәні тез арада көшеге

тарады. Тегіс, аэродинамикалық пішіндер, металдандырылған маталарды қолдануы және ультразаманауи силуэттер сол дәуірдің стандарттарына айналды. Ғарыштық эстетика кинематографияда да көрініс тапты: «2001 жыл: Ғарыш одиссеясы» (1968) фильмі технологиялар мен сәннің күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналған әлемін көрсетті [3, 102-б.]. Ғарышқа деген қызығушылықтың жаңа толқыны технологиялар мен интернеттің таралуымен басталды. Дизайнерлер ғарышқа емес, адам денесі мен машинаның өзара әрекеттесуіне көп көңіл бөлді, ғылым мен фантастика шекарасында коллекциялар жасай бастады. 1995 жылдың қысыда Тьерри Мюглер роботтандырылған әйелдер формасын ойлап тапса, 1999 жылы Александр Маккуин Givenchy үшін микросхемалардың бейнесі бар трико жасады. Ал бірнеше жылдан кейін, 2010 жылы, подиумда модельдер емес, нағыз гуманоидтар пайда болды. Iris van Herpen бүгінгі таңда да заманауи сәнде «космизм» тақырыбын таза күйінде жалғастырып келеді.

Сәулетте ғарыш тақырыбы прогресс пен болашақтың символына айналған жаңа формаларда көрініс тапты. Ғимараттар динамикалық сипатқа ие болып, жаңа материалдар – болат, бетон және шыны кеңінен қолданыла бастады. Бұл материалдар кең әрі мөлдір кеңістіктер жасауға мүмкіндік берді, ал олардың стилі «ғарыштық» атмосферамен ассоциацияланды. Мұндай сәулеттік жобаларға «метаболизм» стиліндегі ғимараттар мысал бола алады. Кэндзо Танге бастаған жапондық сәулетшілер ұсынған бұл жобалар жиі ғарыш станциялары мен зымырандарды еске салатын пішіндерді қолданды [4, 78-б.]. Қазіргі уақытта бұл сәулет жобаларының көбісін, футуристік және инновациялық деп сипаттауға болады. Мысалы, Парижде орналасқан La Défense аймағындағы ғимараттар немесе Токионың Шибуя ауданындағы әртүрлі конструкциялар ғарыш дәуірдің сәулет өнерінен шабыт алғандығын көрсетеді. Бұл архитектуралық объектілер кеңістікті, ашықтық пен мөлдірлігінің арқасында ғарыш әлемінің бейнесін көрсетуге тырысады.

1960-1970 жылдардағы өнерде де ғарыш дәуірінің ықпалы айқын байқалды. Бұл бағыттың көрнекті өкілдерінің бірі Ричард Хамильтон болды. Оның шығармаларында технология мен болашаққа қатысты элементтер жиі кездесетін. Хамильтонның карти налары, поп-арт стиліндегі басқа да суретшілердің жұмыстары сияқты, ғарыш пен технологияларды жаңа бастама мен болашаққа деген үміттің символы ретінде бейнеледі. Ол ғылыми фантастика образдарын бұқаралық мәдениет шындығымен біріктіре отырып, ғарыш дәуірін эстетикалық қана емес, философиялық тұрғыдан да пайымдауға мүмкіндік берді [5, 58-б.]. XX ғасырдың ортасындағы негізгі тенденцияларды анықтады. Ғарыштың ықпалы эстетикада ғана емес, сонымен қатар сол кезеңнің философиясында да көрініс тапты, бұл уақытта болашаққа ұмтылу мен жаңа горизонтарды ашуға деген ұмтылыс қоғамның маңызды бөлігіне айналды.

Ғарыштық эстетика тек өнер мен дизайн саласымен шектелмеді. Оның элементтері бұқаралық мәдениетке еніп, кино, музыка және телевизияның ажырамас бөлігіне айналды. 1960-1970 жылдары Star Trek сияқты телехикаялар көрермендердің назарын ғарыш және болашақ тақырыптарына аударды. Оның бірегей ерекшелігі – болашақтағы адамның тек жаңа планеталарды зерттеуге ұмтылып қана қоймай, сонымен қатар жаңа мәдениеттер мен әлеуметтік құрылымдарды қалыптастыратын қоғам ретінде бейнеленуі. Бұл сериалда ғарыштық жетістіктерді ескере отырып, жаңа адамзат болмысы мен оның этикалық тұрғыдан даму мәселелері қарастырылды, Сонымен қатар, Pink Floyd және David Bowie сияқты музыканттардың альбомдары жиі ғарыш тақырыбы мен бейнелеріне жүгінді, осылайша мәдениеттің бұл бағытын одан әрі нығайтты [6, 121-б.]. David Bowie өзінің Space Oddity және The Rise and Fall of Ziggy Stardust and the Spiders from Mars альбомдарында ғарыштық тақырыптарды тереңінен зерттеді. Бұл альбомдарда Bowie ғарыштық әлеммен және жеке тұлғаның ғарыштағы болмысымен байланысты көптеген символдар мен метафораларды қолданды. Оның музыкасы ғарыштық эраның символикасын және футуристік идеологиясын кеңінен көрсететін өнер туындыларына айналды. Pink Floyd, өз кезегінде, The Dark Side of the Moon альбомымен ғарыштың құпиялары мен адамзаттың өмірі арасындағы байланыстарды ашып көрсетті.

Зерттеулер көрсеткендей, ғарыш дәуірі заманауи дизайн шешімдерінің қалыптасуындағы басты кезеңдердің бірі болды. Space Age әсері 1960-1970 жылдардағы бүкіл мәдениетке – сәннен бастап сәулет пен өнерге дейін ықпал етті. Бұл дәуірдің басты ерекшелігі – минимализмге ұмтылу және болашаққа бағытталған көзқарас болды. Жаңа материалдар мен технологияларды қолдану дизайнерлер үшін жаңа мүмкіндіктер ашты, ал ғарыш философиясы оларды батыл және ерекше формаларды жасауға шабыттандырды [7, 109-б.]. Бұл үрдіс тек сәулет пен жиһаз өнерінде ғана емес, сонымен қатар сән, графикалық дизайн және тіпті тұрмыстық техникада да айқын байқалды. Сонымен қатар, ғарыштық зерттеулердің ықпалымен интерьер дизайнында капсула тәрізді жиһаздар, модульдік құрылымдар, динамикалық жарықтандыру жүйелері мен мультифункционалды шешімдер кең таралды. Бұл стиль уақыт өте келе футуризм, хай-тек және киберпанк бағыттарының қалыптасуына негіз болды.

Space Age тек эстетикалық тренд қана емес, сонымен бірге жаңа, белгісіз әлемді зерттеуге және технологиялық прогреске бағытталған философиялық қозғалыс болды. Бұл идеология қоғамның қабылдауына әсер етіп, ғылым мен технологияны күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналдырды. Ғарыш жаңа бастаманың символына айналды, ал оның эстетикасы өнер мен дизайнда батыл эксперименттер жасауға түрткі болды. Space Age элементтері – аэродинамикалық пішіндер мен минималистік конструкциялар – әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ [8, 143-б.].

ҚОРЫТЫНДЫ

Ғарыш дәуірі (Space Age) мәдениет, өнер, сәулет және сәннің дамуына терең ықпал етіп, XX ғасырдың ортасындағы негізгі тенденцияларды айқындады. Ғарыштың әсері тек эстетикада ғана емес, сонымен қатар сол кезеңнің философиясында да көрініс тапты: болашаққа ұмтылу және жаңа көкжиектерді ашу қоғам санасының маңызды бөлігіне айналды. Бүгінде Space Age элементтері заманауи дизайн мен сәулет өнерінде сақталып, жаңа буын шығармашылық тұлғаларын шабыттандыруды жалғастыруда. Бүгінде Space Age элементтері заманауи дизайн мен сәулет өнерінде өз орнын сақтап, инновациялық идеялармен үйлесімді түрде дамып келеді. Футуристік формалар, жаңа материалдар мен технологиялық тәсілдер арқылы бұл стиль қазіргі заманғы шығармашылықтың ажырамас бөлігіне айналды. Ғарыш дәуірінің рухы жаңа буын дизайнерлері мен суретшілерін шабыттандырып, оларды шекаралардан асып, жаңашыл әрі батыл шешімдер жасауға ынталандыруда. Осылайша, Space Age өткеннің мұрасы ғана емес, болашаққа бастайтын үздіксіз эволюциялық процесс ретінде өз маңызын жоғалтпай келеді.

ПАЙДАНАЛЫНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.

1. Gorman, M. (2010). Space Age Aesthetics: The Influence of Space Exploration on Design and Architecture. New York: Routledge.
2. Cosgrove, S. (2011). The Space Age and its Influence on Fashion and Culture. London: Thames & Hudson.
3. Umland, A. (2014). Space Exploration and Art: From the Earth to the Moon. Paris: Museum of Contemporary Art.
4. Ryle, D. (2009). Futurism and Space: Exploring the Link Between Science and Art. Cambridge: MIT Press.
5. Browne, L. (2008). Designing for the Future: The Impact of Space Exploration on Fashion and Architecture. Los Angeles: UCLA Press.
6. Penrose, R. (2003). Cosmic Culture: The Aesthetic Impact of Space Exploration. Oxford: Oxford University Press.
7. Smith, E. (2007). The Intersection of Space and Style: How Space Age Revolutionized Design. Chicago: University of Chicago Press.
8. Neil, S. (2012). From Rocket to Runway: The Space Age in Fashion and Design. London: HarperCollins.

ӘОЖ 7.012+687(=512.122) ***ҒТАМР* 14.35.00**

Магистрант, Нүсіпхан А.Д
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті (Алматы,Қазақстан)
Ғылыми жетекші: п.ғ.к. қауымд., профессор Сманова А.С

ЗАМАНАУИ СӘН ДИЗАЙНЫНДАҒЫ ЭТНОСТИЛЬ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

АҢДАТПА

Бұл мақалада заманауи сән дизайнындағы этностиль ерекшеліктері қарастырылады. Ұлттық ою-өрнектер, табиғи материалдар, дәстүрлі қолөнер техникасы және ерекше пішімдер арқылы этностильдің қалыптасу үрдісі сипатталады. Сонымен қатар, оның заманауи сән индустриясындағы маңыздылығы мен әлемдік дизайнерлердің ұлттық нақыш элементтерін қолдану тенденциялары талданады. Этностиль – мәдени мұраны сақтаудың және оны жаңа заманға бейімдеудің тиімді құралы ретінде қарастырылады. Сонымен қатар заманауи сән дизайнындағы этностильдің қалыптасуы, дамуы және оның әлемдік сән индустриясындағы маңызы талданады. Этностиль – ұлттық мәдениет пен дәстүрді сән арқылы жаңғыртуға бағытталған ерекше бағыт. Ол тек сән үлгілерінде ғана емес, аксессуарлар, зергерлік бұйымдар мен интерьер дизайнында да кеңінен көрініс табады.

Зерттеу барысында этностильдің негізгі ерекшеліктері анықталып, оның сән әлеміндегі рөлі сипатталады. Бұл стильдің басты элементтері ретінде ұлттық ою-өрнектер, табиғи материалдар, қолдан жасалған бұйымдар, кесте мен тоқымашылық өнері қарастырылады. Қазақ этностилінің ерекшеліктеріне шапан, камзол, бешпет, тақия сынды ұлттық киім үлгілерінің заманауи сәнге бейімделуі, киізден және жібектен жасалған бұйымдардың сұранысқа ие болуы жатады.

Мақалада Gucci, Dior, Valentino, Alexander McQueen сынды әйгілі сән үйлерінің этностильді өз коллекцияларында қолдану тәжірибесі талданады. Сонымен қатар, тұрақты сән (sustainable fashion) қозғалысы мен этникалық сәннің өзара байланысы көрсетіледі.

Қорытынды бөлімде этностильдің заманауи сәндегі рөлі мен оның болашақ даму бағыттары сарапталады. Этникалық элементтерді сәнде қолдану тек эстетикалық құндылық қана емес, сонымен қатар ұлттық мәдени мұраны сақтау мен оны әлемдік деңгейде танытудың маңызды құралы екені дәлелденеді.

ТІРЕК СӨЗДЕР: Этностиль, заманауи сән, ұлттық нақыш, ою-өрнек, дәстүрлі киім, қазақ сәні, сән индустриясы, табиғи материалдар, қолөнер, этникалық мотивтер, мәдени мұра, тұрақты сән, сән трендтері, сән бренді, сәндік элементтер.

Магистрант, Нусупхан А.Д.
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
(Алматы, Казахстан)
Научный руководитель: кандидат педагогических наук,ассоц.профессор Сманова А.С.

ОСОБЕННОСТИ ЭТНО-СТИЛЯ В СОВРЕМЕННОМ МОДНОМ ДИЗАЙНЕ

АННОТАЦИЯ

В статье рассматриваются особенности этностиля в современном дизайне одежды. Процесс формирования этностиля характеризуется использованием национальных орнаментов, натуральных материалов, традиционных ремесленных приемов и уникальных форм. Кроме того, анализируется его значение в современной индустрии моды и тенденции использования элементов национального узора мировыми дизайнерами. Этностиль считается эффективным средством сохранения культурного наследия и адаптации его к современности. Кроме того, всесторонне рассматривается становление и развитие этностиля в современном дизайне одежды, его значение в мировой индустрии моды. Этностиль – уникальное направление, направленное на

возрождение национальной культуры и традиций посредством моды. Это широко отражено не только в моделях одежды, но и в аксессуарах, ювелирных изделиях и дизайне интерьера.

В исследовании выявлены основные черты этностиля и описана его роль в мире моды. Основными элементами этого стиля считаются национальные орнаменты, натуральные материалы, изделия ручной работы, вышивка и ткачество. К особенностям казахского этностиля можно отнести адаптацию к современной моде национальных фасонов одежды, таких как шапан, камзол, бешпет, тюрбан, а также востребованность изделий из войлока и шелка.

В статье анализируется опыт известных домов моды, таких как Gucci, Dior, Valentino, Alexander McQueen, по использованию этнического стиля в своих коллекциях. Кроме того, подчеркивается связь между движением за устойчивую моду и этнической модой.

В заключительном разделе анализируется роль этнического стиля в современной моде и направления его дальнейшего развития. Доказано, что использование этнических элементов в моде имеет не только эстетическую ценность, но и является важным средством сохранения национального культурного наследия и его популяризации в мировом масштабе.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: Этностиль, современная мода, национальный узор, орнамент, традиционная одежда, казахская мода, индустрия моды, натуральные материалы, ремесла, этнические мотивы, культурное наследие, устойчивая мода, модные тенденции, модный бренд, декоративные элементы.

Master's student Nussipkhan A.D.
Kazakh National Pedagogical University named after Abay (Almaty, Kazakhstan)
Scientific Supervisor: Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor Smanova A.S.

FEATURES OF ETHNO STYLE IN MODERN FASHION DESIGN

ABSTRACT

The article discusses the features of ethnic style in modern clothing design. The process of ethnic style formation is characterized by the use of national ornaments, natural materials, traditional craft techniques and unique forms. In addition, its significance in the modern fashion industry and the trends in the use of elements of national patterns by world designers are analyzed. Ethnic style is considered an effective means of preserving cultural heritage and adapting it to modern times. In addition, the formation and development of ethnic style in modern clothing design, its significance in the world fashion industry are comprehensively considered. Ethnic style is a unique trend aimed at the revival of national culture and traditions through fashion. This is widely reflected not only in clothing models, but also in accessories, jewelry and interior design.

The study identifies the main features of ethnic style and describes its role in the world of fashion. The main elements of this style are national ornaments, natural materials, handicrafts, embroidery and weaving. The peculiarities of the Kazakh ethnic style include the adaptation of national clothing styles such as shapan, camisole, beshpet, turban to modern fashion, as well as the demand for felt and silk products.

The article analyzes the experience of famous fashion houses such as Gucci, Dior, Valentino, Alexander McQueen in using ethnic style in their collections. In addition, the connection between the sustainable fashion movement and ethnic fashion is emphasized.

The final section analyzes the role of ethnic style in modern fashion and the directions of its further development. It is proven that the use of ethnic elements in fashion has not only aesthetic value, but is also an important means of preserving the national cultural heritage and popularizing it on a global scale.

KEYWORDS: Ethnic style, modern fashion, national pattern, ornament, traditional clothing, Kazakh fashion, fashion industry, natural materials, crafts, ethnic motifs, cultural heritage, sustainable fashion, fashion trends, fashion brand, decorative elements.

КІРІСПЕ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауларында ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді сақтау және дамыту мәселелері кеңінен қарастырылады. Мемлекет басшысы қазақ халқының мемлекет құраушы ұлт ретіндегі рөлін бекемдеп, этносаралық татулық пен дінаралық түсіністікті қалыптастыру қажеттігін атап өтті [1]. Сонымен қатар, еліміздегі этникалық топтардың тілі мен мәдениетін дамытуға жағдай жасай берілетінін және қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келетініне сенім білдірді. Бұл ұстаным ұлттық бірегейлікті нығайтуға және мәдени әртүрлілікті сақтауға ықпал етеді. Қазақ этностилінің дамуы да осы үрдістің бір бөлігі болып, ұлттық мұраны заманауи сәнмен үйлестіру арқылы оны әлемдік деңгейде танытуға мүмкіндік береді. Сондықтан дәстүр мен инновацияны қатар ұштастыра отырып, этностильді дамыту – мәдени жаңғырудың маңызды қадамдарының бірі.

2019 жылы Президент «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды [2]. Бұл заң ұлттық мәдени мұраны сақтау және оны келер ұрпаққа жеткізу мақсатында тарихи-мәдени объектілерді қорғау мен тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді [3]. Заманауи сән дизайнындағы этностиль ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді жаңғыртудың маңызды құралы болып табылады. Ұлттық ою-өрнектер, табиғи материалдар және дәстүрлі қолөнер техникасы арқылы этностиль қазіргі сән әлемінде ерекше орын алады [4]. Осылайша, этностиль мәдени мұраны сақтауға және оны жаңа заманға бейімдеуге ықпал етеді. Бұл заң тарихи-мәдени мұра нысандарын қорғаудың құқықтық негіздерін айқындап, олардың сақталуын қамтамасыз ететін нақты тетіктерді ұсынады [2]. Құжаттың қабылдануы ұлттық мәдениетке деген мемлекеттік қолдаудың артқанын көрсетіп, тарихи-мәдени объектілерді реставрациялау, зерттеу және насихаттау жұмыстарын күшейтуге мүмкіндік берді [3]. Осындай бастамалардың нәтижесінде қазақтың дәстүрлі қолөнері мен ұлттық киім үлгілері қайта жаңғыртылып, заманауи сән индустриясында өзіндік орын ала бастады. Бүгінде этностиль тек киім үлгілерінде ғана емес, зергерлік бұйымдар мен интерьер дизайнында да қолданыс тауып, қазақ мәдени мұрасының бір бөлігі ретінде жаңа қырынан танылуда [4]. Бұл үрдіс ұлттық мәдениетті сақтау мен оны жаһандық деңгейде дәріптеуге бағытталған маңызды қадам болып саналады.

XVIII ғасырда сахналық костюм түбегейлі өзгереді, ол суретшілер жасаған эскиздер бойынша орындалатын болды. Ерлер кеудешелері мен шалбарларын алу үшін киіз, кенеп мата, фланель немесе джерси, жасанды күдері сияқты тығыз материал пайдаланылды. Ескі жамылғылар сәнді төртбұрышты силуэт алуға көмектеседі. Түсі бойынша оңай жасалынатын жеңсіз джемперді күртешеге немесе пальтоға айналдыруға болады. Болеро астында киілетін руфльді көйлек алу үшін руфльдер қарапайым ақ жағасыз көйлекке тігілген. XIX ғасырға қарай сахна костюмінде қойылым дизайнымен байланысып, орындалатын дәуірдің рухы сақталды. Сахналық костюмдердің авторлары мен эскиздерін жасаушылар эскиздер арқылы бейнеленген дәуірдегі костюмдердің дәлдігі мен сенімділігін жеткізуге үлкен қорқынышпен ұмтылды. XIX ғасырдың аяғында. қоюшы-режиссерлер мен суретші-дизайнерлер сахна костюмдеріндегі натурализм мен реализммен күресе бастайды, нәтижесінде сахналық костюмді безендіруде жеңілдетуге, стилизацияға және шарттылыққа әкелді. XX ғасырдың басында сахналық костюмдермен тек танымал суретшілер ғана айналыса бастайды, олардың эскиздері жаңа, өзіндік түпнұсқалылығымен ерекшеленді, сонымен бірге қоюшы-режиссердің идеясына сүйене отырып жасалынды. Сахналық костюмнің дамуына шолу негізінде костюмнің көркемдік дизайнындағы техника талданды (1-кесте).

Кезең	Пішімдеу	Түс символикасы	Стилиз-н бас киім	Аппликация	Кестелеу	Сәндік фурнитура
Ежелгі Греция	+	+	-	-	+	-
Ежелгі Рим	-	+	-	-	+	-

Ортағасырлық кезең	+	+	+	+	-	+
Қайта өрлеу	+	+	+	+	+	+
XVII- XVIII ғ.	+	-	-	-	+	+
XIX ғ.	+	-	-	-	-	+
XX ғ.	+	-	-	-	+	+

1-кесте. Сахна костюмнің көркемдік дизайнындағы пішін мен декорацияға тарихи талдау.

Би костюмі кейіпкерлердің образдық ерекшеліктерін айқындап, олар туралы көптеген ақпарат беретін сахна құралы. Қазіргі кезеңде күнделікті өмірге арналып тігілетін киім дизайнынын қарқынды дамығанымен, сахна костюмдерін зерттеуге арналған материалдар аз, себебі сахна костюмінің эстетикалық категорияларын түсіну күрделі процесс. Сахна костюмдері қозғалыс сызықтарын баса көрсетіп бидің мағынасын ашады және безендіреді, бишіні әдемі бөлшектер арқылы жасырмайды. Өз кезегінде би белгілі бір образ ретінде қарастырылады. Костюм оны сол образды «болжайды» және көріністің мәнін ашуға көмектеседі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сахналық би костюмі – сахна бейнесінің құрамдас бөлігі, бұл орындаушының реинкарнациясына көмектесетін бейнеленген кейіпкердің сыртқы белгілері мен сипаттамалары, көрерменге көркемдік әсер ету құралы. Костюм бұл рөлдің мағынасымен рухтандырылған материя, форма.

Қимыл мен ишара, қозғалыс сахналық бейненің жаңа болмысын жасайтыны сияқты, суретші де қойылымның сол деректерін басшылыққа ала отырып, бейнені өз өнерінің құралдарымен орындайды. Театр өнерінің ғасырлар бойғы тарихында декорация сахналық техниканың жетілдірілуінен ғана емес, сонымен қатар тиісті уақыттағы стильдер мен сәннің барлық бұрылыстарынан туындаған эволюциялық қайта құрудан өтті. Бұл көрініс құрылысының сипатына, жанрына, көрерменнің әлеуметтік құрамына, сахна техникасының деңгейіне байланысты болды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. 1.Тоқаев Қ.Ж. (2022). *Қазақстан халқына Жолдауы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам». Қолжетімді: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K22002022_2*

2. Қазақстан Республикасы мәдени саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 250 қаулысы. *Қолжетімді:*http://adilet.zan.kz (Қол жеткізілген күні: 28.03.2025).

3. Кульбекова А.К. (2001). *Теория и методика преподавания казахского народного танца в вузах культуры и искусств* / Дис. на соис. уч. степ. канд. пед. наук. – М., 2001. – 213 с.

4. 4.Чижова И., Фомин М. (1996). *Русские красавицы в произведениях живописи и фотографии*. М.: Искусство. 240 с

5. Тарабукин Н.М. (2020). *Очерки по истории костюма*. – Москва: ГИТИС. – 152 с.

6. 6.Головня В.В. (1972) *История античного театра*. – Москва: Искусство. – 399 с.

7. Николаева К.В. (2023). *Декор сценического костюма в ретроспективе развития* //Современные тенденции развития науки и техники: теория, методология, практика. – С. 231-234.

8. Макарова Е.В. (2017). *Театральный костюм и аксессуары как один из способов формирования внешнего имиджа театра* //Тамбовский научно-методический центр народного творчества и досуга. Қол жетімді: https://tambovcentr.ru/joomla/images/docs/metodichki/Teatr_Kostym.pdf (Қол жеткізілген күні: 30.03.2025).

9. Гусева М.А. (2015). *Театральный костюм Европы от XVI в. до современности.* Қол жетімді: https://vuzlit.com/563257/teatralnyy_kostyum_evropy_sovremennosti (Қол жеткізілген күні: 30.03.2025).

УДК 68/687 **МРНТИ 64.33.14**

Кошербаева Айман Оралжановна
Педагог исследователь, Мастер производственного обучения
КГКП «Колледж принтмедиа технологий», ani-ali0612@mail.ru
(Алматы, Казахстан

КРЕАТИВНЫЙ ДИЗАЙН: ТРЕНДЫ В МОДЕ, ИСКУССТВЕ И ПРОМЫШЛЕННОМ ДИЗАЙНЕ СКРАПБУКИНГ

АННОТАЦИЯ

Данная статья посвящена исследованию путей популяризации национальных ценностей и духовной культуры через детскую одежду. Цель исследования – подчеркнуть значимость использования традиционных казахских орнаментов и мотивов в дизайне одежды для детей. В современном мире, где рынок переполнен массовой продукцией с сомнительными изображениями, на детской одежде часто появляются принты с агрессивной или пугающей символикой. Это оказывает негативное влияние на формирование психики и эстетического вкуса у подрастающего поколения. В статье анализируются воспитательная роль национальных элементов, их визуальная привлекательность и значение в культурной идентичности. Автор предлагает интегрировать казахские узоры в современный дизайн, используя инновационные материалы и технологии. Это поможет не только сохранить культурное наследие, но и привлечь интерес молодежи к национальным традициям. Работа будет полезна специалистам в области моды, образования, родителям и всем заинтересованным в развитии культурной идентичности детей.

Ключевые слова: национальные ценности, детская одежда, духовная культура, казахские орнаменты, дизайн одежды, воспитание.

Көшербаева Айман Оралжанқызы
Педагог-зерттеуші, Өндірістік оқыту шебері
КМҚК «Принтмедиа технологиялар колледжі», ani-ali0612@mail.ru
(Алматы, Қазақстан)

КРЕАТИВТІ ДИЗАЙН: СӘН, ӨНЕР ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК ДИЗАЙН САЛАЛАРЫНДАҒЫ ТРЕНДТЕР СКРАПБУКИНГ

АҢДАТПА

Бұл мақалада балалар киімі арқылы ұлттық құндылықтарды насихаттау және рухани мәдениетті қалыптастыру жолдары қарастырылады. Зерттеудің негізгі мақсаты – қазіргі таңда сән индустриясында ұлттық нақыштағы элементтерді балалар киіміне енгізудің маңыздылығын көрсету. Бүгінгі таңда шетелдік мәдени өнімдердің әсері салдарынан балалар киімдерінде жағымсыз бейнелер мен психикаға теріс әсер ететін принттер жиі кездеседі. Бұл жағдай болашақ ұрпақтың дүниетанымы мен рухани дамуына қауіп төндіреді. Мақалада ұлттық ою-өрнектердің, дәстүрлі бейнелердің балалар киіміндегі маңыздылығы, олардың тәрбиелік мәні мен эстетикалық құндылығы ашылады. Автор қазіргі заманғы дизайнерлерге ұлттық идеяларды ескере отырып, шығармашылық тәсілдер арқылы киім үлгілерін жасау қажеттігін ұсынады. Сонымен қатар, отандық өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін ұлттық стильді жаңа технологиялармен үйлестірудің жолдары сипатталады. Бұл мақала сәнтанушы мамандарға, педагогтарға және ата-аналарға пайдалы болмақ.

Тірек сөздер: ұлттық құндылықтар, балалар киімі, рухани мәдениет, қазақ оюлары, киім дизайны, тәрбиелік маңыз

Aiman Kosherbayeva Oralzhanovna
Pedagogue-researcher, Master of Industrial Training
SCCE "College of Print Media Technologies", ani-ali0612@mail.ru, (Almaty, Kazakhstan)

CREATIVE DESIGN: TRENDS IN FASHION, ART AND INDUSTRIAL DESIGN SCRAPBOOKING

ANNOTATION

This article explores ways to promote national values and spiritual culture through children's clothing. The primary goal of the study is to emphasize the importance of incorporating traditional Kazakh ornaments and motifs into children's fashion. In the modern clothing market, dominated by mass production, there is a growing presence of prints that may negatively influence a child's psychological and aesthetic development – such as aggressive or frightening characters. The article highlights the educational and cultural potential of national design elements, analyzing their role in shaping identity and emotional well-being. It also suggests ways to integrate these patterns into modern clothing using innovative design methods and sustainable technologies. By making traditional aesthetics relevant and appealing to today's youth, designers can support cultural continuity and national pride. This research is relevant to fashion designers, educators, parents, and anyone interested in fostering cultural identity and values through creative means.

Keywords: national values, children's clothing, spiritual culture, Kazakh ornaments, fashion design, cultural identity.

ВВЕДЕНИЕ

Скрапбукинг – это творческое направление декоративно-прикладного искусства, целью которого является сохранение личных и семейных воспоминаний в форме оформленных фотоальбомов, открыток и арт-книг. В процессе скрапбукинга используются различные материалы: дизайнерская бумага, фотографии, вырезки, декоративные элементы и текстовые вставки. Эта практика объединяет художественный вкус, внимание к деталям и эмоциональную привязанность к содержимому. Статья раскрывает историю возникновения скрапбукинга, его основные техники, стили и направления, а также психологические и образовательные аспекты, влияющие на развитие личности через творчество. Скрапбукинг популярен как среди взрослых, так и среди детей, поскольку позволяет выразить индивидуальность и сохранить значимые жизненные моменты в уникальной форме. В статье также рассматриваются современные тенденции в цифровом и традиционном скрапбукинге. Материал будет полезен как начинающим, так и опытным любителям ручного творчества и дизайна.

Суть скрапбукинга заключается в том, чтобы сочетать фотографии с креативным оформлением, создавая уникальные и персонализированные работы. В отличие от обычных фотоальбомов, скрапбукинг позволяет добавить индивидуальности, выразить свои эмоции и сохранить воспоминания в художественной форме.

Основной элемент любого скрапбукинг-проекта — это **бумага**. Она, может быть, различных видов: текстурированная, дизайнерская, самоклеящаяся. Бумага играет важную роль в оформлении проекта и помогает создать необходимую атмосферу, будь то романтика, ретро-стиль или современный минимализм [1].

Эпоксимат

Одним из интересных материалов, используемых в скрапбукинге, является **эпоксимат.** Это пластичный материал, который может использоваться для создания объемных декоративных элементов. Эпоксимат можно залить в формы, тем самым создавая разнообразные украшения, такие как цветы, буквы или другие элементы, которые затем можно приклеить к страницам альбома [2]. Этот материал помогает добавить глубины и объема проектам, создавая уникальные акценты и детали (рис.1).



Рисунок 1. ***Эпоксимат***

Микроштампы — это штампы маленьких размеров, которые позволяют создавать на страницах тонкие и точные узоры. Их можно использовать для украшения фона, добавления мелких деталей и создания текстур [3]. Микроштампы часто используются для создания декоративных рамок, текстов или орнаментов. Этот инструмент помогает добавить разнообразие в оформление страниц и позволяет использовать самые разные стили — от классического до современного (рис.2).



Рисунок 2. ***Микроштамп***

Текстурные пасты — это специальные составы, которые создают объемные и фактурные элементы на бумаге. Используя текстурные пасты, можно наносить различные узоры и рисунки, которые создают глубину и интерес. Эти пасты могут быть использованы в сочетании с другими материалами, такими как краски и глиттер, что позволяет создавать многослойные и динамичные дизайны [4]. Текстурные пасты — это идеальный инструмент для создания "рельефных" страниц, которые придают проектам более богатый и глубокий вид (рис.3).



Рисунок 3. Текстурные пасты

Глиттер — это блестки, которые часто используются в скрапбукинге для того, чтобы добавить яркости и сияния в проект. Глиттер может быть использован для декорирования титульных страниц, карт или других элементов альбома. Особенно он популярён в праздничных проектах, таких как новогодние или свадебные альбомы. Глиттер наносится на клеевую основу, которая затем фиксирует блёстки. Это простой, но эффектный способ выделить важные детали (рис.4).



Рисунок 4. Глиттер

Дистресс-чернила — это специальные чернила, которые используются для создания эффекта старения бумаги. Они наносятся на края страниц и декоративных элементов, придавая им винтажный вид [5]. Дистресс-чернила могут использоваться как для простого состаривания бумаги, так и для создания различных текстур и акцентов. Особенно популярны они среди тех, кто работает в стиле ретро или винтаж, так как позволяют имитировать потёртости и старение (рис.5).




*Рисунок 5. **Дистресс-чернила***

Эмбоссинг — это техника, с помощью которой можно создавать объемные изображения на бумаге. Процесс заключается в нанесении на бумагу специальной эмбоссинг-пудры, которая расплавляется под воздействием тепла и превращается в объемный рельеф [6]. Эмбоссинг используется для создания текстурных эффектов, надписей, орнаментов или просто украшений, которые выделяются на фоне. Это придаёт проекту не только текстуру, но и дополнительное визуальное восприятие. Эмбоссинг можно использовать для различных декоративных элементов, таких как рамки, буквы или узоры (рис.6).



Рисунок 6. ***Эмбоссинг***

Микс-медиа — это подход в скрапбукинге, который предполагает использование различных материалов и техник для создания многослойных и сложных проектов. Это может включать сочетание бумаги, ткани, краски, штампов, клеевых элементов, глиттера, текстурных паст и других декоративных материалов. Микс-медиа позволяет скрапбукерам создавать неограниченные по своему стилю и визуальному эффекту проекты. Это идеальная техника для тех, кто хочет добавить в свои работы необычные и уникальные элементы (рис.7).



Рисунок 7. Микс-медиа

Микродотсы — это маленькие клеевые точки, которые помогают закрепить маленькие декоративные элементы, такие как бусины, стразы или мини-фото [7]. Они представляют собой прозрачные маленькие точки, которые легко приклеиваются и не оставляют следов клея. Этот материал помогает скреплять элементы без повреждения поверхности, что особенно важно при работе с деликатными материалами, такими как фотография (рис.8).



Рисунок 8. Микродотсы

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

Скрапбукинг — не просто оформление фотографий, это искусство сохранения воспоминаний и создания уникальных историй через декоративные элементы. Использование таких материалов, как эпоксимат, микроштампы, текстурные пасты, глиттер и дистресс-чернила, позволяет создавать многослойные и оригинальные проекты. Эмбоссинг и микс-медиа дают возможность добавить текстуры и визуальные эффекты, а микродотсы обеспечивают точность и аккуратность при работе с мелкими элементами. Скрапбукинг открывает безграничные возможности для самовыражения и творчества, позволяя создавать проекты, которые будут радовать и вдохновлять долгое время.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Буткевич Л. История орнамента: Учебное пособие для студ. высших педагогических учебных заведений. Количество страниц: 275 стр. Издательство: ВЛАДОС, 2010 г.
2. Сокольникова Н.История стилей в искусстве: Учебное пособие. Издательство: Гардарики, 2000 г.
3. Журнал «Скрап-Инфо». Издательство: интернет-портал «СкрапИнфо». Кол- во страниц: 78 стр.
4. Журнал – «СКРАПБУКИНГ. Творческий стиль жизни» + приложение. Количество страниц: 64 стр. Выходит с периодичностью 1 раз в 2 месяца. Издательство: Хобби и Ты.
5. Каминская Е.А. Скрапбукинг. Искусство оформления фотографий и фотоальбомов / Е. А. Каминская. -М.: РИПОЛ классик, 2012. - 256 с.: ил. - (Поделки - самоделки).
6. Татьяна Лаптева. Скрапбукинг. Основы искусства оформления фотографий. М.: Эсмо, 2011
7. Яна Сидакова. Скрапбукинг для начинающих Санкт-Петербург 2014

УДК 68/687 **МРНТИ 64.33.14**

Phd. Молдагажиева З. Д. [1]
Магистрант (2 курс) Каипова. Ж. А. [2]
Алматы Технологиялық Университеті, Алматы қ., Қазақстан

МАРКЕТИНГТІК ЗЕРТТЕУ НЕГІЗІНДЕ СТЮАРДЕССАЛАРҒА АРНАЛҒАН ФОРМАЛЫҚ КИІМДІ ДАЙЫНДАУ

АҢДАТПА

Бұл зерттеу стюардессаларға арналған формалық киімдердің маркетингтік талдауының маңыздылығын қарастырады. Заманауи әуе компаниялары тек классикалық стильді ғана емес, сонымен қатар ыңғайлы және эргономикалық талаптарға сай келетін киім үлгілерін іздеуде. Зерттеу барысында нарықтағы трендтер, тұтынушылардың сұранысы және қауіпсіздік стандарттары талданды. Сонымен қатар, маркетингтік талдау әдістері, соның ішінде Гилберт А. Черчилль әдісі қолданылды. Сауалнама нәтижелері стюардессалар үшін заманауи және функционалды киім үлгілерін әзірлеудің қажеттілігін көрсетті.

Кілт сөздер: стюардесса формасы, маркетингтік талдау, авиакомпания, эргономика, сән трендтері, қауіпсіздік стандарттары, тұтынушы сұранысы, классикалық стиль, функционалдылық, материал сапасы.

Phd. Молдагажиева З. Д. [1]
Магистрант (2 курс) Каипова. Ж. А. [2]
Алматинский Технологический Университет, г. Алматы, Казахстан

РАЗРАБОТКА УНИФОРМЫ ДЛЯ БОРТПРОВОДНИКОВ НА ОСНОВЕ МАРКЕТИНГОВЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ.

АННОТАЦИЯ

Исследование посвящено анализу значимости маркетингового анализа в производстве униформы для стюардесс. Современные авиакомпании стремятся не только к классическому стилю, но и к созданию удобных и эргономичных моделей одежды. В ходе исследования были изучены рыночные тенденции, предпочтения потребителей и стандарты безопасности. Также применялись методы маркетингового анализа, включая метод Гилберта А. Черчилля. Результаты опросов показали необходимость разработки современной и функциональной униформы для стюардесс.

Ключевые слова: форма стюардесс, маркетинговый анализ, авиакомпания, эргономика, модные тенденции, стандарты безопасности, потребительский спрос, классический стиль, функциональность, качество материалов.

Phd. Moldagazhieva Z. D. [1]
Master's student (2nd year) Kaipova. Zh. A. [2]
Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan

DEVELOPMENT OF A UNIFORM FOR FLIGHT ATTENDANTS BASED ON MARKETING RESEARCH

ABSTRACT

This study examines the importance of marketing analysis in the production of uniforms for flight attendants. Modern airlines are seeking not only classic styles but also clothing models that meet comfort and ergonomic requirements. The research analyzed market trends, consumer

demands, and safety standards. Additionally, marketing analysis methods, including the Gilbert A. Churchill approach, were applied. Survey results highlighted the need to develop modern and functional uniform designs for flight attendants.

Keywords: flight attendant uniform, marketing analysis, airline, ergonomics, fashion trends, safety standards, consumer demand, classic style, functionality, material quality.

КІРІСПЕ

Заманауи авиация индустриясында стюардессалар қызметтің маңызды және ерекшеленетін бөлігі болып табылады [1]. Олардың формалық киімдері тек функционалдық емес, сонымен қатар компанияның имиджі мен брендін танытуда үлкен рөл атқарады. Формалық киімдер стюардессалардың кәсіби бейнесін қалыптастырады, жолаушыларға сенімділік және қызмет көрсету сапасы туралы әсер қалдырады. Сондықтан, стюардессаларға арналған формалық киімдерді өндірудегі маркетингтік талдау — бұл тек өнімнің дизайны мен сапасын бағалау емес, сонымен қатар нарықтың қажеттіліктерін, трендтер мен бәсекелестік жағдайларды зерделеуге негізделген кешенді процесс.

Маркетингтік талдау стюардессаларға арналған киімдерді өндіруде көптеген маңыздылықтарға ие. Біріншіден, ол тұтынушылардың талаптары мен талғамдарын анықтауға көмектеседі, соның арқасында өндірушілер өз өнімдерін нарыққа тиімді түрде шығара алады. Екіншіден, бәсекелестердің талдауын жүргізу арқылы компания өз позициясын нығайту және дифференциациялау стратегиясын әзірлеу мүмкіндігін алады. Үшіншіден, нарықтық трендтер мен дәстүрлерді мониторинг жасау, формалық киімдердің инновациялық аспектілерін енгізуге және уақыт талабына сәйкес бейімделуге мүмкіндік береді.

Осылайша, стюардессаларға арналған формалық киімдерді өндірудегі маркетингтік талдаудың маңыздылығы оның экономикалық тиімділігін арттыру, бренд имиджін бекіту және тұтынушылардың сенімін нығайту үшін қажет.

Қазіргі таңда Қазақстан және дүниежүзі әуекомпанияланың стюардссаларына ұсынып отырған униформалары қатаң критерилерден тұрады. Оның бірі катаң классикалық стильдегі униформа және қынамалы силуэтте орындалған бұйымдар (көбінесе көйлек, белдемше, жакет, жейде және жилет ұсынылады) және биік өкшелі туфли. Әдетте ұсынылатын маталар қатарына аралас талшықты костюм матасы мен табиғи мақта матасы (жейдеге) жатады[2]. Алайда, бұл мәселенің өзектілігін байқаған әлемнің жаңа, жас әуе компаниялары өзінің стюардессаларына баламалы нұсқаларын ұсыну барысында. Жаңа заманның әуекомпаниялары стюардессаларына классикалық стильді ғана емес кэжуал (күнделікті) стильді униформаны ұсынуда. Бұл өз кезегінде стюардессалардың бұл сұраққа қызығын арттырып, ыңғайлы нұсқаны таңдауға және форма таңдау барысында өзінің ыңғайлылығын ойлауға мүмкіндік берді.

Осыған байланысты зерттеудің мақсаты: стюардессалардың формасының жетілдірілген заманауи дизайнын және эрганомикалық талаптарын ескере отырып жаңа заманауи форма үлгісін ұсынуда маркетнгтік талдау жүргізу.

Стюардессаларға арналған формалық киімдерді өндірудегі маркетингтік талдаудың маңыздылығы тақырыбының міндеттерін анықтау кезінде, мынадай негізгі аспектілерді қарастыру керек:

– Стюардессаларға арналған киімдер нарығындағы трендтер мен өзгерістерді зерттеу.

– Стюардессалар мен әуе компанияларының қажеттіліктерін, стильдік және функционалдық талаптарын анықтау.

– Функционалды және эстетикалық аспектілерді зерттеу: материалдың сапасы, дизайны, киімнің жайлылығы.

– Киімдердің қауіпсіздік стандарттарына сай болуын қамтамасыз ету.

– Кері байланыс жинау және талдау:

Осы міндеттерді орындау арқылы стюардессаларға арналған формалық киімдерді өндіру мен жеткізудің тиімділігін арттыруға және нарықта бәсекелестік артықшылыққа қол жеткізуге болады.

Заманауи стюардессалардың киімдері тек сәнді ғана емес, сонымен қатар функционалды болуы керек. Комфорт, жеңілдік және қозғалыс еркіндігі маңызды болып табылады. Нарықта су өткізбейтін, желге төзімді, жиі жууға болатын маталардан тігілген киімдер көптеп ұсынылуда. Үздіксіз экологиялық мәселелерге байланысты, көптеген авиакомпаниялар экологиялық таза материалдарды пайдалануға және тұрақты өндірістік әдістерге көшуге тырысады. Бұл, өз кезегінде, стюардессалар киімдерінің дизайны мен материалына әсер етеді. Стюардессалардың киімдері компанияның корпоративтік имиджін көрсетуі тиіс, бірақ сонымен қатар заманауи сән трендтеріне сай болуы маңызды. Дизайнерлер классикалық элементтерді заманауи стильмен үйлестіруде. Жарқын түстер, сәнді кескіндер және жеке ерекшеліктерді көрсетуге мүмкіндік беретін аксессуарлар қолданылуда. Әуежай мен пассажирлердің қауіпсіздігі: covid-19 пандемиясынан кейін, денсаулық пен қауіпсіздік мәселелері алдыңғы қатарға шықты. Бұл стюардессалар киімдерінің дизайнына, бактерияларға қарсы материалдардың қолданылуына, сондай-ақ маскалар мен басқа да қорғаныш құралдарымен үйлесімге әсер етті. Сонымен қатар, стюардессаларға арналған киімдер нарығында әртүрлі этникалық және мәдени ерекшеліктерді ескере отырып, қосымша параметрлер мен стильдер пайда болуда. Көптеген авиакомпаниялар әр стюардессаның жеке ерекшелігін ескере отырып, кастомизацияланған шешімдерді дамытуда.

Бүгінгі таңда, стюардессалардың киімдеріне қатысты нарықта экономикалық және әлеуметтік трендтер де маңызды рөл атқарады.

Жұмысқа қабылдайтын әр компания жолсеріктерге түрлі талап қояды, бірақ көбіне бұл қызметке 19-30 жас аралығындағы, бойы 160-тан 180 см-ге дейінгі қыздарды алады. Сонымен қатар болашақ стюардессаның келбеті сүйкімді, дене сымбаты 48-ші өлшемге дейін және сөйлеу мәнерінде мін болмауы тиіс. Білімі ортадан төмен емес, ал мамандығына аса назар аударылмайды. Есесіне бірнеше тіл білуі маңызды — әсіресе ең негізгі қазақ, орыс және ағылышын тілдерін.

Жолсеріктің денсаулығы мықты болуы қажет, жүзе білуі керек және әрдайым спортпен шұғылданып тұрғаны дұрыс. Бортқа созылмалы аурулары бар қыздарды және көз көруі -2,5-тен төмен болса алмайды.

Стюардессаларға арналған киімдердің қауіпсіздік стандарттарына сай болуы – бұл авиациялық қауіпсіздіктің маңызды аспектілерінің бірі. Олар ұшу кезінде стюардессаларға қауіпсіздікті, жайлылықты және кәсіби имиджді қамтамасыз ету үшін арнайы жобаланады.

Стюардессалардың киімдері жанғыш емес немесе минималды жанғыш материалдардан жасалуы тиіс. Бұл темекі шегу немесе электр жабдықтарының ақаулары сияқты жағдайларда өрт қаупін азайтуға көмектеседі. Тасымалдаушының жұмысы көбінесе жылдам қозғалысты және ұзақ уақыт бойы аяқта тұруды талап етеді. Сондықтан, киімдер ыңғайлы, созылмалы және ауа өткізетін материалдардан жасалуы керек. Стюардесса киімдері гигиеналық нормаларға сай болуы тиіс. Олар оңай жуу және тазалау үшін арнайы материалдардан жасалуы керек. Әртүрлі климаттық жағдайларда (суық, ыстық, ылғалдылық) жұмыс істейтін стюардессаларға сәйкес киімдерді әзірлеу маңызды.

Стюардессалардың киімдерінің қауіпсіздік стандарттарына сай болуы – бұл сапар барысында жолаушылардың және экипаждың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды элементі. Сонымен қатар, олар сол қызметкерлердің кәсіби бейнесін де қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Ең алдымен стюардессалар арасында сауалнама жүргізілді (40 маманнан), стюардессалардың еңбек жағдайына талдау жасалынды, эргономикалық талаптарын меңгеріп, форманың бұйым жиынтығын, жасалынатын мата түрлерін анықтап талдау жүргізілді.

Компания қызметкерлерінің сұраныстарын зерттеу барысында маркетингтік зерттеулер жүргізілді. Бұл зерттеу қазіргі уақытта әуе саласы үшін қажетті болып табылады. Уақыт өткеніне қарамастан, бұл маркетингтік зерттеу әдісі әр салада маңыздылыққа ие болды.


Бүгінгі таңда барлық табысты әуе компаниялары өздерінің нарықтағы орны мен бәсекелестік артықшылығы бойынша маркетингтік зерттеулерге сүйенуге міндетті.. Қазіргі кезде маркетингтік талдаудың көптеген зерттеу әдістерін кездестіреміз. Солардың бірі– сауалнама. Нарықтық аудиторияның сұранысын зерттеу негізінде сауалнама жүргізу әдісін әуе компанияларындағы әйел қызметкерлеріне арналған киім үлгісіне зерттеу жұмысында қолдандық. Зерттеу жұмыстарында Гилберт А.Черчилль зертеу әдісі қолданылды. Гилберт А.Черчилль (Гилберт А. Черчилль) ұсынған маркетингтік зерттеу әдісі маркетингтік зерттеулерді жүргізудің жүйелік тәсілі болып табылады. Ол зерттеудің тиімділігін қамтамасыз ететін және нәтижелердің сенімділігін арттыратын бірнеше негізгі қадамдарды қарастырады.

Черчилль әдісінің негізгі кезеңдері:

1. Мәселені анықтау және мақсат қою
- Зерттеу мәселесін нақты тұжырымдау.
- Жауап табу керек негізгі сұрақтарды анықтау.
- Зерттеу мақсаттарын анықтау (мысалы, сипаттамалық, себептік, зерттеу).
2. Зерттеу дизайнын таңдау
- Зерттеу стратегиясын әзірлеу (сапалық немесе сандық әдістер).
- Әдістемені таңдау (сауалнамалар, эксперименттер, бақылаулар және т.б.).
- Деректер көздерін анықтау (бастапқы немесе қайталама).

3. Деректерді өлшеу әдістері мен жинау әдістерін әзірлеу
- Өлшеу шкалаларын анықтау (номиналды, реттік, интервалдық, салыстырмалы)

Стюардессалардың сұранысын анықтау барысында, маркетингтік талдау, соның ішінде сауалнама әдісін жүргізу арқылы қорытынды жасалынды. Сауалнама осы мамандықта білім алатын, және әуе жол саласында жұмыс істеп, білім алатын әртүрлі жас аралықтағы 40 әйелдер мен бойжеткендер арасында жүргізілді. Бұл маркетингтік талдау электронды түрде дайындалған сауалнама (смартфон) арқылы жүргізілді. Маркетингтік зерттеу нәтижесі Черчилль Г. А. Негізгі әдістерін пайдалану сипатын зерттей келе нәтижелері диаграмма түрінде көрсетілді (сурет-1).



Сурет 1- Сауалнаманың нәтижесі

Сауалнаманың нәтижесін талқылайтын болсақ, қазіргі таңда әуе жолында қызмет көрсететін стюардессалар 16 %- ы классикалық стильдегі киім үлгісін таңдады. Себебі

классикалық стиль кез-келген уақытта, және кез-келген стильге үйлесімділікті береді. XXI ғасырда адамдардың уақыттарының көбісін жұмыста өткізеді, сол жұмыс барысында киімде өздерін ыңғайлы, қимыл қозғалыста кезінде еркін сезінгісі келеді, сол себепті сауаланмаға қатысушылардың 11 %-ы кэжуалды таңдады. Оверсайз стильдегі стюардессаға арналған киім үлгісін ыңғайлық пен ерекше стиль түрін қолданғысы келетін қызметкерлердің 13%- ы таңдады. Ал классика мен кэжуал қосындысын 60%- ы таңдады Стюардессалар, артық айтпағанда, әуе компаниясының бет-бейнесі. Сондықтан олардың формасына ерекше көңіл бөлінеді. Кейбір компаниялар классиканы жақсы көреді – қынамалы және жартылай қынамалы силуэтте жакеттер, көйлектер, бейтарап, бекітілген курткалар, қарындаш юбкалар және төмен, тұрақты каблук бар аяқ киім. Бірақ стюардессалардың формасын түпнұсқа немесе ұлттық нақышта (кейде екеуі бір мезгілде) жасауға тырысатындар да бар. Бірақ соңғы кездері униформалар заманауи, жаңаша түрде ұсынылып жатыр. Яғни, кейбір компаниялар қызметкерлері ескірген қынамалы силуэтті юбка мен биік өкшелі аяқ киімдердің орнына шалбар киіп, кроссовкамен жүгіреді. Қызметкерлерге ыңғайлы болумен қатар, компания планетаның қауіпсіздігін де ойлайды.

Қазіргі таңда әлемнің әуе компаниялары стюардессаларына жылына 1-2 рет маусымдық форма тігіп беруге қаражат бөледі. Яғни бұл компанияның статусы мен қаражатына байланысты болып келеді. Сондықтан стюардессалардың жылына 1-2 рет қана өлшемдерін ұсыну мүмкіндігі болады, яғни қалған уақытта стюардессаның дене бітімінің өзгеріске ұшырап немесе өлшемінің өзгеріске ұшырауына байланысты форманы өзгертуге мүмкіндігі болмайды.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ МЕН ТАЛҚЫЛАУ

Стюардессаларға арналған формалық киім үлгісінің жетілдірілген дизайнын әзірлеуге арналған ғылыми еңбектерді талдау барысында және ғылыми-ақпараттық дереккөздерді қарастыру барысында бұл мәселенің ТМД елдерінде және Қазақстан бойынша аз мөлшерде қарастырылғанын көрсетті.

Дегенмен, Қазақстанда стюардесслардың формалық киімінің сұранысқа ие екенін ескере отырып, осы бағытты тағы да жақсылап қарастыруға ұсыныс бар. Қазақстандық тігін фабрикаларына жасалған талдау фабрикалардың бортсерітестердің формасының нарығын жаулап алуға ұмтылмайтынын көрсетті. Көптеген Отандық авиакомпания фирмалық формасын жеке кәсіпкерлерге тендер арқылы ұсыныс жасап арнайы тіктірп алады, бірақ ортақ конструкцияға және матаға деген талаптар әліде жоқ. Зауыттардың негізгі проблемасы осы саладағы ғылыми зерттеулердің жеткіліксіз көлемі болып табылады, бұл отандық фабрикалардың осы бағыттағы формалардың дизайны және конструкциясына және материалдарына әртүрлі сапада жасалынғанына әкеледі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келсек Қазақстандағы әуе компанияларының стюардессаларға ұсынылып жатқан формаларын талдай отырып, көбінесе компаниялар формаларды классикалық стильде және фирма келбетіне, статусына сай жасалып жатқанын байқаймыз.

Әліде стюардесса формаларының жиынтығына көптеген факторларды ескере отырып өзгерістер енгізуге болатынын ескерсе болады. Ол жоғарыда айтып кеткендей әуе тасымалы – көптеген ережелерді қатаң сақтауды талап ететін ерекше көлік түрі болып табылады. Стюардессалардың формалық киімдерінің келбетті дизайнынан басқа, стюардессаның формалық киімдері функционалды және ыңғайлы болуы керек. Стюардесса формасы қауіпсіздік пен сапалы қызмет көрсету стандарттарын көрсететін кәсібиліктің құралы да, символы ретінде де қызмет етеді. Яғни, форма төтенше жағдайда жолаушыларға тез қауіпсіздік жағдайын қамтамасыз ететін моменттерде қозғалсыта ыңғайлы болуы тиіс.

Сол себепті стюардессалар формасының отандық және шет елдік компаниялар ұсынған дизайндарына талдау жасалынды. Талдау нәтижесінде қазіргі таңда көптеген әуе компаниялары стюардессаларына қынамалы және жартылай қынамалы силуэтті бұйымдарды ұсынатынына көзіміз жетті.

Стюардессаларға арналған фирмалық киімдерді жобалау әдістемесін дайындау тақырыбы бойынша жүргізілген зерттеу нәтижесінде бірқатар тұжырымдар жасауға болады:

– Стюардессаның корпоративтік формасындағы дизайны мен матаның құрамын талдай отырып, қорғау әдісі ретінде қолданылатын маталарды терең және жан-жақты зерттеп, көбірек алуға бағытталған.

– Дизайн және ол жасалған материалдар бойынша форма бортсеріктердің еркін қозғалуына және өз міндеттерін шектеусіз орындауына мүмкіндік беретін ыңғайлы болуы керек. Сонымен қатар, формада жолаушыларға жайлылықты жақсартатын мүмкіндіктер болуы мүмкін, мысалы, шағын заттарды сақтауға арналған қалталар немесе арнайы гигиеналық элементтер

– Киім дизайнының сапасын эргономикалық көрсеткіштер бойынша арттыру және жақсарту бағытында ғылыми еңбектерді талдау арқылы теориялық зерттеулер жүргізілуі.

– Стюардессаларға арналған фирмалық киімдердің дизайнына эргономикалық қозғалыстардың әсері туралы эксперименталды зерттеулер жүргізілуде.

– Жұмыстың ғылыми жаңалығы:

– Бұл жұмыс түрі бойынша зерттеулер аз жүргізілген;

– Жақсартылған жаңа қолайлы дизайн ұсынылады;

– Қолданылған маталарды зерттей отыра, жаңа инновациялық маталарды қарастырып, ұсынылады;

– Динамикалық позицияларды ескере отырып, жаңа конструкция мен жайма түрлері ұсынылады;

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. https://premiumtravel.kz/content/desyat-maloizvestnyh-faktov-o-sovremennoy-uniforme-bortprovodnikov
2. https://bespokela.kz/uniform.
3. Орленко Л.В., Гаврилова Н.И. Конфекционирование материалов для одежды: учеб. Пособие. - М.: Форум, 2016. - 134с.
3. Азгальдов Г.Г., Азгальдова Л. А. Количественная оценка качества (Квалиметрия). Библиография. <http://www.labrate.ru/azgaldov/azgaldov-azgaldova_qualimetry-2016.pdf> - М.: Изд-во стандартов, 2016.
4. Азгальдов Г.Г. Теория и практика оценки качества товаров (основы квалиметрии). - М.: Экономика, 2018.
5. Кирюхин СМ Соловьев АН Контроль и управление качеством текстильных материалов М Изд-во Легкая индустрия 2014г. 312 с.
6. https://kz.kursiv.media/2021-08-15/kak-menyalas-forma-styuardess-s-1930-kh-do-2021goda/ 12.11.2023
7. https://spectkan.by/tkani-dlja-formenoi-odezhdy.html 11.12.2023
8. https://vogue.ua/ru/article/fashion/brend/5-modnyh-brendov-razrabotavshih-form-dlyaaviakompaniy-45346.html 13.12.2023
9. https://kz.kursiv.media/2021-08-15/kak-menyalas-forma-styuardess-s-1930-kh-do-2021goda/ 16.12.2023
10. https://vk.com/@rossiya_airlines-o-forme-bortprovodnikov 18.12.2023
11. Пути развития текстильной и легкой промышленности (Директор, февраль, 2014, Лебедев В.В., Фомченкова Л.Н., Шамис И.А.)

IV БӨЛІМ. МУЗЫКАЛЫҚ, МӘДЕНИ-ДЕМАЛЫС ЖӘНЕ ХОРЕОГРАФИЯЛЫҚ САЛАЛАРДАҒЫ ЗАМАНАУИ ҮРДІСТЕР МЕН ИННОВАЦИЯЛАР

СЕКЦИЯ IV. СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И ИННОВАЦИИ В МУЗЫКАЛЬНОЙ, КУЛЬТУРНО-ДОСУГОВОЙ И ХОРЕОГРАФИЧЕСКОЙ СФЕРАХ

SECTION IV. CURRENT TRENDS AND INNOVATIONS IN MUSIC, CULTURAL, LEISURE AND CHOREOGRAPHIC FIELDS

УДК 378.6 *МРНТИ 14.35.07*

Т.Б.Рахметов[1], Ә.Ә. Момбек[1]*
[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет (Алматы, Казахстан)
**takhaui85@mail.ru*

ҚАЗАҚСТАН ВОКАЛДЫҚ МЕКТЕБІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

Аңдатпа

Қазақстанның вокалдық мектебінің қалыптасуы өз түбірін көне қазақ мәдениетімен байланыстырып, нақты даму тарихын кеңестік кезеңде пайда болған арнайы музыкалық оқу орындарының пайда болуымен сабақтаймыз. Қазақ даласына келген әлемдік классикалық стильдің жергілікті мәдениетке әсері, халықтың ән айтудағы өзіндік ерекшелік педагогикалық дәстүрлерді қалыптастырды. Бірте-бірте білім беру мен мәдени ортаның дамуымен бұл дәстүрлер нығайып түрленді. Мақалада Қазақстандағы вокал өнерінің бай және көп қырлы мәдени тәжірибенің дәстүрлі және заманауи аспектілерін қамтитын эволюциясы қазақ халқының ән айтудағы сарыны тұрғысынан талдау жүргізу аспектісімен басталып,қазіргі таңдағы кәсіби вокалдық оқу орындарының қалыптасу жағдайлары мен халықтық фольклорлық музыка мен классикалық музыканың бір бірлеріне әсерлері қарастырылады. Қазақ вокалдық өнерінің негізгі ерекшеліктері, оның тарихи тамыры, әлеуметтік-мәдени контексттегі рөлі анықтайды. Сонымен бірге, академиялық вокалдық үлгіде болашақ әншілерді даярлауда тарихи орын алатын Алматы консерваториясының бастауында тұрған вокалист оқытушылар және олардың ізін жалғастыру жолындағы шәкірттері айқындалса, сондай-ақ, академиялық вокалдық дәстүрдің еніп, сол дәстүрді қазақ балаларына үйретумен ұласқан вокалдық мектептің гүлденуімен тұспа-тұс келетін және қазақ жерінің түпкір-түпкірінде классикалық ән салуда мамандарды даярлап отырған оқу орындарындағы консерваториядан түлеп ұшқан, сол вокалдық дәстүрді жалғастырып келетін шәкірттер мен оқытушылар және олардың академиялық ән салу жолындағы дәстүрлері қарастырылады.

Түйін сөздер: сарын, вокалдық өнер, вокалдық мектеп, академиялық ән салу.

Т.Б.Рахметов[1], А.А. Момбек [1]*
[1] Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан)
**takhaui85@mail.ru*

СТАНОВЛЕНИЕ И РАЗВИТИЕ ВОКАЛЬНОЙ ШКОЛЫ КАЗАХСТАНА

Аннотация

В данной статье рассматриваются традиции становление вокальной школы Казахстана, которая своими корнями связана с древней казахской культурой, а реальная историю развития – с появлением специальных музыкальных учебных заведений. Прослеживается идея влияние мирового классического стиля на музыкальную культуру, обосновывается мысль о том, что своеобразие народного пения сформировали вокальные педагогические традиции. Постепенно с развитием образования и культурной среды эти традиции укреплялись и трансформировались. Значительное место в статье автор акцентирует на вопросах развития вокального искусства, включающие традиционные и современные аспекты богатого и многогранного культурного опыта, начиная с аспекта проведения анализа с точки зрения певческого мастерства казахского народа, состояния формирования современных профессиональных вокальных учебных заведений и влияния народного фольклора и классической музыки друг на друга. Определяет основные особенности казахского вокального искусства, его исторические корни и роль в социокультурном контексте. Вместе с тем, уделяет внимание преподавателям-вокалистам,

стоящие у истоков Алматинской консерватории, занимающие историческое место в подготовке будущих певцов, которые продолжают воплощать традицию академического пения вокальной школы Казахстана. В данной статье предпринята попытка раскрыть основные вопросы становления и развития вокальной школы Казахстана.

Ключевые слова: сарын, вокальное искусство, вокальная школа, академическое пение.

T.Rakhmetov[1], A.A. Mombek [1]*
[1] Kazakh National Pedagogical University named after Abai (Almaty, Kazakhstan)
**takhaui85@mail.ru*

FORMATION AND DEVELOPMENT OF THE KAZAKHSTAN VOCAL SCHOOL

Abstract

This article considers the traditions of formation of vocal school of Kazakhstan, which has its roots in the ancient Kazakh culture, and the real history of development - with the emergence of special musical educational institutions. The idea of influence of the world classical style on musical culture is traced, the idea that the originality of folk singing was formed by vocal pedagogical traditions is substantiated. Gradually with the development of education and cultural environment these traditions were strengthened and transformed. The author focuses a considerable place in the article on the issues of development of vocal art, including traditional and modern aspects of rich and multifaceted cultural experience, starting from the aspect of analysis from the point of view of singing skills of Kazakh people, the state of formation of modern professional vocal educational institutions and the influence of folklore and classical music on each other. Identifies the main features of Kazakh vocal art, its historical roots and its role in the socio-cultural context. At the same time, the author pays attention to the teachers-vocalists, who stood at the origins of the Almaty Conservatory, occupying a historical place in the training of future singers, who continue to embody the tradition of academic singing of the vocal school of Kazakhstan. This article attempts to reveal the main issues of formation and development of the vocal school of Kazakhstan.

Keywords: Saryn, vocal arts, vocal school, academic singing.

Кіріспе. Адамзат өркениетінде вокалдық мәдениет әрбір ел мен ұлттың негізгі құндылығы болып отыр. Өзінің ұзақ тарихында қазақ вокалдық музыкасы көшпелі өркениетке тән бірегей дәстүрлер мен стильдерді қалыптастыра алды. Уақыт өткен сайын қазақ вокал мектебі әртүрлі қиындықтар мен мүмкіндіктерге тап болды. *Біріншіден,* дәстүрлі вокалдық музыка бұрынғысынша қазақ халқының негізгі діңгегі болып қала береді. Осы себептерден де түпнұсқада жақсы сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болуы қажет. *Екіншіден,* интернационалдандыруды атасақ болады. Өзге елдер немесе ұлттардың арасындағы мәдени алмасу қазақ вокал мектебінің әлемдік аренадағы қайталанбас ерекшелігімен көрініс табуына мүмкіндік береді. Қай халыққа болмасын ән айту – бұл вокалды бай және алуан түрлі ететін әртүрлі әдістерді қолдануды қамтитын тұтас ғылым. Арнайы әдістер орындаушыларға эмоцияларды қосуға, музыкалық шығармаларды жандандыруға мүмкіндік береді [1].

Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы қоғамның барлық саласының соның ішінде білім беру, өнер және мәдениеттің дамуын талап етті. Классикалық және ұлттық жанрлардың ең жақсы дәстүрлерін біріктіретін музыкалық өнердің осындай салаларының бірі – өз кезегінде вокалдық мектеп пен педагогиканың ұзақ жылдар бойы қалыптасуының арқасында дамыған вокалдық өнер екендігі мәлім. Ғылыми-техникалық үрдістің, жасанды интеллектінің өсуі жағдайында болашақ ұрпақ үшін халықтың бай музыкалық дәстүрлерін сақтау маңызды. Сонымен қатар, қазіргі заманғы реалити-шоудың дамуы ұлттық

құндылықтан құралған Қазақстанның вокалдық мектебінің дәстүрлерінің сабақтастығын ашуға кедергі келтіреді [2, Б.10].

Аталмыш кедергілерді ескере отырып, қазақ вокал мектебінің алдында үлкен міндеттер тұр. Мысалы, дәстүрлі вокалдық музыканың заманауи музыкамен үйлесуі, заманауи музыка элементтерін сіңіру және сондай-ақ қазіргі адамдардың талғамы мен қажеттіліктеріне сай дәстүрлі вокалдық музыканы бейімдеу мен жаңарту.

Әдіснама мен әдістеме. Қазақстанның вокалдық музыкалық мәдениетін, соның ішінде вокалдық мектептердің қалыптасуының генезисін айқындаудағы зерттеу жұмысы бірнеше негізгі тәсілдер мен зерттеу әдістерін қамтитын күрделі және көп қырлы үрдіс болып табылады. Осындай тәсілдердің бірі – елдің музыкалық дәстүрлері мен вокалдық мектебінің эволюциясын ашуда маңызды рөл атқаратын *тарихи талдау*. Педагогикада ақпараттарды тарихи талдау тәсіліне С.В. Бобрышов «... тарихи генезисті анықтаудағы қиындықтарды жеңу педагогика тарихын тәртіптік талдаудың әртүрлі аспектілеріне, атап айтқанда, ғылым – практика, ғылым – қоғам, ғылым – ғылыми қоғамдастық осьтері бойынша проекцияларға жүгінуді қамтиды» деп оның әдіснамалық базасын көрсетеді [3, Б.48]. Зерттеушілер уақыт өте келе музыкалық мәдениеттің дамуын бақылау үшін мұрағат материалдары, құжаттар, кітаптар және зерттеулер сияқты әртүрлі тарихи дереккөздерге жүгінеді. Бұл әр түрлі тарихи кезеңдерге қандай стильдер, жанрлар мен орындау техникасына тән болғанын, сондай-ақ Қазақстан вокалдық мектептерінің сырттан қандай әсер еткенін түсінуге негіз болады.

Сондай-ақ, зерттеу жұмысында маңызды тәсілдердің бірі *этнографиялық зерттеу* тәсілі қолданылады. Тарихи жолдың өрісіндегі педагогикалық ғылымдардағы этнографиялық тәсілді Е.Л. Христованың пікірінше «...Мәдениет және этнография үшін ортақ аймақ болып табылатын педагогикалық дәстүрлі-тұрмыстық мәдениет туралы ғылым ретінде» қарастырған жөн [4, Б.20]. Оның себебі, кез-келген елдің вокалды-педагогикалық мектебі тарихи оқиғаларды, мәдени дәстүрлерді, әлеуметтік жағдайларды және басқа музыкалық дәстүрлермен өзара әрекеттесуді қоса алғанда, көптеген факторлардың әсерінен қалыптасатынын атап өткен жөн. Ал, қазақ мәдениетіндегі «адамдардың белгілі бір әлеуметтік-мәдени бейімделуін, өмір және мәдени салтын анықтауға, ол өз кезегінде халықтық тәрбие мен этнопедагогика жүйелерінің ерекшеліктерін, мазмұны мен құралдарын анықтауда этнографиялық тәсілдің қолданудың» жөн екенін көрсетеді [5, Б.263]. Осы тұста, Қазақстанның вокалдық мектебін негізін қалаушылармен қатар орындаушылардың заманауи тәжірибелерін, *дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын зерделеуге арналған зерттеулерді* қамтиды. Бұл қазақ жеріндегі вокалдық музыканың әртүрлі жанрларының орындалуын бақылауды, музыкалық іс-шараларға қатысуды және орындаушылармен, тәрбиешілермен алғашқы ақпараттарды алу үшін эспирикалық тәсілдерді қолдануға негіз бола алады.

Мәдени-тарихи-зерттеушілерге Қазақстанның музыкалық мәдениетінің тарихи және мәдени оқиғалармен байланысын талдауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыда, саяси өзгерістер, көші-қон және басқа факторлар музыкалық дәстүрлердің дамуына айтарлықтай әсер етуі мүмкін және оларды есепке алу елдің мәдени өміріндегі терең процестерді түсінуге қатысты. В.Л. Крайник «Мәдениет, мәдени үлгілер, нормалар мен құндылықтар, мәдени қызмет пен мүдделер сияқты мәдени ұғымдарды педагогикалық зерттеулерде мәдениеттанулық тәсілді қолдану арқылы қарастырылу» қажеттілігі жайлы түсіндіреді [6, Б.51]. Осы тұста, Қазақстанның вокалдық-педагогикалық мектебінің *мәдениеттану тәсіліндегі* генезисі осы мектептің қалыптасуына негіз болған және оның бірегей ерекшеліктерін айқындаған тарихи және мәдени факторларды зерттеу болып табылады.


Тиісінше, *компаративті талдау* тәсілі қазақ вокалдық мектебін басқа музыкалық дәстүрлермен және мектептермен салыстыруға мүмкіндік береді. Педагогикалық зерттеулердегі компаративті талдау әдісін зерттеуші, В.В. Марюхина «..компаративті талдау, тәсіл ретінде қазіргі зерттеу қауымдастығының ғылымаралық диалогын күшейтуге ықпал ететін жүйелеу тәсілін жүзеге асыруға мүмкіндік беріп, сондай-ақ, әртүрлі оқиғалар

мен құбылыстарды болжауға және түсіндіруге шексіз мүмкіндіктер беретінін» атап көрсетеді [7, Б.53]. Ал, біздің зертетуімізде, компаративті тәсілді қолдану, қазақ вокалдық музыкалық мәдениетінің бірегей ерекшеліктерін және басқа дәстүрлермен ортақ ерекшеліктерін анықтауға, музыкалық әртүрлілік пен мәдени стильдердің өзара әрекеттесуі туралы түсінігімізді орнықтырады.

Сондай-ақ, Қазақтың вокалдық музыкалық дәстүрін зерттеу сараптамалық ақпарат пен пікір жинау үшін тәжірибелі әншілермен, педагогтармен, зерттеушілермен және мәдени ұйымдардың өкілдерімен сұхбаттар мен сауалнамаларды алуды қамтиды. Сондай-ақ, Қазақ әншілерінің қойылымдарының аудио және бейнеанализі орындаудың ерекшелігі мен дауыс техникасын түсінуге көмектеседі. Ескі жазбалар мен фотосуреттер сияқты дереккөздерді тарихи талдау қазақ вокалдық мектебінің эволюциясын қарастыруға мүмкіндік береді. Басқа музыкалық дәстүрлермен салыстырмалы талдау ерекше белгілерді көрсетеді.

Зерттеу жұмысын жүргізуде, еліміздің өнертану, педагогика, музыкалық білім саласындағы зерттеушілерден сауалнама жүргізілді. Сауалнама, Қазақстан вокалдық мектебінің дәстүрлер генезисі мен педагогикалық дәстүрлер сабақтастығының бастауларын анықтауға арналған сұрақтарды қамтыды. Сауалнама сұрақтары келесі мағұлыматтарды қамтыды.

1. Қазіргі таңда дәстүрлі орындау тәсілдері ән айту мәнерінде сақталған ба?
2. Қазақстан вокал мектебінің қалыптасуы қай тұлғамен байланысты?
3. Жаһандану үрдісі Қазақстанның вокалдық мектебінің дамуына өзгеріс енгізе ме?
4. Вокал өнеріндегі заманауи әдіс Қазақстан дәстүрлерімен үйлесімді ме?



1 Диаграмма – Қазақстан вокал мектебіндегі дәстүрлердің қалыптасуы мен вокалдық педагогикалық сабақтастықты айқындау

Осы сұрақтар негізінде Қазақстан вокалдық мектебінің кешегі және бүгінгі педагогикалық тұрғыда мәселелері мен дәстүрлер сабақтастығының негізін ашуға мүмкіндік береді (1 Диаграмма).

Сауалнама көрсеткіші бойынша вокалдық білім мен тренинг онлайн ресурстар мен оқыту платформаларының арқасында қолжетімді болады. Бұл ерекше дауыс пен стильді көрсете алатын талантты вокалистердің жаңа буынын тәрбиелеуге көмектеседі. Технология мен цифрландырудың дамуымен вокал өнері кең аудиторияға қол жетімді болмақ. Сандық технологияның арқасында музыканы жазу және тарату оңай әрі арзан. Бұл жаңа таланттарға

өз аудиториясын тезірек табуға және өз жұмыстарын әлемге ұсынуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде әр түрлі музыкалық бағыттар мен мәдени әсерлердің үйлесімі ерекше дыбыстар мен орындаушылық тәсілдерді тудырады [8].

Нәтижелер. Музыка әлемінде Вокал өнері әсіресе ән айту арқылы мәдени мұраны беруге келгенде ерекше орын алады. Бай тарихы мен бірегей музыкалық мәдениеті бар Қазақстанның вокалдық мектебі әншілік дағдыларды дамыту және орындаушылық стильдің бірегейлігін сақтау үшін дәстүрлі әдістерді заманауи тәсілдермен үйлестіре отырып, дамуын жалғастыруда. Қазақстанның дәстүрлі вокалдық мектебінің негізгі элементтерінің бірі тыныс алу техникасымен және тыныс алуды басқарумен жұмыс істеу болып табылады. Бұл әсіресе қазақ музыкасына тән қуатты және мәнерлі дыбысты жасау үшін өте маңызды. Сонымен қатар, қазақ әуезді мотивтерін пайдалану орындаушының репертуарын байытып қана қоймай, музыкалық өнер арқылы мәдени мұраның сақталуына ықпал етеді. Алайда, уақыт өте келе ән айтуға үйретуге деген көзқарас вокалдық мектептің эволюциясында көрінетін өзгерістерге ұшырады. Заманауи тәсіл әртүрлі музыкалық жанрлар мен стильдермен жұмыс істеуді қоса, жеке оқытуға көбірек көңіл бөледі. Бұл студенттердің көкжиегін кеңейтіп қана қоймайды, сонымен қатар оларға заманауи ойын-сауық индустриясында қажет әмбебап музыкалық дағдыларды дамытуға көмектеседі.

Студенттердің жеке қажеттіліктеріне арналған ол адаптивтік оқыту. Адаптивтік оқыту – бұл оқушылардың жеке қабілеттері мен қажеттіліктеріне сәйкес оқу материалдарын ұсыну процесі. Жасанды интеллект технологияларының көмегімен, оқушылардың оқу процесі жеке тұлғаға бағытталған, бұл олардың білім алуын тиімдірек етеді [6, Б.2]. Адаптивтік оқыту жүйелері оқушылардың прогресін бақылап, олардың қажеттіліктеріне сәйкес оқу материалдарын автоматты түрде бейімдей алады. Бұл тақырыптың өзектілігі, білім беру жүйесінде ЖИ технологияларының рөлінің артуымен, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, оқу процесін жандандыруға, және білім алушылардың жеке

қажеттіліктеріне жауап беруге бағытталған жаңа әдістер мен тәсілдерді іздеумен байланысты.

Жасанды интеллекттің музыкалық білімдегі рөлі ЖИ – адам интеллектісінің кейбір функцияларын модельдейтін компьютерлік жүйелер мен алгоритмдердің жиынтығы. Музыка саласында ЖИ-ді пайдалану музыкалық композиция жасау, жанрлар мен стильдерді тану, әуендерді талдау сияқты міндеттерді жеңілдетеді. ЖИ арқылы оқушылар өздерінің шығармашылық мүмкіндіктерін ашып, музыкалық дағдыларын дамытуға мүмкіндік алады.

Елеулі артықшылықтарға қарамастан, жасанды интеллектті білім беру мақсатында пайдалану технологиясының бірқатар кемшіліктері де бар. Олардың негізгілеріне мыналар жатады: жасанды интеллект технологияларын білім беру саласына енгізудің жоғары құны және бұл жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз етудегі қиындықтар [7, Б.99]. Сондай-ақ білім беру процестеріне жасанды интеллект енгізуді дамытуға қабілетті мамандардың аз саны. Уақыт өте келе жасанды интеллектті жиі пайдаланатын оқушының шығармашылық ойлауын жоғалту қаупі бар екенін атап өткен жөн (мысалы, жасанды интеллект арқылы академиялық жұмыстарды жазу тәжірибесінде). Адамдар ЖИ технологияларын өте жиі қолданатын болса, дербес ойлау және жұмысқа өз ақыл еңбегін салуды тоқтатады. Дегенмен, бұл жай ғана ЖИ-ді шамадан көп қолданудың теріс салдары екенін айта кеткен жөн. Жасанды интеллект оқу сапасын жақсартуға, үдерісті жылдамдатуға және тиімділікті арттыруға көмектеседі. Дегенмен, білім беруде нейрондық желілерді пайдалану кезінде туындауы мүмкін бірқатар мәселелер төмендегі сызбада келтірілді (1-сызба):



1-сызба – **Білім беру саласында нейрондық желілерді қолдану кезінде туындайтын мәселелер**

Осыған қарамастан, жасанды интеллекттегі заманауи жетістіктер музыкалық білім беруде жаңашылдық үшін үлкен мүмкіндіктер береді. Музыка сабақтарында ЖИ технологияларын пайдалану оқушылардың музыкалық қабілеттерін дамытуға және шығармашылықты шабыттандыруға көмектесетін қолжетімді, жекелендірілген және тиімді білім беру бағдарламаларына мүмкіндік береді.

Цифрлық технологияның жемісі музыкалық білім беру үдерісінде де кеңінен қолданылуда. Цифрландыру жалпы және кәсіби музыкалық білім берудің барлық салаларын қамтыды және біз цифрлық ортаның бұл салада ұсынатын пайдасын көріп отырмыз. Мысалы, музыка маманы С.В.Марков: «Мультимедиялық технологиялар бастауыш мектептен бастап жоғары оқу орнына дейін барлық деңгейлерде оқытудың ашық түрлеріне белсенді түрде енгізілуде» [8, 28 б.], - деп жазады.

Сонымен қатар, музыка сабағында жасанды интеллектті пайдалану музыкалық білім беруді қолжетімді етуге көмектеседі. Жасанды интеллект технологиясына негізделген онлайн платформалар мен білім беру қолданбаларының арқасында дүние жүзіндегі барлық адамдар орналасқан жеріне немесе әлеуметтік жағдайына қарамастан сапалы музыка сабақтары мен оқу материалдарына қол жеткізе алады. Бұл әсіресе дәстүрлі музыка сабақтары жоқ немесе шектеулі аймақтарда музыка мәдениетін дамыту үшін маңызды.

Музыка сабағында жасанды интеллектті қолданудың тағы бір маңызды аспектісі – оқушылар мен мұғалімдердің бірлескен шығармашылығы жүзеге асады. Интернет платформалар мен қосымшаларды пайдалану арқылы мұғалімдер де, оқушылар да өздеріне қажетті ақпараттарды алып, мазалаған сұрақтарына жауап ала алады.

Музыка сабағында жасанды интеллект технологиясын төмендегі қызметтерді орындауда қолдануға болады:

– Музыкалық шығармаларды талдау. ЖИ оқушылар мен мұғалімдерге музыкалық шығармаларды талдауға, құрылымдарды, аккордтарды, ырғақтарды және әуендерді анықтауға көмектеседі.

– Музыкалық шығармаларды шығару және импровизация. ЖИ оқушыларға үлгілерді ұсыну немесе тіпті берілген параметрлерге негізделген музыка жазу арқылы өздерінің музыкалық шығармаларын жасауға көмектесе алады.

– Музыкалық дағдыларды тану және жетілдіру. ЖИ оқушылардың үлгерімін талдап, олардың қай жерде қателесіп жатқанын немесе қай жерін жақсартуға болатыны туралы кері байланыс бере алады.

– Оқу үрдісін бейімдеу және дербестендіру. ЖИ оқушылардың үлгерімін, олардың күшті және әлсіз жақтарын талдап, жеке тапсырмалар мен жаттығулар ұсына алады. Бұл әсіресе музыка сабағында әртүрлі деңгейдегі оқушылармен жұмыс істеуде тиімді.

– Музыка теориясын оқыту. ЖИ көмегімен оқушылардың музыка теориясы туралы теориялық білімдерін автоматты түрде тексеруге болады. Бұл оқушыларға арналған интерактивті тапсырмалар немесе жаттығулар болуы мүмкін.

– Ерекше қажеттіліктері бар оқушыларға арналған репетитор. ЖИ ерекше қажеттіліктері бар оқушыларға лайықталған бағдарламаларды жасауға көмектеседі. Мысалы, есту немесе моторикасы бұзылған балалар үшін ЖИ құралдарын олардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, музыкалық дағдыларды үйренуге көмектесу үшін пайдалануға болады [9, 84 б.].

ЖИ музыкалық білім беруде пайдалы болуы үшін нейрондық желілер мен оларды пайдалану әдістерін білу керек. Музыка әлемінде тиімділікке ие нейрожелілер мен олардың қолданылу бағыттары төмендегі кестеде келтірілді (1-кесте):

Зерттеу жұмысы. *Абай атындағы қазақ ұлттық университеті, «6в0402 – Музыкалық білім» ББББ 2 курс студенттерімен зерттеу жұмысы. Зерттеу жұмысының ұйымдастырылуы және барысы:* Зерттеу жұмысы Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті, «6В0402 – Музыкалық білім» ББББ 2 курс студенттерімен «Музыканы оқытудың әдістері мен технологиялары» пәнінен семинар сабақ барысында эксперимент жүргізілді. Эксперимент барысында оқушылар екі топқа бөлінді: эксперименттік топ (ЭТ) ЖИ құралдарын (AIVA, Soundraw) қолданды, ал бақылау тобы (БТ) дәстүрлі әдістермен жұмыс істеді.

1-кесте – **Музыкалық білім беруде пайдалы нейрожелілер мен оларды қолдану әдістері**

№	Нейрожелілер	Музыка білімінде қолданылу аясы
1	Sonic Visualiser — музыкалық файлдарды визуализациялау және талдау үшін ЖИ қолданатын бағдарлама.	ЖИ оқушылар мен мұғалімдерге музыкалық шығармаларды талдауға, құрылымдарды, аккордтарды, ырғақтарды және әуендерді анықтауға көмектеседі. Бұндай бағдарламалар оқушыларға композицияны, гармонияны және әуендік сызықты жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді. Sonic Visualiser бағдарламасы композицияның тональдылығын, ырғағын және басқа элементтерін талдауға көмектеседі.
2	Amper Music – білім алушыларға өздері қалаған мәнерде, қалаған аспаптармен және қалаған көңіл-күйде туындыларды оңай жасауға мүмкіндік беретін ЖИ-мен жұмыс істейтін музыка жасау құралы.	Бұндай нейрожелілер оқушыларға үлгілерді ұсыну немесе тіпті берілген параметрлерге негізделген музыка жазу арқылы өздерінің музыкалық шығармаларын жасауға көмектесе алады. Оқушылардың шығармашылық және музыкалық стильдер мен жанрларды зерттеу негізінде зерттеушілік дағдыларын дамыту үшін пайдалы болады.
3	AIVA (Artificial Intelligence Virtual Artist) – классикалық әуеннен қазіргі заманғы әуенге дейін әртүрлі жанрларда музыка жасай алатын ЖИ композиторы.	Бұл бағдарламаны музыка мұғалімдері музыканы құру және оқушыларға композицияны үйрету құралы ретінде пайдалана алады.
4	SmartMusic – материалды оқушы деңгейіне бейімдеу үшін ЖИ қолданатын онлайн платформа.	Бұл нейрожелі әр оқушының музыкалық қабілеттерін дамытуға көмектесе отырып, тапсырмалар ұсынады, орындалуын тексереді және кері байланыс береді.
5	Teoria – бұл ЖИ көмегімен музыка теориясын үйретуге арналған жаттығулар мен теориялық тапсырмалары бар интернет-ресурс.	Бұл жүйе тапсырмаларды оқушының деңгейіне қарай бейімдей алады.
6	EarMaster – тыңдаушы деңгейіне қарай тапсырмаларды бейімдеу үшін жасанды интеллект қолданатын жаттықтыру қолданбасы.	Бұл қолданба ноталарды, аккордтарды және интервалдарды тану дағдыларын дамыту арқылы білім алушылардың музыкалық қабілетін жетілдіруге көмектеседі.
7	Flowkey қолданбасы	Бұл қолданба фортепиано үйренуге арналған, әсіресе визуалды түсіну проблемалары бар адамдарға ноталарды визуализациялауға көмектесу үшін ЖИ қолданатын тағы бір музыкалық қолданба.

Эксперименттің сипаттамасы

– Мақсаты: ЖИ құралдарының оқушылардың шығармашылық қабілеттеріне әсерін анықтау.
– Гипотеза: ЖИ құралдарын қолдану шығармашылық белсенділікті арттырады.
– Қатысушылар: 20 студент (ЭТ – 10, БТ – 10).
– Құралдар: AIVA, Soundraw, Flat.io, анкеталар, бағалау парақтары.

– Әдіс: Алдын ала және кейінгі сауалнама, музыкалық тапсырмаларды орындау, өзін-өзі және эксперттік бағалау.

Эксперимент барысы

1. Диагностика: Анкеталық сауалнама арқылы оқушылардың музыкаға қызығушылығы мен шығармашылыққа қатынасы анықталды.

2. Шығармашылық тапсырма: Әр студент 8 тактан тұратын қысқа әуен құрастырды. ЭТ – ЖИ көмегімен, БТ – дәстүрлі әдіспен.

3. Бағалау: Бағалау креативтілік, музыкалық құрылым, үйлесімділік және орындау сапасы бойынша жүргізілді. Қайта сауалнама арқылы мотивация мен ЖИ туралы пікірлер жиналды.

Нәтижелер


– ЭТ оқушыларының 85%-ы өз жұмыстарына жоғары баға берді. ЖИ көмегімен жасалған әуендер жаңашыл, стильдік тұрғыдан әртүрлі болды. Орташа баға – 4,6 ұпай.

– БТ оқушыларының 65%-ы ғана тапсырманы толық аяқтай алды. Креативтілік деңгейі – 3,8 ұпай. Қайталанушылық пен ритмикалық шектеулер жиі байқалды.

– Қайта сауалнама нәтижесінде ЭТ оқушыларының 92%-ы ЖИ шығармашылық ойлауына оң әсер еткенін көрсетті.

– Мұғалім мен сарапшылардың бағалауы бойынша ЖИ көмегімен жасалған жұмыстар жаңашыл идеялар мен формалық еркіндікке толы болды.

Эксперимент нәтижелері төмендегі суретте келтірілді (1-сурет):



1 сурет – Музыка сабағында жасанды интеллект қолдану тиімділігі: эксперимент нәтижелері

Қорытынды. Эксперимент нәтижелерін зерделей келе келесідей тұжырымдама жасадық: жасанды интеллект (ЖИ) білім беру жүйесінде, әсіресе музыка сабағында, жаңа мүмкіндіктер мен инновациялық тәсілдерді енгізу арқылы білім беру процесін түбегейлі өзгертуге қабілетті. ЖИ технологияларының дамуы мен олардың білім беру саласында қолданылуы, студенттердің музыкалық білімдерін тереңдетуге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, сондай-ақ оқу процесін қызықты әрі тиімді етуге мүмкіндік береді.

Біздің зерттеуімізде ЖИ-дің негізгі ұғымдары мен принциптерін қарастыра отырып, музыка сабағында ЖИ пайдаланудың артықшылықтарын анықтадық. ЖИ технологияларының көмегімен студенттер музыкалық композицияларды жасау, музыкалық әуендерді талдау, және өздерінің жеке қажеттіліктеріне сай оқу материалдарын алу мүмкіндігіне ие болады. Бұл, өз кезегінде, студенттердің музыкалық білімдерін тереңдетуге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, және оқу процесін қызықты әрі тиімді етуге мүмкіндік береді.

ЖИ-дің қолданылатын құралдары мен технологиялары, мысалы, музыкалық композиция жасауға арналған бағдарламалар, музыкалық талдау құралдары, және адаптивтік оқыту платформалары, студенттердің оқу процесін жеңілдетеді. Бұл құралдар студенттердің музыкалық білімдерін дамытуға, олардың шығармашылық қабілеттерін арттыруға, және оқу материалдарын жеке қажеттіліктеріне сай бейімдеуге мүмкіндік береді.

Адаптивтік оқыту – бұл ЖИ-дің білім беру жүйесінде қолданылуының тағы бір маңызды аспектісі. Студенттердің жеке қажеттіліктеріне арналған адаптивтік оқыту жүйелері, әрбір студенттің оқу деңгейіне, қызығушылықтарына, және қабілеттеріне сәйкес оқу материалдарын ұсынады. Бұл тәсіл студенттердің оқу процесіне белсенді қатысуын арттырады, олардың мотивациясын көтереді, және білім алудағы нәтижелерін жақсартады.

Сонымен қатар, ЖИ технологияларының музыка сабағында қолданылуы, студенттердің музыкалық білімдерін тереңдетуге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, және оқу процесін қызықты әрі тиімді етуге мүмкіндік береді. ЖИ-дің көмегімен студенттер музыкалық композицияларды жасау, музыкалық әуендерді талдау, және өздерінің жеке қажеттіліктеріне сай оқу материалдарын алу мүмкіндігіне ие болады.

Біздің зерттеуіміздің нәтижелері, ЖИ технологияларының музыка сабағында қолданылуының тиімділігін көрсетеді. Студенттер ЖИ негізіндегі аппликациялар мен бағдарламаларды пайдалану арқылы музыкалық білімдерін тереңдетіп, шығармашылық қабілеттерін дамытуда. Сонымен қатар, ЖИ технологиялары оқу процесін қызықты әрі тиімді етуге мүмкіндік береді, бұл студенттердің оқу мотивациясын арттырады.

Жалпы, ЖИ-дің музыка сабағында қолданылуы, білім беру жүйесінде жаңа мүмкіндіктер мен инновациялық тәсілдерді енгізу арқылы білім беру процесін түбегейлі өзгертуге қабілетті. Бұл технологиялардың дамуы мен олардың білім беру саласында қолданылуы, студенттердің музыкалық білімдерін тереңдетуге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, және оқу процесін қызықты әрі тиімді етуге мүмкіндік береді.

Болашақта ЖИ технологияларының білім беру жүйесінде, әсіресе музыка сабағында, қолданылуының артуы, студенттердің музыкалық білімдерін тереңдетуге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, және оқу процесін қызықты әрі тиімді етуге мүмкіндік береді. ЖИ-дің білім беру жүйесінде қолданылуы, білім беру процесін жаңартуға, студенттердің оқу мотивациясын арттыруға, және олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Сондықтан, ЖИ технологияларының музыка сабағында қолданылуы, білім беру жүйесінде жаңа мүмкіндіктер мен инновациялық тәсілдерді енгізу арқылы білім беру процесін түбегейлі өзгертуге қабілетті. Бұл, өз кезегінде, студенттердің музыкалық білімдерін тереңдетуге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, және оқу процесін қызықты әрі тиімді етуге мүмкіндік береді. Дегенімен ЖИ әлі алмастырмайтын дағдылармен технологиялық дағдылардың комбинациясы бар, олар – сыни ойлау, креативтілік, эмпатия - зумерлерге ертеңгі күнге деген сенімділікті қайтаруы мүмкін [10].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Гафарова Е.А. Креативность как информационная педагогическая система // Современное педагогическое образование. – 2023. – № 7. – С. 15–20.

2. Амелин Н.А., Юдин А.П. Развитие креативности как компонента функциональной грамотности учащихся средствами музыкального искусства // Международный научно-исследовательский журнал. – 2024. – № 4 (142).

3. Тоқаев Қ.К. Жасанды интеллект – өмірдің ақиқатына айналды [Электрондық ресурс]: https://ult.kz/post/tokaev-zhasandy-intellekt-omirdin-akikatyna-aynaldy (қаралған күні: 26.02.2025).

4. Dzhanegizova A., Nurseiit A., Vyborova K. Artificial intelligence in education: analysis of dynamics, perception, and prospects for integration // Qainar Journal of Social Science. – 2023. – Vol. 2, Issue 4. – P. 34–48.

5. Makharov N., Ibragimova S., Safarov A., Abdurashidova D. Use of Artificial Intelligence in Student Training in Music Education // The Bioscan International Quarterly Journal of Life Sciences. – 2024. – Vol. 19(2): S.I (1). – P. 788–791.

6. Merchán Sánchez J.F., González Gutiérrez J. S., Cruz Rodríguez J., Syroyid B. Artificial Intelligence-Assisted Music Education: A Critical Synthesis of Challenges and Opportunities // Educ. Sci. – 2024. – Vol. 14. – Art. 1171. – P. 2.

7. Таран В.Н., Курлов Д.А., Потапович Н.И. Преимущества и недостатки использования искусственного интеллекта в образовании // Дистанционные образовательные технологии: материалы VII Междунар. науч.-практ. конф., Ялта, 20–22 сент. 2022 г. – Симферополь: Издательство Типография «Ариал», 2022. – С. 98–100.

8. Марков С. В. Мультимедиа технологии в музыкальном вузе: специфика и опыт применения // Вестник МГИМ имени А.Г. Шнитке. – 2023. – № 5. – С. 24–34.

9. Григорьева Т.С., Осипова Н.А. Применение искусственного интеллекта на музыкальных уроках // Искусство и образование. – 2021. – № 1. – С. 82–88.

10. Жоғары білім берудегі дағдарыс туралы [Электрондық ресурс]. – Қолжетімді: https://www.pravda.ru/news/science/2211394-higher-education-crisis (қаралған күні: 26.04.2025).

References:

1. Gafarova E.A. Creativity as an Informational Pedagogical System // Sovremennoe Pedagogicheskoe Obrazovanie [Modern Pedagogical Education]. – 2023. – No. 7. – P. 15–20.

2. Amelin N. A., Yudin A. P. Development of Creativity as a Component of Students' Functional Literacy through Musical Art // Mezhdunarodnyi Nauchno-Issledovatelskii Zhurnal [International Research Journal]. – 2024. – No. 4 (142).

3. Tokayev K. Artificial Intelligence Has Become a Reality of Life [Electronic resource]. – Available at: https://ult.kz/post/tokaev-zhasandy-intellekt-omirdin-akikatyna-aynaldy (accessed: 27.02.2025).

4. Dzhanegizova A., Nurseiit A., Vyborova K. Artificial Intelligence in Education: Analysis of Dynamics, Perception, and Prospects for Integration // Qainar Journal of Social Science. – 2023. – Vol. 2, Issue 4. – P. 34–48.

5. Makharov N., Ibragimova S., Safarov A., Abdurashidova D. Use of Artificial Intelligence in Student Training in Music Education // The Bioscan International Quarterly Journal of Life Sciences. – 2024. – Vol. 19(2): S.I (1). – P. 788–791.

6. Merchán Sánchez J. F., González Gutiérrez J. S., Cruz Rodríguez J., Syroyid B. Artificial Intelligence-Assisted Music Education: A Critical Synthesis of Challenges and Opportunities // Education Sciences. – 2024. – Vol. 14. – Article 1171. – P. 2.

7. Taran V. N., Kurlov D. A., Potapovich N. I. Advantages and Disadvantages of Using Artificial Intelligence in Education // Distance Learning Technologies: Proceedings of the 7th International Scientific and Practical Conference, Yalta, September 20–22, 2022. – Simferopol: Publishing House "Areal", 2022. – P. 98–100.

8. Markov S. V. Multimedia Technologies in Music Universities: Specificity and Experience of Application // Vestnik MGIM imeni A. G. Schnittke [Bulletin of the Schnittke Moscow State Institute of Music]. – 2023. – No. 5. – P. 24–34.

9. Grigorieva T. S., Osipova N. A. Application of Artificial Intelligence in Music Lessons // Art and Education. – 2021. – No. 1. – P. 82–88.

10. On the Crisis in Higher Education [Electronic resource]. – Available at: https://www.pravda.ru/news/science/2211394-higher-education-crisis (accessed: 27.05.2025).

ӘОЖ 784.4 *ҒТАМР 18.41.51*

А.Дюсембай[*1] *Л.М. Нарикбаева*[1]
[1]*Абай атындағы ҚазҰПУ, (Алматы, Қазақстан),* *akberen.atabay@mail.ru

ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ӘН АЙТУ МӘНЕРІ ТУРАЛЫ ТАРИХИ МӘЛІМЕТТЕР

Аннотация

Бұл мақалада қазақ мәдениетіндегі әйелдердің ән айту дәстүрі тарихи деректер негізінде қарастырылады. Қазақ әншілік өнерінің қалыптасу ерекшеліктері мен оның даму үрдісі зерттеледі. Майра Уәлиқызының кәсіби әнші ретіндегі рөлі, оның шығармашылығы және қазақ әйелдерінің ән айту мәнеріне қосқан үлесі талданады. Сонымен қатар, халықтық-кәсіби әннің музыкалық-стилистикалық ерекшеліктері, оның театр мен опера өнерімен байланысы қарастырылады. Мақалада Батыс Қазақстан және Жетісу аймақтарындағы ән дәстүрлері мен олардың қазіргі қазақ мәдениетіндегі орны сипатталады. Дәстүрлі ән өнерінің эстрадамен ықпалдасуы, оның стильдік тазалығына әсері талқыланады. Қазақтың әншілік мәдениеті мен еуропалық музыкалық жанрлардың өзара байланысы, оның опералық өнерге ықпалы қарастырылады. Ғылыми зерттеулерге сүйене отырып, қазақ әйелдерінің ән айту ерекшеліктерін зерттеудің болашақтағы бағыттары ұсынылады.

Тірек сөздер: қазақ ән мәдениеті, кәсіби әншілік, халықтық-кәсіби ән, дәстүрлі вокал, опералық өнер, музыкалық стиль.

А.Дюсембай[*1] *Л.М. Нарикбаева*[1]
[1]*КазНПУ имени Абая (Алматы, Казахстан),* *akberen.atabay@mail.ru

ИСТОРИЧЕСКИЕ СВЕДЕНИЯ О СТИЛЕ ПЕНИЯ ЖЕНЩИН В КАЗАХСКОЙ КУЛЬТУРЕ

Аннотация

В данной статье рассматривается традиция женского пения в казахской культуре на основе исторических данных. Изучаются особенности становления Казахского певческого искусства и тенденции его развития. Анализируется роль Майры Уалиевны как профессиональной певицы, ее творчество и вклад в стиль пения казахских женщин. Кроме того, рассматриваются музыкально-стилистические особенности Народно-профессиональной песни, ее связь с театральным и оперным искусством. В статье описаны песенные традиции Западно-Казахстанского и Жетысуского регионов и их место в современной казахской культуре. Обсуждается интеграция традиционного песенного искусства с эстрадой, ее влияние на стилистическую чистоту. Рассматривается взаимосвязь казахской певческой культуры и европейских музыкальных жанров, ее влияние на оперное искусство. На основе научных исследований предлагаются будущие направления изучения особенностей пения казахских женщин.

Ключевые слова: казахская песенная культура, профессиональное пение, народно-профессиональное пение, традиционный вокал, оперное искусство, музыкальный стиль.

A.Dyusembay[*1], *L.M. Narikbayeva*[1]
[1]*Abai KazNPU (Almaty, Kazakhstan),* *akberen.atabay@mail.ru,

HISTORICAL INFORMATION ABOUT WOMEN'S SINGING STYLE IN KAZAKH CULTURE

Abstract

This article considers the tradition of women's singing in Kazakh culture on the basis of historical data. The peculiarities of the formation of Kazakh singing art and trends of its development are studied. The role of Maira Ualievna as a professional singer, her creativity and contribution to the style of singing of Kazakh women are analyzed. Besides, the musical and stylistic features of folk-professional song, its connection with theater and opera art are considered. The article describes song traditions in West Kazakhstan and Zhetysu regions and their place in modern Kazakh culture. Integration of traditional song art with variety, its influence on stylistic purity is discussed. The interrelation of Kazakh singing culture and European musical genres, its influence on opera art is considered. On the basis of scientific research, future directions of studying the peculiarities of Kazakh women's singing are proposed.

Keywords: Kazakh song culture, professional singing, folk-professional singing, traditional vocal, opera art, musical style.

Кіріспе. Қазақ мәдениетіндегі әйелдердің ән айту мәнері туралы тарихи мәліметтер тарихи жазбаларда көп кездеседі. Ән және әншілік өнер туралы жазылған көптеген еңбектерде қазақ даласында небір әйел-әншілер өмір сүргендігі туралы жазылады. Олардың қатарында Майра, Сара, Соқыр Ажар, Айша, Зұлқия, Ләтипа, Үміт, Айкүміс, Нүрилә тағы басқалары бар. Олардың көбісінің кейбір деректерде аты аталып, әндері сақталғанымен өмірбаяндарына байланысты мағлұмат жетпеген. Бұлардың әрқайсысы жеке тұлға, кәсіби әнші болуға мүмкіндіктері болғаны бізге жеткен өнерлерінен, өлең, әндерінен көрініп тұр, дегенмен де олар тағдырдың жазуымен, сол кездегі қазақ әйелдерін өте төмен, қатаң ұстайтын тәртіпке еріксіз бағынып өз өнерлерін одан әрі қарай дамыта алмаған.

Негізгі бөлім. Бұл қаратда тек әнші Майра Уәлиқызы ғана биікке көтеріліп, тағдырдың қиын қыспақтарына төтеп беріп шығармашылықтан қол үзбей, кәсіби әншілік өнерде биіктен көрінде. Қазақтың кәсіби әншілік өнерінің тарихында кәсіби әнші-әйел Майра Уәлиқызының алатын орны ерекше. Майра өзінің даралығымен, даналығымен, сауаттылығымен, аспап сүйемелімен басқа әншілерден ерекшеленіп тұратын әнші болған. Майраның бұл ерекшелігі алғаш оны тыңдаған, көрген адамға бірден білініп тұратын. Бұл тұралы қазақ музыка тарихына өлшеусіз еңбек сіңірген орыс зерттеушісі, фольклоршы А. Затаевич өзінің жазбаларында бұл әншінің әндерін орындау ерекше мәнерлілікпен, жігермен және темпераментпен ерекшеленетінін атап өтті. Оның айтуынша, мұндай қасиеттер ол бұрын білетін қазақ әншілерінде сирек кездесетін. Сонымен қатар, зерттеуші әншінің бет-әлпеті қазақ орындаушыларының таныс келбетінен де ерекшеленетінін атап өтті. Осылайша, А.Затаевич мұнда Майраның басқа, оған бұрын соңды кездескен әнші әйелдерден басқаша, батылырақ екенін айтады [1, 348 б.].

Майра шығармашылығының осы күнге жетіп, оның әндері қағаз бетіне түсіп, қазіргі күнде орындалуы А.Затаевичтың онымен кездесіп, орындаған әндерін жазып алып, ән орындауы, түр-әлпетінің нақты сүреттелуінің арқасында бүгінгі күнге жетті. Бұл туралы заманымыздың терең музыка зерттеушісі С.Елеманова өзінің Майра туралы жазған очеркінде былай деп жазады: «Благодаря записям А.В.Затаевича, мы можем составить представление о творческом амплуа певицы. Основу ее репертуара составляют выдающиеся образцы народно-профессионального творчества - «концертные», состязательные (как их называет А.В.Затаевич) песни, расчитанные на широкую публику и предполагающие, соответственно, большой голос и незаурядное вокальноое мастерство...» [2, 117].

Майраның жоғары деңгейдегі кәсіби әнші екенін, көзі қырағы, өте сезімтал, қазақ халқының ішінде көп жүріп, музыкалық өнерін терең түсінген орыс зерттеушісі бірден біледі. А. Затаевич 1931 жылы Алматыда жарық көрген «Қазақ халқының 500 әні мен күйі» жинағында Майрамен алғашқы кездесуін егжей-тегжейлі баяндайды. Ол «Ленинград» пароходында Ертіс бойымен саяхаттаған кезде үшінші класс кабиналарынан естіген керемет және асыл контральто естігенін есіне алады. Әнін гармоникалық ойынмен сүйемелдеген орындаушы оның назарын бірден аударды. Төмен түсіп, ол шамамен отыз жастағы әйелді көрді – ұзын беті, мәнерлі ерекшеліктері және жарқын қызаруы бар сымбатты брюнетка. Оның келбеті есте қаларлық

болды: ұзын Шығыс сырғалар, қабатты алқалар, талғампаз жібек көйлек және иығына оралған орамал үйлесімді, талғаммен таңдалған көрініс жасады. Оның бақылауларына сәйкес, орындау тәсілі мен сыртқы келбеті оның кәсіби әнші болғандығын көрсетті [2, 348 б.].

Сол бір, Керекуден Семейге дейінгі сәтті сапарда А.Затаевич Майрадан 2 күн бойы пароходтағы фортепианоның алдында барлық білетін әндерін жазып алды. Оларды орысшаға сөздерін аударып беріп отырған, сапарлас Семейлік Қадырбаев деген азамат болды. Семейге келген соң да А.Затаевич Майрамен кездесіп оның әндерін тыңдаған. Ол Семейдегі қымызханалардың бірінің иесі, өзінің татар құрбысының тұрақтаған. Сол жерде көпшіліктің алдында, ортақ дастарханда ән айтатын болған.

Майра Уәлиқызы А.Затаевичке тек өзінің шығарған әндерін ғана емес, сондай-ақ, өз заманындағы халық композиторлардың әндерін, ел ішіне көп тараған халық әндерін де орындап берген. А.Затаевичтың «Қазақ халқының 500 әні мен күйі» деген жинағында Майраның өзінің «Бақша», Ақан серінің «Мақпал», Нарымбеттің «Көк майса», халық әндері «Қарғам-ау», «Каракөз», «Баянауыл», «Телқоңыр», «Даланың өлеңі», «Құрбым жәй», «Алғарайкөк», «Құсни құрдас», «Смет», «Қызыл гүл» деген әндердің нотасы жарияланған. Бұл әндердің бірнешеуін А.Затаевич Майрадан бұрын кездескен әншілерден де жазып алғандығын айтады.

XX-шы ғасырдың басында қазақ жерінде кәсәби музыкалық өнер қалыптаса бастаған кезде Алматыға жан жан жақтан өнер адамдары театрға жұмысқа тұру мақсатымен келе бастайды. Бұл қатарда ең әуелі әйел адамдардың ішінен Күләш Байсеитованы атап кеткеніміз жөн. Күләш бастапқыда төменгі дауыспен ән айтатын деген мағлұмат сақталған. Кейіннен ол жоғарғы регистрге бейімделіп, өзінің ерекше дауысымен көпшілікті тамсандырып қазақ өнерінің тарихында өшпес із қалдырды. Оның өнерікөптеген естелік, тариха, ғылыми жинақтарда жазылған. Солардың ішінде ең бір құндысы зерттеуші Ғ.Бегембетованың «Куляш Байсеитова» атты музыкалық-тарихи очеркі өте құнды мағлұматтарға толы. Күләштің ән айту мәнері туралы композитор Е.Брусиловский да өзінің «Дүйім дүлділдер» атты естелік кітабында жақсы жазып кеткен.

XXI ғасырдың басында қазақтың дәстүрлі өнері ежелгі және архаикалық болуымен қатар, дамушы құбылыс болып табылады. XX ғасырдың барлық қиын-қыстау кезеңдеріне қарамастан, халықтың дәстүрлі мәдениеті өмір сүруді жалғастыруда. Бұл көп бөліктерден тұрғанымен, олардың әрқайсысында (мейлі ол халық әні немесе аймақтық орындау стилі, салт-дәстүр немесе идеологиялық, ақыл-ой көрінісі болсын) ұлттық мәдени ерекшеліктері бар. Қазақтың дәстүрлі музыкалық мәдениетінің қазіргі жағдайын көрсету үшін, **дәстүр** дегеніміздің не екенін анықтаудан бастау керек.

Дәстүр - бұл тұтас құбылыс. Оның тұтастығы сөзсіз сабақтастықпен байланысты, яғни оның барлық мазмұнын мұғалімнен оқушыға, ал одан көпшілікке беру. Дәстүр - бұл жүйелі құбылыс. Ол өзін-өзі дамытатын жүйе ретінде құрылған, сонымен қатар қайталанбас, өзіндік орындау формасына ие. Бұл тұрғыдан алғанда нағыз дәстүрге әншінің басқа кәсіби музыкалық стильде орындайтын халық әнін жатқызуға болмайды. Дәстүрдің мағыналық мазмұны басқа музыкалық-дыбыстық формада емес, тек өзіндік формада ғана беріледі. Басқаша айтқанда, шығарманың мазмұны мен музыкалық дыбыстық форма арасында жұқа, бірақ өте маңызды байланыстар бар, олардың жойылуы мағынасының сөзсіз жоғалып кетуіне немесе басқасына жол беруіне әкеледі.

Қазақстандағы ұлттық кәсіби ән – бұл өзіндік ерекшелігі бар мәдени құбылыс. Ол XIX ғасырдан ерте қалыптаспай, ақындық дәстүр институтымен және халық арасында кең таралған лирикалық «Қара өлең» жанрымен тығыз байланысты болды. Осы екі дүниенің өзара әрекеттесуі халықтық-кәсіби әннің генетикалық табиғатын, тарихы мен дамуын, мазмұны мен формальды ерекшелігін анықтады. Ақындық дәстүр халықтық-кәсіби әннің қалыптасуына әлеуметтік және мәдени негіз қалап, оны кәсіби деңгейге жетелеуге ықпал етті. Ал музыкалық-стилистикалық тұрғыдан алғанда, дәстүрлі ән формаларына ерекше шығармашылық серпін беріп, оның мәдениеттегі маңыздылығын айқын көрсетті.

Халықтық-кәсіби әннің көпшілікке арналуы, концерттік сипаты, ерекше вокалдық шеберлігі, сондай-ақ композициялық құрылымының күрделілігі мен үйлесімділігі бұл

музыкалық жанрдың табиғатын театр мен опера эстетикасына жақындата түсті. Ал музыкалық тұрғыда кәсіби халықтық әндер халықаралық және мәдениаралық кедергілерді оңай жеңіп, мүлдем басқа мәдениеттің, атап айтқанда, еуропалық музыкалық формалардың бір бөлігіне айналып, дәлірек айтқанда, опералық ариялар мен ариозолардың, сондай-ақ симфониялық немесе камералық-аспаптық шығармалардың негізіне алынды.

Халықтық-кәсіби ән кең ауқымды мәдени-географиялық аймақтарда қалыптасты, оның ішінде Арқа (Орталық, Солтүстік, Шығыс Қазақстан), Батыс Қазақстан (Атырау, Орал, Маңғыстау) және Оңтүстік Қазақстан (Жетісу) аймақтары бар. Алайда жергілікті халықтық-кәсіби ән дәстүрлері қазіргі қазақ мәдениетінде біркелкі сақталмаған. Қызығы, бүгінде музыка мектептері, соның ішінде консерватория мен Қазақ ұлттық өнер университеті, Арқа классикалық ән мектебінің маңызды орталықтарының біріне айналды. Арқаның өзінде бұл кәсіби ән мектебі өткен ғасырдың 60-70 жж. басталды. Бұл модификацияланған, еуропалық вокалдық өнердің әсеріне ұшыраған ән айту стилінің кең таралуы кезеңі болды. Өкінішке орай, бұл стильдің танымал болуына белгілі әнші, қазіргі Қазақстанның халық әртісі, өткен ғасырдың 70-жылдары ашылған Эстрадалық студияның түлегі Қайрат Байбосыновтың таланты мен беделі ықпал етті. Бұл студияда дәстүрлі әншілер Ғарифолла Құрманғалиев пен Жүсіпбек Елебеков халық әндері кафедрасында сабақ берді. Әміре Қашаубаев, Жүсіпбек Елебеков, Мәдениет Ешекеев т.б. әншілердің Отаны болған Семей облысы Арқа дәстүрінің қайнар көзі ретінде Арқа халықтық-кәсіби дәстүрінің түпнұсқасын сақтауда өз маңыздылығын бекітті.

А. Жұбанов Әміре Қашаубаевтың дауысы 1925 жылы Парижде өткен Дүниежүзілік музыка көрмесі кезінде Сорбоннада алтын дискіге жазылғандығын айтады. Эстрадалық студияда халық әні кафедрасының ашылуы (70-жылдардың басында) өте қарама-қайшы салдарға ие болды. Бір жағынан, халықтық-кәсіби ән айту дәстүрін осылайша ресми түрде мойындау маңызды қадам болды. Нәтижесінде студия түлектері концерттік ұйымдарда, эстрадалық топтарда жұмыс істеп, халықаралық деңгейде өнер көрсетті. Алайда, эстрадалық орындау тәсілі халықтық-кәсіби әндердің стильдік тазалығына белгілі бір дәрежеде әсер етті. Сонымен қатар, студияда кәсіби сабақтармен қатар (белгілі шеберлердің жетекшілігімен) еуропалық вокалдық мектеп негізінде дауыс қою әдістері де қолданылды. Бұл қатаң дайындық үдерісі адамның табиғи дауысын үлкен сынаққа салды, және оған барлығы бірдей төзе алмады. Дегенмен, дәстүрлі халықтық ән стильдері әлі де сақталған. Мысалы, Жетісу ән дәстүрі (оның жарқын өкілдері – Әсет Найманбаев, Дәнеш Рақышев) Арқа ән мектебінің бір тармағы болып саналады. Ал Батыс Қазақстанның ән стилі, Орал, Атырау және Маңғыстау өңірлерінің үш субрегионалды дәстүрін қамти отырып, бүгінде күрделі кезеңді бастан өткеруде. Ғарифолла Құрманғалиев дүниеден өткеннен кейін кейін және оның XX ғасырдың музыкалық мәдениетіне қосқан керемет шығармашылық үлесінен кейін белгілі бір «тыныштық» орнайды. Көптеген ондаған жылдар бойы ол Батыс Қазақстанның көне және жоғары деңгейде дамыған вокалды-аспаптық дәстүрінің жалғыз өкілі болды. Батыс Қазақстан ән дәстүріне келетін болсақ, күрделілігі мен мағынасы жағынан ерекше осы стильді эстрадаға ұсыну практикасы да оң рөл атқармады. Музыкатану саласында Арқа әнінің стилін зерттеу мен сақтау бағытында айтарлықтай жұмыстар атқарылғанымен, Батыс Қазақстан ән дәстүрі әлі де терең ғылыми зерттеуді қажет ететін сала болып отыр. Бұл бағыттағы арнайы зерттеулердің жоқтығы және дәстүрдің өзіндік ерекшеліктерін тану үдерісінің әлі басталмауы – Батыс Қазақстан ән мектебінің қазіргі жағдайына тән сипат.

Қорытынды. Сайып келгенде, бұл музыканың табиғатына сәйкес келетін аналитикалық кілт, яғни осы өнердің музыкалық көрінісі мазмұны мен құралдарын зерттеу әдістемесін табуға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл опера өнерінің тарихын зерттеу үшін өте жаңа. Біздің ойымызша, бұл өз композиторлық шығармашылығында ғана емес, қазақстандық музыканттардың орындаушылық, вокалдық өнерінде де көп нәрсені айқын көрсетуге мүмкіндік береді. Ұлттық әншілік мәдениет пен еуропалық музыкалық мәдениеттің қарызға алынған жанрларының арақатынасы мәселесі айтарлықтай ғылыми қызығушылық тудырады.

Қазақ мәдениетінде опера жанрының қалыптасуы мен дамуы тек еуропалық үлгілерді бейімдеумен (мысалы, опералық формаларды жеңілдету, оркестрлік сүйемелдеуді ықшамдау)

шектелмей, сонымен қатар қазақ ән дәстүрінің өзіндік ерекшеліктерін жаңа жанрға сәйкестендіруді де қажет етті. Нәтижесінде бұрын neither опера мәдениетінде, neither дәстүрлі этникалық музыкада кездеспеген синтетикалық көркемдік құбылыстар пайда болды. Мәселен, қазақ ән мәдениетінде сопрано дауысына арналған репертуар бұрын болмаған құбылыс еді. Жарқын, концерттік мәнерде жоғары дауыспен айту қазақтың дәстүрлі музыкасына тән емес. Әйелдер негізінен салттық әндерді, балаларға арналған бесік жырларын, тұрмысқа қатысты әндерді және көбінесе «қара өлең» жанрындағы тұрмыстық немесе лирикалық туындыларды орындаған.

А.В. Затаевич бұл ерекшелікті атап өтіп: «Әйелдер, дәстүрге сай ма, әлде табиғатына байланысты ма, ерлерге қарағанда әлдеқайда ұстамды түрде ән салады. Олар дыбысты әдемі әрі таза жеткізгенімен, өздерінің механикалық әрі салқынқанды орындау мәнерімен кейде таң қалдырады», – деп жазады. Бұдан да көп айтарым, қазақтар әсіресе әйелдердің жоғары дауыстарын да, олардың әндерін орындауға тырысқан мәдени әншілеріміздің колоратуралық қол сұғушылықтарын да, олардың орындалып жатқан нәрсені «бастан кешіру» және оған қандай да бір астын сызу элементін енгізу әрекеттерін де оң ұнатпайтынын тән ерекшелік ретінде атап өтемін қазақ аудиториясында наразылық сезімін тудырады» (біз атап өткен – Д.А.). Ұлттық әншілік мәдениет пен еуропалық музыкалық мәдениеттің қарызға алынған жанрларының арақатынасы мәселесі айтарлықтай ғылыми қызығушылық тудырады. Осымақала осы сұрақтың кіріспесіне арналған.Қазақ музыкалық мәдениеті хор өнері, камералық-аспаптық, Опера, симфониялық шығармашылық сияқты еуропалық кәсіби музыкалық жанрлардың далаға енуінен бұрын, өзінің бірегей байлығымен таныса алатындарды таң қалдырды.

Қазақстандағы еуропалық мәдениеттің жаңа, ең күрделі жанрының тарихы мен қалыптасуы тек еуропалық дәстүр композиторларын шақырумен ғана емес, сонымен қатар қазақтың дәстүрлі мәдениетінің өзімен, оның ерекшеліктерімен, тасымалдаушыларымен, құрылымымен және ұлттық жанрларымен тығыз байланысты өнер. Бұл магистрлік жұмыста біздің назарымыз қазақтың дәстүрлі музыкалық мәдениеті мен оған жаңа еуропалық жанрлардың арақатынасы XX ғасырдың кәсіби музыкасы үшін маңызды саласы - опера қалыптасу кезеңінде болады. Қазіргі опера өнерінің де, дәстүрлі мәдениеттің өзін де қазіргі кездегі дәстүрлі өнердің мәні мен құндылығын қайта анықтайтын қазіргі музыка ғылымы тұрғысынан мәдени-тарихи бағалауға баса назар аударылатын болады. Бұл тәсіл опера өнерінің тарихын зерттеу үшін жаңа болып табылады. Біздің ойымызша, бұл тек композитордың шығармашылығында ғана емес, сонымен қатар қазақстандық музыканттардың орындаушылық, вокалдық өнерінде де көп нәрсені нақтылауға мүмкіндік береді.

Ұлттық ән мәдениеті мен еуропалық музыкалық мәдениеттің алынған жанрларының арақатынасы туралы мәселе ғылыми тұрғыдан маңызды. Біз қазақ мәдениеті негізінде опера жанрының пайда болуы мен тамыр жаюы үшін тек еуропалық жанрлардан «алыстау» керек емес (атап айтқанда, опералық формаларды, оркестрлеуді және т.б.) қажет деп болжадық. сонымен қатар қазақтың ән мәдениетін өзіне бейімдеу, оны жаңа жанрға бейімдеу. Нәтижесінде жаңа көркемдік құбылыстар пайда болды, олар оларды тудырған опера мәдениетінде де, бастапқы этникалық мәдениеттің өзінде де болған жоқ. Біз қазақтың ән мәдениетінің сопрано репертуарының қалыптасуын айтамыз. Әрине, қазақ мәдениетінің өзінде мұндай құбылыс болған емес.

Ұлттық ән мәдениеті мен еуропалық музыкалық мәдениеттің алынған жанрларының арақатынасы туралы мәселе ғылыми тұрғыдан маңызды. Осы диссертацияның 1 бөлімі осы мәселеге арналған. Қазақтың музыкалық мәдениеті далаға хор өнері, камералық аспаптық, опера, симфониялық өнер сияқты еуропалық кәсіби музыкалық жанрлар енгенге дейін, оны өзінің ерекше байлығымен таныса білгендерді таң қалдырды. Осылайша, 2300-ге жуық музыкалық шығарманы (негізінен әндер) жазған көрнекті музыкант және қоғам қайраткері А.Затаевич қазақ халқының 1000 әнінен тұратын екі монументалды жинақ шығарды (1925) және 500 қазақ әндері мен күйлері.

Затаевичтің жинақтарында классикалық Арқа ән дәстүрі ең үздік орындаушылардың шеберлігі арқылы жан-жақты әрі мазмұнды түрде ұсынылған. Олардың қатарында Әміре

Қашаубаев, Жүсіпбек Елебеков, Манарбек Ержанов, Қуан Лекеров, Қали Байжанов және үлкен дауыс иесі болғанымен, сахнада емес, халық ортасында ән айтқан шынайы халық-кәсіби әнші Бисмилли Балабеков бар.

Сонымен қатар, кәсіби халық әндерінің тамаша үлгілерін Урия Турдукулова (кейінірек музыкалық-драма театрының әртісі, қазақ операларында ана рөлдерін орындаушы), Қанабек Байсейітов («Қыз Жібек» операсында Төлегеннің рөлін сомдаған) және Елюбай Өмірзақов (қазақ драма театрының әртісі) жеткізген.

А. Затаевичтің жазбаларында XIX–XX ғасырлардағы танымал халықтық-кәсіби композиторлардың шығармашылығы көрініс тапқан. Олардың ішінде Жаяу Мұса, Ыбырай, Майра Шамсутдинова, Балуан Шолақ, Мұхит сынды өнер иелері бар. А.Затаевич қазақ музыканттары қызметінің кәсіби сипаты туралы, оларды оқыту мен тәрбиелеу туралы және ауызша-кәсіби әндердің автор-әншілерінің нақты композициялық деңгейі және олардың орындаушылық шеберлігі туралы да жазады. Зерттеуші қазақ әншілерінің өнерін, олардың дауыстары мен интерпретацияларын, кәсіби әндерді орындау өнерін сипаттайды. А.В.Затаевичтің қазақ ән өнері туралы тамаша тұжырымы: «Мен тек бірте-бірте кәсіби әншілермен де, байсалды білгірлермен де, осы әннің әуесқойларымен де таныстығымды кеңейте отырып, мені одан да зор таңданыс пен таңдану сезіміне батырғанын мойындауым керек. Сол махаббат үшін туған әнді және олардың бәрі көрсететін вокалдық шеберлікті жаңғырту міндетіне барлық әншілер ерекше мұқият және қатаң! Бұл шеберліктің көптеген тәсілдері (үлкен тыныс алу, дыбыс шығару, икемділік және т.б.) - әрине, ең жақсы әншілер туралы айтайын дегенім - кәсіби және білікті вокалистті сұрақпен шатастыруға қабілетті деп айтуға болады. Эстетикалық түрлі-түсті және техникалық тұрғыдан ұйымдастырылған вокалды берудің бұл өнер і өте биік!» [б.39] .

А. Затаевич қазақ әйелдерінің ән айту мәнерін сипаттағаны белгілі. Бұл дәстүрді XX-шығасырдың ортасында зерттеуші Б.Ерзакович жалғастырады. Ол өзінің «Қазақтың ғашықтық әндер антологиясы» атты еңбегінде XX-шы ғасырда қазақтың дәстүрлі әншілік өнеріне айрықша үлес қосқан әншілер туралы өте әсерлі жазады. Бұл қатарда Бибі Артықова, Гүлсім Жаркешова, Тамти Ибрагимова, Рахия Қойшыбаева, Жамал Омарова, Ғайнижамал Хайруллина бар.

Қазіргі кезде әйел адамдардың ән айту өнерін екі бағытта қарастыруға болады: оның бірі дәстүрлі ән айту бағытындағы –Сауле Жанпеисова, Бисара Макенова, Газиза Жумекенова, Қапаш Құлышева, Сауле Таудаева, Айгүл Қосанова, Клара Төленбаева т.б., сондай-ақ классикалық вокал бағытында, олар –Нұржамал Үсенбаева, Дина Хамзина, Дина Дютмагамбетова, Жанат Бахтаева, Балапан Жубаева, Венера Алпысбаева т.б. атауға болады. Бұл орындаушылардың барлығы болашақта қазақстандағы әйел әншілер туралы жазылатын еңбектердің тарихқа толы беттерінде орын алатыны сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Абулгазина Г. Некоторые драматургические особенности оперы Е.Рахмадиева «Алпамыс»//Сб.матер. и ст. памяти В.П.Дерновой. – Алматы, 1992. – С.181-187.

2. Абулгазина Г.Казахская эпическая опера 70х годов в свете развития жанра// сб. науч.-теор. статей памяти И.И.Дубовского. – Алма-Ата, 1990. С.107-122.

3. Елеманова С. Казахское традиционное песенное искусство. – Алматы, 2000.

References

1. Abulgazina G. Nekotorye dramaturgicheskie osobennosti opery E.Rahmadieva «Alpamys»//Sb.mater. i st. pamyati V.P.Dernovoj. – Almaty, 1992. – S.181-187.

2. Abulgazina G.Kazahskaya epicheskaya opera 70h godov v svete razvitiya zhanra// sb. nauch.-teor. statej pamyati I.I.Dubovskogo. – Alma-Ata, 1990. S.107-122.

3. Elemanova S. Kazahskoe tradicionnoe pesennoe iskusstvo. – Almaty, 2000.

ӘОЖ 374.3 ***ҒТАМР 14.01.11***

К.К.Амирханов[1], Ә.Ә,Момбек[1], А.У.Күзеубай[2]*
[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, [2]Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы (Алматы, Казахстан)*
amirkhanov.kanat@mail.ru

ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ МУЗЫКАСЫНЫҢ ЖАС ҰРПАҚТЫҢ РУХАНИ ДАМУЫНА ӘСЕРІ

Аңдатпа

Қазақтың дәстүрлі музыкасы – ұлттың рухани болмысы мен мәдени кодының терең көрінісі. Қазіргі кезде жастар арасында ұлттық дәстүрлі музыканың ықпалы бәсеңдеп бара жатқандай көрінеді. Бұны жаһандану, цифрлық технологияның дамып, әлеуметтік желінің ықпалының өсуімен және заманауи музыка түрлерінің басымдығымен түсіндіруге болады. Осы тұрғыдан алғанда, қазақтың дәстүрлі музыкасының жас ұрпақтың рухани дамуына әсері тақырыбы – аса өзекті. Ғылыми әдебиеттерде дәстүрлі музыканың көркемдік және тарихи маңызы жиі зерттелсе де, оның қазіргі жастардың рухани және эмоционалдық дамуының нақты әсерін жүйелі түрде зерттеген еңбектер аз. Әсіресе эмпирикалық (тәжірибелік) деректерге негізделген зерттеулер сирек. Осы мақсатта зерттеу жүргізу үшін арнайы сауалнама дайындалып, бұған әртүрлі жастағы 150-ге жуық адам қатысты. Сауалнамада қазақ халқының дәстүрлі музыкасы күй, терме, толғау, халық әні сияқты дәстүрлі жанрлардың шабыт, тыныштық, толғану, рухани тереңдік сияқты ішкі күйге қалай әсер ететіні сұралды. Алынған нәтижелерге талдау жасалып, дәстүрлі музыканың адам жанына терең әсер ететінін, оның рухани байытушы, тәрбиелік мәні бар құрал екенін нақты дәлелдеді. Сонымен қатар, бұл жұмыс заманауи зерттеушілердің теорияларымен үндесе отырып, ұлттық музыканы тек өткеннің мұрасы ретінде емес, қазіргі қоғам үшін де маңызды рухани ресурс ретінде қарастыру қажет екенін ұсынады.

Түйінді сөздер: дәстүрлі музыка, рухани даму, ұлттық бірегейлік, тәрбиелік мән, мәдени сабақтастық.

К.К.Амирханов*[1],А.А.Момбек[1], А.У.Күзеубай[2]
[1]Казахский национальный педагогический университет имени Абая, [2]Казахская национальная консерватория имени Курмангазы (Алматы, Казахстан)
**amirkhanov.kanat@mail.ru*

ВЛИЯНИЕ ТРАДИЦИОННОЙ КАЗАХСКОЙ МУЗЫКИ НА ДУХОВНОЕ РАЗВИТИЕ ПОДРАСТАЮЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ

Аннотация

Казахская традиционная музыка является глубоким отражением духовной сущности и культурного кода нации. В последние годы наблюдается снижение её влияния среди молодёжи. Это связано с глобализацией, быстрым развитием цифровых технологий, усилением влияния социальных сетей и доминированием современных музыкальных жанров. В этом контексте тема влияния казахской традиционной музыки на духовное развитие молодого поколения приобретает особую актуальность. Несмотря на то, что в научной литературе часто исследуются художественное и историческое значение традиционной музыки, вопрос её конкретного духовного и эмоционального воздействия на современную молодежь остаётся недостаточно изученным. Особенно мало работ, основанных на эмпирических данных. С целью восполнения этого пробела автором было разработано специальное анкетное исследование, в котором приняли

участие около 150 человек разных возрастных групп. Вопросы касались того, как традиционные жанры – р такие как кюй, терме, толгау и народная песня – влияют на внутренние состояния человека: вдохновение, умиротворение, размышление и духовную глубину. Проведённый анализ показал, что традиционная музыка оказывает глубокое эмоциональное и духовное воздействие и является важным инструментом духовного обогащения и ценностного воспитания. Кроме того, результаты исследования соотносятся с современными теоретическими подходами, и подчёркивают необходимость рассматривать традиционную музыку не только как наследие прошлого, но и как ценный духовный ресурс для современного общества.

Ключевые слова: традиционная музыка, духовное развитие, национальная идентичность, воспитательное значение, культурная преемственность.

К.К.Amirkhanov*[1], А.А.Момбек[1], A.U.Kuzeubay[2]
*[1]Abai Kazakh National Pedagogical University, [2]Kurmangazy Kazakh National Conservatory (Almaty, Kazakhstan)*amirkhanov.kanat@mail.ru*

THE INFLUENCE OF TRADITIONAL KAZAKH MUSIC ON THE SPIRITUAL DEVELOPMENT OF THE YOUNGER GENERATION

Abstract

Kazakh traditional music represents a deep reflection of the nation's spiritual essence and cultural code. In recent years, however, its influence among younger generations appears to be diminishing. This trend can be attributed to globalization, the rapid development of digital technologies, the growing impact of social media, and the dominance of contemporary music genres. In this context, the topic of the influence of traditional Kazakh music on the spiritual development of the younger generation is especially relevant. While scholarly literature frequently explores the artistic and historical significance of traditional music, there is a lack of systematic research on its contemporary spiritual and emotional impact on youth. Empirical, data-based studies in this area remain scarce. To address this gap, a specialized questionnaire was developed and administered to approximately 150 participants of various age groups. The survey explored how traditional genres such as küy, terme, tolgau, and folk songs affect inner experiences like inspiration, tranquility, reflection, and spiritual depth. The results were analyzed and revealed that traditional music has a strong emotional and spiritual impact on individuals, serving as a meaningful tool for inner enrichment and value-based education. Moreover, the findings align with modern theoretical frameworks and suggest that traditional music should not only be seen as cultural heritage of the past, but also as a valuable spiritual resource for contemporary society.

Keywords: traditional music, spiritual development, national identity, educational value, cultural continuity.

Кіріспе. Қазақтың дәстүрлі музыкасы – ғасырлар бойы қалыптасқан рухани-мәдени мұра.Әр ұлттың дәстүрлі музыкасы — сол халықтың өмір салты, дүниетанымы мен сенім жүйесінің айнасы, ұлттың өзіндік болмысын сақтаудың және рухани тәрбиенің маңызды құралы. Халықтың тарихи жадысын, дүниетанымын, салт-санасын және ұлттық болмысын айқындайды. Күй мен жыр, терме мен айтыс – тек музыкалық өнер ғана емес, сонымен қатар халықтың өмір сүру салтының, тарихының, даналығы мен философиясының көрінісі.

Зертеуімізде ұлттық әуендердің тәрбиелік маңызы, тұлға қалыптастырудағы рөлі және қазіргі қоғамдағы орнын талдау арқылы дәстүрлі музыканың жас ұрпақтың рухани дамуына әсерін қарастырамыз. Дәстүрлі музыканың тәрбиелік, эстетикалық және когнитивті әсерлері зерттеліп, оның жас ұрпақтың рухани дамуына ықпалы ғылыми тұрғыдан сараланады. Қазіргі жаһандану заманында ұлттық құндылықтарды сақтау, жас

ұрпаққа дәстүрлі мәдениет негіздерін жеткізу өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Дәстүрлі музыка баланың эстетикалық талғамын қалыптастырып қана қоймай, оның ұлттық сана-сезімін оятып, отансүйгіштік рухын күшейтеді. Сонымен қатар, қазақ музыкасы арқылы жас буын ата-бабаларымыздың өмірлік тәжірибесі мен құндылықтарынан тәлім алып, ұлттық мәдениетке деген құрметін арттырады. Музыка арқылы мәдени сабақтастық үзілмей, тарихи жады жаңғырады, ұлттық бірегейлік сақталады.

Зерттеудің мақсаты. «Қазақтың дәстүрлі музыкасының жас ұрпаққа рухани әсері» атты мақаланың мақсаты – ұлттық музыканың жас ұрпақтың рухани-адамгершілік дамуына, ұлттық болмысының қалыптасуына тигізетін ықпалын анықтау және осы бағытта дәстүрлі өнердің тәрбиелік мүмкіндіктерін ғылыми тұрғыда талдау. *Зерттеудің міндеттері:*1) Қазақтың дәстүрлі музыкасының мазмұнын, түрлерін және тәрбиелік маңызын зерттеу. Бұл міндет арқылы мақалада дәстүрлі музыканың түрлері (терме, күй, жыр, айтыс т.б.) мен олардың мазмұндық ерекшеліктері сараланады. 2) Жас ұрпақтың рухани дамуына дәстүрлі музыканың әсерін ғылыми тұрғыдан талдау. Яғни музыка арқылы ұлттық сана, эстетикалық талғам, адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына қалай ықпал ететіні қарастырылады. 3) Дәстүрлі музыканы жас ұрпақ тәрбиесінде қолданудың тиімді жолдарын ұсыну.

Материалдар мен әдістер. Бұл зерттеу жұмысы қазақтың дәстүрлі музыкасының, әсіресе күй, терме, толғау секілді жанрларының, жас ұрпақтың рухани дамуына әсерін анықтауға бағытталды. Зерттеу барысында сандық сипаттағы сауалнама әдісі қолданылды. Сауалнама осы зерттеу үшін арнайы әзірленіп, 10 сұрақтан тұрды. Әр сұрақта дәстүрлі музыканың рухани, эмоционалдық және тәрбиелік әсері сипатталған. Қатысушылардан 1–5 шкала бойынша келісу деңгейін көрсету сұралды (1 – мүлде келіспеймін, 5 – толық келісемін). Сауалнамада мынадай сұрақтар қамтылды:

1. Қазақ күйі тыңдаушыға тыныштық береді
2. Дәстүрлі музыка рухани байлықты арттырады
3. Ұлттық музыка адамның ішкі жан дүниесін тәрбиелейді
4. Музыка ұлттық мақтаныш сезімін оятады және т.б.

АҚШ-та вокалдық білім беру жүйесі заманауи технологиялармен және интербелсенді әдістермен ерекшеленеді. Бұл елде вокалдық сабақтар көбіне эстрадалық және классикалық бағыттарда жүргізіледі. Американдық педагог-ғалымдар ән айту мәдениетін дамытуда фонетикалық жаттығулардың маңыздылығын атап өтеді. Сонымен қатар, қазіргі заманғы әдістемелер, оның ішінде вокалдық импровизация және жеке орындаушылық қабілеттерді дамыту ерекше орын алады. Қазіргі зерттеулерде вокалдық тренингтерге

нейропсихологиялық тәсілдер енгізіліп, дауыс аппаратының физиологиялық дамуына ерекше көңіл бөлінеді.

Сузуки әдісі – жапондық музыкант және педагог Шиничи Сузуки әзірлеген музыкалық аспаптарды оқытудың бірегей тәсілі. Бұл әдіс әр бала сөйлеуді қалай үйренсе, музыканы да табиғи түрде үйренуге қабілетті деген принципке негізделген. Бұл әдіс тек техникалық дағдыларды ғана емес, сонымен қатар музыкалық құлақты, ырғақ сезімін және музыкамен эмоционалды байланысты дамытуға бағытталған.

Әдістің мәні мынада: оқыту музыканы белсенді тыңдаудан басталады. Балалар күн сайын оқитын шығармаларының жазбаларын тыңдайды. Бұл олардың аспаптың дыбыстарына үйреніп, музыкалық құлағын дамытуға көмектеседі. Бұл үдерісте ата-аналар маңызды рөл атқарады – олар қолдау және шабыттандыратын атмосфераны құра отырып, сабақтарға белсенді қатысуы керек. Музыканы тыңдау арқылы балалар оның интонациялары мен ырғақтарын меңгере бастайды, бұл кейінірек аспапта ойнау процесін жеңілдетеді [12].

Шығыс елдерінде ән айту мәдениеті ұлттық дәстүрлерге негізделген. Қытай мен Жапонияда музыкалық білім беру жүйесінде дәстүрлі әндер мен халықтық вокалдық техника кеңінен қолданылады. Бұл елдерде вокалдық тәрбие адамның рухани дамуына бағытталған және ұлттық мәдениетке ерекше мән беріледі. Оңтүстік Кореяда ән айту мәдениеті көбіне поп-музыка мен заманауи орындаушылық өнер арқылы дамиды. Осы аймақтағы зерттеулер вокалдық техника мен дыбысты шығару әдістерінің үйлесімділігін арттыруға бағытталған. Шығыс елдерінде ән айту мәдениеті мен вокалдық дағдыларды дамыту көбіне театрландырылған қойылымдар арқылы жүзеге асады, бұл оқушылардың сахналық тәжірибесін қалыптастыруға көмектеседі.

Отандық вокалдық білім беру жүйесі тарихи тұрғыдан бірнеше даму кезеңінен өтті. Кеңес дәуірінде музыкалық білім беру жүйесі еуропалық классикалық дәстүрлерге негізделді, ал тәуелсіз Қазақстанда ұлттық мәдени ерекшеліктерді ескере отырып, жаңа әдістемелік тәсілдер қалыптасты. Қазақстандық ғалымдар вокалдық тәрбиеге ұлттық фольклор мен дәстүрлі ән айту мәдениетін енгізуге ерекше көңіл бөлуде.

Кеңес Одағы кезінде музыкалық білім беру жүйесі мемлекеттік идеологияның бір бөлігі ретінде қарастырылды және халықтың мәдени-ағартушылық деңгейін көтеруге бағытталды. КСРО-дағы вокалдық білім берудің тарихи негіздері Ресей, Украина және басқа одақтас республикалардың музыкалық-педагогикалық тәжірибесіне сүйенді. Музыкалық мектептер мен педагогикалық жоғары оқу орындарында вокалдық тәрбие академиялық ән айту дәстүріне негізделді, ал халықтық вокал тек қосымша пән ретінде қарастырылды.

Кеңес дәуірінің вокалдық білім беру әдістемелері негізінен хор өнеріне бағытталды. Мектептерде, пионерлер үйлерінде, кәсіби музыкалық оқу орындарында оқушылардың хормен ән айтуы басты назарда болды. Кеңестік педагогтар вокалдық мәдениетті дамытуда хор техникасын жетілдіруді маңызды деп санады, өйткені ол балалардың ансамбльдік орындаушылық қабілетін арттырады, музыкалық есту қабілетін дамытады және музыкалық сауатын жетілдіреді. Сонымен қатар, Кеңес дәуірінде вокалдық білім беру жүйесі Батыс Еуропа классикалық вокалдық мектебінің қағидаларына сүйенді, бұл қазақстандық вокалдық білім беру жүйесінің кәсіби деңгейін арттыруға мүмкіндік берді [3, Б.48].

Кеңестік вокалдық педагогика бүгінгі таңда Қазақстандағы музыкалық білім беру жүйесіне айтарлықтай ықпалын тигізді. Көптеген әдістемелік қағидалар, соның ішінде дауыс аппаратының дұрыс қалыптасуы, вокалдық жаттығулардың маңызы, ансамбльдік орындаушылық, қазіргі музыка білім беру жүйесінде әлі де қолданылады. Дегенмен, тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанда ұлттық вокалдық мектептің негіздерін қалыптастыруға деген ұмтылыс күшейе түсті.

Қазақстанда вокалдық тәрбие мәселелері қазіргі таңда музыка педагогикасы мен орындаушылық өнер саласында белсенді зерттелуде. Қазақ ғалымдарының еңбектері музыкалық білім беруде ұлттық дәстүрлердің маңыздылығына негізделген. Олардың зерттеулері халықтық ән орындау дәстүрлерін заманауи вокалдық педагогикамен ұштастыруға бағытталған.

Қазақ ғалымдары оқушылардың ән айту мәдениетін қалыптастыруына өз үлестерін қоса отырып, бірнеше зерттеулер жүргізіп, түрлі әдістер ұсынған: Соның ішінде М.Х.Балтабаевтың жетекшілігімен әзірленген «Елім-ай» ән-күй бағдарламасы, бұл бағдарламаның орны ерекше. Бағдарламаның мақсаты - оқушылардың рухани дамуына музыкалық мәдениетті қалыптастыру арқылы ықпал ету. Бұл бағдарламада халық өнері қабылдау, орындаушылық іс-әрекеттер және шығармашылық қабілетті дамытуға көп көңіл бөлген. «Елім-ай» бағдарламасы «Тұлпар», «Аққу», «Сарыарқа» сияқты тақырыптардан тұрады [4].

А.И. Райымбергенов құрастырған жалпы білім беру мектебінің «Мұрагер» бағдарламасы.

«Мұрагер» бағдарламасы қазақ орта мектебінің «Музыка» тақырыбындағы ұлттық бағдарламаларының бірі. Бұл бағдарлама:

– домбыраны ойнауды үйрену;

– киіз мен кілем өнімдерін өндіруге арналған халықтық технологиларды дамыту және ою-өрнектерді зерттеу;

– киіз үйді зерттеу, оның құрылымы, декорациясы, интерьерлік ыдыстар және киіз үйді жинау дағдыларын меңгеру;

– халықтық әдет-ғұрыптарды және әдет-ғұрыптарды зерттеу;

– ұлттық мәдениет ескерткіштерімен танысу.

Негізгі мектепте (5-9 сыныптар) техникалық дағдыларды одан әрі жетілдіру, домбыра ойындары және репертуардың кеңеюі жүргізілуде, айтыстың дәстүрлі формаларын дамыту және оқыту; барлық облыстық мектептерді ән айтудың эпикалық дәстүрін зерттеу; типологиялық салыс-тыру кезінде түркі халықтарының музыкалық, аспаптық мәдениеті қрастырылады; Еуропалық классикалық өнердің негіздері музыкалық дәуімен стильде зерттеледі; Бағдарлама заманауи жанрларды, қазақ музыкалық өнерін зерттеуді аяқтайды.

Бағдарламаны жасау барысында авторлар халықтық педагогикаға, Қазақстандық дәстүрлі мәдениетті дәйекті түрде түсіну мен зерттеудің интегралды жүйесін ұсынған алғашқы бағдарламалардың бірі «Елім-айдың» жұмыс тәжірибесіне сүйенді.

«Музыкалық» тақырыбындағы «Мұрагер» бағдарламасы 1-ден 7-сыныптардың жалпы қазақ мектептері үшін әзірленген және қазақ халқының тарихи-этнографиялық, ақындық, әдеби және жабайы қолданбалы өнернің контекстінде дәстүрлі музыкаға сүйенеді.

Бағдарламаның ерекшелігі – бұл балалар өнерінің шығармашылық әлеуетін анықтауға бағытталған.

«Мұрагер» бағдарламасының негізгі мазмұны – халық аспаптары ойынын меңгерудің практикалық курсы – домбыра. Оқушыларды оқыту халық педагогикасы қағидаттарына негізделген және ескертусіз құлақпен және ұжымдық іске асырудың жаңа, бірегей әдісін қолданумен жүргізіледі. Барлық балалар домбырада үйренеді, өз қабілеттеріне және бейіділігіне қарай таңдау жасамайды:

– домбыра ойнау дағдыларын игеру және өзіңіздің бірлескен басшылығыңызда ән айту;

– қазақтың күйлерін тыңдау арқылы мифологиялық білім қалыптастыру – аңыздар;

– айтыс туралы поэтикалық негіздерді зерттеу және қарсы тұру жәнеқазіргі заманғы тақырыптар бойынша өлеңдер жазу дағдыларын меңгеру;

– сәндік-қолданбалы өнердің халықтық технологиясын дамытумен әшекейленген заттарды зерттеу;

– түркі халықтарының музыкалық мәдениеті туралы идеяларды қалыптастыру;

– классикалық батыстық еуропалық музыканы зерттеу арқылы көкемдік құндылықтар туралы түсінік қалыптастыру.

Оқыту міндеттері:

– музыканы сүйемелдеу;

– әртүрлі ұлттардың музыкалық мәдениетін құрметтеуге;

– еңбекқорлықты, еңбекқорлықты, білім беру мақсаттарына қол жеткзуді қалайды;
– өзіне деген сенімділікті және қабілеттерді дамыту;
– өнер арқылы әлемге қатысты көзқарастарын білдіру қабілетін көтру;
– баланың жеке тұлғаның қалыптасуына жәрдемдесу;
– заманауи өнер нысандарына сыни көзқарас қалыптастыру, олардыдұрыс және дұрыс бағалау қабілеті.

Даму міндеттері:
– шығармашылық қабілеттерін өнер арқылы жандадыру, бейнелеу ойлау мен балалар қиялын дамыту;
– жазбаша дағдыларды дамыту және өз жұмыстарын жасау;
– олардың мүмкіндіктерін сыни және әділ бағалауды қалыптастыру;
– музыкалық репертуарды бірте-бірте жинақтау және аспапта ойнаудың кәсіби дағдыларын дамыту [11].

Қазақ музыка педагогикасында халық әндерін орындау әдістемесі ерекше рөл атқарады. Белгілі ғалымдар мен музыка педагогтары дәстүрлі әндерді музыкалық білім беру жүйесіне енгізудің маңыздылығын атап өтеді. Олардың зерттеулерінде ұлттық ән айту стилінің ерекшеліктерін дамыту, халықтық дәстүрлі орындау мәнерін сақтау, ұлттық аспаптардың сүйемелдеуімен ән айту әдістері қарастырылады. Сонымен қатар, заманауи вокалдық оқыту әдістерінде Батыс пен Шығыс вокалдық мектептерінің синтезі байқалады, бұл Қазақстандағы музыка педагогикасының даму бағытын көрсетеді.

Музыка біліміндегі ұлттық дәстүрлердің орны ерекше. Қазақстандық мектептер мен жоғары оқу орындарында дәстүрлі халық әндерін орындауға көп көңіл бөлінеді. Қазіргі таңда вокалдық тәрбие жүйесінде фольклорлық ансамбльдер мен халықтық әндерді хорлық орындау тәжірибесі кеңінен қолданылады. Бұл әдіс оқушылардың ән айту мәдениетін ұлттық өнермен байланыстырған түрде қалыптастыруға мүмкіндік береді [5, Б.137].

Зерттеу нәтижелері мен талдаулар. Қаралған бағдаралар өзіндік артықшылықтары бар екенін көрсетеді. Қазақстандық ғалымдар ұлттық вокалды біріктірудің маңыздылығын атап өтсе, шетелдік зерттеушілер жеке сабақтар мен технологиялық тәсілге назар аударады.

Зерттеу барысында шет елдік және отандық ғалымдардың оқушылардың ән айту мәдениетін қалыптастыруға арналған түрлі әдістері мен тәсілдері талданды. Бұл әдістердің әрқайсысы оқушылардың музыкалық қабілеттерін дамытуға, эстетикалық талғамын қалыптастыруға және олардың шығармашылық әлеуетін арттыруға бағытталған.

Талдау нәтижесінде төмендегідей маңызды тұжырымдар жасалды:
– Шетелдік әдістер, әсіресе белсенді тыңдау мен ырғақтық жаттығуларға негізделген әдістер, оқушылардың вокалдық дағдыларын дамытудың тиімділігін көрсетеді.
– Қазақ ғалымдарының зерттеулерінде ұлттық музыкалық мұраны насихаттау арқылы рухани тәрбиелеу мен музыкалық мәдениеттің үйлесімді дамуына ерекше назар аударылады.
– Қазіргі заманауи технологияларды қолдану оқыту үдерісін жекелендіруге мүмкіндік беріп, әр оқушының дауыстық ерекшеліктеріне сәйкес әдістерді қолдануға жол ашады (Кесте 1).

Кесте 1 – **Шетелдік және отандық вокалдық білім беру әдістерін салыстырмалы талдау**

Критерийлер	Халықаралық тәжірибе	Қазақстандық тәжірибе
Оқыту әдістемесі	Классикалық (Еуропа), эстрадалық (АҚШ), дәстүрлі (Азия). Оқытудың негізі –	Академиялық вокал мен ұлттық ән айту дәстүрлері синтезделген. Домбыра сүйемелдеуі және халықтық

	вокалдық техника мен сахналық мәдениет.	орындаушылық стилі басым.
Негізгі басымдықтар	Дауыс аппаратының техникалық дамуы, стильдік икемділік, сахнада өзін еркін ұстау.	Ұлттық мәдени мұраны сақтау, халық әндерін орындау ерекшеліктерін меңгеру.
Артықшылықтары	Әртүрлі вокалдық жанрларды меңгеру, заманауи әдістемелерді қолдану, халықаралық деңгейде бәсекеге қабілеттілік.	Тұлғаның ұлттық-мәдени сәйкестігін қалыптастыру, халықтық интонацияны меңгеру, этнопедагогикалық негіздерге сүйену.
Шектеулері	Кейбір жүйелерде ұлттық дәстүрлер ескерілмеуі мүмкін, техникалық дайындыққа басымдық беріледі.	Академиялық және дәстүрлі орындау мәнерін үйлестіру қиындығы, заманауи технологиялардың жеткіліксіз қолданылуы.

Қорытынды. Оқушылардың ән айту мәдениетін қалыптастыру – олардың музыкалық қабілеттерін дамытуға, эстетикалық талғамын жетілдіруге және ұлттық мәдени құндылықтарды меңгеруге бағытталған маңызды педагогикалық процесс. Зерттеу барысында шетелдік және отандық вокалдық білім беру әдістері салыстырылып, олардың артықшылықтары мен кемшіліктері анықталды. Шетелдік тәжірибеде оқыту көбіне академиялық және эстрадалық вокалға негізделген, техникалық және сахналық мәдениетті дамытуға ерекше мән беріледі. Ал Қазақстандық білім беру жүйесі дәстүрлі халықтық музыкаға басымдық береді, ұлттық вокалдық орындаушылық дәстүрлерін сақтап, жас ұрпақты ұлттық мәдениеттің мұрагері ретінде қалыптастыруды көздейді.

Оқушылардың ән айту мәдениетін дамыту олардың шығармашылық әлеуетін ашып, эмоционалдық сезімталдығын арттырады, көркемдік-эстетикалық ойлау қабілетін дамытады. Ән айту арқылы балалардың музыкалық есту, ритмді сезіну, дұрыс интонацияны игеру дағдылары жетіледі. Сонымен қатар, вокалдық тәрбие тек музыкалық қабілеттерді ғана емес, тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді. Сондықтан бұл бағыттағы ғылыми зерттеулерді әрі қарай жалғастыру қажет.

Болашақта вокалдық білім беру жүйесін жетілдіру үшін бірнеше ұсыныстар жасауға болады. *Біріншіден*, шетелдік тәжірибені ескере отырып, заманауи технологияларды қолдану арқылы оқытудың жаңа әдістерін енгізу қажет. Әсіресе, цифрлық ресурстар мен онлайн-платформаларды қолдану арқылы оқушылардың вокалдық дайындығын жақсартуға мүмкіндік бар. *Екіншіден*, академиялық вокал мен дәстүрлі ән айту мәдениетін үйлестіретін инновациялық бағдарламалар әзірлеу маңызды. *Үшіншіден,* оқушылардың вокалдық қабілетін кешенді түрде дамыту үшін жеке және топтық сабақтарды біріктіріп, хор орындаушылығын кеңінен қолдану қажет.

Сонымен қатар, ұлттық музыка мен әлемдік вокалдық мектептердің үйлесімді синтезін қамтамасыз ету арқылы оқушылардың ән айту мәдениетін жаңа деңгейге көтеруге болады. Қорыта айтқанда, вокалдық білім беруді дамыту – жалпы музыка педагогикасының өзекті мәселелерінің бірі. Ұлттық және халықаралық тәжірибені ұштастыра отырып, оқыту әдістерін жетілдіру жас ұрпақтың музыкаға деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың тиімді жолына айналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Yusoff, S. M., Marziani, A. F. M., Hassan, M. H. Investigating the Roles of Pedagogical Content Knowledge in Music Education: A Systematic Literature Review. Journal of Music, 2023. – ББ. 45-62.

2. Jansen van Vuuren, E. N. Integrated Music Education in Primary School: A Position Paper. Journal of Culture and Values in Education, 2022. – ББ. 88-102.
3. Elgonova, S. D. The Role of Music Education in Modern Society. Auezov University Scientific Journal, 2023. – ББ. 48-61.
4. Байшағыр, Т. Музыка сабақтарындағы жасөспірімдердің рухани-адамгершілік тәрбиесін дамыту [Электронды ресурс]. – URL: https://rcdo.kz/publ/2840-muzyka-sabatarynday-zhassprmderd-ruhani-adamgershlk-trbiesn-damytu.html (қаралған күні: 4.05.2025).
5. Даркембаева, А. Музыка өнері – адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру құралы //Keruen, 2021. – ББ. 134-147.
6. Фролова, Е. М. Певческая культура и развитие творческого мышления будущего учителя музыки [Электронды ресурс]. – URL: htpp://cyberleninka.ru/article/n/pevcheskaya-kultura-i-razvitiehudozhestvennogo-myshleniya-buduschego-uchitelya-muzyka (қаралған күні: 18.03.2025).
7. Гордон, Эдвард Э. Learning Sequences in Music: A Contemporary Music Learning Theory. Чикаго: GIA Publications, 2007.
8. Кабалевский, Д. Б. Как рассказать детям о музыке. – Москва: Просвещение,1983.
9. Орф, К. Schulwerk. – Мюнхен: Schott Music, 1930.
10. Асафьев, Б. В. Музыкальная форма как процесс. 2-е издание. Под редакцией и с вступительной статьей Е. М. Орловой. — Ленинград: Музыка, 1971.
11. Жакаева С.А., Жакаева К.А. Музыка пәнін оқыту әдістемесі //Музыкалық білім, 2019. – ББ. 65-66.
12. Петрович Ю. Методика Сузуки: Обучение Игре На Музыкальных Инструментах [Электронды ресурс]. – URL: https://shkolamuzikant.ru/metodika-suzuki-obuchenie-igre-na-muzykalnyh-instrumentah/ (қаралған күні: 6.05.2025).

Referens

1. Yusoff, S. M., Marziani, A. F. M., Hassan, M. H. Investigating the Roles PedagogicalContent Knowledge in Music Education: A Systematic Literature Review. Journal of Music, 2023. – BB. 45-62.
2. Jansen van Vuuren, E. N. Integrated Music Education in Primary School: A Position Paper. Journal of Culture and Values in Education, 2022. – BB. 88–102.
3. Elgonova, S. D. The Role of Music Education in Modern Society. Auezov University Scientific Journal, 2023. – BB. 48–61.
4. Baishagyr, T. Muzyka sabaqtaryndagy zhasospirimderdin ruhani-adamgershilik tarbiesin damytu [Electronic resource]. – URL: https://rcdo.kz/publ/2840-muzyka-sabatarynday-zhassprmderd-ruhani-adamgershlk-trbiesn-damytu.html (qaralgan kuni: 4.05.2025).
5. Darkembayeva, A. Muzyka oneri – adamgershilik kasietterdi kaliptashtyru kuraly. Keruen, 2021. – BB. 134–147.
6. Frolova E. M. Pevcheskaya kultura i razvitie tvorcheskogo myshleniya buduschego uchitelya muzyki [Electronic resource]. – URL: http://cyberleninka.ru/article/n/pevcheskaya-kultura-i-razvitiehudozhestvennogo-myshleniya-buduschego-uchitelya-muzyka.(qaralgan kuni:18.03.2025).
7. Gordon, Edward E. Learning Sequences in Music: A Contemporary Music Learning Theory. Chicago: GIA Publications, 2007.
8. Kabalevski, D. B. Kak rasskazat detyam o muzyke. Moscow: Prosveshchenie, 1983.
9. Orff, Carl. Schulwerk. Munich: Schott Music, 1930.
10. Asafyev, B. V. Muzykalnaya forma kak protsess. 2nd edition. Edited and introduced by E. M. Orlova. Leningrad: Muzyka, 1971.
11. Jakaeva S.A., Jakaeva K.A. Muzyka panin oqytu adistemesi // Muzykalyq bilim, 2019. – BB. 65-66.
12. Petrovich U. Metodika Suzuki: Obuchenie igre na muzykalnyh instrumentah [Electronic resource]. – URL: https://shkolamuzikant.ru/metodika-suzuki-obuchenie-igre-na-muzykalnyh-instrumentah/ (qaralgan kuni: 6.05.2025).

ӘӨЖ 372.8 ***ҒТАМР 14.25.09***

*С.Б.Аманбаева *[1], Ә.Ә.Момбек [1]*
[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы,Қазақстан)
**bakbergenovnas@gmail.com*

ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ДӘСТҮРДІ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ ПАЙДАЛАНУ

Аннотация

Табиғат – адамзаттың мәңгілік бесігі, тіршіліктің бастауы. Алайда бүгінгі таңда қоршаған ортаның ластануы, табиғи ресурстардың сарқылуы мен экожүйелердің бұзылуы жаһандық деңгейде алаңдаушылық тудырып отыр. Мұндай жағдайда өскелең ұрпақтың бойына табиғатқа деген сүйіспеншілік пен жауапкершілікті сіңіру – кезек күттірмес міндет. Осы орайда, халық мұрасы, әсіресе фольклорлық дәстүрлер экологиялық мәдениетті қалыптастырудың баға жетпес құралы бола алады. Бұл мақалада қазақ фольклорының экологиялық тәрбие берудегі рөлі жан-жақты қарастырылады. Бабаларымыздан жеткен ертегілер мен аңыз-әңгімелер, мақал-мәтелдер мен жұмбақтарда табиғатқа деген ерекше құрмет айқын көрініс табады. Халық даналығы табиғат заңдылықтарын сақтау, оны аялау мен қорғау идеясын ұрпақтан-ұрпаққа өнеге етіп қалдырған. Осы тұрғыда, бастауыш сынып оқушыларының экологиялық мәдениетін қалыптастыруда ұлттық мұраның маңыздылығы сараланып, оны оқу үдерісіне енгізудің тиімді жолдары ұсынылады. Фольклорлық шығармалар – тек рухани қазына ғана емес, табиғатпен үндестікте өмір сүрудің айнасы. Сондықтан жас ұрпақтың экологиялық санасын дамытуда халық мұрасын дәріптеу – табиғатты аялаудың, оны болашаққа аманат етудің кепілі.

Тірек сөздер: табиғат, экологиялық мәдениет, халық мұрасы, фольклор, ұлттық тәрбие, экологиялық сана.

С.Б.Аманбаева[1], Момбек А.А [1]*
*[1]Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан), * bakbergenovnas@gmail.com*

Использование фольклорной традиции как средства формирования экологической культуры младших школьников

Аннотация

Природа – вечная колыбель человечества, источник жизни. Однако в настоящее время загрязнение окружающей среды, истощение природных ресурсов и разрушение экосистем вызывают глобальное беспокойство. В такой ситуации привитие подрастающему поколению любви и ответственности по отношению к природе – насущная необходимость. В этом контексте народное наследие, особенно фольклорные традиции, является бесценным средством формирования экологической культуры. В данной статье всесторонне рассматривается роль казахского фольклора в экологическом воспитании. В сказках, легендах, пословицах и загадках, переданных нам предками, ярко выражено особое почтение к природе. Народная мудрость на протяжении веков пропагандирует соблюдение природных законов, бережное отношение к окружающему миру и его защиту. В этом смысле анализируется значимость народного наследия в формировании экологической культуры младших школьников, а также предлагаются эффективные способы его внедрения в образовательный процесс. Фольклорные произведения – это не только духовное богатство, но и зеркало гармоничного сосуществования с природой. Поэтому популяризация народного наследия в

воспитании подрастающего поколения играет ключевую роль в сохранении природы и передаче её в наследство будущим поколениям.

Ключевые слова: природа, экологическая культура, народное наследие, фольклор, национальное воспитание, экологическое сознание.

S.B.Amanbayeva[*1], Mombek A.A*[1]
[1]*Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan)*
* bakbergenovnas@gmail.com

The Use of Folklore Traditions as a Means of Developing Environmental Culture in Primary School Students

Abstract

Nature is the eternal cradle of humanity and the source of life. However, today, environmental pollution, depletion of natural resources, and ecosystem degradation have become a global concern. In such a situation, instilling a love for nature and a sense of responsibility in the younger generation is an urgent necessity. In this regard, folk heritage, especially folklore traditions, serve as an invaluable tool for shaping ecological culture. This article explores the role of Kazakh folklore in ecological education. The fairy tales, legends, proverbs, and riddles passed down from our ancestors vividly reflect a deep respect for nature. Folk wisdom promotes the observance of natural laws, care, and protection of the environment as an enduring lesson for future generations. In this context, the importance of national heritage in fostering ecological culture among primary school students is analyzed, and effective ways of integrating it into the educational process are proposed. Folklore is not just a spiritual treasure but also a mirror of harmonious coexistence with nature. Therefore, promoting folk heritage in the education of the younger generation plays a crucial role in preserving nature and passing it on as a legacy for future generations.

Keywords: nature, ecological culture, folk heritage, folklore, national education, ecological consciousness.

Кіріспе: Бүгінгі таңда адамзат қоғамының алдында тұрған басты мәселелердің бірі – экологиялық дағдарыс. Табиғи ресурстардың сарқылуы, қоршаған ортаның ластануы мен экожүйенің бұзылуы әлемдік деңгейде алаңдаушылық туғызып отыр. Мұндай жағдайда экологиялық білім беру мен тәрбиенің маңыздылығы арта түседі. Экологиялық мәдениетті қалыптастыруда халық мұрасы ерекше орын алады. Қазақ халқының фольклорлық шығармаларында табиғатқа деген құрмет, оның үйлесімділігі мен қоршаған ортаны қорғау мәселелері кеңінен көрініс тапқан. Осы орайда, халық музыкасын, аңыз-әңгімелер мен ертегілерді қолдану арқылы оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру өзекті бағыттардың бірі ретінде қарастырылады.

Қазақ халқының бай ауыз әдебиеті мен фольклорлық мұраларында табиғат құбылыстары, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі ерекше сипатталған. Мәселен, көптеген аңыздар мен ертегілер табиғат заңдылықтарын сақтауға, өсімдіктер мен жануарларды қорғауға шақырады. Қазақтың мақал-мәтелдері, жұмбақтары мен тұрмыс-салт жырларында да табиғатпен тығыз байланысты танымдық мән жатыр.

Бастауыш сынып оқушыларына фольклорлық мұра арқылы экологиялық тәрбие беру олардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырып, жауапкершілік сезімін қалыптастырады. Бұл кезеңдегі балалардың ойлау жүйесі мен дүниетанымы қалыптасып жатқандықтан, экологиялық білімді халық шығармашылығы негізінде беру – олардың сана-сезіміне терең әсер етеді. Мысалы, табиғатты анаға теңеген өлең-жырлар арқылы оқушының бойында табиғатқа деген қамқор көзқарас қалыптасады. Сонымен қатар, фольклорлық материалдарды оқу үрдісінде қолдану – баланың тілдік қорын байытып қана қоймай, оны ұлттық құндылықтармен тәрбиелеуге де жол ашады. Оқушылар ертегілерден жақсылық пен жамандықты, ізгілік пен зұлымдықты айыра білуді үйренеді, бұл олардың адамгершілік қасиеттерін дамытуға ықпал

етеді. Ал экологиялық мазмұндағы аңыз-әңгімелер мен жырлар табиғатты қорғау қажеттілігі туралы ұғымды терең меңгеруге көмектеседі.

Осылайша, фольклорлық дәстүрлер бастауыш сынып оқушыларының экологиялық мәдениетін қалыптастыруда маңызды құрал бола алады. Бұл әдіс оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың табиғатпен үйлесімді өмір сүру дағдыларын меңгеруіне септігін тигізеді. Сондай-ақ, фольклор негізіндегі экологиялық тәрбиенің тағы бір артықшылығы – оның тәрбиелік ықпалының тереңдігінде. Халық ауыз әдебиеті арқылы берілетін мәліметтер бала санасына жақын, түсінікті және әсерлі болып келеді. Балалар табиғат туралы тек ақпарат алып қана қоймай, оны эмоциялық тұрғыда қабылдап, ішкі жан дүниесімен түйсінеді. Бұл – экологиялық мәдениетті тек теориялық білім ретінде емес, тұлғалық қасиетке айналдырудың тиімді жолы.

Қазіргі білім беру жүйесінде ұлттық тәрбие мен экологиялық тәрбиені ұштастыра отырып, білім мазмұнын жаңғырту қажеттілігі туындап отыр. Осы тұрғыда мұғалімдер фольклорлық материалдарды сабақта, сыныптан тыс жұмыстарда, тәрбие сағаттарында кеңінен пайдалану арқылы оқушылардың экологиялық көзқарасын қалыптастыруға мол мүмкіндік алады. Мысалы, табиғатты қорғауға арналған ертегілер мен өлеңдер арқылы оқушылардың табиғатқа жанашырлықпен қарау дағдыларын дамытуға болады.

Бұдан бөлек, оқушылардың табиғатқа байланысты өз шығармашылықтарын дамытуына да жағдай жасалуы тиіс. Оларға табиғатты қорғау тақырыбында шағын әңгіме, өлең немесе сурет салу тапсырмаларын беру – баланың табиғат туралы ойлауын, сезінуін, бағалауын тереңдетеді. Бұл әрекеттер олардың бойындағы экологиялық мәдениеттің ішкі мотивациялық негіздерін қалыптастырады. Бастауыш сынып оқушыларына фольклорлық дәстүрлер арқылы экологиялық тәрбие беру – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңірудің тиімді тәсілі. Бұл бағыттағы жұмыс жүйелі түрде ұйымдастырылса, келешек ұрпақтың табиғатты аялаушы, жауапкершілікті тұлға болып қалыптасуына негіз бола алады.

Әдебиетке шолу. Бүгінгі жаһандану дәуірінде экологиялық проблемалар – адамзаттың ең өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынастың бұзылуы, қоршаған ортаның ластануы, табиғи ресурстардың сарқылуы мен биологиялық тепе-теңдіктің жойылуы – қоғамның барлық саласына тікелей әсер ететін жаһандық қауіптердің қатарына жатады. Осыған байланысты қазіргі білім беру жүйесінде экологиялық тәрбие мен білім берудің маңызы артып келеді.

Экологиялық мәдениет ұғымы педагогика ғылымында кеңінен зерттеліп келеді. Бұл ұғымның мәнін әртүрлі ғалымдар түрліше сипаттайды. Мәселен, А.Т. Сураншиев экологиялық мәдениетті табиғатты қорғауға бағытталған адамгершілік ұстанымдардың, экологиялық білім мен біліктің жиынтығы ретінде қарастырады. Ал Г.А. Ягодина оны адамның экологиялық құндылықтарды қабылдауы, экологиялық қауіптерді сезінуі және табиғатпен үйлесімді өмір сүруге ұмтылуымен байланыстырады. Бұл анықтамалардан байқалатыны – экологиялық мәдениет тек теориялық білім ғана емес, тұлғаның табиғатпен қарым-қатынасына негізделген рухани-адамгершілік жүйе екенін көрсетеді.

Бастауыш білім беру деңгейінде экологиялық мәдениетті қалыптастырудың маңыздылығы – баланың жеке тұлғасы енді ғана қалыптасып келе жатқан кезеңмен тығыз байланысты. Бұл жас кезеңінде алынған білім мен тәрбие оқушының бүкіл өміріне әсер етеді. Осы тұрғыда экологиялық мәдениетті қалыптастыруда тиімді құрал ретінде халықтық педагогика, соның ішінде фольклорлық дәстүрлер ерекше орын алады [2].

Қазақ халқының фольклорлық мұралары – халықтың тұрмыс-тіршілігі мен дүниетанымын бейнелейтін рухани байлық. Бұл мұраларда табиғатқа деген терең құрмет, оны қорғауға шақыру, табиғат пен адам арасындағы үйлесімділік идеялары кең көрініс тапқан. Фольклорлық шығармалар – ертегілер, аңыз-әңгімелер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, тұрмыс-салт жырлары – тәрбиелік және танымдық жағынан құнды дүниелер. Бұл жөнінде С.Қалиев «Халық педагогикасы және тәрбие» атты еңбегінде: «Фольклор – халықтың рухани әлемінің, оның дүниетанымының, моральдық ұстанымдарының айнасы», – деп атап көрсетеді.

Мысалы, «Жер-Ана», «Су иесі – Сүлеймен», «Шопан ата», «Қызыр ата» секілді мифтік бейнелер арқылы табиғаттың киелі, қасиетті екені айтылады. Табиғатты тірі ағза ретінде сипаттайтын бұл образдар баланың табиғатпен рухани байланыс орнатуына ықпал етеді. Аңыз-әңгімелер мен ертегілерде табиғат заңдылықтарын бұзған адамның басына түсетін қайғы-қасірет жиі баяндалады. Бұл балаларға табиғатпен саналы түрде қарым-қатынас жасау қажеттігін ұғындырады.

Қазақтың мақал-мәтелдері де экологиялық тәрбие беру ісінде маңызды құрал бола алады. «Судың да сұрауы бар», «Бұлақ көрсең, көзін аш», «Көлдің көркі – құрақ, таудың көркі – бұлақ» сияқты мақалдар оқушыларға табиғаттың әрбір элементінің мәні мен маңызын түсіндіруге көмектеседі. Бұл тұрғыда Б. Айтмамбетова, Ж. Наурызбаева, Ә. Ильясова сынды зерттеушілер фольклорлық шығармаларды оқу-тәрбие процесінде жүйелі қолдану арқылы балалардың экологиялық санасын, ұлттық рухын оятуға болатынын алға тартады. Сонымен қатар, халықтың табиғатты аялауға үндейтін өлеңдері мен тұрмыс-салт жырлары да бастауыш сынып оқушыларының экологиялық мәдениетін қалыптастыруда маңызға ие. Бұл шығармалар табиғатты анаға, туған жерге теңейді. Мысалы, «Айналайын, туған жер, сенен ыстық жер бар ма?» сияқты жолдар баланың туған табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырады. Бұл туралы М. Жұмабаев өзінің педагогикалық еңбектерінде: «Тәрбие – баланы табиғатпен үндестікке үйретуден басталады», – деп көрсеткен [3].

Қазіргі заманғы зерттеулерде экологиялық мәдениет пен ұлттық тәрбие арасындағы сабақтастық жиі көтерілуде. Мәселен, педагог-ғалым Г.З. Байменова бастауыш мектеп оқушыларына фольклор негізінде экологиялық тәрбие беру әдістерін ұсынып, фольклордың бала психологиясына әсер ету ерекшеліктерін айқындап көрсетеді. Оның пікірінше, фольклорлық мұралар арқылы берілетін эколо гиялық мәдениет пен ұлттық тәрбие арасындағы сабақтастық жиі көтерілуде. Мәселен, педагог-ғалым Г.З. Байменова бастауыш мектеп оқушыларына фольклор негізінде экологиялық тәрбие беру әдістерін ұсынып, фольклордың бала психологиясына әсер ету ерекшеліктерін айқындап көрсетеді. Оның пікірінше, фольклорлық мұралар арқылы берілетін экологиялық тәрбие балалардың табиғатқа деген көзқарасын қалыптастыруда, шығармашылық ойлау қабілетін дамытуда ерекше орын алады [8].

Сонымен қатар, қазіргі әдістемелік еңбектерде фольклорды оқу процесіне интеграциялау жолдары кеңінен сипатталады. Атап айтқанда, экологиялық тақырыптағы ертегілер мен аңыздарды сахналау, экологиялық мазмұндағы мақал-мәтелдерді талдау, табиғатқа қатысты жұмбақтар шешу, сурет салу және эссе жазу сияқты шығармашылық тапсырмалар оқушылардың экологиялық санасын дамытуда тиімді деп танылады.

Жалпы алғанда, фольклорлық дәстүрлерді бастауыш сынып оқушыларының экологиялық мәдениетін қалыптастыруда қолдану – тек білім беру әдісі ғана емес, ұлттық сана мен рухани тәрбиені қатар сіңіретін кешенді педагогикалық құрал. Бұл бағыттағы ғылыми ізденістер мен педагогикалық тәжірибелер көрсеткендей, фольклорлық мазмұндағы шығармалар баланың табиғатқа деген қатынасын қалыптастырып қана қоймай, оның рухани дүниесін, адамгершілік қасиеттерін де байытады. Ауыз әдебиетінің үлгілері – оқушылардың экологиялық санасын қалыптастырудың маңызды құралы. Ауыз әдебиеті үлгілерін сабақ барысында қолдану оқушылардың қоршаған ортаға деген жауапкершілігін қалыптастыруға ықпал етеді. Педагогикалық тұрғыдан алғанда, ауыз әдебиеті арқылы табиғатты қорғау құндылықтарын насихаттау үш маңызды принципке негізделеді:

Құндылықтық бағыттылық – ертегілер мен аңыздарда табиғатқа қатысты танымдық және моральдық құндылықтар бейнеленіп, оқушыларға экологиялық сананың негізін қалыптастыруға мүмкіндік береді .

Эмоционалдық әсер ету – фольклорлық шығармаларда табиғат көріністері көркемдік тәсілдер арқылы бейнеленіп, оқушылардың сезіміне әсер етіп, олардың табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін оятады.

Іс-әрекетке бағдарлау – аңыз-әңгімелер мен ертегілер арқылы табиғатқа зиян тигізбеу, қоршаған ортаны қорғау іс-әрекеттерінің маңыздылығы айқын көрсетіледі.

Сонымен қатар, ауыз әдебиеті үлгілерін экологиялық мәдениет қалыптастыруда қолдану барысында интербелсенді әдістерді пайдалану аса маңызды. Мысалы, оқушыларға «Аққу – қасиетті құс» аңызы бойынша рөлдік ойын ұйымдастыру арқылы олардың табиғатты қорғау идеясын тереңірек түсінуіне жағдай жасауға болады. Сондай-ақ, «Шопан ата» аңызы негізінде экологиялық викториналар, табиғат қорғау шараларына арналған жобалар жасау оқушылардың экологиялық санасының дамуына оң ықпал етеді

Қазақ халқының халық әндері мен күйлерінде табиғаттың бейнесі ерекше орын алады. Мысалы, «Сарыжайлау» күйінде жайлау табиғатының әсемдігі мен онда мекендейтін жан-жануарлардың тіршілігі бейнеленсе, «Ақсақ құлан» күйінде дала табиғатының ерекшелігімен қатар, жануарлардың маңыздылығы айқын суреттеледі. Ал «Бозінген» күйі арқылы түйенің дала тіршілігіндегі рөлі мен табиғатпен тығыз байланысы көрініс табады. Педагогикалық тұрғыдан алғанда, халық музыкасы оқушыларға табиғатқа деген эмпатияны қалыптастыруда айрықша рөл атқарады. Музыкалық шығармалардың табиғатқа қатысты мазмұнын ашу барысында келесі педагогикалық тәсілдерді қолдану тиімді:

Эмоциялық таным – Музыкалық шығармалар тыңдалған кезде оқушылар табиғат құбылыстарын сезіне отырып, олармен үйлесімді қарым-қатынасты ұғынады. ***Ассоциациялық әдіс*** – Музыкалық әуендер мен табиғат құбылыстарын байланыстыру арқылы оқушыларға табиғаттың нәзік әлемін түсінуге көмектеседі. ***Салыстыру әдісі*** – Халық күйлерін тыңдағаннан кейін табиғат көріністерін бейнелейтін суреттермен салыстыру оқушылардың елестету қабілетін дамытып, қоршаған ортаға құрметін арттырады.

Халық музыкасын қолдану арқылы оқушылардың табиғатқа жанашырлық сезімін дамытумен қатар, оларды экологиялық дағдыларға баулуға да мүмкіндік туады. Бұл әдіс бастауыш сынып оқушыларына табиғатқа ұқыптылықпен қарауға, экологиялық нормаларды сақтауға, сондай-ақ қоршаған ортаға қатысты жауапкершілігін күшейтуге мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері. Қазақ халқының ұлттық дәстүрлері мен салт-санасында табиғатқа деген ерекше құрмет сақталған. Халықтық педагогика бойынша, бұл дәстүрлер этноэкологиялық тәрбиенің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Мысалы:

– Жаңа туған сәбидің бесігін ағаштың жас бұтағынан емес, бірнеше жылдық ағаштан жасау дәстүрі – өсімдіктерді қорғау мәдениетінің айғағы;

– Малдың тұяғын қанатпау, бұлақ көзін ашу, ағаш кесуге шектеу қою сынды дәстүрлер де табиғатты қорғауға бағытталған тәрбиелік мәнге ие [8, Б.34].

Педагогикалық тұрғыдан қарағанда, бұл дәстүрлер төмендегі әдістер арқылы экологиялық мәдениетті қалыптастыруға тиімді ықпал етеді: ***Жеке үлгі әдісі*** – үлкендердің табиғатты қорғау жөніндегі үлгі әрекеттері арқылы оқушыларға экологиялық құндылықтарды сіңіру; ***Түсіндірме әдісі*** – ырымдар мен дәстүрлердің астарында жатқан экологиялық мәнді терең түсіндіру; ***Практикалық тәсілдер*** – оқушылармен табиғат қорғау шараларына арналған жобалар ұйымдастыру арқылы экологиялық дағдыларды дамыту; ***Этнопедагогикалық тәсілдер*** – оқушыларға қазақ халқының дәстүрлерінде көрініс тапқан табиғатты қорғау қағидаттарын ұғындыру.

Тәжірибелік ұсыныстар талдау. Фольклорлық дәстүрлерді экологиялық мәдениетті қалыптастыруда тиімді пайдалану үшін келесі әдістерді қолдануға болады:

– Пәндік интеграция: Музыка, әдебиет және қоршаған орта сабақтарында фольклор үлгілерін пайдалану;

– Театрландырылған қойылымдар: Табиғатты қорғауға арналған аңыздар мен ертегілерді сахналау;

– Экологиялық экспедициялар: Оқушылармен бірге табиғатқа шығу арқылы халық мұраларында сипатталған табиғи нысандарды зерттеу;

– Дәстүрлі музыкалық шығармаларды тыңдау және талдау арқылы табиғат құбылыстарын сипаттау.

Қорытынды. Қазақ халқының фольклорлық дәстүрлері бастауыш сынып оқушыларының экологиялық мәдениетін қалыптастырудың маңызды құралы болып табылады.

Бұл дәстүрлерді тиімді пайдалану үшін заманауи педагогикалық технологиялармен ұштастыра отырып, оқу үдерісінде жүйелі түрде қолдану қажет. Педагогикалық тәжірибеде фольклорлық материалдарды пайдалану барысында келесі әдіс-тәсілдер ерекше тиімділік танытады: ***Интерактивті әдістер*** – сабақтарда халық әндері мен күйлерін тыңдау арқылы оқушылардың табиғатқа жанашырлық сезімін дамыту; ***Ойын технологиялары*** – табиғатқа байланысты аңыздар мен ертегілерді сахналау арқылы қоршаған ортаға деген жауапкершілікті қалыптастыру; ***Практикалық жобалар*** – табиғат қорғау іс-шараларын ұйымдастырып, оқушылардың экологиялық әрекеттерге қатысуына мүмкіндік жасау. Осындай әдістерді тиімді пайдалану арқылы бастауыш сынып оқушыларының экологиялық мәдениетін терең қалыптастыруға болады. Бұл олардың табиғатқа құрметпен қарауына ғана емес, сонымен қатар болашақта экологиялық саналы азамат болуына ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, фольклорлық дәстүрлерді бастауыш сынып оқушыларының экологиялық мәдениетін қалыптастыруда тиімді педагогикалық құрал ретінде пайдалану – қазіргі білім беру жүйесінде маңызды әрі өзекті мәселе болып табылады. Халықтық шығармаларда табиғатқа деген сүйіспеншілік, қоршаған ортамен үйлесімді өмір сүру, табиғи құбылыстарға құрметпен қарау идеялары кеңінен көрініс тапқан. Бұл идеялар оқушылардың экологиялық сана-сезімін, жауапкершілік қасиеттерін және табиғатқа жанашырлық қатынасын тәрбиелеуге негіз бола алады. Бастауыш сынып жасы – баланың дүниетанымы мен көзқарасы қалыптасатын кезең. Осы кезеңде экологиялық тәрбие беру фольклорлық шығармалар арқылы жүргізілсе, ол оқушының танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруіне де жол ашады. Ертегілер, аңыздар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар мен тұрмыс-салт жырлары арқылы балалар табиғат пен адам арасындағы байланысты тереңірек түсініп, табиғатқа ұқыптылықпен қарауға үйренеді. Демек, халықтың бай мұрасын оқу-тәрбие үдерісінде жүйелі түрде қолдану арқылы экологиялық мәдениетті қалыптастыру – оқушылардың экологиялық білімін, рухани-адамгершілік тәрбиесін және ұлттық сана-сезімін дамытудың тиімді жолдарының бірі болып табылады. Бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі әрі мақсатты жүргізілген жағдайда, болашақта табиғатты аялаушы, саналы, жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруға үлкен үлес қосуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991.
2. Сейітов С. Қазақ фольклоры және табиғат. – Алматы: ҚазҰУ баспасы, 2005.
3. Қоңыратбаев Ә. Қазақ ауыз әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1987.
4. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2030. – Алматы: Қазақстан, 1997.
5. Мұхамедханұлы Қ. Ауыз әдебиеті және оның тәрбиелік мәні. – Алматы: Ғылым, 2002.
6. Рахметова С. Этнопедагогика негіздері. – Алматы: Білім, 2010.
7. Төлеубекова Р.К. Оқушылардың экологиялық тәрбиесі. – Алматы: Ғылым, 2005.
8. Байменова А.К. Қазақ халқының табиғатқа қатысты дәстүрлері және олардың тәрбиелік маңызы. – Педагогикалық зерттеу журналы, 2018.
9. Қазақ ұлттық энциклопедиясы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы баспасы, 2000.

References:

1. Auezov, M. History of Literature. – Almaty: Ana Tili, 1991.
2. Seitov, S. Kazakh Folklore and Nature. – Almaty: KazNU Publishing, 2005.
3. Konyratbayev, A. Kazakh Oral Literature. – Almaty: Mektep, 1987.
4. Nazarbayev, N.A. Kazakhstan-2030. – Almaty: Kazakhstan, 1997.
5. Mukhamedkhanuly, K. Oral Literature and Its Educational Value. – Almaty: Gylym, 2002.
6. Rakhmetova, S. Foundations of Ethnopedagogy. – Almaty: Bilim, 2010.
7. Toleubekova, R.K. Ecological Education of Students. – Almaty: Gylym, 2005.
8. Baymenova, A.K. Kazakh People's Traditions Related to Nature and Their Educational Significance. – Pedagogical Research Journal, 2018.
9. Kazakh National Encyclopedia. – Almaty: Kazakh Encyclopedia Publish

УДК 372.978 *МРНТИ 14.25.09*

К.П Юсупова[*1] *Л.М. Нарикбаева*[1]
[1]*КазНПУ, (Алматы, Казахстан), *kamila-yusupova-2000@mail.ru*

ВЛИЯНИЕ КОГНИТИВНЫХ СПОСОБНОСТЕЙ НА УСПЕШНОСТЬ ОБУЧЕНИЯ МУЗЫКЕ

Аннотация

В статье рассмотрена возможность успешного обучения музыке, путём целенаправленного развития когнитивных способностей, к которым относятся мышление, память, внимание, а также восприятие. Рассматриваются основные понятия когнитивности и составляющих её способностей с их свойствами. Авторами выделяется значимость развития когнитивных способностей для создания творческой среды обучения детей музыке в школе, влияющей в результате на качество знаний, умений и навыков в музыкальной деятельности, как учителя, так и обучающихся. В статье выявлена положительная динамика в развитии таких когнитивных свойств как память и внимание в образовательном процессе обучения музыке, их влияние на различные виды музыкальной деятельности: слушание, пение, исполнение. Авторами заданы дальнейшие перспективы развития исследований в данном направлении музыкально-педагогической науки.

Ключевые слова: познавательная деятельность, когнитивность, внимание, музыкальная память, восприятие, мышление.

К.П Юсупова[*1] *Л.М. Нарикбаева*[1]
[1]*Абай атындағы ҚазҰПУ, (Алматы, Қазақстан), *kamila-yusupova-2000@mail.ru*

ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРДІҢ ӘСЕРІ МУЗЫКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ СӘТТІЛІГІ ҮШІН

Аннотация

Мақалада ойлау, есту сақтау, зейін, сондай-ақ қабылдауды қамтитын танымдық қабілеттерді мақсатты дамыту арқылы музыканы сәтті оқыту мүмкіндігі қарастырылады. Когнитивтіліктің негізгі ұғымдары және оның қасиеттерімен оның компоненттері қарастырылады. Авторлар мұғалімнің де, оқушылардың да музыкалық іс-әрекетіндегі білім, білік және дағдылардың сапасына әсер ететін мектепте балаларды музыкаға оқытудың шығармашылық ортасын құру үшін когнитивтік қабілеттерді дамытудың маңыздылығын атап көрсетеді. Мақалада музыканы оқытудың білім беру процесінде есте сақтау және зейін сияқты танымдық қасиеттердің дамуындағы оң динамика, олардың музыкалық іс-әрекеттің әртүрлі түрлеріне әсері анықталды: тыңдау, ән айту, орындау. Авторлар музыкалық-педагогикалық ғылымның осы бағытындағы зерттеулерді дамытудың одан әрі перспективаларын белгіледі.

Түйінді сөздер: танымдық іс-әрекет, когнитивтілік, зейін, музыкалық есте сақтау, қабылдау, ойлау.

K.P. Yusupova[*1], *L.M. Narikbayeva*[1]
[1]*Abai KazNPU, (Almaty, Kazakhstan), *kamila-yusupova-2000@mail.ru*

INFLUENCEOFCOGNITIVEABILITIES ONMUSICLEARNINGSUCCESS

Abstract

The article considers the possibility of successful music teaching based on the development of cognitive abilities such as perception, memory, attention and thinking. The main terms of the cognitive sphere in their interrelation and mutual influence are revealed. The authors also emphasize the

importance of cognitive development as a set of cognitive abilities to create a creative environment for teaching children music at school, affecting as a result the quality of knowledge, skills and abilities in musical activity, both teachers and students. The authors have revealed positive dynamics in the development of such cognitive properties as memory and attention in the educational process of music teaching, their influence on various types of musical activity: listening, singing, performing. The authors set further prospects for the development of research in this direction of music-pedagogical science.

Keywords: cognitive activity, cognitiveness, attention, musical memory, perception, thinking.

Введение. Когнитивные способности играют важную роль в образовательном процессе. В частности, в музыкальном образовании, когнитивные процессы проявляются в самых разных формах, например, сохранение в памяти нотной партитуры, названий музыкальных произведений, структуры и содержания, способность к концентрации во время воспроизведения музыкальных композиций и т.д. В процессе обучения и, в целом, жизни мы встречаемся с различными профессиональными вызовами, среди которых, пристальное внимание требует адаптация к изменяющимся правилам, требованиям, условиям и т.д., в связи с чем, развитие когнитивных способностей на раннем этапе жизни, а также на ее протяжении, является основой актуальности нашего исследования.

Основная часть. Целью научного исследования является изучение влияния развития когнитивных способностей на успешность обучения музыке. Обращаясь к научной литературе, на основе анализа, проведенного нами в данном направлении, можно выделить особое влияние когнитивных способностей, таких как, память и внимание в различных их видах деятельности в процессе обучения музыке детей начальных классов на уроках музыки в общеобразовательных школах. Это нашло подтверждение и в ряде исследований, в которых авторы подчеркивают и доказывают влияние функций когнитивной деятельности мозга, в их взаимосвязи и тесном взаимовлиянии на успешность в процессе обучения.

Основная часть. В широком смысле, понятие «когнитивность» мы рассматриваем как общую способность к познанию, проявляющуюся через когнитивные способности и их свойства. В узком же смысле, когнитивность связана с интеллектуальными процессами, основывающимися на познавательную деятельность мозга и ряд функций, позволяющих человеку взаимодействовать с окружающей средой и миром. Сам термин «когнитивность» берет свое начало от латинского слова «cognitio», обозначающего «познание», «знание».

Когнитивными способностями являются умственные, психические процессы и интеллектуальные возможности, позволяющие человеку воспринимать, обрабатывать, хранить и использовать информацию в моменты потребности, иными словами, в целях решения тех или других задач. В когнитивной психологии детально изучены процессы, лежащие в основе познания, раскрыты сущность таких процессов психики как: воображение, память, внимание, мышление, восприятие и т.д., создающих фундамент для обучения в образовательной среде и познания внешнего (окружающего) и внутреннего мира. В свою очередь, когнитивные способности имеют собственные виды, уровни и категории различий свойств.

Когнитивным свойством мы можем называть качество, характеристику способностей. То есть, когнитивные свойства определяют и отражают то, каким образом воспринимается, обрабатывается, хранится и применяется информация или знание в конкретной когнитивной деятельности; являются показателем эффективности познавательной деятельности. Как и когнитивные способности, имеющие виды, когнитивные свойства могут быть врожденными или развиваемыми в ходе деятельности. К числу этих свойств относят скорость анализа и обработки информации, гибкость мышления и реакцию на получение неполной информации, либо неточного знания. Когнитивные способности включают в себя: восприятие, память, внимание, мышление. Под восприятием, мы понимаем способность к распознаванию, интерпретации получаемых знаний и информации, а также процесс осмысления, полученных данных в ходе деятельности. Как указывает А.В.Торопова, музыкальное восприятие обозначает психический музыкальный, познавательный процесс; а также субъективный образ того, что мы воспринимаем в виде результата, который возник в сознании воспринимающего человека [3, с.47].

Музыкальное восприятие включает в себя умения и навыки человека к различию нот, ритма, темпа и иных различных элементов прослушиваемых музыкальных произведений. К примеру, для верного воспроизведения музыкального произведения на музыкальном инструменте или же исполнения вокальных партий, требуется восприимчивость к высоте звуков, длительностей, темпа, ритма и т.д. Основываясь на исследованиях, можно понять, что развитие свойств восприятия, в частности, музыкального восприятия влияет на успех в музыкальном обучении, лучшим навыкам освоения музыки и её интерпретации [4].

Память, входящая в когнитивные способности, является способностью к запоминанию, хранению и воспроизведению какой-либо информации. Она играет важную роль в обучении музыке. Для запоминания партий музыкальных произведений требуется как кратковременная память, так и долговременная память. Музыкальная память важна, так как помимо запоминания нотного текста, стихотворного текста (если исполняются песни) при исполнении музыкального произведения музыканту необходимо передать его эмоциональное содержание. Музыкальная память, по мнению Черёмушкиной В.Н., является взаимодействием и сотрудничеством разных направлений памяти, например, моторной (двигательной), образной, слуховой и логической [5].

Внимание – входит в когнитивные способности, характеризуется возможностью сосредоточиться на конкретной информации или деятельности, игнорируя различные отвлекающие факторы. К примеру, в процессе музыкального исполнения требуются концентрация, сосредоточенность и навыки многозадачности, так как музыкант следит за своей партией, фокусируется и контролирует движения (моторику), вместе с ними учитывает элементы музыкального содержания воспроизводимого произведения. В деятельности начинающих музыкантов, внушительной задачей является сохранение внимания в процессе длительного исполнения. И именно в этот момент помогает целенаправленное развитие когнитивных способностей, навыков и умений концентрации и сосредоточенности внимания. Внимание выступает заветным ключиком к успешной музыкальной деятельности. В.И. Петрушин утверждал, что музыкант, намеренно и целенаправленно развивающий внимание, обладает рядом преимуществ в собственной музыкальной деятельности, такими, как: точность технического исполнения, проникновение в структуру гармонической последовательности произведения (производящее впечатление осмысленности воспроизведения), внутреннее «предслышание» исполняемого произведения, личностная и индивидуальная стрессоустойчивость во время публичного выступления [2].

